Ғылым-білім саласындағы орта буын өкілдері – біздер үшін Досаға – өзіміз үлгі тұтатын ұлағатты, білгір де білімді, білімі тұрғыда кең диапазондағы азамат. Досмұхамед Кішібекұлымен 5-6 жыл көлемінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанындағы диссертациялық кеңесте бірге жұмыс жасадық. Бұл мен зор ғылыми зияткерлік мектеп болды. Сол жылдардан ағамыздың ғалым ретіндегі бітімінен біздің жадымызда қалатыны – талғампаз, талапкер, ізденімпаз, ойшыл, ақиқатты іздеген философиялық рефлексия өңірін ермек еткен когнициялық акмәтұлғасы. Досаға – мен үшін философиялық ойлаудың биік шыңы. Азаматтық тұрғыда, ағамыз – қара қылды қақ жаратын әділдіктің символы, шыншылдықтың жаршысы, турашылдың жақтасы, ақиқатты рухани ту еткен жан. Ол кісінің ұстанымы: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», «Тура адамда туған жоқ, туғанды адамда иман жоқ» дейтін қағида. Бұл – жастарды еңбектенуге баулу, жүреппен адал ізденіске үйрету, жасапаздықтың үлгісін көрсету. Ғылым жолы – қиынды жеңу, тер төгу, ақиқатты іздеп табу, шындық айту жолы болатынын үнемі айтып келеді. Бізге, ағамыз ғылымдағы қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Ол кісі – бәрімізге рухани ұстаз, ақылшы, тәлімгер. Біз осылар үшін де ағамызға қарызармыз.

Ағамыздың ғылыми еңбектеріне қысқаша шолу жасайтын болсақ та сол объективтілік пен әділдікті, ақиқатты іздегенін көреміз. Есімізде 2009 жылы

Алматының «Қарасай» баспасынан академик Д.Кішібековтың екі бірдей ерекше ғылыми-теориялық маңызы зор еңбектері орыс тілінде жарық көрді. Бірі – «Культура и цивилизация», екіншісі – «Идея как исток творчества». Бұл еңбектерде, автор, Батыс Еуропаның аты әлемге әйгілі О.Шпенглер, А.Дж.Тойнби, Н.Элиас, С.Хантингтон сияқты ірі қоғамдық ғылымдар өкілдерімен теориялық сайысқа түсіп, олардың теориялық-әдістемелік аспектілеріне баға беріп, өзінің сыни көзқарастарын да білдірді.

Мысалы, Досмұхамед Кішібекұлы Батыс Еуропа ғалымдарының мәдениетті өркениеттен жоғары қойып, өркениет мәдениеттің іріген, құлдыраған кезі деп қарайды деген қорытындыға келеді. Олар қашан да, әлемде болған мәдениеттер өркениетпен біткен, жойылған деп қорытады дейді. Ал Д.Кішібеков бұл пікірмен келіспейтінін айтады. Автордың пайымдауынша, қоғам тарихында бірнеше мәдениет, сондай-ақ, бірнеше өркениеттер болған. Мәдениет – ол қоғамның материалдық және рухани даму деңгейі, ал өркениет сол мәдени жетістіктің адам өміріне тигізген ықпалы, алып келген рахаты деп түсіндіреді автор. Бірақ ол өркениет барлық уақытта бірдей болған жоқ, дей келіп, академик, адам баласы қашан да өздеріне жәйлі өмірді аңсағанын алға тартады. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес, шындығында адамзат өз болмысында қашанда «бақытты қоғамды» аңсаған және бүгін де

сондай. Автор, ондай өмірге қоғамдық құрылыс, мәдениеттің даму дәрежесі тікелей ықпал жасайтынын ескертеді. Кейбір елдерде мәдениет жоғары болғанмен, халық тұрмысы нашар болса, ондай ел өркениетті бола алмайды дейді автор. Қоғамға өз еңбегіммен үлес қосамын, табыстың кілтін табамын деген адамға өркениетті қоғам еркіндік береді, қолын қақпайды деп есептейді Досаға. Олай болса, қандай да бір қоғам болмасын, дәуіріне қарамастан, егер ол адам рахатына қызмет етіп, оған жәйлі болса, онда ондай қоғамды өркениетті қоғам демеуге болмайды деп бітіреді ойын Д.Кішібеков. Сөйтіп, егер мәдениет қоғамының материалдық және рухани даму дәрежесін көрсететін болса, өркениет оның халыққа қолайлы жағын көрсетеді. Қоғам тарихында он шақты белгілі мәдениет, сонша өркениет болған, әрине, олардың даму дәрежесі түрліше болды, тіпті, нашар дамыған елдерде де өзіне лайықты мәдениет пен өркениет болған дейді. Өркениет тек дамыған елде деу де ағат, шындықтан алшақ, оны өмір көрсетіп келеді деп ой қорытындылайды.

Бұл кітапқа АҚШ Конгресі Орта Азия секциясы 2009 жылдың 20 май айында Д. Кішібековке жазған хатында ризалығын білдірген. Сондай-ақ, кітапқа қолдау пікірді «Егемен Қазақстан» (2009, 25 қараша) бетінде профессор Әбдеш Қалмырзаев жазды. Д.Кішібекұлының жоғарыда айтылған, мәдениет пен өркениетке арналған кітабы жөнінде «Қазақ әдебиеті» (10-16 апрель, 2009 ж.) бетінде берілген «Қазақ ойының көкжиегі» деген пікірге біз әбден қосыламыз. Қоғамдық өмірде жиі қолданылып келген бұл екі терминдерді ерекше универсумдық құбылыс деп қарап, автор өзінің ойға қонымды тың пікірлерін оқырман зиялы қауымға ұсынады.

Екінші кітап «Идея как исток творчества» - бүтіндей теориялық еңбек. Бұл кітапта да автор ғылымда әзірге тың, зерттеле бермеген мәселелерге

тоқталады. Кітапта Платоннан бастап көптеген Батыс елдері философияларының идея туралы айтқан көзқарастарын талдайды. Олардың ішінде ерекше орын алғандары Г.Гегельдің «Логика ғылым», В.Лениннің «Философиялық дәптерлер» еңбектері.

Досмұхамет Кішібекұлының пікірінше, көптеген авторлар идеяны қоғамдық санамен қатар қояды. Мәселен, идеяны ұғым, пікір айту, ой қорыту, теорияға синоним деп түсінеді дейді. Автор бұл ойды мүлде жоққа шағармайды. Өйткені, ол қалыптасқан пікір деп санайды. Десек те, автор «идеяның» орны бұлардан бөлек екенін дәлелдейді. «Идея» сананың бастауы, ол сансыз құбылыс. Идея түрліше болады дейді автор. Адам басына келген идеяны ақыл сүзгісінен өткізгенде ғана ол санаға айналады, прогреске жұмыс істейді. Дұрыс идея ұдайы ұмтылыста, ізгі ізденісте жүрген адамға кездейсоқ пайда болады. Сана, ақыл елегінен өткізілмеген идеяның арты соқпақты болатынын ескертеді автор. Кейде еш ізденіс жасамаған адам басына да идея келеді. Ол көбінесе жәй күнделікті болмыстық құбылыс, мәні де тайыз, кейде ұрма болады дейді.

Кітапта украиндық философ П.В.Копниннің «идея» туралы көтерген ой-тұжырымдарына арнайы тоқталып, ұтымды ғылыми пікірлерін қолдап, айта алмаған, немесе жіберген кемшіліктерін көрсете отырып, автор қойылған проблеманы әрі қарай дамытады, ғылыми тұжырым жасайды. Мәселен, автор, идея туралы әртүрлі көзқарастарға талдау жасай келе идея «..ой жарқылы, нұрлану» нәтижеі, ол «кездейсоқ, стихиялы түрде туындайтын бейсаналы құбылыс, ...біздің пікірімізше, «идея» бастама, кейінгі іске асырылатындардың бастау көзі», -деген ой түйіндейді.

Идея адамның шығармашылық әрекетінің бастау көзі деген ойды басшылыққа ала отырып, тұлға шығармашылығының қоғамдағы маңызы мен рөлін жоғары қояды. Шығармашылықсыз қоғамдық прогресс болуы мүмкін емес және ғылыми идея прогрестің оприорлық қуаты дейтін көзқарасты жан-жақты дәлелдейді. Идея кез-келген білім мен танымның бастауы деген көзқарасты ұсына отырып, Досмұхамет Кішібекұлы, сол шығармашылыққа түрткі болатын қашан да идея. Барлық қоғамдық сана, ұғым, теория осы идеядан бастау алады дей келе, идеяның әдіснамалық рөлін дәйектейді.

Досмұхамет Кішібекұлының қаламынан шыққан елеулі ғылыми туындылардың бірі – «Тәелсіздік философиясы» деп аталды. Аталмыш еңбекте «тәуелсіздік» ұғымына когнитивтік тұрғыдан талдау жасай отырып, ел тәуелсіздігін түсіндіруді философиялық дәрежеге көтерген.

Сонымен бірге, бұл еңбек отандық әрі ТМД шеңберіндегі ғылыми танымдағы алғашқы туынды деп айтуға негіз бар. Осы орайда, автор, «жер бетінде абсолютті тәуелділік те, абсолютті тәуелсіздік те жоқ» деген дилемалық парадигманы алға тартады. Туындыгердің пікірінше, бұл екі ұғым өзара жүйелік байланыста, оны түсінуде немесе түсіндіруде олардың біреуіне қарай бұра тартуға болмайтындығын ескертеді. Бұл тұстағы тағы бір соны ой – тәуелсіздік – ол стратегия, ал тәуелділік – тактика, тәуелсіздік константа, ал тактика өзгермелі – деген эпистемалық тұжырым. Аталмыш еңбекте көтерілген және оқырманның ерекше назарына ілігетін мәселе – діндарлықтың екі: сыртқы және ішкі түрінің болуы жайлы ойдың айтылуы. Сондай-ақ, ішкі діндарлықтың құзырының да, мән-мағынасы мен маңызының жоғары болатынын мойындату конициясы. Бұл еңбекте айтылған шоқтығы биік ойдың бірі – ол автордың, ел тәуелсіздігін қазақ халқының рухани еркіндігімен және ұлтымыздың төл рухани құндылықтары мен мәдениетін дамытумен, дәріптеумен байланыстырылуы. Қазақтың төл рухани құндылықтары оның этномәдени болмысының, ментальдық, мінезінің, ұлт ретінде даму логикасының бірлік көрсеткіші деген тұғырнаманы ұсынады. Осының өзі еңбектің теориялық-әдіснамалық маңызы мен қоғамдық ролін анықтаса керек.

Досмұхамед Кішібекұлының жоғарыда айтылған еңбектері ғылымға қосылған зор үлес деп білеміз. Досмұхамед Кішібекұлы қоғамдық ғылымдар саласында қомақты үлес қосып, қарқынды еңбек етіп жүрген авторлардың бірі немесе берегейі демекпіз.

Ғылымдағы көшбасшымызға творчестволық табыс, ғылыми ауқымды ойлар мен көлемді идея тасқындарынан бастау алып, жастарды ілгері жетелей берсін деген тілек білдіреміз. Ағамыздың ғұмыры баянды да жемісті, денсаулығы мықты болып, Алла қуат берсін!

Н.Р. Мұсаева

философия ғылым. докторы, профессор

Р.А. Мұсаев, Р.А. Мұсаев

М.Әуезов атындағ ОҚМУ. Шымкент қаласы

Д. КІШІБЕКОВ – ҰЛТ АЙНАСЫ, МАҚТАНЫШЫ, ҮЛГІ ТҰТАР ПІРІ

Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Ата-заңымыз – Конституцияның 20 жылдығы ұлтымыздың жоғын жоқтап, қамын ойлаған, жерінің біртұтастығын, тәуелсіздігін сақтап қалуға адал еңбек еткен М.Шоқайдың 125, Ш.Уәлихановтың 180, А.Құнанбаевтың 170, Е.Бекмахановтың 100, Е.Букетовтың 90 жасқа толуымен дөп келді. Әрине бұл жай ғана кездейсоқтық болмаса керек. Оның астарында қазақ халқының тарихи тағдыры мен мүддесінің оның тұлғаларының азаматтығы мен адамгершілік келбетінде бетпе-бет ұшырасып, бір-бірімен тонның ішкі бауындай жарасып кетуі жатса керек.

Осындай ерекше тарихи-мәдени сұхбат алаңында тағы да бір маңызды оқиға пісіп-жетілді. Ол – философия ғылымдарының докторы, академик Досмұхамед Кішібековтың 90 жасқа толуы. Бұл да кездейсоқтық емес. Мұнда да үлкен мән, мағына жатыр. Өйткені 90 жасқа келіп отырған академиктің бітім болмысында Ш.Уәлихановтың көзді қуантар сымбаты мен көңіл сергектігінің, Абайдың әмбебаптығы мен ұлылығының, Шоқайдың адалдығы мен көл-көсір көсемдігінің, Бекмахановтың батылдығының, Букетовтың мол ұйымдастырушылық қабілетінің ұшқындары мен ұлағаттары өзара ұшырасқан, кіріккен, мол дарияға айналған.

Академик Д.Кішібеков философия ғылымында жемісті еңбек етіп, қазақ халқының о бастан-ақ жоғары болған интеллектуалдық қуатын одан әрі дамытты, тереңдетті, көпшіліктің көзайымына айналдырды.

100 томдық «Бабалар сөзі» басылымында мен мұңдалап тұрған философиялық ой-ірімдері оны ешкім елемеген, қоғамдық өмірдің перифериясында қалып кеткен тарихи-мәдени уақыттың өзінде-ақ Д.Кішібеков назарына ілікті. Өйткені ол өзінің сапалы өмірінің

жиырма жылын көшпенді қоғам болмысын зерттеуге арнады, оған тән жоғары рухани мәдениет пен өркениет белгілерін әйгілеуге, түсіндіруге тырысты. Бүгінгі интеллектуалды қазақ ұлты дайын күйінде көктен түсе қалған жоқ. Ол ғасырлар бойы дамыды, небір «тар жол, тайғақ кешулерді» басынан өткерді. Тарихи тағдырының ауыр болғанына қарамастан өзінің табиғи таланты, төзімділігі, сабырлылығы, кеңпейілділігінің арқасында аман қалды, ХХІ ғасырдың бас кезінде экономикасы дамыған, көптеген шетелдер қызыға қарайтын, басқалармен терезесі тең мемлекетке айналды. Оның осындай дәрежеге көтерілуіне Досмұхамед Кішібеков сияқты академик ұлдары ықпал етті. 50 жылдан астам уақыт көлемінде ғалым тынбай қажырлы еңбек етіп, еліміздің рухани өркендеуіне, білімінің, ғылымының жетілуіне өлшеусіз үлес қосты. Осы жылдар ішінде қаншама жастар ұлағатты ғалымның тәрбиесін көрді, адамгершілік идеалдарын бойына сіңірді, адалдыққа, әділеттілікке ұмтылыс жасады.

Көкірек көзі қиядарына шалатын, ойы орамды, көпті ғана біліп қоймай, болашақты да дөп басып, болжай алатын Досмұхамед ағамыз - бүгінгі қоғамымыздың тірегі, ұйытқысы.

Өзінің керемет тұлғасымен, іс-әрекетімен сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениетінің мәңгілік игіліктерін қазіргі жастардың бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасына енуіне жағдай жасап, көмек көрсетіп отырған.

Жасы егде тартқан, өмірде көрген білгені мол, өзінен де көзінен де мейірім мен шуақ есіп тұратын, ешкімге тәуелсіз Досмұхамед ағамыз әруақытта жоғары мәдениеттіліктің өлшемі болды, бола береді де. Кез келген мәселе төңірегінде бүкпесіз өз пікірін ашық айта алады. Әрине, мұндай «ерлік» екінің бірінің қолынан келмейді. Көп адамдар өз пікірлерін іштей ойлап, сыртқа шығармауға тырысады. Сөйтіп, жалпы келісімпаздық, сен тимесең, мен тиме жағдайы қалыптасып үлгерген. Мұндай қоғам үшін аса қауіпті ахуалда Досмұхамед ағамыз сияқты батыл да, тазалықты, тәртіпті сүйетін тұлғалар анда-санда болса да, өз пікірін ашық, бүкпесіз айтатып жүр. Досмұхамед Кішібеков ағамыздың алғашқы еңбегі 1963 жылы жарияланыпты. Ол еңбегі «Капитализмге дейінгі өндірістік қатынастарды социалистікке ауыстырудың заңдылықтары» деп аталыпты.

1973 жылы «Өтпелі қоғамдық қатынастар», 1980 жылы «Капитал әлемі кеңес адамның көзімен», 1981 жылы «Қазақстандағы социалистік құрылысты бұрмалаушыларды сынау», 1984 жылы «Көшпенді қоғамның шығуы, дамуы, құрдымға кетуі», 1988 жылы «Тағдырлар бірлігі», «Ғалымның жазбалары», 1999 жылы «Қазақ менталитеті», 2002 жылы «Тарих философиясы және қазіргі заман» тақырыпты ірі шығармалары жарық көрген. Мерзімдік басылым беттерінде «Тектілік», «Жаһандану парадигмасы», «Ұлттық идея ұйыстырсын» деген мақалалары жарияланған.

Жаһандану – заман туындысы, оны өмірге алып келген тауарлы-ақша қатынасы, сауда саттық қатынасы екендігін ғалым ашық айтқан.

«Потребность в глобальном разуме» тақырыпты мақаласында Д.Кішібеков қазіргі әлеуметтік даму алдыңғы қатарға шығарған маңызды мәселелерді орынды көтерген. Автор эпистемология, іргелі білім, жалпы білімнің батыстық жүйесі, құндылықтары туралы ой толғаған. Олардың бәрі өте қисынды өрбиді. Келісуге болатын ой-тұжырымдары жеткілікті.

К.Маркс пен М.Вебер ілімдерін салыстырып, К.Маркс теориясы туралы пікір қорытқаны өте дұрыс деп ойлаймыз. Кеңес одағы ыдыраған уақыттан кейін көптеген журналистер, жекелеген ғалымдар К.Маркс ілімін бір жақты сынап, К.Марксты бір құбыжық етіп көрсетуге тырысқанын жасыра алмаймыз. Әрине, Маркс ілімі барлық рухани өндіріс өнімдері сияқты тарих сынына ұшырайды. Маркстік теория батыс еуропалық ілім. Бірақ оның арсеналында жалпы адамзаттық өлшем жоқ деп кесіп айтуға болмайды. Мысалы, көшпелі өмір өзіне сай рухани құндылықтарды дүниеге әкелді. Болмыс сананы анықтайды деген марксистік қағида дәл осы арада сәйкес келмейді деп кім айта алады. Мәселе, Маркс қолданған методологиялық өлшемдерді дұрыс пайдалана білуде. Маркс қоғамдық – экономикалық формация ілімін жасады, бірақ ол нақты бес экономикалық формация бар деп бір жақтылыққа ұрынған жоқ.

Осы ілімнен саяси қорытындылар жасап оны белгілі бір мақсатқа лайықтап дамытқан идеологтар екендігі мәлім.

Ғарифолла Есімнің «марксизмнің қазақ халқы тұрмысына үш қайнса сорпасы» қосылмайды» (1, 55) деген пікірі біржақты арттықтау айтылған. Өзіне лайық өлшемдерді қажет ететін қазақ қоғамы бар екені рас.

Ата-баба дәстүрі рухани негіз болған қазақ қоғамында бәрі өте жақсы болған деу ақиқатқа апармауы сөзсіз. Оның тарихи даму жолында жер дауы, жесір дауы, барымта, әменгерлік ... тағы да осы сияқты сорақы оқиғалар болып тұрған. Олар, әрине, қоғамда әлеуметтік теңсіздік терең орын алып отырғанын көрсетеді. Марксті жөні жоқ сынамай, ол пайдаланған методологиялық өлшемдерді ғылыми санадан тағы да өткізіп, оның тәжірибесінен туындаған әртүрлі саяси-экономикалық салдарға баға беріп, қазақ қауымының кешегісі, бүгінгісі, ертеңгі туралы сапалы да өміршең теория жасауға болады.

Түркі мәдениет ареалында дүниеге келген хан, би, бек, қара халық, ру басы, ақсақал сияқты феномендерді арнайы зерттеу нысанына алып, олардың генеалогиясын қарастыру – қазақ қауымындағы әлеуметтік жүйені түсіндіруге жағдай жасайтыны даусыз ақиқат.

Д.Кішібековтің Маркс туралы толғанысы осындай ойларға жол ашты. Дегенмен ғалым мақаласының ең мықты идеясы мына пікірінде деп ойлаймын. «США» виновны в том, что цивилизованное государство Израиль в глазах всего арабского мира выглядит как агрессор. Что же мудрого предложили США всему миру? Ничего! А мир не ждет. Действительно мир стоит на грани столкновения цивилизации, а этого допустить нельзя» (2, 31). Ғалым бұл пікірін 2007 жылы білдірді. Содан бері 8 жыл өтті. Америка Құрама Штаттары одан да сорақы істерге баруда. Мұның дәлелі – Украинадағы Ливиядағы, Сирия мемлекетіндегі оқиғалар. Досмұхамед ағамыз бұдан 8 жыл айтқан ескертуі әлі де өз күшін жойған жоқ. Қайта күн өткен сайын маңызы арта түсуде.

АҚШ пен Ресей арасындағы теке-тірес әлемдік өркениеттің көптеген аймақтарында тұрақсыздық пен белгісіздік туындатып, мыңдаған адамдар өздерінің жылы орынан қозғалып, босқындарға айналуға мәжбүр. Бір кезде батыс қоғамы алға тартқан демократия, еркіндік, адам құқығын сыйлау деген гуманистік талаптар белгілі бір топтардың қолында басқаға күш көрсетудің құралы болуда.

Тарих философиясы – жаңадан қалыптасып келе жатқан тың бағыт. Осы тың ғылымның басында тұру бақыты да Д.Кішібеков ағамызға бұйырыпты. Ұлық та, кішік те бола білетін табиғи қасиеті бар, қарапайым, адал, әділ, ұстамды, ойшыл ағамызға берілген бұл да бір несібе шығар. «Тарих философиясы және қазіргі заман» ғылыми зерттеуінің берері мол, болашағы әлі алда. «Бізде қоғамның тарихын зерттеуге қатысты жұмыс жаман емес, халықтардың көп томдық тарихы, тарихтың жекелеген кезеңдері бойынша монографиялар, оқулықтар жарық көріп жатыр. Бірақ зерттеудің артта қалған кесіндісі тарих философиясы болып отыр. Тарихты тұтастай қарастыру дүниетанымдық ғалымдар өкілдерінің ғана қолдарынан келеді» (3, 47) деп ғалым философия ғылымының алдында тұрған тың міндетті атап көрсетті.

Алдағы уақытта тарихи ықтималдық, «тарихи мүмкіндік», «тарихи кездейсоқтық», «тандау еркіндігі» сияқты ұғымдарды игеріп, оларды ғылыми айналымға енгізіп, сол ұғымдар тұрғысынан қазіргі тарихи болмысымызды сараптау бірден-бір қажеттілік болып табылады.

Осындай тың ізденістердің басы-қасында болу Д.Кішібековтің негізгі философиялық кредосы болып табылады. Қоғамдық өмірге белсене араласып, публицист ғалым есебінде өмірдің өзі туындатып отырған өткір мәселелерге өз пікірін білдіріп отыратын жұмсақ мінезді, терең талғамды ғалым ағамызға зор денсаулық, ұзақ өмір тілейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есім Ғ. Бүгінгі қоғам – бүгінгі сана // Ақиқат, 1996 №7-57 б.
2. Кішібеков Д. Потребность в глобальном разуме // Мысль, 2007 №11 – 37-39 сс.
3. Кішібеков Д. Философия истории и современность – Алматы: Ғалым, 2002 – 306с.

Резюме. В статье излагаются некоторые особенности личностного бытия академика Д.Кішібекова и оценивается его вклад в развитие философской науки в Казахстане.

Summary. The article outlines some of the features of personal life academician D.Kishibekova and evaluated its contribution to the development of philosophical science in Kazakhstan.

М.А. Бижанова,

*философия ғылымдарының кандидаты, Алматы Технологиялық Университеті
(Қазақстан, Алматы қ.)*

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТҮРКІЛІК РУХАНИ БАСТАУЛАРЫ

Философия адамзат руханиятының үлкен бір саласы болуымен қатар, біздің күнделікті өмірлік тәжірибеміздің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Біз мұны мойындасақ та, теріске шығарсақ та философиялық ой-толғамдар біздің күнделікті өмірімізді толықтырып, адамзат мәдениеті дамуының бүкіл ұзақ жолына ілесіп келеді.

Ортағасырлық түркі философиясын ұғымдық анықтамас бұрын, түркі әлемін зерттеудің ғылымда қалыптасқан дәстүрлері бар екенін ескеру керек. Түркілік өркениеттің дәуірлеп тұрған шағында түркітану ғылымы да гүлденді. Оның бастауында М.Қашқари, Ә. Науаи секілді саңлақтардың тұрғаны белгілі. Ал кейіннен, бірнеше ғасырлар бойы еуроорталықтық көзқарастағы ғалымдардың күшімен Орталық Азияның халықтары туралы отырықшылық пен егіншілікті жалмап жұтатын көшпелі тайпалардың ордасы деген түсінік қалыптасты. Дегенмен Шығысты отарлаудың астарлы мақсатында қалыптасқан ориенталистика ғылымының орнығуы нәтижесінде көптеген мәселелердің басы ашылды. Патшалық Ресейдің қызметіндегі И.Т. Стараленберг пен Д.Г. Мессершмидтің Орхон және Енисей өзендерінің бойынан тапқан балбал тастардағы жазуды В. Томсеннің, Н.М. Ядринцевтің, В.В. Радловтардың ғылыми әлемге енгізуі барысында түркі дүниесі туралы көзқарас өзгерді. Оның үстіне соңғы археологиялық жаңалықтар көне Тұран жерінің біртұтас әрі төлтума мәдениетке тұнып тұрғанын көрсетіп берді.

Ортағасырлық түркі философиясына араб философиясының зор ықпалы болды. VII ғасырда ислам діні қалыптасқаннан кейінгі мәдениеті өркен жайған Араб халифатында философия ерекше дамыды. Бастапқыда Куфа және Басра қалаларында шоғырланған араб философиясы Қасиетті Құрандағы Алладан келген уәхи-сөздерді тәфсірлеп, тікелей теологиялық сипатта дамыды. Ал VIII ғасырдың орта тұсынан бастап Платон, Аристотель, Плотин сияқты антикалық авторлардың араб тіліне аударылған шығармалары жарық көргеннен соң араб философиясы «шығыс перипатетизмі» деп аталатын жаңа бағытта дамып, оның орталығы Бағдат қаласындағы Бейт-әл-хикма (Даналық үйі) үйіне көшті. Антикалық философия мұрасын кәламшылар (мутазилит-діншіл рационалистер, ашариттер, джәбәриттер, хариджиттер), сопылар (мистиктер) мен перипатетиктер (мәш-шаи) исламдық жаңа арнада дамытты. IX ғасырдың аяғында рационалистік бағыттағы карматтар үйірмесі («Ихван ас-сафа» - Тазалық бауырластығы) өз дәуірінің философиялық және ғылыми жетістіктерін жүйелеп, 52 трактаттан тұратын энциклопедия құрастырды. Ірі араб философы әл-Кинди Платон мен Аристотель ілімдерін біріктіріп, оны исламмен байланыстырып, эклектикалық жүйенің негізін қалады. Өз кезегінде араб тілдес философия мен ғылымның дамуына орталықазиялық ғұламалар зор үлес қосты: әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, әл-Бируни, Омар Хайам, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А. Иасауи және т.б. Арабтардың Пиреней түбегін жаулап алғаннан кейін мұсылмандық Испанияда қалыптасқан өркениет Еуропаның рухани

дамуына орасан зор ықпал етті. Батыс Еуропаның ортағасырлық схоластикалық философиясында араб тілдес шығыстық перипатетиктермен қатар, мағрибтік философтардың қалдырған үлкен ізі болды, мысалы: Ибн Бадджа (Авеллас), Ибн Туфейль (Абубанер), Ибн Рушд (Аверроэс), Ибн Гебироль (Авицеброн), Маймонид және т.б.

Араб тілдес философия мен мәдениеттің күшті ықпалы болғанымен де, ортағасырлық түркі философиясының ұлттық реңкке ие өзіндік ерекшеліктері болды, оны «кұт», «қанағат», «несібе», «кие», «кесір» тәрізді дәстүрлі дүниетанымдық әмбебаптардан аңғаруға болады. Дегенмен де түркі философиясының да басқа ұлттық философиялар сияқты (мысалы, ежелгі үнді, антикалық грек, классикалық неміс, ағартушылық француз және т.б) қалыптасу мен дамуға тән ортақ заңдылықтарға бағынатыны сөзсіз. Сондықтан да түркі философиясын жалпыадамзаттық әлемдік философияның ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырған жөн.

Біздің елімізде көне түркі өркениетінің қалдырған мұрасын зерттеудің жана кезеңі тәуелсіздік алынғаннан кейін басталды. Күлтегіннің, Тоныкөктің бітік тастардағы жазба ескерткіштерінің көшірмесі ел ордасы – Астанаға келтірілді. О. Сүлейменов «Тарихқа дейінгі түркілер: ежелгі түркі тілі мен жазуының пайда болуы туралы», «Жазу тілі» еңбектерін, М. Жолдасбеков «Орхон ескерткіштері», Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түркі жазуының генезисі», Н. Базылханның «Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері», С. Досанов пен А. Мектептегі «Таңбатану» және т.б. өз зерттеулерін жариялады.

Түркітануға біздің философтарымыз да өзіндік үлесін қосты. А.Қ. Қасымжанов «Стеллы Кошо-Цайдама» [1], Д. Кішібеков пен Т. Кішібеков «Речь и письменность: трансформация звуко-знаковых систем» [2], М.С. Орынбеков «Ежелгі қазақтардың дүниетанымы» [3] деп аталатын еңбектерінде түркілік рухани қайнарлардың дүниетанымдық келелі мәселелерін көтерді. Сондай-ақ Ә.Н. Нысанбаевтың, М.С. Бурабаевтың, С. Ақатайдың, Қ.Ш. Нұрланованың, Ғ. Есімнің, А. Қасабектің, Ж.Ж. Молдабековтің, Т.Х. Ғабитовтың, Ж. Алтаевтың, М. Сәбиттің, Н. Аюповтың, С.Е. Нұрмұратовтың, Р.Қ. Қадыржановтың, Д.С. Раевтың және т.б. философ-ғалымдардың еңбектерінде Орталықазиялық түркілік өркениетті зерттеудің теориялық, әдіснамалық мәселелері сөз болды. Сол сияқты ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының «қазақ философиясы және эстетикасы» бөлімінің ғылыми қызметкерлері дайындаған 4 кітаптан тұратын «Қазақ даласының ойшылдары» [4] атты жинақ жарық көрді. Ғылымдағы осындай жетістіктердің нәтижесінде ортағасырлық түркілердің материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктері айқындалды, түркі өркениеті географиялық-семантикалық, мәдени-тарихи және ұғымдық-дүниетанымдық тұрғыдан анықталды.

Археологиялық қазба нәтижесінде табылған сақ дәуірінің ескерткіші – күміс тостағанды айтпағанның өзінде, Түркі қағанаты тұсында тасқа қашалып жазылған Орхон-Енисей ескерткіштерінің әлемдік өркениет тарихында алатын маңызы зор. Салыстырмалы түрде көне әрі жетілген жазбаның болуы, өзіндік төлтума әліпбидің болуының өзі түркі этносының мәдени деңгейінің өте жоғары екенін дәлелдейді. Қытай деректері ежелгі қаңлыларда вертикалды қытай иероглифінен өзгеше горизонталды хаткерлік болғанын хабарлайды. Руналық түркі жазуының шығыс, оңтүстік Еуропадан табылуы бұл жазуды Батысқа ғұндардың алып барғанын дәйектейді. Руналық ескерткіштердің Алтай мен Моңғолиядан, Талас бойынан басқа, Солтүстік Кавказдан, Волга-Дон аралығынан, Дунай аңғары мен Мажарстаннан көптеп табылуы мен «бұл жазулар кім үшін жазылды?» деген сұрақтың төңірегінде аз-кем ойланар болсақ, сол кездегі түркі халықтарының сауатты болғанына көз жеткіземіз.

Мұсылман өркениеті өзге мәдениеттерге төзімділігі мен сұхбатқа ашықтығының арқасында Алдыңғы Азиядағы иудейлер мен сириялық арамейлердің, Орталық Азиядағы түркілер мен парсылардың, үнділіктердің, сонымен қатар Солтүстік Африка халықтарының жергілікті мәдениеттерін бірегей исламдық арнада тоғыстырды. Сондықтан да кейде шығыс ренессансымен сипатталатын мәдениеттің бұл типін «араб-парсы-түркі өркениеті» деп те атайды. Түркілер арасынан ислам дінінің ғұламалары да (әл-Матуриди, имам Бұхари, Руми,

Нақышбанди, Қожа Ахмет Иасауи, Бақырғани және т.б.), философтар да (эл-Фараби, ибн Сина, эл-Хорезми), абыз әулиелер мен ғалым-әдебиетшілер (Қорқыт ата, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, Рабғұзи, Құтып және т.б.) де көптеп шықты.

Сонымен, қорыта айтқанда ортағасырлық түркілік дүниетаным мен философиясының қалыптасуының осындай тарихи-әлеуметтік және рухани-мәдени алғышарттары болды. Яғни ортағасырлық түркі философиясын Алтайдан Карпатқа дейін созылып жатқан Ұлы Даланы алып жатқан түркі халықтарының мәдени кеңістігімен тығыз байланыста және тұтастықта қарастыру керек. Бұл көршілес қытайлық, араб-мұсылмандық және славяндық халықтармен сұхбатқа түсе білген жергілікті автохтонды этностардың тұтас өркениеттік аясы болып табылады.

Ортағасырлық түркілік философияның хронологиялық шеңбері VI ғасырда түркілердің әлемдік тарихтың сахнасына шыққан кезеңнен бастап, XVI ғасырда түркі тілдес халықтың қазақ, өзбек, ноғай, татар, башқұр, қарақалпақ және т.б. бөлінгеніне дейінгі кезең. Жалпы кез келген кестенің шартты екендігін айтып өту керек. Ортағасырлардан бұрынғы да, одан кейінгі де түркілік философияда ортақ құндылықтардың, рухани сабақтастықтың болғанын ешкім де теріске шығара алмайды. Дегенмен қалыптасу мен дамудың белгілі бір сатылардан өтетіні анық. Аталған мыңжылдық уақыт аралығы Орхон-Енисей ескерткіштерінен белгілі түркілік дәстүрлі дүниетанымды, түркі халықтарының ортақ абызына айналған Қорқыт ата дүниетанымын, «Оғызнаме» мен «Кодекс куманикус» ескерткіштерін, ислам ренессансы тұсындағы түркі философиясы мен әдебиетін, эл-Фараби философиясын, Махмұд Қашқари мен Жүсіп Баласағұн мұрасын, түркілік ислам философиясы мен теологиясын, оның ішінде Халлаж Мансұр мен Әбу Мансұр эл-Матуриди, Ахмед Иүгінеки мен Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани мен Хұсамеддин Сығнаки шығармаларын, Насреддин Рабғұзи мен Хорезмидің, Хұсам Кәтиб пен Сәйф Сарайидің, Құтыптың еңбектеріндегі даналық тағылымдарын қамтиды.

Еуропалық университеттік типтегі рационалдық философиядан гөрі осы экзистенциалдық сипаттағы философия қазақ және оның арғы тегі – түркілердің дүниетанымына анағұрлым жақын. Жоғарыдағы ойды протоқазақтардың дүниетанымын терең зерттеген белгілі зерттеуші Мұқанмадияр Орынбеков те қостайды: «Философия мәдениеттің дүниетанымдық негіздерін толғағанда жаңа мәндерді дүниеге әкелетіні белгілі. Бұл әмбебаптылықты бейсаналылықтан суыртпақтайды, оларды ой елегінен өткізіп, «философем» қабатын, яғни философиялық ұғымдар мен категориялар түзеді. Бірақ Шығыста философиялық емес қабаттардың басымдылығына байланысты бұл ұғымдар көркем және діни мәндегі әдебиеттердің дәстүрлі түрлерінде малтығып қалады. Бұл философиялық дүниенің зерттелуін әлеуметтік-мәдени (контексте) мәнде құруға мәжбүр етеді. Қазақ қоғамы үшін де философиялық емес қалыптағы даналық тән. Ол адам тіршілігін қалыптастыратын дүниетанымдық әмбебаптылық дәрежесінде қолданылады» [3, 10 б.]. Демек, Қорқыт атаның, эл-Фараби мен Жүсіп Баласағұнның философиялық ілімдері мен Қожа Ахмет Иасауиден бастап сопылық бағдардағы ойшылдардың діни-философиялық жүйелерін айтпағанның өзінде, мұндай әмбебаптарды түркілік және қазақы аңыз-әңгімелерден, тіпті ертегілерден, ауыз әдебиетінің басқа да жанрларынан, билер мен шешендік сөздерден, авторлық жыраулар поэзиясынан да табуға болады. Дәлірек айтқанда, аталмыш ойшылдардың философиялық ілімдері дәстүрлі түркілік дүниетанымнан нәр алып, сусындап тұрады.

Адамдардың әлеуметтік немесе ұлттық бірлестіктерге ұйысуының негізін ортақ дүниетаным, ортақ сенім құрайтыны анық. Кез-келген елдің немесе халықтың оның өркениеттік дамуы сырттан енгізілген ықпалдардың әсерімен емес, ұлт болмысының терең рухани қыртыстарын қамтитын дүниетанымдық тұрғыда шешіледі. Сондықтан ұлттың өткен тарихи мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық тұғырларын қалпына келтіруде философия маңызды орын алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касымжанов А.Х. Стеллы Кошо-Цайдама. – Алматы: ТОО «Компания Priting systems», 1998. – 113 с.

2. Кшибеков Д., Кшибеков Т. Речь и письменность: трансформация звуко-знаковых систем. – Алматы: Ғылым, 2004. – 264 с.
3. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.
4. Қазақ даласының ойшылдары. – Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 1998-2004. – 4 кітап.

Резюме. В статье анализируются теоретико-методологические и историко-философские аспекты проблемы средневековой тюркской культуры. Подчеркивается осуществление преемственности тюркских духовных традиций в казахском традиционном мировоззрении.

Summary. Bizhanova M.A. Turkic spiritual principles of Kazakh philosophy

The article analyzes the theoretical, methodological, historical and philosophical aspects of medieval Turkic culture. It emphasizes the continuity of the implementation of the Turkic spiritual traditions in the Kazakh traditional worldview.

К.К. Бегалинова

д.филос.н. профессор, КазННТУ им. К.И. Сатпаева

ПРОБЛЕМА «ЧЕЛОВЕК – МИР» В КАЗАХСКОЙ (ТЮРКСКОЙ) КУЛЬТУРЕ

История любого этноса, его культуры, по образному выражению одного из средневековых мыслителей, напоминает рукопись, в которой отсутствуют первые и последние страницы, а все остальные – содержат в себе большое количество тайн и загадок. И это понятно. Последние страницы направлены в безграничную даль веков и их будут писать наши потомки. Что касается первых страниц, то они не могли быть написаны, поскольку в эти времена происходило становление первочеловека. Этот этап хронологически охватывает период раннего палеолита, так называемого младенческого состояния человечества. О существовании данного этапа мы можем судить по различным археологическим находкам. Благодаря этим находкам стало возможным отчасти реконструировать, воссоздавать начальный этап истории человечества. Научная периодизация этого периода истории, опиравшаяся на сущностные достижения наук о человеке и обществе, определявшая всесторонне и глубоко основные исторические закономерности первобытного общества, была дана В.И. Лениным в работе «Государство и революция». Им выделяются 3 ступени в развитии древнего человека и человеческого общества. Первую ступень он определяет как примитивную организацию – «стада обезьян, берущих палки». Эта ступень соответствует стаду высокоорганизованных человекообразных обезьян типа австралопитеков. Вторая ступень называется им стадом первобытных людей, т.е. на этом уровне можно говорить собственно о человеке и человеческом обществе. Третья ступень – это период родового строя, время «людей, объединённых в клановые общества» [7, с. 10]. Родовой строй делился на 2 периода – матриархат и патриархат, в конце последнего возникли условия для зарождения государственного строя. Этап первобытнообщинного строя прошли все народы мира.

В нашей стране открыты и исследованы две зоны культуры эпохи раннего палеолита – в Южном и Центральном Казахстане. К ним относятся стоянки Бориказган, Танирказган, Акколь и др. В местах расположения этих и других стоянок находят архаичные орудия типа рубил, изготовленные ручным способом из камня, кремния, обсидиана и других природных материалов.

Значительным количеством находок и их разнообразием отличаются ашельская и мустьерская эпохи, относящиеся к периоду нижнего палеолита. В эти времена возникают первые социальные формы человеческой общности, формируется естественное разделение труда (по полу, по возрасту). Первобытных людей этой эпохи принято называть

неандертальцами. Они намного ближе к современному человеку, чем их предшественники. Жили они в пещерах, гротах. Основным их занятием была коллективная охота на животных, главным образом на горных козлов, что требовало от них ловкости, выносливости, силы.

Кроме каменных орудий неандертальцы использовали изделия из дерева – дубины, копья, рогатины и т.д. Они владели высокой технологией раскалывания и обработки камня. Расцвета эта каменная индустрия достигает в эпоху неолита (V–III тыс. до н.э.), сменившая эпоху мезолита (XIV–V тыс. до н.э.). В эту эпоху происходит так называемая неолитическая революция. Кардинальным образом меняется жизнедеятельность людей, которые от потребляющего производства переходят к производящему производству. Совершенствуются и предметы быта, орудия труда, что стимулирует рост производительности труда. Появляются каменные топоры, мотыги, зернотёрки и другие орудия труда. Изобретаются лук со стрелами, шокпар, секира и другие виды оружия, что облегчало процесс охоты, способствовало вытеснению коллективной охоты индивидуальной. Происходит дальнейшее приручение животных – лошадей, коз, собак и т.д. Появляются различные виды жилищ. Распространение получает и разнообразная керамическая посуда.

На территории Казахстана неолитическая культура представлена келитиминарской, атбасарской, тасбулатовской, суртандинской, маханджарской, тюгузской и др. культурами. Обнаружено более 500 памятников этих культур (стоянки, могильники, святилища и т.д.) – в пещерах Караунгур и Каратау (Южно-Казахстанская область); в долине рек Торгая и Табола (Северный Казахстан); в районе Мангыстау (Западный Казахстан) и др.

В III–II тыс. до н.э. наступает эпоха бронзового века, появляются орудия труда и изделия из бронзы. Развивается обмен, что приводит к накоплению богатств и к частной собственности на средства производства. Общества бронзового века на значительной территории Великой степи известны как андроновская, бегазы-дандыбаевская культуры. Территория Северного Казахстана была ареалом распространения более ранней синтастинской (синташтинской) культуры, одним из частично сохранившихся до наших дней памятников которой является укрепленное поселение Аркаим.

«Он состоял в древности из множества элементов, сконструированных в едином, многоуровневом пространстве: глубокие рвы, высокие оборонительные стены, 60 крупных домов, ливневые водотоки, сложные комплексы привратных укреплений – всё это реализовано в едином сооружении и выстроено по модели концентрических окружностей общим диаметром 170 м. С воздуха Аркаим представляет собой систему концентрических кругов, рассечённую четырьмя радиальными стенами и ориентированную прогибом главных ворот на юго-запад. Это огромный геометрический символ, встроенный древними людьми в пространство степи» [8, с.29–30]. Аркаим славился металлургическим производством. Практически металлургические, гончарные печи имелись почти в каждом жилище. Развито было и ювелирное искусство, о чём свидетельствуют найденные при раскопках изумительные женские украшения, изготовленные в основном из золота и серебра. Возможно, в городе существовала и разветвлённая сеть водосооружений, поскольку были найдены отрезки труб в ближайших от Аркаима поселениях. За открытием Аркаима последовала череда других открытий, в ряду которых важное место отводится учёными так называемой «Стране городов», расположенных вдоль Южного Урала и степной зоны Сары Арки. Страна городов охватывает многочисленное количество самых различных памятников – укрепленные центры или так называемые города, сезонные поселения, могильники, мегалитические комплексы, рудники и другие сооружения. Значительный интерес представляют города. К этим городам, кроме Аркаима, относят такие укрепленные поселения, как Синташта, Устье, Берсуат, Камысты, Сарым-Саклы, Чекатай и другие. Всего насчитывается более 20 подобных укрепленных поселений, хотя российский учёный Г.Б. Зданович считает, что их нельзя считать поселениями. «Протогорода нельзя назвать поселениями пишет он, так как аркаимские «города» отличаются мощное оборонительное сооружение, монументальность архитектуры, сложные системы коммуникации. Вся территория укрепленного центра предельно насыщена планировочными деталями, очень компактна и тщательно продумана. С точки зрения

организации пространства перед нами даже не город, а некий сверхгород»[9, с.50]. Все аркаимские города в геометрическом плане своим расположением напоминают символический круг или квадрат и сконструированы в виде единого архитектурного ансамбля.

Думается, что круговые и квадратные формы расположения укреплений, постройки жилищ выбраны не случайно, поскольку они выступают символами магической Мандалы, своеобразного круга, вписанного в квадрат. Круг – олицетворение Солнца, являющегося главным богом жителей этих городов, квадрат – символ четырёх сторон света, специфическая модель Вселенной.

В целом, население синтастинской культуры являлись искусными ювелирами, знали обработку золота, серебра, олова, свинца, используя металлургическую технологию, владели навыками обжига глины, изготавливали керамическую посуду, украшенную разными геометрическими фигурами, вели полукочевой образ жизни, оседлое население занималось земледелием. Правда, из-за отсутствия письменной информации об этих временах эти древние археологические памятники могут интерпретироваться исследователями по-разному. Тем не менее, синтастинская, андроновская, бегазы-дандыбаевская и другие культуры явились богатыми во всех отношениях культурами. В их недрах складывается мифологическая предфилософия протоказахов. Как свидетельствуют археологические находки, нашим древним предкам были присущи определённые религиозно-философские представления, связанные, прежде всего, с верой в загробную жизнь, в бессмертие души человека, в поклонение душам умерших людей и т.д. К наиболее распространённым верованиям относились анимизм, тотемизм, фетишизм, магия, шаманизм.

Шаманизм можно определить как своеобразное религиозное верование, «несущей конструкцией которого выступает богоподобный авторитет шамана – харизматической личности (медиума), способной впадать в транс, исцелять больных и убогих, а также входить в контакт с загробными мирами»[12]. (Более подробно см. в параграфе «Тенгризм, шаманизм – ранние религиозные и философские формы мировидения»).

Возвращаясь к тем истокам предфилософии протоказахов, следует отметить, что некоторые исследователи относят к более позднему периоду, к V-III тыс. до н.э., когда из осколков «келитиминарской культуры» (IV-III вв) складывались основы андроновской, бегазы-дандыбаевской культур.

Носителями андроновской культуры явились арийские племена, которых позже стали именовать скифами, саками[13, с.12]. «Саки, пасущие овец, - скифские племена, - отмечал в своей 30-томной «Всеобщей истории» древнегреческий учёный Эфор. – Они живут в Азии. Потомки справедливых кочевников, они не гонятся за богатством, друг перед другом честны. Они кочуют на повозках, пьют молоко. Препятствуют развитию частной собственности, они всей собственностью пользуются сообща»[14, с.358]. Об этих кочевых воинственных племенах писал и древнегреческий историк Геродот. В своей «Истории» он переизлагает скифский миф, согласно которому на скифской земле родился первочеловек по имени Таргитай, родителями которого были бог Неба и дочь реки Борисфена. У них родились «три сына: Липоксай, Арпоксай и младший Колаксай. При них упали-де на скифскую землю золотые предметы: плуг, ярмо, секира и чаша. Старший из братьев, первым увидев эти предметы, подошёл ближе, желая их взять, но при его приближении золото воспламенилось. По его удалении подошёл второй, но с золотом повторилось то же самое. Таким образом, золото, воспламеняясь, не допускало их к себе, но с приближением третьего брата, самого младшего, горение прекратилось, и он отнес к себе золото. Старшие братья, поняв значение этого чуда, передали младшему все царство. Общее название всех их скоты, по имени одного царя; скифами их называли эллины»[15, с.47]. Как видим, у скифских племён существовала социальная дифференциация, государственное объединение, власть передавалась по наследству младшим.

ЛИТЕРАТУРА

7. Ленин В.И. Государство и революция. – ПСС. Т. М., 197
8. Петров Ф.Н. Традиционное мировосприятие народов степной Евразии. – Челябинск: Изд-во

Крокус, 2006. – 192 с.

9. Аркаим. По страницам древней истории Южного Урала. Науч. ред. Г.Б. Зданович. Челябинск, 2004.
10. Фрэзер Дж. Золотая ветвь. Исследование магии и религии. – М.: Политиздат, 1980. – 831 с.
11. См.: Религии мира. Москва, «Махаон», 2007. Статья «Колдовство».
12. См.: Грицанов Н.А., Смило Г.В. Религия. Энциклопедия. Словарь. Минск, «Книжный двор». 2007.
13. Койчуев Т., Мокрынин В., Плоских В. Кыргызы и их предки: нетрадиционный взгляд на историю и современность. – Бишкек: Илим, 1999. – 245 с.
14. Эфор. Всеобщая история. – Цит. по кн. Нарымбаева А.К. Аркаим – очаг мировой цивилизации: науч. изд. 2-ое изд. – Алматы, 2007. – 476 с.
15. Геродот История. Книга 4.

А. Тайжанов,

философия ғылымдарының докторы, профессор.

Марат Оспанов ат. Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті.

Ақтөбе қаласы

АКАДЕМИК Д. КІШІБЕКОВ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ – ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙЫ

Қазақ философиясы туралы Кеңес заманында да, қазіргі уақытта да әр түрлі пікірлер бар. Бұл пікірлердің даму генезисіне көз жүгіртсек, олар сол кездегі қоғам ұстанған идеология мен саясаттан туындаған халықтар (ұлттар) арасындағы қарым-қатынас пен олардың қоғамдық даму процесіне қосқан үлестеріне берілген бағамен тікелей байланысты екенін көреміз. Пікірлердің бір бөлігі сол кездегі түсінік бойынша «классикалық тұрғыдағы философия қазақтарда болған жоқ» дегенге сайса; екіншілері, «қазақтың қоғамдық-философиялық ойының дамуы XX ғасырдағы Қазан төңкерісінен кейін ғана мүмкін болды» деген тұжырымды ұстанды.

Алайда бұның екеуі де негізсіз еді. Өйткені философия ең алдымен көзқарастық, дүниетанымдық ғылым. Жалпы адамзатқа тән ортақ қасиеттер мен қабылеттер болғанымен, жеке ұлттардың дүниетанымында, пайымында өзіндік ерекшеліктер де бар. Бұны қазақ халқы: «Әр елдің салты басқа...» деген оймақтай оймен берген. Міне, осыған сәйкес біздің адамгершілік (моральдық норма) туралы, әдемілік, әсемдік (эстетика) туралы ұғымдарымыз, өзіндік діліміз (менталитет), ұстанған діни сенімдеріміз бен нанымдарымыз бар. Осылардың бәрі біздің ұлтымыздың тұтас болмысын, дүниетанымын қалыптастырды.

Ал жоғарыдағы тұжырымдарға осы тұрғыдан келсек, олардың ешқандай сын көтермесі анық. Егер философия тарихына көне заман төрінен қарасақ, Ежелгі Шығыс философиясында дүниетанудың жолы (ДАО) ізделеді. Адам болмысының рухани жағына көңіл бөлініп адалдық пен тазалық, шынайылық сөз болады (БУДДИЗМ, НИРВАНА т.б.). Кейін антикалық философия тұсында дүниетаным материалданып, гректер дүниенің бастауын іздейді (апейрон, ауа, су, от т.б.). Орта ғасырда адам аңсары тағы да руханилық құндылықтарға қарай ауысады да, бұл олардың дүниетанымдарында көрініс береді.

Қазақ философиясының бұлардан жолы да, жөні де бөлектеу. Ол өмірдің өзінен өрілген ДАНАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯСЫ. Сондықтан біздің ұлттық философиямызда қатып қалған қағида да, схема да, тап тартысы да жоқ. Ең бастысы дәстүрлі қазақ дүниетанымында материалистік-идеялистік дейтін қарама-қайшылық жоқ, керісінше үндестік, бірлік, түсіністік бар. Ымырасыз тап тартысынан гөрі, достыққа, татулыққа ұмтылыс басым. Дана Абайдың: «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деуі соның айғағы.

Қазақ халқы басқа кейбір халықтардай зор архитектуралық ескерткіштер қалдырмаса да, кейінгі ұрпағына сөз өнері, ауыз әдебиеті сияқты мол рухани мұра қалдырды. Мұхтар Әуезов кезінде бұл туралы: «Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұндар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ, ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан, әр-алуан түрлі жырларында бейнеледі» [1] - деп жазды.

Ендеше, сөз өнері мен тіл өнерін әлеуметтік салада шыңына жеткізе пайдаланған көшпенділер де жалпы әлемдік өркениетке өз үлестерін қосты. Өз болмыстарына сәйкес өзіндік дүниетанымдарын (философиясын) қалыптастырды. Алайда Кеңес дәуірінде барлық ұлт пен ұлыс бір ту астында бір идеология мен бір мақсатқа жұмылдырылғандықтан, аз ұлттар мен ұлыстардың тұтас болмысы, терең тарихы зерттелмеді. Егер біз арғы көне дәуірлерден бастап ұлтымыздың болмысын сомдамақ болсақ, дүниетанымы мен этика-эстетикалық әлемін тұтастыра қарағымыз келсе көшпенділер тарихын, көшпенділер қоғамын аттап өте алмаймыз. Бұл мәселені сонау Кеңес дәуірінен бастап түсінген ғалымдарымыздың бірі, әрі көшпенділер қоғамын дүниетанымдық тұрғыдан алғаш зерттеген ДОСМҰХАМЕД КІШІБЕКҰЛЫ КІШІБЕКОВ болды.

Шыққан биігін басқаға міндет етпейтін, қол жеткізген дәрежесі мен алған атағын, мансабын білгізуге ұмтылмайтын, қай өмір өткелдерінен де бірқалыпты өтетін, төзімі мен қанағаты мол, жасандылыққа жаны қас, ұлтына қызмет етуді азаматтық борыш санайтын, ғұмырының мән-мағынасына қоғамның даму заңдылықтары тұрығысынан қарайтын азаматтарымыз көп емес. Академик Досмұхаммед Кішібеков осы санаулылардың санатындағы азамат-ғалым.

Д. Кішібеков философия мамандығы бойынша ерте танылған ғалым. Біз ҚазМУ-дің философия факультетінде оқып жүргенде философтар арасында Ұлттық Ғылым Академиясының біз білетін екі Корреспондент-мүшелері бар еді. Оның бірі Ағын Қасымжанов та, екіншісі Досекең болатын. Бірақ ол кісі сол кездегі үлкен, іргелі оқу орны Политехникалық институтта қызмет жасады да, біздер ара-тұра болмаса, көп кездеспейтінбіз. Сол жылдарда Досекеңнің «Өтпелі қоғамдық қатынастар» (1973) монографиясы жарық көрді. Бұл негізінен бұрынғы тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға бетбұрыс қалай жасалуы керектігі туралы ой толғам болатын. Оның идеяларының өміршендігін, маңыздылығын бүгінгі заман дәлелдеп отыр.

Досмұхаммед Кішібекұлын мен негізінен аспирант кезімде көбірек тани бастадым. Сол жылдарда замандастарының айтуына қарағанда дайындауға жиырма жыл уақытын жіберген іргелі еңбегі «Көшпенділер қоғамы» (1984) атты монографиясы орыс тілінде басылып шықты. Ол кезде бұл «өткенді аңсау», немесе, «көшпелі қоғамды зерттеудің қандай қажеттілігі бар?» деген сияқты кедергілерге кезіккені анық. Бірақ, біздер сияқты жас ізденушілерге, ғылыми зерттеулерімізге тікелей қатысы болмаса да, қызықтыратын өте құнды еңбек болды. Ал бүгінгі күні бұл еңбек Досекеңнің сол кездің өзінде ұлт тарихының тамырын баса білуін көрсетсе керек. Жалпы кейінгі ғалымдар мен ізденушілеріміздің Досекеңнен алатын тағы бір үлгісі, ол кісі қайсыбіріміздей философияның абстрактылы мәселелерін, алыс шет елдердегі әлемдік философияның өкілдерін, немесе, европоцентристік философияның методологиясымен дәстүрлі философиялық тақырыптарды зерттеумен айналысқан жоқ. Д.Кішібековтың негізгі зерттеу объектісі барлық уақытта да – өз ұлтының бұрынғысы, бүгінгісі және келешегі болды. Сондықтан да оның ғылыми еңбектері «Көшпенділер қоғамына», «Қазақ менталитетінің табиғатына», «Ұлттық идеяның мәніне», «Қазақ менталитетінің кешегісіне, бүгініне, ертеңіне т.б.мәселелерге арналды. Ол өз тұтастарының ішінде ең алғаш философиядан қазақша оқулық жазған ұстаз. Бұл оқулықтар бірнеше рет қайта басылып, күні бүгінге дейін өзінің құндылықтарын жоймаған, студенттер үшін аса құнды кітапқа айналуға.

Жоғарыда аталған еңбегінде Д.Кішібеков ұлтымыздың рухани болмысы мен мәдениетіне ерекше көңіл бөледі. Мысалы, қазақ арасындағы шежірешілдік дәстүр ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өзінің канондық қалпын сақтап келді. Былайша айтқанда, қазақ халқы өзінің этникалық өмірбаяны туралы тарихи жадын ХХ ғасырдың жуан ортасына дейін көмескілей қойған жоқ. Көне көз қарттар тарапынан айтылатын қария сөздер, яғни қазақтың ауызша тарихы, ең алдымен қоғамның рухани сұранысына қызмет етіп, адамдардың санасына елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты таным-түсінік қалыптастыратын, сөйтіп, олардың жүрегін асқақ сезімдерге бөлейтін. Нәтижесінде әркім өз әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге «қарға тамырлы қазақ» деп аталатын ұлттың да бір бөлшегі ретінде сезінетін. Жай ғана сезініп қоймай, өзінің қазақ болып жаралғанын Тәңірдің дарқан сыйына балайтын. Мұндай ахуал – берігеректе дүниеге келген біздің де көзіміз көріп, құлағымыз естіген шындық.

Алайда, уақыт озған сайын көнекөз қарттардың қатары сиреді.

«Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер,

Кезекпенен өлінер,

Наряду с конкретно-историческим подходом Валихановым определяется один из главных постулатов его социальной философии: партикулярные интересы, кем бы они ни выражались – биями ли, ханами ли, шаруа или каким-либо другим сословием – не могут быть выше интересов целого, всего казахского общества. Интересы нации должны быть выше интересов того или иного сословия, той или иной группы людей.

Поскольку российская империя представляла собой конгломерат различных «инородческих» объединений, ставших неотъемлемой частью ее территорий и значительно отличающихся от ее славянской части, постольку для Валиханова чрезвычайно актуальным становится вопрос о специфике и особенностях казахского менталитета, национального самосознания, хозяйственного уклада и быта. Он считал, что «реформы же насильственные, привитые, основанные на отвлеченных теориях или же взятые из жизни другого народа, составляли до сих пор для человечества величайшее бедствие» [3, с.79].

Правящая элита далеко не всегда с пониманием и сочувствием, а нередко с невниманием и пренебрежением относилась к процессам управления окраинными территориями, вводя новые законоуложения и акты с целью скорейшего реформирования Степи. Российская администрация допускала ряд недостатков в управлении, критикуемых Ч.Ч. Валихановым как тормозящих социальный прогресс казахского общества.

Просветительская устремленность и направленность убеждений Ч.Ч. Валиханова закономерно ставила вопросы механизма преобразования казахской Степи для достижения ее просвещения и достойного благосостояния. Этот механизм должен был не только включать в себя меры по налаживанию системы народного образования, которые напрямую затрагивали вопросы бюрократического насаждения ислама в Степи, но также правильное административное управление, основанное на началах самоуправления, позволявшего рационально управлять округами степного края.

Прежде всего, Ч.Ч. Валиханов полагает, что прогрессивное социально-политическое развитие казахского общества и выход его из состояния отсталости заключается в просвещении, в повсеместном внедрении передовых образцов научного знания, посредством чего в целом возможно прогрессивное изменение традиционного мировоззрения казахского общества. «...усвоение европейского общечеловеческого просвещения, - заключает ученый, - и энергичная борьба с препятствиями, мешающими достижению этой цели, должна составлять конечную цель для всякого народа, способного к развитию и культуре. Культура может изменять организм человека к лучшему...» [3, с.80].

Достигнуть же изменений можно лишь посредством знания сущности тех или иных процессов и явлений, их пользы и предназначения для человека. Но такое просвещение одновременно и по своему существу должно быть образовыванием человека, способом становиться и быть человеком, совершенствоваться на этом пути. Поэтому его внедрение в казахскую Степь должно было быть ответственным шагом и продуманным действием, прежде всего, со стороны управляющей российской администрации, которая подошла к своему

решению всецело бюрократически. «Апостол Магомета» в казахской степи Сперанский, назначавший татарских мулл и предложивший строительство мечетей, проводил «духовное реформирование» казахского народа бюрократически. Это вызывало негодование Ч.Ч. Валиханова, и не только потому, что реформирование проводилось в высшей степени неправильно, но в особенности потому, что сам Сперанский полагал, что «киргизы – мусульмане только по имени и что их легко обратить в христианство» [3, с.99], но при этом навязывал им невежественный ислам татарских мулл.

Традиционное мировоззрение казахского общества было тенгрианским. В эпоху Валиханова оно представляло собой «смесь ислама с шаманской верой». Ни один ученый и исследователь до казахского просветителя не задумывался над тем, что есть это мировоззрение? В чем его сущность и особенности? И это, несмотря на то, что казахи остались верны ему и представляли тенгрианство, согласно Ч.Ч. Валиханову, в его целостности и органичной соединенности с кочевым образом жизни.

Тенгрианство было рождено силой одухотворения природы, ее обожествлением, сакральный смысл которой распрямечивался в сказаниях и легендах, передаваемых в устной традиции от поколения к поколению. Почитаемо уважительное отношение к природе рождалось не только и даже не столько из страха перед силами природы, перед которыми человек был нередко бессилён, сколько из культивируемого тенгрианством нравственного императива уважительного отношения к природному миру как одушевленному живому существу.

Человек в тюркской системе мироздания был органической и неотъемлемой ее частью. Во время своей земной жизни он учился жить в гармонии с природным миром, подчиняясь ее естественному и закономерному циклическому ходу, воспринимая его как изначально и объективно заданный естественный ход событий, времени, жизни [4, с.50]. А после ухода в мир иной он становился частью духовного мира, онгоном, великим или мелким. Тенгрианство почитало духов предков, через поклонение которым осуществлялась онтологическая связь индивидов в социальном пространстве бытия.

Констатации того, что «киргизы придерживаются магометанской веры, смешанной с шаманизмом» для казахского ученого было совсем недостаточно, чтобы понять, в чем заключается сущность мировоззрения традиционного казахского общества, которое необходимо изменить в соответствие с изменяющимися условиями и цивилизационным движением к социальному прогрессу. В связи с этим Ч.Ч. Валиханов задается также вопросом о том, какой ислам внедряется в казахскую Степь и что он дает для продвижения казахского народа по пути прогресса? И полагает, что российская администрация передоверила решение важнейшего мировоззренческого вопроса исламскому духовенству, представленному малограмотными муллами, навязавшими населению края взгляды времен первоначального ислама, которые не столько продвигали казахский народ по пути прогресса, сколько все больше закрепляли предрассудки и невежество в его среде.

Тенгрианство как мировоззрение «младенствующего человека» с его открытым новому и любознательно-восхитительным отношением к природе, согласно Ч.Ч. Валиханову, более способствовало бы в тех социально-исторических условиях распространению знания и передовой науки в казахском обществе, чем бюрократическое навязывание невежественного ислама. Традиционное мировоззрение казахов с его жизнеутверждающим отношением к миру и духом удивления было ближе к миру открытий в науке, и благодаря этому к воротам социального прогресса, открытым для западного буржуазного общества, но прочно закрытым для казахского общества. Именно поэтому энергия преобразования Ч.Ч. Валиханова была направлена на критику тех уродливых форм мышления и насаждения религиозного мировоззрения, которые препятствовали прогрессивному мировоззрению, основанному на научных знаниях, открытиях в физике и естествознании, приводивших к раскрытию природного мира для человека, познанию тайн природы. Ч.Ч. Валиханов был и остался в нашей истории служителем Истины, поборником знания и просвещения, воспитания человека на лучших образцах культуры, образования и науки.

ЛИТЕРАТУРА

1. Потанин Г.Н. Чокан Чингизович Валиханов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 528 с. – С. 90-94.
2. Ядринцев Н.М. Воспоминания о Чокане Валиханове // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с. – С.95-99.
3. Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с. – 77-104.
4. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4 – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 462 с. – С.48-70

К.И. Молтобарова

*философия ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясы, Алматы.*

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ҰЛЫ ДАЛА ӨМІРІНІҢ КӨРІНІСІ

Ғалымның өмірбаянында ең негізгі факт – ол ғылыми еңбектері, ал өміріндегі негізгі оқиғалары - ойлары деген қағидаға философия ғылымдарының докторы, профессор, әйгілі ойшыл, академик Досмұхамбет Кішібекұлы Кішібековтің шығармашылық жолы сай келеді. Өйткені заманымыздың көрнекті ойшылы «ғылым – ол түрлі заттар, процестер мен құбылыстардың ішкі құрылымының жұмыс істеу заңдарын түсіндіреді және ашады» деп философия, қазақ мәдениеті, оның тарихы мен ділін объективті тұрғыда зерттеп, зерделеп терен ойларымен танымал болды. Қазіргі кезде Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарындағы жастар академик Досмұхамбет Кішібековтің оқулықтарына ден қойып, көптеген заттар мен құбылыстардың негізін айқындай алса, ал «Көшпенділер қоғамы», «Ұлттық идея», қазақ діліне, тіліне арналған ғылыми еңбектерінің негізінде біздің ата-бабаларымыздың өмір-тіршілігі, болмысы мен әдет-ғұрпы, ой-өрісі туралы құнды білім алып жатыр десек артық айтпаймыз. Мысалы, отандық ойшыл бір ғана көшпенділер қоғамының табиғатын қарастырғанда сирек кездесетін көне жазбалардағы мәліметтерді келтіре отырып, біздің ата-бабаларымыз белгілі бір шаруа түрін сол ежелгі кезде құрғанын, оның пайда болуының себептерін нақты көрсетіп берді. Басқаша болу мүмкін емес, өйткені белгілі ғалым Досмұхамбет Кішібеков халықтың өткені мен бүгінін ғылыми тұрғыда саралағанда, өз сөзімен айтқанда «тарих үйретеді, тәрбиелейді» деген ұстанымға берік болды.

Шынтуайтында «Әр халық болашағына деген сенімді өз өткенінің ұлылығынан табады» - деген кеңінен таралған қағида бар. Сол себепті сан ғасырдан бері келе жатқан төл мәдениетіне оралудың маңызы зор. Өйткені, мұнда адам, өмір, бақыт, мейірім, сұлулық, шындық тәрізді мәңгі де, өзгеріссіз ұғымдар сияқты білімнің, ойлар мен сенімдердің, құндылықтар мен мұраттардың сарқылмас қуатынан нәр алуға болады. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыздың өмірінде сұлулыққа талпыныс, әдемілікті өз қолымен жасауға ұмтылыс қандай орын алып келсе, бұл тақырып барлық кезде де өзекті, бұлжымас, сарқылмас, мәңгі маңызын жоймайтын мәселе болып қала береді. Шындық, мейірім, әдемілік барлық уақытта да өзара байланысты болып келген. Осыдан да келіп әлемді үйлесімді түрде қабылдау – орта мен өмірді дұрыс қабылдау, дұрыс бағыт алу, жанды да жансыз табиғатпен тиімді қарым-қатынасқа түсудің басты себебі болды. Айталық көшпелілердің кескіндемелеріндегі, ою-

өрнектеріндегі үйлесімді өрімдер олардың әлем туралы, ғаламшар жөніндегі түсініктерімен тығыз астасып жатады. Бұларда көшпелі халықтың салқар далаға, табиғаттың қайталанып келіп отыратын құбылыстарына деген асқақ сезімге толы көзқарастары терең философиялық мағынада көрініс береді. Адамның ерекше дүниетанымын қалыптастыратын әлемтанудың символикалық қалпы болмыстың өзіндік жасырын кілті болып табылатын көп мағыналы таңбалармен бекітілген. Әсіресе қос мүйіз, қошқар мүйіз, арқар мүйіз, қырық мүйіз, ырғақ оюлары бабаларымыздың дүниені ғарыштық ауқымда тануға талпынғанын көрсетеді. Демек олардың осындай эстетикалық қызметі «әлемнің шашылған мағыналарын» жинады да өтпелі үшін, әлемдегі өтпелі болмыс пен мәңгілікке қатысы бар оқиғалық құнды салмақ алатын сезімдік эквивалент пен құндылық ұстанымдарын жасап шығарды. Ілім мен ғылым дүниенің шар тәрізділігін, ғаламның шексіздігін анықтамай тұрып-ақ біздің бабаларымыз бұл ұғымдарды көркемдік сана-сезімдері арқылы танып білді.

Болмыстың сыры, құбылыстардың мәні адамға құпия. Бұл адам рухының, әрбір мәдениеттің тиісті шарты болып табылатын бейсана іс-әрекетінің көрінісі. Ал таңбалық жүйелердің жасырын тетігіндей бейсаналық принципті өте нәзік те дәл тапқан әрбір ұлттың ата-бабалары сол көне заманда ізгілік жолына апаратын әдеп-ғұрыптарды дүниеге әкелді және оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Бұл - халық қастерлеп және берік түрде сақтаған және терең тамыры бар әдеп-ғұрыптар. Бұл әрбір халық мәдениетінің «түзуші принципі» мен «жан беретін бастауы». Осыдан адамзат баласының рухани бастауы, өнегелік принциптері, моралі алдыңғы қатардан табылғаны кездейсоқ емес. Бұл алғашқы қауымдық кездегі жабайы адамдарды біріктірген қоғамдық сананың айқын көрінісі. Демек алғашқыда олардың санасы діндік емес, қатал тұрғыда әдеп-ғұрыптық, салт-жоралық болды. Мысалы қазақ халқын қазіргі күнде де толық діншіл деп айту қиын, керісінше ырымшыл халықпыз.

Ал қазіргі заманғы мәдениеттанушылық тұжырымдамалар тұрғысынан келгенде діни сананың негізгі және ең ежелгі бастауы құдайға сену емес, салт-жора рәсімдері болып табылады. Салт-жоралғы рәсімі қоғамдық тәртіпті орнықтыру мен ұстап тұрудың тарихи тұрғыдан ең алғашқы және барынша тиімді формасы болып табылады. Рәсім адам баласының тәртіпті бейберекеттікке қарсы қою жолындағы алғашқы ұмтылысы. Академик Н.И.Конрад та қытай философиясындағы Ли ұғымын кәдуілгі құқық пен мемлекеттік заңдардың ойдан шығарылмаған, табиғи, адамдар емес, өмірдің өзі туғызған, өзі көрсеткен нормалары деп айқындағаны белгілі.

Шығыс елдері әлі күнге дейін ритуалдық мінез-құлыққа бағытталған және олардың Батыстан ерекшелігі - ритуал шығыс адамы тұрмысының ажырағысыз бөлігі. Шығыс мәдениетіне ғасырлар бойы жалғасқан ритуалдар мен культтердің көпғасырлық «хош иісі» сіңген және халықтық дүниетанымның тереңі осында шоғырланған. Қазіргі адам мен оның ежелгі ата-бабасының әлем картинасында жер мен көктей айырма бар. Ежелгі мәдениет адамының әлемі орталықтандырылған, құрылымы регламенттелген, ритуалдық салт-жоралғымен түсіндірілетін әлем болды. Оның күнделікті әлеуметтік тіршілігінің кез келген жағдайы дәстүрлі танымнан туған ым-ишара, сөз, дыбыс символикасымен мазмұндалып жататын. Мұндай мәдениеттің өкілі үшін тұтас тіршілік әлемі ғұрыптық театр болып табылатын, мұнда ол өзінің әлеуметтік тағдырын құрайтын өзіндік ролін ойнайды. Дүние тұтас, алайда әрбір мәдениет өзінің көзқарасын, өзіндік, қайталанбас әлем картинасын қалыптастырады, мұның өзі арқылы адам психикасына тіршіліктің арпалыс ағымында мығым болуға мүмкіндік береді.

Өмір ағымында бірнеше рольді қатар ойнап жүрген қазіргі біздерге қарағанда, ежелгі адам үшін «ішкі», «тысқы» мәселелер дегенді болған жоқ. Ол өзінің бар болмысымен әлемнің арғы жаратылыс негіздерімен, өзінің Көк Тәңірі атты атасы, Жер Анасымен, арғы бабаларының рухымен, ақ-қарасы арпалысқан күдіретті күштермен астасып жататын. Оның шыр етіп жерге түскеннен кара жер қойнына қайтып барғанға дейінгі тағдыр сценарийі жазылып қойған – ол рухани түлеу ритуалдарынан жүйелі түрде өтеді, осы арқылы тіршіліктегі тінін бекітіп алып, былайша айтқанда, ғұмырына мағына дарытып өмір сүреді.

Шынтуайтында, әдеп-ғұрыптар, дәстүрлер әрбір ұлттың ізгіліктерінің көрінісі десек, онда мұндай ізгілік шапағатымен өмір гүлі өсіп, тамыр алады. Олай болса бұл әдеп-ғұрыптарды, ата-бабаларымыздың дәстүрлерін шынайы да жемісті, сабақтастық арқылы жалғастыру жаңашылдыққа әкелетінін еске сақтап біз дүниежүзілік қауымдастыққа өркениетті тұрғыда ене аламыз. Ал жаңашылдықтың айқын көрінісі құқықты мемлекет, азаматтық қоғам орын алғанда болады. Ол үшін жалтақтамай, тағыда түрлі измдерге (социализм, коммунизм және т.б) идеяларға алданбай нақты ұлттық идеяға негізделу керек. Бұл ретте көрнекті философ Досмұхамбет Кішібековтің «Ұлттық идея» атты еңбегінің мәні зор.

Жалпы мәдениетті - таза ауа, ал алған егемендігімізді - тыныс деп қарастырсақ, онда тынысымыз тарылмасын десек егеменді елде әр-бір адам құлдық психологиядан азда болса айырылып, өзін бостандықта сезіну керек. Сонымен қатар өз ретімен ұлттық идеяның темір қазығы қасиетті қазақ жері, Отанымызға, тілімізге деген шексіз махаббат, ата-бабаларымыздан келе жатқан әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер болу керек. Мұндай ізгілік арқылы адамдар өздерінің ортақ мүдделерін, талап-тілектерін, болашақтан үмітін танытады. Олар адамзаттың абсолют мақсаты - игіліктің басты құрамдас бөлігі болып табылады, оны басқа ештеңенің құралы ете алмайсың. Осы ретте отандық философ Досмұхамбет Кішібеков қоршаған орта, адамның рухани дамуы ана тілі негізінде жүргізілу керектігіне де мән беріп, өзінің ойларын ортаға салады. Өйткені, адамзат болмысының ең зор өлшемі тіл болғандықтан, қазақ тілі де сол «салмақты жүктің» алдыңғы қатарынан табылады. Сондықтан Қазақстан жерін мекендеген азаматтарға ерекше ескертетін жағдай, олар үшін қазақ тілі шет емес, мемлекеттік тіл болғандықтан оны міндетті түрде игеретін кез әлдеқашан болды. Бұл ұлтшылдық емес. Саналы адамдар оны бірден ұғу керек еді. Бұл мағынадан алғанда, тіл адамның ең маңызды сипаттамаларының бірі, адам болмысының іргелі өлшемі болып табылады, адамдық мәдениет өз негізінде тілдік деп айтуға болады. Бұл сөздердің орынды екенін көрнекті ойшыл Жүсіп Хас

Хаджиб Баласағұнның: «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз...» деген нақыл сөзінен көреміз. [1, 352 б.] Ұлы Пушкиннің де «Қаһарман» өлеңінің басында «Ақиқат деген не?» деп философиялық мәселе қойып, оған былай деп жауап береді (ой анық та бейнелілігін жоғалтпауы үшін үзіндіні түпнұсқада беруді жөн көрдім):

За новизной бежать смиренно
Народ бессмысленный привык,
Но нам уж то чело священо,
На коим вспыхнул сей язык» [2, 381 б.].

Пушкиннің бұл сөздерінің дәлелін біз Хайдеггерден табамыз. Неміс философы өзінің «Тілге жол» деген мақаласында адамның мәні тілде тыным табады және біз ең алдымен тілде, оның тұсында өмір сүреміз дейді. Сондықтан адам тілдің билігіне берілген және тілде сөйлеу үшін ол (тіл) адамды пайдаланады. Адам сонда адам болады деп мәлімдейді Хайдеггер. Сондықтан әрбір этнос өзін, өзіндік жолын табу үшін мәдени сәйкестігінің маркері ретінде өз тіліне үнделу керек. Ал бүгінгі таңда байырғы қазақ жерінде орыс тілін мемлекеттік тіл болуға мәжбүрлегісі келетіндерге Достоевскийдің тіл әрбір әйелдің басына тағатын шиньон еместігіне байланысты сөзін еске салуға тура келеді. Оның үстіне орыс тілін бұлайша қорлаудың ешқандай да жөні жоқ. Орыс тілі өзіндік ерекшелігі бар - ұлы тіл.

Тіл мен халықтың ажырағысыз байланысын XX ғасырдың басында атақты француз лингвисті Фердинанд де Соссюр қысқа да нұсқа тұжырымдады. Ұлттың салт-дәстүрі оның тілінен көрінеді, ал, келесі бір орайлардан алғанда, атап айтқанда тіл белгілі бір деңгейде ұлтты қалыптастырады деп жазды ол. Тіл болса – халық бар, тіл жоқ болса – халық та жоқ. Әлемдік тарихтың бүкіл тәжірибесі өркениеттер мен мәдениеттердің қирауы, халықтар мен мемлекеттердің Жер бетінен жойылуы қашанда тілді жоғалтудан, тілдік дербестіктен бас тартудан, лингвистикалық басқыншылыққа бас июден басталатынын көрсетеді. Тілді жоғалтқан соң халық өзінің төлтумалығын, өзінің мәдениетін, өзінің сәйкестіктерін саналай алмайтын болады. Көне еврей аңызына сәйкес, Құдайдың өзі, әлемді топан су жайлағаннан кейін адамдардың Сенаар жерінде қала салмақ және ұшар басы көкке жететін мұнара орнатпақ болған ұмтылысын уақытылы тоқтатқаны сияқты. Інжілде жазылғанындай, адамдардың

мұндай батылдығына ашуланған Құдай олардың тілін араластырып жібергені соншалық, олар бірін-бірі түсінуден қалды, және адамдарды жер бетіне шашыратып жіберді. Осы ретте Достоевскийдің, асыл ой мен асыл сөз бір рет айтылса болғаны, ешқашан жоғалмайтыны туралы сөздері еске келеді.

Демек, Құдай әу бастан-ақ бір тілде сөйлейтін адамның имансыз, рухсыз екенін білдіре отырып, ол, адам, бей-берекеттік пен тәртіпсіздік әлемінен, өз-өзінен масайраған менмендіктен бас тартып, өзінің жеке қоғамдастығында өз тілінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің және салт-жораларының негізінде тәртіп пен үйлесім жасай алуы үшін барлық жағдайды жасады. Әрбір халықтың біртұтас рухы оның қайталанбас тілінде, ол өзінің дара, төлтума мәдениетін сонымен үндестіре отырып жасайды, бұл мәдениеттегі оның барлық қарекеті, барлық өмірі тілмен берілген. Демек, тілдің тағдырына әу бастан-ақ, негізінде адам тіршілігінің тұрақтылығына сүйенетін бинарлық жазылған.

Сондықтан да, бабылдық мұнараны салушылармен салыстырғанда, заманауи технологиямен барынша жарақталған біздердің де – коммунизмнің кодексін орындай отырып, жарқын болашақ құрылысшылары болу қолымыздан келмеді. Және бұл тұста коммунистік идеологияны аңыз деп тани отырып, «жарқын болашақ» туралы өзге бір аңыздың аясында қалмауымыз маңызды. Енді әрбір этнос, көптен күткен тәуелсіздігін алған, өзінің «Менін» саналаған соң, рух еркіндігіне қол жеткізу, құлдық психологиядан шығу, және әлемнің полифониясын орнату үшін мәдениеттер сұхбаттастығына келуі керек. Бұл тұрғыда кезінде Ницше өз халқының ұзақ уақыт бойы бөгде күштердің құрсауында болғанына қайғырып, неміс рухының өзінің өзіне оралуын армандады. Шын мәнінде қазіргі жағдайларды әр халықтың материалдық және рухани мәдениетінің табыстарын қайта жаңғырту тарихи жадыны қайта орнықтырмайынша мүмкін емес.

Олай болса кең мағынадан алғанда қазіргі адамның жүйкесінің тозуының – топырағының әлсіздігі немесе мүлдем жоқтығы, өзінің рухани тамырларынан ажырау, мұраттары мен құндылықтарының қирауы, жанының жоғалуы сияқты мәдени себептерін зерттеу бұл рухы мықты ғалымдардың ісі. Мұндай зиялы ғалымдардың алдыңғы қатарынан философия ғылымдарының докторы, профессор, әйгілі ойшыл, академик Досмұхамбет Кішібекұлы Кішібеков көрінеді. Шлегельдің сөзімен айтқанда, олар «шексіз толыққандылыққа» ұмтылып, мәдениеттегі, адамның тұрмыс-тіршілігіндегі баға жеткісіз құндылығы туралы, оның рухани мұраты мен мән-мағынасы туралы, сондай-ақ, мәдениет әлеміне деген қоғамдық құбылыстардың, оқиғалардың, тұлғалардың, олардың қимыл-әрекеттерінің қатынастары туралы өз уақытында тарихи, мәдени-философиялық және эстетикалық тұрғыда маңызды мәселелерді көтере алады. Бұл ақиқат ғылыми тұрғыда көптеген қазақстандық ғалымдардың соның ішінде отандық ойшыл Досмұхамбет Кішібеков еңбектерінде де негізделенді. Мұның нәтижесінде адамдардың өнегелік императивін арттырып, әлеуметтік жағдайын күшейтіп, орта тапы күшті, тұрақты, құқықты мемлекетті құруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Білім, 1994. – 352 б.
2. Пушкин А.С. Золотой том. Собрание сочинений. – М.: Альфа-книга, 2008. – С.381.

Резюме. Отражение жизни великой степи в казахском мировоззрении

В данной статье автор на основе научных трудов патриарха казахстанской философии, участника Великой Отечественной войны, академика НАН РК, доктора философских наук, профессора Досмухамеда Кшибекова рассматривает мировоззренческие ориентиры казахского народа.

Abstract. Reflection of the great steppe's life in Kazakh outlook

In this article, the author considers worldview orientation of the Kazakh people on the basis of scientific work of the guru of Kazakh philosophy, participant of the World War II, member of the National Academy of Kazakhstan, Doctor of Philosophy, Professor Dosmukhamed Kshibekov.

Г.Г. Барлыбаева,
доктор философских наук,
Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, г. Алматы

КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ: ВЧЕРА, СЕГОДНЯ, ЗАВТРА

Особенность геополитического положения Казахстана между Востоком и Западом, древние традиции взаимодействия с индоиранской, китайской, византийской, арабской, тюркской, монгольской, славянской цивилизациями, специфика скотоводческо-земледельческого хозяйствования с преобладанием кочевничества, сложнейшая этнополитическая история – все это обусловило богатство и своеобразие духовной культуры казахского народа, его философского мировосприятия. Свидетельством тому служат дошедшие до наших дней письменные и устные памятники этической, эстетической, историко-политической, юридической, религиозно-мифологической, мистико-философской мысли.

Философско-этическое осмысление мира, человека, его места и роли в жизни – характерная особенность казахской философской мысли. Этим она продолжает традицию восточной философии. Если в западной философии больше внимания обращается на построение философской системы, на создание учений о мире, мировом космосе, на исследование проблем логики, гносеологии, на создание учений об обществе, о государстве, то в восточной философии прежде всего изучается человек, его душа, психология. Если западная философия более рационалистична, то восточная философия больше внимания обращает на человеческую, эмоциональную, чувственную сторону проблемы. Сущность человека, его этический и эстетический облик глубоко волновали казахских мыслителей. Следует отметить, что этическая проблематика – проблемы счастья, добра, долга, совести человека, назначения, смысла и цели его бытия – всегда доминировали в казахской философской мысли. На наш взгляд, мыслительная традиция казахского народа глубоко этична и эстетична по своему содержанию, она – во многом этика, выраженная в эстетической форме.

Почему казахской философии отказывали в праве на существование? Потому что за образец принимали европейскую модель, сближающую философию с наукой. Один конкретно-исторический тип философии выделялся из всех и объявлялся полномочным представителем философии как таковой. Если понимать философию в ее исконном смысле, а именно как любовь к мудрости, к самопознанию и постижению жизни, выраженную во всеобщих мыслительных формах, а не только как особый род рационально-логического знания, то таких мыслителей как Қорқыт-ата, Асан-қайғы, многих казахских жырау и акынов с полным правом можно, вслед за Чоканом Валихановым, назвать «кочевыми философами».

Вопрос о формах развития философского мировосприятия в условиях кочевничества заслуживает пристального внимания. Философия как самостоятельное теоретическое знание и мыслительная традиция возникает и развивается отнюдь не в каждой цивилизации, будь то оседлая или кочевая. Разве мало искони оседлых народов, чей вклад в развитие философского знания весьма скромнен? И является ли оседлость гарантом непрямого развития философии, а кочевой образ жизни, напротив, исключает ее полностью? Идея несвойственности именно кочевой цивилизации философии как формы общественного сознания представляется неправомерной. Ведь философское мировосприятие может быть выражено нетрадиционными средствами. В сознании людей существуют и переплетаются разные уровни и пласты, а философское осмысление действительности может развиваться в латентной форме, скажем в философско-религиозной, философско-художественной. Исторически известно множество типов философии, ее сближении не только с наукой, но и с поэзией, фольклором, народной

мудростью. Казахская философия – самосознание степной культуры, создавшей свой уникальный космос с особым поэтическим восприятием и ощущением жизни и мира. Восточная философия, казахская философская мысль в частности, не должны рассматриваться как полярная противоположность западной философии. Духовная культура казахского народа есть проявление диалектики общего и единичного в истории мировой духовной культуры.

На наш взгляд, кочевничество – это, с одной стороны, особый способ взаимодействия социума и природы, а с другой стороны, – это особый способ адаптации человека в специфической среде обитания, основанной на освоении природы преимущественно биологическими средствами производства.

Отсюда следует вывод: кочевой образ жизни, безусловно, способствовал формированию своеобразного ментального универсума, духовного космоса, отражающего мировоззрение («мир кочевника») посредством понятийного инструмента с особенными нюансами мышления, идеями, образами.

Так, например, кочевники по-особому понимали вселенную, историю, время, пространство, соотношение «человек-общество» и «человек-природа», иерархию материальных и духовно-нравственных ценностей, идеал жизни, кодекс чести и многое другое. Они обсуждали специфические проблемы, порожденные кочевым образом жизни. Речь у них шла не только об отношении человека к природе, человека к Богу, но и об отношении человека к животному, об отношении человека к земле, на которой он живет.

Как свидетельствуют исторические источники, кочевым народам было свойственно глубокое осознание особенностей своей культуры и мировосприятия в сравнении с оседлыми народами. Следует особо отметить, что древние традиции и глубокие корни степной культуры известны нам в значительно меньшей степени, чем культура оседлых стран потому, что остатки их материальной культуры – войлок, кожа, дерево и меха – сохраняются хуже, чем камень. О высоком в прошлом развитии культуры казахского народа свидетельствуют как памятники материальной культуры: древние города и крепости, антиквариат, каменные статуи-надгробья, культура одежды, предметы быта и т.д., так и бессмертные творения духа: устная и письменная литература, богатейший фольклор, эпос, музыкальное, поэтическое и философское наследие.

Уникальный образец философско-поэтического творчества кочевников представляет собой письменная поэзия казахов XVIII-XIX вв. По уровню обобщающего осмысления бытия она не уступает знаменитой лирико-философской традиции фарсиязычной поэзии, представленной Рудаки, Саади, Хафизом и другими, но вместе с тем отличается яркой социальной направленностью.

Философская мысль казахов была достаточно своеобразной не только по форме своего выражения, но и в значительной мере по содержанию. Форма изложения мыслей у казахских акынов и жырау во все времена носила характер законченного стихотворного текста, передаваемого последующим поколениям путем многократного повторения и запоминания. Однако стихотворчество их не совпадало в полной мере с поэзией в классическом смысле этого слова и не являлось способом творческого самовыражения. В поэзии казахских акынов и жырау преобладала мысль над образом, порой эта мысль высказывалась ими напрямую без обращения к образной параллели, нередко с выраженным стремлением воплотить мысль в понятие. Известно, что акыны и жырау в своих произведениях нередко пользовались такими понятиями, как время и пространство, бренность и вечность, добро и зло и т.д.

Ясно, что поэзия у казахов – это особый тип самого философствования, насыщенного серьезными раздумиями о духовном существовании народа. Казахскую литературу же, на наш взгляд, было бы верным понимать как способ существования казахской философии, а поэтическое творчество изучать средствами философского мышления, пытаясь вскрыть заключенное в нем философское содержание. Казахское поэтическое философствование – это сплав ума и сердца, суфийского мистицизма и рационально-логизированного знания, философской публицистики и лирики, это внутренне единое знание рождается в «дочувствовании» логических смыслов на пересечении двух истин – поэтической и

философской, которые тем самым перестают существовать по отдельности, а объединяются в некую ценностную установку, определяющую свободный и ответственный творческий выбор личности. При этом именно нравственная ответственность всегда в первую очередь определяла характер и цель казахской философской мысли.

Характер, тип, сущностные черты, мировоззренческие традиции, язык – все это позволяет рассматривать духовное наследие казахов как древнейшую степную ветвь тюркоязычной культуры, включающую глубинный пласт индоиранской культуры и развившейся в тесном взаимодействии с сопредельными цивилизациями и народами Востока и Запада.

На протяжении многих веков казахи вбирали в себя различные культурные влияния, переплавляя и ассимилируя их в горниле своих исконных степных тюркских традиций. И традиции эти были столь глубоки и прочны, что ни политические катастрофы и войны, ни арабское и монгольское влияние, ни исламизация не смогли изменить их коренным образом.

Казахская философия никогда не стояла на месте: менялся социокультурный контекст, вместе с ним изменялась и развивалась философская мысль, непрерывно эволюционируя в связи с новыми проблемами и вызовами своего времени. Все главные периоды становления и развития казахской философской мысли были связаны с формированием новых значительных идей, посредством которых мыслители надеялись изменить к лучшему судьбу своего народа.

С обретением Казахстаном независимости усилилась необходимость осмысления традиционных ценностно-смысловых ориентиров и духовного наследия народа как общей культурной основы, на которой происходит процесс формирования национального самосознания. В условиях развития суверенного государства идеологически важным моментом является ретроспективный взгляд на историю мысли казахского народа, что вытекает из становления независимого государства и желания самостоятельного духовного бытия и развития. В эпоху глобализации, охватившей весь мир, в условиях поиска национальной идентичности и самоидентичности, обращение к философскому творчеству казахских мыслителей имеет непреходящее значение для нынешнего состояния казахстанского общества, испытывающего потребность в новом видении и освещении мира казахской философской культуры как культуры, диалогизирующей с общемировым контекстом.

На наш взгляд, казахские мыслители на достаточно высоком философском уровне формулировали сложнейшие экзистенциальные и, порой, безответные вопросы, которые имеют значение не только и не столько в контексте национальной традиции, но выходят далеко за ее рамки, пополняя сокровищницу мировой философской мысли. Следует заметить, что казахская философия, как и любая национальная философия, приобретает свой специфический национальный характер не в ответах, потому что научный ответ для всех народов и языков – один, а в самой постановке вопросов, в подборе этих вопросов.

С обретением Казахстаном государственной независимости значительно расширились горизонты и диапазон философских исследований, направления философских поисков стали более разнообразными и многовекторными, стала изучаться тюркская философия, выступающая духовным истоком казахской философской мысли. Примечательно, что каждая эпоха предлагает свой ответ на «вечные вопросы» бытия, но нет «вечных ответов» на них. Мы должны каждый раз искать их сами. Казахская философия хранит этот интеллектуальный духовный опыт, но не как музейную реликвию, а как основу сегодняшней мысли, как такое прошлое, без которого нельзя глубоко и основательно осмыслить настоящее.

Обращение к проблемам нравственности и возрождение духовности казахского народа – одна из насущных задач сегодняшнего дня. С обретением независимости в Казахстане начала формироваться новая система ценностей и общественное сознание эволюционировало от ценностей социализма к ценностям ориентациям рынка и демократии.

Наше время, круто перевернувшее сознание по части переосмысления духовного наследия казахов, разрушившее стереотипы и догмы, в плену которых мы находились многие годы, способствует глубокому изучению истоков нашей культуры и нашего мироощущения.

Сегодня крайне важно иметь способность видеть мир не только рядом с собой и вокруг себя, но и в его неизведанных высотах и глубинах.

Мы полагаем, что в настоящее время, когда страна переживает период обновления, когда что-то уже сломалось и осталось позади, а что-то, народившись или воскреснув, стремится вперед, необходимо решать задачу полнокровного изучения всей истории духовной культуры казахского народа. Академик НАН РК Ж.М. Абдильдин, рассуждая о становлении самосознания казахов и казахстанцев, совершенно верно подчеркивает мысль о том, что «когда будет создано множество исследовательских работ, посвященных творчеству великих мыслителей прошлого, мы посмотрим на них с совершенно другой стороны, осмыслим их вклад в национальную духовную культуру иными мерками, чем те, которые нам диктовала тоталитарная система. Если при этом будем уважать общечеловеческие ценности, то избавимся от схем, от стереотипов, навязанных тоталитарной идеологией, что будет иметь большое значение для развития самосознания казаха, казахстанца» [1, с. 27].

Возрождение подлинного интереса к собственным философским истокам укрепляет национальное самосознание и единство народа, являющиеся государствообразующими ценностями. Идея казахских философов о том, что нация должна мобилизоваться, консолидироваться и развивать свои внутренние механизмы самодостаточности, конкурентоспособности и народной мощи, глубоко созвучна идее «Мәңгілік Ел», ставшей в настоящее время национальной идеей современного казахстанского общества.

В казахской философской мысли, где определяющими ценностями выступают духовность, нравственность, милосердие и толерантность, всегда подчеркивалась мысль о том, что личность, действующая ненасильственным методом, прежде всего, защищает себя и своего противника от морального зла, лжи, ненависти, фальши, отсутствия уважения к другим и несправедливости. Казахские мыслители полагали, что философские аргументации и размышления являются силой через слово, которое может делать вызов другим силам, разоблачать ложь и приоткрывать завесу над иллюзиями, а также предлагать варианты лучшего мира для всех людей, живущих на Земле.

Востребованность и актуальность идей казахских мыслителей объясняется тем фактом, что наша рубежная эпоха – начало XXI столетия в аспектах напряженности экономической, политической и духовной ситуаций вполне может быть сопоставима со временем, когда творили эти великие личности. Их идеи и рекомендации в ряде пунктов применимы и к сегодняшнему дню. Философский мир степных мудрецов вызывает интерес не только тем, каким он был и как возможно объяснить его, а чем-то большим, что имеет непреходящее значение для возрождения духовной культуры нашего общества, так как без культурных традиций прошлого нет настоящего и будущего.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абдильдин Ж.М. Время и культура: размышления философа. - Алматы: Алаш, 2003. – 480 с.

У.К. Шубаева

*филос.ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті, Алматы*

ҚАЗАҚСТАН ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Қазақстан - әлеуметтік, геосаясаттық кеңістігінде этникалық тегіне қарамай барша азаматтардың мүддесін қорғайтын біртұтас мемлекет. Бүкіл қазақстандықтардың жалпы азаматтық бірегейлікке ұмтылуын, оның әрбір ұлт өкілінің өзіндік санасының қалыптасып, этникалық етенелесуін танытуға толық құқықтық хақысы бар. Қоғамдағы жалпы этноәлеуметтік ахуалға назар аудара отырып, бұл үрдістердің қарама-қайшы келмей, қайта бір-біріне дем бере өрбу үстінде екенін байқаймыз!

Адамзат тарихындағы әлеуметтік, саяси, негізінен алғанда социумдық өзгерістер өз заманының өкілдері үшін психологиялық тұрғыда біркелкі қабылданған жоқ. Мәселен, дәстүрлі қоғам құндылықтарына үйреніп қалған адам үшін сол әлеуметтік ортаның қазіргі өтпелі типтегі қоғамға айнала бастауы оңай қабылдана салынады деуге болмайды. Өйткені, өз заманының салыстырмалы тұрактанып үйреніп қалған ұстанымдар, дүниетанымдар, бағдарлар мен құндылықтар. Жаңа тарихи кезеңде үлкен ревизияға ұшырады. Бұл психологиялық атмосфераны әжептәуір өзгертті. Өзінің догмалық принциптерін әр түрлі діни конфессиялар алға тартты. Сөйтіп, техникалық, технологиялық прогресс адамдардың рухани дамуының алдына шыға бастады. Бұл өзінің жаңа дағдарыстарын ала келген құбылыс болатын. Жаңа тарихи кезеңдегі өтпелі заманның ахуалы жайлы Э.Фромм өзінің «Еркіндіктен қашу» деген былай деп жазады: «...Өмір мазасыздық рухына тола бастады. ...Ортағасырлық әлеуметтік жүйе күйреді, ал онымен бірге оның жеке адамға берген тұрақтылығы мен салыстырмалы қауіпсіздігі де жоғалды. ...Қоғамның барлық таптары қозғалысқа келді. Жеке адам жалғызданды: енді бәрі оның әлеуметтік мәртебесінің кепілдігіне емес, оның жеке басының тырысуына байланысты болып қалды». Міне осындай жағдай қоғамда «авторитарлы тұлғаларға» қажеттілік туғызды. Қоғамдағы өзгерістер, жол таңдаудағы тығырықтар сайып келгенде тоталитарлық мемлекеттердің пайда болуына негіз болды [1].

Бір қызық жері — адам ондай қоғамның қатынастарына да үйреніп, қиындықтарына бейімделіп кетеді екен. Сонымен қатар сол бір салыстырмалы тұрақты кезеңнің «құндылықтар жүйесі» адамның бойына сіңісіп, рухына етене жақын болып кетеді. Міне, сондықтан да болар Кеңестік кезеңнің көпшіліктің кейбір жалпыадамзатқа тән қажеттіліктерді қанағаттандырған тұстары (салыстырмалы экономикалық тұрақтылық) көп адамның есінде.

Ал, енді Қазақстан территориясында соңғы жылдары жүргізілген социологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелеріне назар аударып көрелік. «Өмір қиындықтарына деген қатынасыңыз қандай?» - деген сауалға жауаптар төмендегідей иерархияда берілді:

- «Бір жағдайды оңды, екіншісін теріс түрде қабылдаймын» - 38,5%;
- «Қиыншылықтарды жеңуге тырысамын, өйткені олар өмірге ынталандырады» - 22,8%;
- «Барлық оқиғаларды бірқалыпты қабылдаймын» - 11,9%;

Әрине, Қазақстан халқының, оның әрбір азаматының әлеуметтік-мәдени архетипы кешегі Кеңестік қоғам кезеңінде қаланған болатын. Сондықтан саяси санадағы консерваторлық, дәстүрлі құндылықтық бағдарлар мен жаңа кезеңнің либералды көзқарастары арасында қайшылықтар туындап отырады. Әсіресе, бұл жерде онды әлеуметтік тұтқаның рөлін атқаратын рухани архетиптер. Олар әр түрлі этнос өкілдерінің, әр түрлі әлеуметтік қабат өкілдерінің еліміздің ұлттық мүддесі, қауіпсіздігі, ертеңі тұрғысынан қарауға итермелейді, халықты бірлікке шақырады.

Ғасырлар бойы қазақтардың өмір салты, өндірістік тәсілі - мал шаруашылығы кәсібімен ғана шектеліп, барлық қоғамдық қарым-қатынастар негізінен осы іс-қимылдың төңірегінде қалыптасып келгендігіне және мұндай құбылыстардың ауқымының болашағы онша үлкен еместігін айтқанымыз жөн. Қазақ өмір салтындағы әлсіз тұстары көрші халықтардың мәдениетіндегі құндылықтармен салыстырғанда байқалады.

Қазақтың халықтық иммунитетінің әлсіз жақтары отызыншы жылдардағы «колхоздастыру науқаны» кезеңінде аяусыз сынаққа түсті. Қазір де сондай «Кең ауқымды сынақ» кезеңі қайтадан келді. Әлеуметтік дүниедегі қиындықтар мен қайшылықтарды жеңу үшін жай ғана еңбек ете беру жеткіліксіз. Адам өзінің ғана емес, болашақ ұрпақтың да алдында сенімді, нұрлы жол ашылғанын қалайды. Адам оның нышандарын күнделікті өмірден байқамаса әлеуметтік саланың заңдылықтарын, көріністерін дұрыс қабылдай алмайды. Осыдан келіп болашаққа сенімсіздікпен қарау (ксенофобия), армандаған ойлардың жүзеге аспауына күйректену (фрустрация) құбылыстары туындайды. Бұл жағдай біршама әлеуметтік топтарды қамтып отыр. Ал, мұның ұлттық ділде екі түрлі көрінісі бар. Алдымен, жарқын болашақтан үміті үзілген, тауы шағылғандар тобы пайда болады (негізінен зейнеткерлер, ауылдағы шаруалар мен қызметкерлер). Олар - өзімен-өзі оқшауланған (изоляция) түрде өмір сүруге бел бұғандарға жатады. Олар ешқандай саяси бағдарламаларға, сенаторға, депутатқа,

жоғарғы үкіметке сенуден қалған, барышша бейсаясаттанған жандар. Өткеннің жақсы кезеңдерін еске алушылар қатарын құрай бастайды.

Екінші тобын керісінше: «аузың барда асап қал» деген мәтелді негізгі ұстанымға айналдырып, аш қасқырдай жортуылға шыққан белсенді топ құрайды. Олардың көбісі бостандықты, еркін қоғамды желеу етіп, қылмыстық деңгейде іс-әрекет жасаумен айналысады. Қолыңнан келсе «түйені түгімен жұтып жіберуге» дайын жандар. Шетелге арзан бағамен кеткен шикізаттарымыз, жең ұшынан жалғасқан несиелеріміз, қылмыстық топтар құрған рәкетпен айналысушылық, адамның дүниетанымының құрылымы, оның аксиологиялық ұстанымдарының қалыптасуы қоршаған ортаның «жағдайлар ансамблынен» тікелей туындай салмайды, ол тұлғалық дамудың, жетілудің терең де, күрделі логикасына сүйенеді, субъектінің руханилық әлеміне бет бұрып, өзінің санасына тәуелді болып келеді.

Бұл мәселе - барлық қоғамтанушы ғалымдардың, ұлт патриоттарының ашық көтеріп жүрген мәселесі. Дегенмен ұлттық руханияттың болмыс негіздерін философия табиғатынан іздеу - оны зерттеудің басты методологиялық бағытын айқындайды.

Осы турғыдан алғанда, қазіргі қазақ жері көптеген қауымдастықтар мекені болған. Онда әртүрлі діндер таралғанын ескерсек, қазақ халқының дүниетанымы мен философиялық пайымдауларында діннің алатын орны ерекше деуге болады.

Қазіргі кезде еліміздің рухани өміріндегі өзекті мәселелердің бірі- отандастарымыздың философиялық мәдениетін көтеру болып отыр, Оған қазіргі заман ерекшеліктерін әлемдік философия тарихымен байланыстыра зерттеп, замана мазмұнын қоғамдық санаға сіңіру арқылы қол жеткізуге болады. Бүгінде шығыс және батыс философиясының құндылықтарын салыстырмалы түрде зерттеу мүмкіншілігінің пайда болуы ұлттық философиямыздың дамуына жаңа серпіліс берді.

Түркі тілдес елдердің рухани байлығын зерделеу белеске көтерілді. Еліміз жан- жақты дамыған қуатты мемлекеттер қатарына кіруді мақсат тұтып отыр. Ол үшін экономиканы дамытумен қатар, рухани өмірдің маңызын құру қажет.

Рухани жаңару - өте күрделі және қиын процесс- құндылықтар өзіне тиімді рухани мұратты іздеп сарылды және оны тапты да. Біздің халық осы мұрат ретінде белгілеп, адамзаттың сара жолына шығуға талпынуда - даналақтың антиномиялары (қарама-қайшылықтары) мынадай: «өмір мен өлім», «махаббат пен жеккөрушілік», «ерік пен еріксіздік», «сенім мен сенімсіздік», «әсемдік пен ұсқынсыздық», «ақиқат пен адасушылық», «шындық пен жалғандық», «бақытпен бақытсыздық», «әділеттілік пен әділетсіздік», «байлық пен кедейлік» және т.б. Бұл антиномиялар тәуелсіздікті анықтауда өзінің методологиялық маңызын атқарады [2].

Қазір ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, дәстүр, дүниетанымдық көзқарас күйзеліске ұшырап, олардың орнына қоғамда қалыптасып жатқан жаңа жағдайларды түсіндіретін тың көзқарас кең өріс ала бастады. Соның бастысы ретінде ұлттық руханиятқа қажетті болып отырған текті адам идеясын, оның табиғатын және мазмұнын ашып көрсету қажет.

Ұлы Қытай ойшылы «текті адам - тек қана этникалық ұғым емес, ол саяси-мәдени ұғым» деген еді. Ол халықты басқарады, ал басқарудың негізгі қайнар көзі - басшының өз басының әдептілік қасиеттерін өзінен төмен тұрғандарға сал ретінде көрсету. Конфуцийдің осы идеясы қазір біздің халқымыз үшін аса маңызды. Ұлтымызда қазір текті адам - текті әулеттерді қалыптастырсақ деген ұмтылыс бар. Мұндай ұмтылыс - ізгілікті қоғамның басы, ұлттық руханилықтың алтын арнасы. Адамдардың теңсіздігі әлеуметтік - жағдайдың ғана емес, талап мүдделерінің салдары.

Сондықтан мемлекеттік билікті құқық арқылы шешу керек. Қазақ тарихында Тәуке ханның атқарған қызметін айтсақ та болады. Ішкі саясатта Тәуке хан бар мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, рулар арасындағы алауыздықты тыюмен қатар, ол басқару ісін жақсартуды жолға қояды. Ол бір орталықтан басқарылатын қазақ мемлекеттігін құру үшін бірінші санатта тұрған мәселе - Шыңғыс хан ұрпағынан тараған сұлтан, төрелердің және ерекше мәртебеге ие болған қожалардың құқық жағдайларын өзгертуді алға тартты. Ондағы мақсаты - мемлекет

басқару ісіне әр ортадан қабілетті, туа біткен дарынды адамдарды тарту еді. Оның нәтижесінде басқару процесіне бұрын беймәлім болған «Билер кеңесі» енгізілді. Хан билік жүргізуді мұрагерлі жолмен қабылдағанмен, маңызы бар мәселелер бойын «Билер кеңесінің» ұйғаруынсыз шешім қабылдай алмады, билігін шектеді.

Иә, қазақ мемлекеттігі әрқилы кезендерден өте отырып, түбінде құқықтық, адамзаттық қоғам қалыптасуына қол жеткізетіні кәміл. Текті тұлғалар өз уақытының жасырын шындығын алғашқылардың бірі болып белгілеуінің арқасында ұлы бола алады. Ал халық, осы уақытқа дейінгі тарих сабақтары көрсеткендей, өз мақсатын, мәнін тек мемлекетте ғана табады. Адамның құқылығы, оның рухани нақтылығы тек мемлекетке байланысты өмір сүреді және қазақ мемлекеттігін жан-жақты дамыту - тұлғалардың тектілігіне байланысты деп есептеуге болады.

Ал, енді осы адамның өзін жетілдіру процесі «құндылықтық бағдар» құбылысымен астасып жатады. Құндылықтық бағдарлар - әлеуметтік субъектінің (жеке тұлғадан үлкен әлеуметтік топтарға дейін) іс-әрекетінің себепкерлігі (детерминант) кешенін қарайтын әлеуметтік-психологиялық құрылымдар жүйесі. Бұл себепкерлердің рөлін мүдделер, қажеттіктер, мұраттар мен ұстанымдар, стереотиптер мен әр түрлі білімдер атқарады.

Құндылықтық бағдарлар «мәдениет құндылықтары», «рухани құндылықтар» деген ұғымдармен өте жақын. Бірақ өзіндік ерекшеліктері бар. Оларға тән қасиеттерге біз бағытты анықтаудағы икемділіктерді, өзгергіштікті, тұрақсыз элементтердің терең жатқан стереотиптермен біріге отырып көрініс беретінін жатқызамыз. Рухани құндылықтар мәдениетінің мағыналық аспектілерін қамтыса, құндылықтық бағдарлар динамикалық құбылыстармен тығыз байланыста болады. Әрине, құндылықтық бағдардың өзгеруі қоғамдағы үлкен әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени бетбұрыстардың болғанын білдіреді.

Сондықтан жер бетіндегі әрбір адамның өмірге босқа келмегенін, әрбір ұлттың, оның мәдениетінің қалыптасуының бекер еместігін мойындау және соларға деген құрметті төмендетпей отырып, өз халқыңның тарихи-этикалық құндылықтырын, байлығын барынша толықтыра түсу бұл қазіргі кезеңнің өркениетті адамына лайықты ісі болып табылады. Ал, ұлттар арасына, адамдар арасына сына қағу, мәдениеттерді бір-бірінен алшақтату рухани дамуға кері әсер ететін әрекет, яғни ол адамның шынайы дамуына кедергі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аубакиров Е.Н. Проблема ценностей в контексте трансформационных процессов общества переходного периода. Автореферат на соискание ученой степени кандидата философских наук. Алматы, 1999. - 23 с.
2. Нұрмұратов С. Е. Рухани құндылықтар әлемі; әлеуметтік философиялық талдау, – Алматы, 2000 – 180 б.

И.М. Акылбаева,

кандидат историч. наук, доцент,

Казахский гуманитарно – юридический университет, г. Астана

УКРЕПЛЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ: ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ ХАНОВ, БИЕВ, ЖЫРАУ И БАТЫРСТВА

Ханы, бии, жырау, батыры как традиционная социальная прослойка казахского общества, сформировалась в достаточно сложное время становления и укрепления казахской государственности. Поэтому их историческая роль была направлена на отстаивание целостности и нерушимости казахских земель, усиления геополитического влияния Казахского ханства. В их деятельности и творчестве отражены этногенетические, социальные, духовно-

нравственные нормы и законы кочевой, степной казахской цивилизации, что является базой патриотизма, укрепления суверенитета и независимости Республики Казахстан в наши дни.

Исторической точкой отчета начала казахской государственности является 1465 год, связанный с откочевкой султанов Гирея и Джанибека из ханства Абу-л - хайра, который логически происходил как результат социальных, политических, хозяйственных и этнических процессов способствовавших образованию Казахского ханства. Впервые это событие появилось в «Тарих-и Рашиди» Мирзы Мухаммада Хайдара Дулати.

Борьба с жестокостью и злом в мире преодолима только личным суфийским «тарика», только возвращая в себе нравственную чистоту, доброту и терпение, поборов в себе эгоизм, наполнив мир любовью, как это сделал в начале творения Аллах, можно достичь любви Аллаха.

В данной статье говорится о суфийском учении Ходжи Ахмеда Ясави, где основой его мировоззрения является любовь, любовь к Богу и любовь к человеку.

ЛИТЕРАТУРА

1. Новейший философский словарь. С 580, - М., 2003. - 1280 с.
2. Древнетюркский словарь - М., 1973. - 800 с.
3. Ульрих Рудольф. Ал.-Матуриди и суннитская теология в Самарканде - Алматы, 1999 (перевод с нем. языка) С. 3-5, 286 с.
4. Философский энциклопедический словарь. - М., 1989. - 815 с.
5. Бертельс Е.Б. Избранные труды. Суфизм и суфийская литература. - М., Наука, 1965.- 520 с.
6. Аюпов Н.Г., Нысанбаев А.Н. «Тюркская философия: десять вопросов и ответов» - Алматы, 2006. - 143с.
7. Х.А.Иассауи «Диуани хикмет» с.72 цитируется по книге: Абуов А.Н. «Мировоззрение Х.А.Ясави». - Алматы, 1997. - С.85, 196 с.

Л.Ғ. Сарсен

*Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТУ,
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасы*

К. ЯСПЕРСТІҢ “БЕЛДЕУЛІК УАҚЫТ” КОНЦЕПЦИЯСЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНЕМІЗ?

Белдеулік ұғымын тұтастық, орталық, негіздік, тарихилық деп анықтауға болады. Ясперстің “Смысл и назначение истории” еңбегіне сүйене отырып белдеулік уақыт мәселесіне талдау жасап көрейік. Белдеулік уақыт рухани қазынаны ашатын бірден бір құрал. Руханилық мәселесінде ұлтқа, дінге, тектілікке жіктелу керегі жоқ сияқты. Біржақты адам болып қалмау үшін де руханилықты көтеру керек.

Ясперс XX ғасырда өмір сүрген философ болғандықтан белдеулік уақыт мәселесін жайдан жай көтеріп отырмағанын байқауға болады. Қазіргі таңда біз газет, журнал, теледидардан болсын соғыс, терроризм, экстримизм мәселесінен басқа ештеңе естуге де

көругеде болмайды. Мүмкін осы мәселелер демократиямен тығыз байланысты шығар, мемлекеттің, адамның бостандығы, еркі шектеусіз кімге соғыс ашам десе өз еркі. Біздің тандап алған демократия әлеміміз, демократия принциптері өзімізге кері әсерін тигізіп отырған шығар.

Мысалы ежелгі грек философы Платон демократияға қарсы шығады. Неге? Бұл қоғамда көпшіліктің билігі үстем етеді, мұғалімді оқушы билейді, ата-ана болса өз туған баласынан қорқады, сөйтіп мұның бәрі ретсіздікке “хаосқа” алып келеді. Бәлкім дүниежүзіндегі жағдай осы ретсіздікке келе жатқан шығар. Мысалы қазір А мерика, Ирак, Пакистан, Израиль, Солтүстік Корея, Қытай т.б ірі мемлекеттердің ішкі және сыртқы жағдайы бүкіл адамзатты аландатуда. Саяси тұрақсыздық орын алған кезде адам тек қана өмірінің тыныштығын, өмірінің қауіпсіздігін ойлайды емес пе. Бұл кезде мәдениет, өнер, руханилық, философия жайлы пайымдау қиынға соғады. Бәлкім ортақ идея немесе дін қажет шығар.

Көптеген философтар осы мәселені шешу тұрғысында сан қилы идеялар, қағидалар, ойлар айтқан болатын. Барлық адамзатты ажыратпай, керісінше біріктіретін ортақ идея немесе дін бар ма? Мұндай қағиданы Ислам, Христиан, Буддизм ұсыналмайды. әрине ортақ, жақын идеялар жоқ емес, бар бірақ ортақ дін жасау мүмкін емес. Ал Ясперс болса адамзаттың бәріне ортақ философиялық сенім қажет деп үгіттейді.

Флософиялық сенімнің түп тамыры тереңде жатыр. Философиялық сенімнің пайда болуы біздің қарастырып отырған “тарихи белдеуден” бастама алады. Ясперше айтар болсақ “белдеулік кезең жуықтап алғанда 800-200 ж.ж. б.з.э. уақытты қамтиды. Осы уақытта Қытай, Үнді, Персия, Палестина, ежелгі Греция ірі рухани қозғалыстар болды”.

Сол кезеңде қалыптасқан адам бейнесі әлі күнге шейін сақталып келеді.

“Белдеулік кезең”- көп құдайшылдықтың орнына, дәстүрлі діндер келді, мифологиялық сана философиялық санаға ауысты. Ішкі құрылымы жағынан бір біріне жақын рухани орталар бастама алды.

Ясперс белдеулік уақытқа Қытай, Үнді және Греция мәдениетін философиясын жатқызады. Белдеулік уақытты жалпы тілмен “Алтын дәуір” деп те атауға болады.

“Қытайда, Үндіде, Грецияда жаңа кезеңде, адам болмысының тұтастығын және өзінің шекарасын сезінеді. Оның алдында әлем қорқынышты және өзінің дәрменсіздігі ашылады. Жардың шыңында тұрып, радикалды сұрақтарды қойып, еркіндік пен құтқару жолдарын іздестіреді. Өзінің шекараларын сезінген сәттен бастап, алдына жоғары мақсаттарды қойып, сана–сезімнің абсолюттілігін танып трансценденттік әлемнің айқындығы анықталады”

Ясперстің ойы түсінікті, руханилыққа, трансценденциялық күйге жету үшін, саналы ой әрекет қажет екенін айтады. Адам өзінің шектілігін, өлім алдында әлсіздігін сезініп, болмыстың соңғы сұрақтары қойылады. Бұл сұрақтарды Ясперс экзистенциалистік философияда өте терең қарастырып, философиялық талдау жасайды. Осы сұрақтарды адам тіршілік етуінің мәнділігі, болмыс мәні деп жинақтауға болады.

Лазо Эрнст белдеулік уақыт жөнінде былай деп жазады: “ Бір уақытта 600 б.з.д. жыл ішінде Персияда Заратустра, Үндіде Будда, Қытайда Конфуцзы, иудейлерде әулиелер, Римде Нума (Ежелгі Римнің екінші патшасы 715-673 Х.т.д.) патшасы, Эллада да алғашқы философтар иондықтар, дарилер(пифагорейцтер) , элеттардан пайда болуы кездейсоқтық емес” деген. Оның идеялары Ясперс пен үндістікте екенін байқаймыз.

Руханилықтың оянуы, Ясперс бойынша адамзат тарихының бастамасы, мәдениеттерді бір бірінен бөліп қарастырудың өзі тұрақтылықты жояды. Халықтар арасында шынайы байланыс рухани байланыс. Шынайы рухани өмір “шекаралық жағдайларда” ашылады, адамның қарым қатынасы экзистенциалистік деңгейге көтеріледі. Ясперс өз философиясында “жағдай” деген ұғымды көп қолданады. Оның “ жағдайы” –ол “кезең”, “уақыт” деген ұғымның мазмұнын ашады. Рухани өмір бір бірінен шығу тегімен, құрылымы жағынан алыс болса да, әлемдік мәдениеттер қатар бәр уақыта пайда болды. Ясперс А.Тойнби мен О.Шпенглердің “мәдениет циклдер” теориясына сыни көзқараста болып, адамзаттың шығу тегі мен дамуы біртұтас деген идеяны ұстанады. Әрине мұны ғылыми түрде дәлелдеу мүмкін емес, бырық оған философиялық сенімді аргумент етіп алады.

Ясперс адамзаттың рухани тұтастығына сенуден бірден-бір дәлелі ол “белдеулік кезең”, бір-бірінен ашық жатсада, бір уақатта пайда болып дамыған мәдениет, философия тарих ошақтары ақиқаттың нышаны депте айтуға болады. “сол уақытта жасалып, пайда болғанымен адамзат әлі күнге шейін сонымен өмір сүріп келеді. Оның әрбір жаңа үрдістері, белдеулік кезеңге оралуы, әр рухани шарықтауы белдеулік кезеңнің өрлеуі деп аталуы мүмкін”

Бір-бірімен байланыспайтын қоғамдық даму паральдерін ғылыми түсіндіру мүмкін бе? Деген сұрақ туындайды. Бұл мәселені түсіндіру үшін Ясперс әлә күнге дейін бір ғана тарихи гипотеза бар дейді. Ол М.Вебердің гипотезасы Орталық Азиядағы көшпелі үндіевропалық халықтың Қытайға, Индияға, Батысқа қоныс аударып, енуі.

“19-6 ғ.ғ.б.з.д. Грецияда, Үндістанға, Қытайға бір уақытта әлемнің мәдени аймақтары құрылып, дін мен философия арасында ортақ келісімдеге келді. Осы кезден бастап әлемді қызықтыратын көзқарастар пайда болып, кейін оларды жүйелеп, қайта зерделеп, өркейтіп трансформациялады”

М.Вебердің теориясы бойынша көшпенді халықтар аттың арқасында әлемді танып, болмысты түсіне білген, әлемге батырлық пен трагедия эпостарының негізін салды. Көшпенділер ежелгі мемлекеттерге шабуылдар жасап, оларды жаулап алған. Үшінші мың жылдықта Европаға, жуықтап алғанда 1200 ж. Иранға, Үндістанға, Қытайға дейін жетті. Бұл көшпенді халықтарға дейін Қытай мен Европа аралығында қоныстанған тайпалар болды. Тарих көрсетіп отырғандай осы екі күштердің арасында күрес, және евро-азиаттық одақтың ішкі байланысы туралы сөз қозғайды. Көшпенді халықтар бір-бірінің дәстүрі мен мәдениеттер алмасуы негізінде мәдениет сұхбаты пайда болады. Жалпы Евразия континентінің шығу тарихының орталығы және Орталық Азия халықтарының табылған қазбаларына қарап, олардың техникасының, оюының, құрал-саймандарының, тұрмыс заттарының ұқсастығы байқалған. Көшпенділер жүргізген өмір салтты кеңістікті өзіне бағындыра алды және үздіксіз айырбастың орын алғанын көруге болады.

Белдеулік уақытта адамның санасы, тарихы, мәдениеті, мемлекеті, әлеуметтік құрылымы қалыптасты. Мысалы Ясперс белдеулік уақытқа сипаттама бергенде Қытайдағы Конфу-цзы, Лао- цзы, Мо- цзы, Чжуан- цзы, Ле-цзы философтарын айтады және Индиядағы Будда іліміне, Упанишаттарға және т.б мемлекеттерді көрсетті, Грециядағы ұлы философтар Гомер, Парменид, Гераклит, Платон философия тарихына әсерін аңғаруға болады.

Ясперс өзінің “Великие философы” атты еңбегінде Иссус, Будда, Конфуций және Сократтан бастайды. Олар адамзат болмысын анықтап, философиялық ойдың дамуына үлкен ықпал жасаған және оларды үлгі өлшем ретінде қарастырады.

Ясперс Будда іліміндегі аман қалудың (спасение) практикалық жағына және оның жолдарына айрықша көңіл бөледі. Будда іліміндегі қайғы қасреттен құтылудың 4 жолы мен нирвана мезеттері Ясперстің экзистенция және трансценденциясына жақын келеді. Экзистенция зерттеу пәні бола алмайды, ол ешқашанда объектіге айналмайды. Оған тек біріншіден болмыс арқала және жалпы сана арқылы, екіншіден рух арқылы ғана жақындасып жетуге болады. Экзистенцияны шекаралық күйде сезіну мүмкін. Ясперс бойынша шекаралық күйде адам тобырдан шығу мүмкіндігін басынан өткізеді. Экзистенция шынайы тіршілік, шынайы тұлғалы тіршілік. Ал трансценденция адам тіршілігінен тысқары жатсада, оған мәнділік пен құндылық беріп отырады. Ясперстің философиясында экзистенция ментрансценденция ажырамас бірлікте. Адам өз болмысын трансценденцияда айқындағанда ғана “шынайы” адам бола алады. Экзистенцияның тіршілік етуінің жалғыз тәсілі “философиялық сенім”. Жоғарыда тоқталып кеткеніміздей Ясперс адамзаттың шығу тегі мен дамуы біртұтас идеяны дәлелдегенде де “философиялық сенімді” алға тартады.

Демек, бұл тұжырымдардан кейін Ясперстің ойы түсінікті, айтылып отырған белдеулік уақыт, экзистенция мен трансценденция, философиялық сенім арасындағы байланыстар айқын көрінеді.

Ясперстің Будда жөніндегі ойларына оралайық. Оған Будда ілімі танымға емес, аман қалудың жолдары мен ақақатқа жету деген идеяларын қолдайы. Будда каста шынжырларын бұзған, әлеуметтік реформатор. Будда ілімі о бастан философия болды, кейін оны құдайға

сенімі бар дінге айналдырды, ал Будда болса өз ілімін уағыздаған Құдай деп танылды дейді Ясперс.

Конфу-цзы ілімінде Ясперс ата-бабаларына тағзым жасап, ескіні қайта өрлету арқылы аман қалудың жолдарын іздеуді ең басты идея етіп алды. Конфу-цзы жәй өткенге еліктеу емес, қашанда ақиқаттың қайталануы.

Ал, “батыстық сана үшін тарихтың белдеуі – Христос”. Ясперс христиандыққа грек пен римдіктердің әсеріде болды соның арқасында тұтас, ортақ дүние қалыптасты. Ал христиандық шіркеуу болса қайшылықтарды шешіп, өз идеаларын тауіп, тұрақты дәстүрін қалыптастыра алды дейді.

Белдеулік уақытқа жету үшін мифтік, дінни кезеңдерінен өтеді. Ясперс белдеулік уақытты сипаттай келе мифтік кезеңге тоқталады. Ясперс бойынша “Миф – ол бейнелеу, елестеу, суреттеу тілдері”. Миф туралы айтқанда бірнеше аргументтерге тоқталады: миф ойлау образы мен мазмұны жағынан тарихилық; Миф тарихты сипаттайды; болмыс туралы тұтас көзқарасты қалыптастырады; Мифте шындық туралы сөз қозғалады. “Миф экзистенциялды мағынаға ие бола алады, адамның әлемде өзін өзі ұғынуын көрсетеді”. Ясперс үшін шынайы мифтің үлгісі “гректік рух”. Ясперсті аландататын жайыт, ол қазіргі танда рационалды күрес заманымыз, мивке қарсы шығып, олар о бастағы маңызын жоғалтуына назарын аудартады.

“Тарих өз тұтастығына қарамастан, ол түрлі әлемдер бейнесінің біртіндеп ауысуы: біртіндеп құлдырауы, спираль тәрізді жоғары өрлеуі ”. Ясперстің пайымдаулары тарихи құлдырау, спираль және жоғары өрлеу принципін көрсетіп отыр. Әрине оның көз қарастарынан байқайтынымыз, белдеулік уақытты қазіргі заманға қайта орнату мүмкінсіздігі, белдеулік уақыттағы әлемдік империялар мәңгі жасай алмағанын, бірақ оның ұзақ ғасырлар бойы билеп, саяси аренада орнын жоғалтпауы. Бұл империялардың орнына, олардың тарихи мәдениетін жалғастыратын жаңа мемлекеттер келді, сол жаңа мемлекеттергеде белдеулік кезең үлкен ықпал жасады. Тарихты екі рет қайталау мүмкін емес.

Белдеулік мәдениет сол аймақта қалып қалмай көптеген Батыс Германия, Америка, Словян, малайзия, Орта Азия т.б.көптеген елдерге таралды. Әрине кейбір үрдістер сақталып, басқалары өзгеріске ұшырап жаңаланып, болмаса ұмыт қалды. Алысқа бармай оны өз мәдениетімізден, салт дістүрден байқауға болады. Ол да табиғат заңы сияқты, тарихи дамудың жолдарының бірі шығар.

Тарих дейді Ясперс, руханилық фактормен анықталып, онда экзистенциалистік сарын негізгі роль атқарады.

Әлемдік тарихтың белдеулік уақыт құрылымын үшке бөледі:

1. Белдеулік халық. Бұл халықтар оздерінің тарихын жалғастырушылар. Адамның тарихының рухани негізін қалыптастыра алғандар. Сперс бұл халықтарға қытайлықтарды, үнділерді, ирандықтарды, иудей мен ректерді жатқызады.

2. Олқылықты білмеген халықтар. Олар белдеулік мәдениеттердің ықпалын басынан кешпей, өзінің мемлекетін, қоғамдық өмірін, сәулет өнерін, поэзия және магиялық діндерін жасады. Бырақта бұл істер құлдырау кезеңде жасалып, жаңа пайда болған күштер оларды мүлдем жойып ішкі мәдениетін жоғалтып алды. Ясперс оған мына мысалды келтіріді. Египеттен римдыққа жақын болған халықтар мен римдіктерді жатқызады.

3. Бұл халықтар белдеулік уақыттың рухани тарбиесін қабылдай алмады. Сондықтанда олар тарихи әлемде билікке, саяси төңкерістерге жақын болған халықтар, оған Ясперс макидониялықтар мен римдіктерді жатқызады.

Белдеулік уақыттың мәні неде? деген сұрақ туындауы мүмкін. Ясперстің ілімінде осы сұраққа жауап ізделік: А) белдеулік уақытта өзіміздің әлемдік тарихи бейнеміздің негізін табуға болады. Тарих тұтастығын адамдардың бәр бәрәмен коммуникацияға түсуімен анықтай аламыз. Б) Бізді коммуникацияға шақырыды. Ол үшін ортақ дін, Құдай болу керек. Бірақ, демекші онда фанатизмнен, билік үшін еріктен, өзін алдаудан, такаппарлықтан алшақ болу керек дейді Ясперс. В) Белдеулік уақытқа оралған сайын оның маныздылығы артады. Оған жету дегеніміз қазіргі жағдай мен тарихи дамуды дұрыс ұғыну.

Ясперс белдеулік уақытты мәселе етіп көтеруінің себебі ол руханилыққа, мәдениетке, философияға қайта жол ашу. Өйткені сол үштік орта адам өмірінің тіршілік етуіне, болмысына, өмірінің мәнін түсінуге, шынай тіршілік етуіне, экзистенция сұрақтарына жол табады.

Үштік тарихи белдеу бізді шексіз шынайы коммуникацияға шақырады. Бұл коммуникацияға 3 бастаманың болуын қажет етеді. Жалпы Ясперстің философиясында жеткілікті, бір біріннен ажыратып қарастыруды мақұлдамайтын байқауға болады. Ол жалпылықты, орталықты, әлем, адамзат болмысының үйлесімдігін, қайжақта болсада байланысты табуға тырысады. Мысалы оған дәлел Ясперстің “тұтас адам” ұғымы, әлемдік тарихы, Экзистенциалистік философиясы, философиялық сенімі және саяси көз қарастарының арасында бір бірімен байланыс жатыр.

Қорыта айтқанда Ясперстің белдеулік уақытында руханилыққа үндеу жатыр. Сол кездегі философия, адам өмірінің барлық философиялық сұрақтарына бағыт пен бағдар көрсететін құрал ретінде қабылдауға болады.

Демек, Ясперстің “белдеулік уақыты” тарихпен, экзистенциалистік философиясымен, руханилықпен тығыз байланыста деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ясперс К. Смысл и назначение истории. М.: 1994.-527
2. Типсина А. Немецкий экзистенциализм и религия. Л.: 1990.-152
3. Кодуа Э. Немецкий экзистенциализм о сущности философии. Тбилиси 1989.-214.
4. Габитова Р. Человек и общество в немецком экзистенциализме. М.: 1972.-286
5. Арлова Е. Очерки философских течение в XX веке. М.: 1993.-42
6. Долгов К. От Кьеркегора до Камю: философия. Эстетика. Култура. М.: 1990- 397

Резюме. В статье рассматривается проблема К.Ясперса «осевое время». Концепция «осевое время» берет свое начало с духовности. Оно возникла 800 -200 гг д.н.э в Греции, Индии и в Китае.

Summary. In article Kazakh culture and art of songs are considered. During leistering the folk songs, we can learn the history and tradition of a folk. Art of song is spiritual culture. Modern art is going , that is to say over coming “too human”, our task is to save and pass culture heritage of Kazakh nation.

А. Б. Сабитова

*Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті
ЖББ №17 орта мектебі,*

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӨРКЕНИЕТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қазақ халқының қалыптасуына байланысты, қазақ халқына тән материалдық және рухани мәдениеттің сипатты белгілері орнықты. Бұл қалыптасқан мәдениет қазақ халқының өз ата-бабаларының мәдени қазыналарын қамтыған мәдениет болды.

Халық бұқарасы материалдық мәдениет, рухани мәдениет жетістіктерінің жасаушылары болды. Өйткені, қазақтардың барша тіршілігі табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, көшіп-қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырды. Мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені орнықтырды. Ендеше, көшпелілердің барша тіршілік болмысының табиғатпен етенелігін, олардың артықшылығы немесе кемшілік баландығы деп емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек. Бұл жөнінде Л.Н. Гумилев көшпелілердің табиғат жүйесін тани білгенін айта келіп: "дала ландшафтарына бейімделіп алғаны сондай, олардың шаруашылық тірлігі табиғатта болып жатқан процестермен бірігіп кетті де, өздері белгілі дәрежеде игеріп алған

жер табиғатының құрамдас бөлігіне, яғни дала биоценозының ең жоғарғы, қорытынды буынына айналды" – деп жазады [1,528].

Көшпенді өмір сүрген қазақ тіршілігінде табиғаттың, яғни табиғи ортаның алатын орны ерекше. Расында да, көшпелілер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамай, неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен жақын болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білді. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы қалыпты өмір сүруге болатынын тәлім-тәжірибе деңгейінде тани алды. Мысалы, жұлдыздарға қарап, ауа-райын болжай алуы, күнге қарап уақытты анықтай алуы, құстар мен жануарлардың, құмырсқалардың мінез-құлқына қарап табиғат құбылыстарының өзгеруін сезе білген. Тіпті қазақтардың табиғатпен астасқан мінез-құлқы, қадір-қасиеттерін «жұлдызы жарасқан», «айдарынан жел ескен», «қабағынан қар жауған», «көңілі көлдей» деп табиғат құбылыстарына теңегенінен байқалады.

Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы "тұлғаланған", "кейіптенген" немесе "жанданған", қалпында қабылданған.

Қазақ халқының аспан әлемі жөніндегі түсініктері, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнердің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және материалдық мәдениет мұралары т.б. ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениет куәліктері екені анық.

Қазақтың мәдени құндылықтарының ішінде ұлттық өнер ерекше дамыған. Өнердің дамуы негізінен сол ұлттың күнделікті өмір салтына байланысты халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қажеттіліктен туындайды. Сол сияқты күнделікті тұрмыс қажеттілігінен туындаған қол өнерін айтуға болады. Оның ішінде – ағаштан, теріден жасалған ыдыс-аяқ; жүннен, теріден істелінген киім-кешек; асыл тастармен әшекейленіп, алтын күмістен жасалынған зергерлік бұйымдар; кілем, алаша тоқу, киіз басу т.б.

Қазақтың ұлттық киімінде этникалық, экономикалық және климаттық жағдайларына байланысты ежелгі дәстүрлері бейнеленеді. Киім мауытыдан, Жүн және жібек матадан киізден және аң терісінен тігілген. Қазақтарда құланның, ақ бөкеннің, жолбарыстың, жанаттың, бұлғынның, сусардың, ақ тышқанның терілері ерекше бағаланды. Бұл аңдардың терілерінен тондар тігілді. Шалбарлар күдерден, мауытыдан, шұғадан тігіліп, көрнекті кестелермен әшекейленді.

Қазақ ұлтының рухани мәдениетіне байланысты – сөз өнері, күй өнері, сән өнері сияқты өнердің басқа да түрлері жоғары дәрежеде дамыған. Қазақ өмірінің барлық белестері өлең мен жырға толған. Өлеңсіз өмірдің мәні де, сәні де келмейді. Қазақтың классик ақыны Абайдың: “туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен қара жерге кірер денең”, деген сөзі ағаш бесіктен жер бесікке жеткенше қазақ халқының бүкіл өмірі өлеңмен өтетіндігін бейнелейді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті - материалы мол, мазмұны терең, көркем де құнарлы қазына. Жер жүзі халықтарының ауыз әдебиетінде танылған сан алуан жанрлардың қай-қайсысы болса да, қазақ ауыз әдебиетінен табылады. Таңғажайып ертегі аңыздар, қиял-ғажайып әңгімелері, жаңылпаш, жұмбақ, бабалар ертегілері, мақал-мәтелдер, қара өлең, қайым өлең, тәмсіл өлең, тау (жерсу) өлеңі, ата өлең, бесік жыры, тойбастар, жар-жар, беташар, сыңсыма, қоштасу, жоқтау, жарапазан, бақсы сарына, шариғат өлең тағы басқалар.

Қазақтың батырлар жыры - үлкен оқиғалы эпостардың саны жүзге жуық. Оның бастылары: “Алпамыс”, “Ер Тарғын”, “Қамбар”, “Қобыланды” жырлары, қазақтың “қырық батыр” атты жырында қырыққа тарта батырдың ерлігі жалғастыра жырланған. Қазақтың ауыз әдебиетінің бай саласының бірі - романтикалық және психологиялық негізге құрылған лирикалық ғашықтық дастандары. “Қозы Көрпеш-Баян Сұлу”, “Қыз Жібек”, “Айман-Шолпан” және т.б. ондаған ғашықтық дастандар бар. Дастандар арқылы қазақ өмірі, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі кең қамтылған.

“Қазақ қиссалары” деген атпен әйгілі болған “Бақтиярдың қырық бұтағы”, “Тотынам”, “Қырық уәзір”, “Қырық батыр” сияқты қыруар қиссаларды бір желіге тізген, ұшантеңіз

тоғыспалы дастандар бар. Олардан қазақ халқының өмірі, ақындық дарындылығы айқын көрінеді.

Қазақ мәдениетінің майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері де ерекше болды. Философия қазақ халқына сырттан танылған ілім емес, өзінің төл санасына жататын құбылыс. Философия халқымыздың әлеуметтік психологиясына, әлеуметтік дүниетанымына әбден сіңген.

Қазақ халқының философиялық дүниетанымы ойлау мәдениетінің шығу тегі көне түркі мәдениетінен V-VI ғасырларда басталған. Оны мәдениет тарихында мәдени мұралар Талас, Орхон, Енисей өзендері бойынан табылғандықтан Орхон, Енисей руна жазулары деп аталады. Сол замандағы түркілер мен қазіргі қазақ санасының арасындағы терең рухани сабақтастық бар. Әл-Фарабиден бастап кейінгі ғұлама ойшылдар Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи т.б. жатады. Қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына бұл ғұлама ойшылдардың ықпалы өте зор болған.

Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды.

Қазақ даласында «Құран», «пайғамбар», «шариғат», «ислам» сөздері үнемі айтылып жүрді. Араб-парсы классиктерінің шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Қазақ халқы ислам дініне кіргеннен кейін бүкіл саналы ғұмырында араб жазуын пайдаланып келді. Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласында және басқа да қазақ хандығына қарасты қалаларда мешіт, медреселер болды. Қазақтың жоғарғы жігінің балалары осы медреселерде оқыды. XVI ғасырдағы Орта Азия тарихшысы, Розбехан Исфәһани өзінің «Бұхара мейманының естелігі» атты еңбегінде қазақ жерінде медреселердің барлығын, қазақтар балаларын медреселерге оқытатындығын жазған еді. Ал XVII ғасырдағы Таушы мерген қазақтың астанасы Түркістан қаласын суреттей келіп: “Бұл қалада мың адамдай қазақтар тұрады. Сол қаланың өзінде олардың заңы бойынша мешіт салынған” деп жазды [2,203].

Халықта даналығымен көзге түскен көптеген билер, ақындар, жыраулар болған. Мәселен аты алашқа әйгілі болған Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер көбінесе құбылысты астарлап ашып, тұспалдап сөйлейтін шеберлігін танытып отырған.

XV-XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың әйгілі ақын-жыраулары: Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспанбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Ақтамберді жырау, Марқасқа жырау, Тәтіқар ақын, Үмбетей жырау, Бұхар жырау, Көтеш ақын, Шал ақын. Олардан қалған құнды туындылар, қазіргі кезде халқымыздың өшпес мұрасына айналған.

Қазақ сөз түсінер, сөз ұғар, бір ауыз сөзге тоқтаған адамды тіршілікте өте жоғары бағалаған. Әр ұлттың ұлттық тірегі — ол оның діні, тілі және әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, өнері. Егер әр ұлт осы асыл қасиеттерінен айырылатын болса, онда ол ұлт өзінің ұлттық ерекшелігінен, ұлттық бостандығынан, мәртебесінен айырылып, басқа ұлттарға қосылып ассимиляцияланып, рухани жойылып, тек сыртқы нәсілдік түрі ғана қалуы мүмкін. Сондықтан әр ұлт өзінің дінін, өнерін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін көзінің қарашығындай сақтауы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – Л.: Гидрометеоиздат, 2000. - 528 б.
2. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. - Алматы, 2008. - 203 б.
3. Кшибеков Д. Кочевое общество: генезис, развитие, упадок. – Алматы, 2004. - 283 б.
4. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. - Алматы: Ғылым, 2006. - 168 б.

Түйіндеме: Мақалада қазақ халқының мәдени мұралары арқылы өркениет құндылықтары қарастырылған. Көшпенділердің табиғатпен етене бірге дамуы арқылы қалыптасқан қолөнер туындыларындағы құндылықтарға баса мән берілген.

Abstract: The article attempts to theoretical and methodological basis of civilizational features of socio-cultural development of the traditional Kazakh society, considered in the context of the theory of comparative civilizations as a self-sufficient structure- substrate civilization of nomads of the Eurasian steppes.

С. Р. Кенжеғалиев

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, №17 орта мектеп директоры

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қазақ халқы ислам дінін өз халқының діні ретінде ұстанғанына да мың жылдан аса уақыт өтті. Дәлірек айтқанда, VIII ғасырдан бастау алғанымен, X ғасырдың екінші жартысында қазақ жері ислам өркениеті тараған аймаққа айналды. Олар ғасырлар бойы ислам дінінің «Имам Ағзам» деп аталатын Ханифилік жолды ғана ұстанып келген. Бұл жол халқымыздың рухани байлығының ажырамас бір бөлігіне айналды.. Ханифилер өзінің төзімділігімен, ізгілікті сипаттарымен ерекшеленеді. Мұны жақсы білген ата-бабаларымыз осы ағымды YIII ғасырдан бері нық ұстанып, арасына жік түсірмей сақтап келген.

Араб-парсы классиктерінің шығармалары қазақ ұлттық мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Қазақ мәдениетінің майталмандары атанған ақын-жыраулар, күйшілер, билер қырдағы ислам өркениетінің көрнекті өкілдері атанды, олардың діни білімдері ерекше болды. Қожа Ахмет Ясауи мен Асан Қайғыдан бастап Шәкәрім мен Міржақып Дулатовқа дейінгі қазақ мәдениетінің барлық өкілдері ислам руханиятының тасымалдаушыларына айналды [1,135].

Қазақ зиялыларының барлық өкілдері мұсылмандықты ұлттық-мәдени өмірдің қажетті бөлігі деп санады. Олар осы діннің мәдени, гуманистік және ұйымдастырушы кезеңін өркендетуге ұмтылды. Қазақ даласында «Құран», «пайғамбар», «шариғат», «ислам» сөздері үнемі айтылып келді. Міржақып Дулатовтың «исламға қалай жол ашамыз» деген жан айқайы осы дінге деген ерекше құрмет белгісін танытады

Ислам діні салт-дәстүрлердің рухани өзегіне айнала отырып, қазақ халқына ғылым, білім, діни-танымдық көзқарасты тарту етті. Ислам діні адамдардың не үшін өмір сүріп жатқандығынан, жақсы-жаман әрекеттері үшін Алланың алдында жауап беретіндігінен хабардар етті. Жауынгерлік мінезге бай қазақ соншалықты қатаң бола тұра, «Алдыңа келсе, атаңның да құнын кеш!» дей отырып, қажетті жерінде кешірімге де бара білетін қасиетімен ерекшеленеді. Бұл қасиет оған бүкіл он сегіз мың ғаламды жаратқан Аллаһ-тағаланың Ислам діні арқылы келгені анық. Өйткені, ешбір халық адамдарды мейірімділікке, жақсылықтарға шақырып отыратын діннен тыс өмір сүре алмайды.

Қазақ халқының да он екі ғасырға жуық уақыттан бергі тарихы, өткен жолы осы мұсылман дінімен сабақтас болып келеді. Қазақтың мінез-құлқының, әдет-ғұрыптарының да сұрыпталып-қалыптасуында Ислам дінінің қосқан үлесі зор. Жаратушы Иенің барлығын және оның бірлігін мойындамай, жер бетінде азғындық пен залымдықтың барлық түрін жасайтын кәпірлерге қарсы, Алла-тағала қатал болуға және оларды жамандықтан тыюға шақырады. Ал Алланың әмірлеріне мойынсұнып, тура жолда жүрген момын пенделеріне мейірбан болуға үндейді [4].

Алланың осындай және басқа да әмірлерінің барлығы қазақ халқының мақал-мәтелдері мен накыл сөздерінде көрініс береді. Мәселен, «Еңкейгенге еңкей, ол – әкеңнің құлы емес, шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес!» дейтін және «Аллаға жағамын десең – азаның болсын, адамға жағамын десең – қазаның болсын!» деген сияқты басқа да мақалдары бұл тұжырымдарымызға дәлел бола алады.

«Дін құлдырай бастаса, адамның бүкіл руханиаты ауруға ұшырайды, ал егер өркендей түсетін болса, онда мәдени өсуге жол ашылады». Дін дағдарысқа ұшыраған жағдайда, оған іргелес тұрған мәдениет те құлдырап, жойылуға айналады. Дін тарихи-мәдени таным ретінде өркениетке өмір сыйлайды. Олардың бірлескен өзара әрекетінен әлемдік тарихтың мазмұны

құрылады. «Мәдениет» пен «өркениет» бастапқы жабайылықтан құтқарады, халықты адамиландырады, басқаша айтқанда, олар адамды түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Яғни, ислам діні мемлекеттік бірлік пен билікті нығайтушы, адамдарды жақындастарушы, қоғам тамырындағы қан айналымын реттеуші, бауырмалшылық пен ұйымшылдықты уағыздаушы дін екенін байқауға болады [3,65].

Араб халқының ұлы тарихшысы Ибн Халдун көшпенді халықтың ислам дінін қабалдауы туралы былай деп жазады: «Құдай түркілерді өз құдіреті арқылы мұсылман әлеміне топтап келіп енетіндей, бұрынғы әдеттерінен арылатындай етті». Халифа Мамун заманында өмір сүрген атақты ғұлама ғалым Әл-Жахиз түркілер туралы: «Түркі жауынгер ат үстінде ұшыртып ойдан қырға, қырдан ойға құйылып, оңды-солды жауларына оқ атады. Хауариж жауынгері бір оқ атқанша түркі он оқ шығарады. Түркі жауынгерінің маңдайында екі көзі, желкесінде екі көзі бар», - деген екен. Сол сияқты түркілер туралы тағы бір пікірінде былай деген: «Мұсылмандықты қабыл еткен түркілер бұрынғысынан да әруақтанып, айдынданып кетті, ал манихей дініне кірген түркілер жүнжіп жоқ болып кетті» [2,90].

Сол замандағы түркілер мен қазіргі қазақ санасының арасындағы терең рухани сабақтастық бар. Әл-Фарабиден бастап кейінгі ғұлама ойшылдар Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи т.б. жатады. Қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуына бұл ғұлама ойшылдардың ықпалы өте зор болған.

Ислам діні адамдарды білімділікке, еңбек етуге, сабырлылыққа, қайраттылыққа үндейді. Исламның басты мақсатының бірі – адам баласының ақылын, санасын, ойлау қабілетін қорғау, ұрпақ жалғастыру, айнала қоршаған ортаны (табиғатты) аялау.

Негізінде, қазақ халқы мәдениеті мен тарихындағы ислам дінінің рөлін екі аспектіде қарастыруға болады. Бір жағынан алғанда, құлдырап бара жатқан нанымдардың орнына келген ислам діні адамдардың адамгершілік тұрғыдан биіктеуіне, интеллектуалды және мәдени ілгерілеуіне ықпал етті. Әсересе, бұл дін ұлттық сипаттағы ең үздік қасиеттердің қалыптасуына оң әсер етті [4].

Келесі жағынан алғанда, исламнан нәр алған халық тарих белестерінде өзіндік орнын жоғалтпау үшін мәдени күреске ұмтылды. Өйткені, бұл кезеңде қазақ жұртына қиыр шығыстық және христиандық дәстүрлер пәрменді ықпалын тигізіп, тұрақты қысымға алып отыратын. Ал ислам діні осыларға қарсы қойылған «сауыт» қызметін атқарды, ұлттық «мәнді» сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Мұсылман мәдениетінің артықшылығы тең рухани салада ғана көрініс тапқан жоқ. Дін - наным-сенімге, этикаға, философияға және Қазақстандағы ғылым мен мәдениетті дамытуға зор ықпалын тигізді. Сонымен қатар қазақ жеріне ислам дінінің таралуын қазақ халқына тигізген оң әсерлерін қазақтың төл салт-дәстүрімен байланысуы, қазақ халқының отбасылық өмірінде ислам уағыздарының адамгершілікке толы қасиеттер мен тәлім-тәрбиесінің нығаюына үлкен жол ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Доржанов С.Б. Ислам және қазіргі кезең. –Алматы 2005 ж.
2. Нұралы Өсерұлы. Ислам және Қазақстан. //Руханият. –Алматы 2003 ж.
3. Нұртазина Назира Дәуітбекқызы. Қазақ мәдениеті жіне ислам. –Алматы 2002 ж.
4. <http://e-history.kz/kz/contents/view>

Түйіндеме: Мақалада ислам дінінің қазақ халқының рухани мәдениетінің қалыптасуына әсері қарастырылған. Сонымен қатар қазақ жеріне ислам дінінің таралуын және қазақ халқына тигізген оң әсерлеріне шолу жасалған.

Abstract: The article deals with the influence of religion in the formation of the spiritual culture of the Kazakh people. Since the spiritual life of the Kazakh people culture of Islam has left a significant mark, show a spiritual connection with the ideas of medieval thinkers modernity

САЯСАТТЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР

Саясатың мәні туралы алуан түрлі көзқарастар болғанда, саясаттанудың табиғаты мен мәртебесі туралы да сал – алуан көзқарастардың болуы табиғи жағдай. Интеллектуальдық қызметтің көнеден келе жатқан бір саласы ретінде саясат туралы ғылым, бастапқыда философияның, тарихтың немесе құқықтың құрамдас бір бөлігі болды. Оның басты міндеті адамзат қоғамы құрылысының мейлінше жалпы принциптерін қалыптастыру болатын. XIX ғасырдың аяғынан бастап осынау таза философиялық ұстаным бірте бірте саяси ғылымды дербес саяси пәнге айналдыруға бағытталған әрекетпен алмасты. Бұл қозғалыс өзінің шарықтау шегіне 1950 – 1960 – шы жылдары жетті, міне осы тұста саяси ойдың классикалық мұрасы мағынасыз метафизика ретінде қарастырыла басталды да, оларды ұмытқан жөн, деп саналды. Бүгінде, алайда, саясатты қатаң ғылыми тұрғыда зерттеуге болады деген шабыттылық (энтузиазм) біршама саябырсыған – негізгі саяси принциптер мен ережелік концепциялардың бұлжымас құндылықтарын түсінудің кезегі қайта оралған.

Егер жалпыны да және жалқыны да қанағаттандыратын әмбебап құндылықтарды «дәстүрлі» іздестіру бүгінде қажетсіз саналатын болса, сонымен бірге ақиқатты тану тек қана ғылымның қолынан келетін іс деген идея да өзінің күшін жойған. Нәтижеде біз бүгінгі күні мейлінше жемісті және мейлінше қызық, көптеген теориялық ұстанымдар мен талдау мектептерін қамтитын пәнге ие болдық.

Философиялық дәстүр.

Саяси ойдың тарихы өзінің бастауын Ежелгі Грециядан алады: нақ осы жерде, біз бүгінгі күнде саяси философия деп атап жүрген ілім пайда болған. Ол философия болатын, оны қызықтырған нәрсе «мәнділік» емес, «міндеттілік» болатын, - «ненің барлығы» емес, «ненің істелуі қажеттілігі» болатын, - сол себепті ол көбіне этикалық, насихаттық, немесе, біздің бүгінгі күнде айтып жүргеніміздей, ережелік сипатта болатын. Бұл философияның негізін қалаушылар ретінде Платон мен Аристотельді айтады. Мысалы,

Платонды негізінен идеалды қоғам туралы ой толғандырды: оның түсінігі бойынша мұндай қоғам философ – монархтың басшылығындағы ізгілікті диктатура болып табылады. Орта ғасырларда ережелік философияның идеялары Аврели Августин (354 - 430) мен Фома Аквинский секілді ойшылдардың еңбектерінде өзінің жалғасын тапты. Осылайша «дәстүрлі» ұстаным деген түсініктің ең алғашқы ірге тасы қаланды. Бүгінде бұл бағыттың теоретиктері негізінен саяси философияның классикалық мұрасын ой елегінен өткізумен шұғылданады. Бұл, шын мәнінде, саяси ойдың оның көрнекті өкілдерінің (айталық, Платоннан Маркске дейін) өмір жолы мен еңбектерін талдау арқылы берілген тарихы болып табылады. Мұндағы басты тәсіл – әдеби деректерді сындарлы талдау, ал міндет – белгілі бір ойшылдардың негізгі идеяларын анықтау, олардың көзқарастарының даму жолын ой елегінен өткізу, олар еңбек еткен ортаның жалпы интеллектуальдық ауа-райын суреттеу. Әдетте бұл өте ыждағаттылықты талап ететін еңбек. Ғылыми көзқарас бойынша ол объективті сипатта болмайды десек мәселе басқа, өйткені ол «Мен неліктен мемлекетке бағынуым керек?», «Қоғамда игіліктер қалай үлестірілуі тиіс?», «Қоғамдағы жеке бостандықтың шегі қандай болмақ?» деген сияқты сұрақтарды қарастырып, саяси ғылымның таза ережелік аспектілерімен айналысады.

Эмпирикалық дәстүр

Эмпирикалық, немесе, кейде дескриптивтік деп те аталатын, дәстүр теориялық дәстүрге қарағанда әлдеқайда кеш пайда болған болса да, оның да негізі саяси ойдың алғашқы бастауларына барып тіреледі. Оның элементтерін біз Аристотельдің мемлекеттік құрылыстардың типологиясын беруге талпынған әрекеттерінен, Макиавеллидің мемлекеттік басқарудың бүкіл болмысы мен детальдарын сипаттауларынан, Монтескьенің басқару мен

құқық туралы әлеуметтік теориясынан кездестіреміз. Көп жағынан бұл еңбектер бүгінгі күндегі салыстырмалы мемлекеттанудың негізгі өзегін құрайды. Мұнда басты назар – саяси институттарға аударылған. АҚШ мен Ұлыбританияда мәселен, бұл саясаттанудағы басым бағытқа айналды. Бұл ұстанымға әрқашан да саяси болмысты ешқандай да үстірттікке бой алдырмай, шынайы сипаттауға әрекет ету тән болып келген. Бұл ұстанымның «дескриптивтік» болуының мәні оның саяси болмысты сараптауға және түсіндіруге деген талпынысында жатыр, ал (нормативтік) ережелік ұстаным қашан да тұжырымдар мен ұсыныстарды жасайтындықтан, «міндеттемелік» сипатта болып келген.

Дискриптивтік саяси сараптау кезінде ХҮІІІ ғасырдың ортасында Джон Локк (қар. 55 б.) және Давид Юм (1711 - 1776) сияқты философтардың еңбектерінен бастау алған эмпиризм тарапынан елеулі философиялық қолдау көрді. Эмпиризмнің доктринасы білімнің басты негізі ретінде тәжірибені қарастыру қажет деген қағиданы ұсынды, ал барлық теориялар мен гипотезалар бақылу арқылы тексерілуі қажет деп санады. ХІХ ғасырдың басына келіп мұндай идеялар интеллектуальдық ағым – позитивизмге ұласты, бұл ағымның көрнекті өкілдерінің бірі Огюст Конт (1798-1857) болды. Эмпиризм барлық әлеуметтік ғылымдар, соның ішінде философиялық білімнің түрлері де жаратылыстану ғылымдарының қағидаларына қатаң түрде бағынуы қажет деп жариялады. Ақиқатты танудың бірден бір жолы деп, ғылым жарияланғаннан соң барып, саяси ғылымды қалыптастыруға бағытталған қозғалыс кең қанат жайды.

Ғылыми дәстүр

Саясатты ғылыми категориялар бойынша сипаттауға әрекет еткен алғашқы теоретик Карл Маркс болды. Өзінің тарихи материализм деп аталатын концепциясын қолдана отырып, Маркс тарихи дамудың қозғаушы күштерін ашуға және өзінің түсінігі бойынша жаратылыстану ғылымдарындағы заңдар сияқты ғылыми мәртебеге ие «заңдарға» сүйеніп болашаққа қатысты болжамдар жасауға әрекет етті. Ғылыми сараптауға деген сән куу барлық қоғамдық ғылымдарға таралды. 1870 – ші жылдарда «саяси ғылымның» курстары Оксфордтың, Париждің және Колумбия университеттерінде енгізілді, ал 1906 жылдан бастап American Political Science Review басылымы жарық көре бастады. Саяси ғылымдарға деген құлшыныс өзінің шарықтау шегіне 1950-1980 –ші жылдарда жетті, осы кезде баршы жерде, әсіресе АҚШ –та бихевиоризмнен бастау алатын саяси сараптау тәсілі қалыптасты. Осылайша саясаттану алғаш рет сенімді ғылыми мәртебеге қол жеткізді, үйткені ол бұған дейін саясаттануда болмағанды, - объективтілік пен сандық тексерілетін деректерді яғни кез келген гипотезаны тексерудің тәсілін берді. Давид Истон сияқты саясаттанушылар саяси ғылым ендігі жерде жаратылыстану ғылымдарының әдістемелерін қолдана алады деп жариялады, ал бұл ғылыми зерттеулердің, әсіресе сандық сараптау қағидаларына жауап беретін сайлау кездеріндегі көңіл-күй, заң шығару саласындағы көңіл-күй, муниципальдық саясаткерлер мен лобистердің көңіл-күйін анықтау сияқты зерттеулердің өркендеуіне жол ашты.

Алайда 1960 жылдардан бастап бихевиоризм күн өткен сайын күшейе түскен қарсылыққа кезіге бастады. Бихевиоризм талдауға тікелей бақылаудың аясынан шығуына мүмкіндік бермей, саяси сараптаулардың шеңберін барынша шектеп жіберді деген мәлімдеулер естіле бастады. Дегенмен, саясаттанудағы бихевиоризм электоральдық көңіл-күй сияқты салаларда құнды нәтижелер бергенімен және беріп келе жатқандығына қарамай, сандық тәсілдерге деген шектен тыс тәуелділігі саясаттануға осы мәселерді ғана талдаумен шектеліп қалу қаупін төндіреді. Ең өкініштісі бихевиоризм саясаттанушылардың тұтас бір буынының дәстүрлі ережелік саяси ойдан бастартуына әкеліп соқты. «Еркіндік», «теңдік», «әділеттілік», «адам құқығы» сияқты концепциялардан эмпирикалық тексеруге келмейтін қажетсіз нәрсе ретінде бас тартыла бастады. Бихевиоризмнен көңілі қалғандар 1970 жылдардан бастап ережелік мәселелерге көңіл аударды, бұл көзқарастар Джон

Роулс (John Rauls (қар. 71 б.) пен Роберт Нозик (Robert Nozick (қар. 120 б.) сияқты теоретиктердің еңбектерінде көрініс берді.

Мұнан әрі бихевиоризмнің ғылыми негізінің өзіне күмән туды. Мұның негізінде бихевиоризм объективті және сенімді, үйткені ол ешқандай да «құндылықтарға тәуелді емес»,

яғни ешқандай да этикалық немесе ережелік сенімдер және түсініктермен өзгертілмейді деп жариялау жатыр. Алайда барлық мәселе бақыланатын көңіл күйді сараптаудың өзегінде не жататындығында, үйткені қалыптасқан саяси қатынастар мен мекемелердің саяси мәртебесін (статус-квосын) іштей қабылдағанынан соң, оларды сипаттаудан басқа шараны іске асыру мүмкін емес. Осынау консервативтік үрдістің салдарынан «демократия» түсінігі бақыланатын көңіл – күй терминологиясында басқаша тұрғыда түсінілетін болып қалды. Осылайша демократия «халықтың өзін-өзі басқаруы» деген мағынаны білдірудің орнына, элиталардың сайлау механизмдері арқылы билікті жеңіп алу үшін күресі деп түсініледі. Басқаша айтқанда, Батыстың дамыған елдеріндегі демократиялық саяси жүйе деп аталатын жүйеде болатын құбылыстар демократия деп түсінілетін болды.

Қазіргі заманғы үрдістер

Саясатқа туралы қазіргі заманғы теориялық ұстанымдардың ішінен – «саяси – экономика» ретінде кеңінен танымал формальдық саяси теорияны, «қоғамдық таңдау теориясын» және «рациональдық таңдау теориясын» айтуға болады. Бұл ұстанымды көпшілік қазіргі заманғы экономикалық теориядан, әсіресе индивидтердің рациональдық экономикалық көңіл – күйі концепциясынан алады. Бәрінен де АҚШ –да мықтап орныққан, Виргиндік мектеппен байланысты болған формальдық саяси теория ең болмағанда сайлаушылардың, лоббистердің, шенеуніктердің және саясаткерлердің көңіл – күйіне, сондай-ақ мемлекеттердің халықаралық жүйе шеңберіндегі көңіл-күйіне саңылау түсіретін пайдалы сараптамалық құралды береді. Бұл ұстанымның қоғамдық таңдаудың институциональдық формасы ретінде саяси сараптауға елеулі ықпалы бар. Бұл концепцияны Энтони Даунз (Anthony Downs), Манкур Олсен (Mancur Olsen) және Вильям Нисканен (William Niskanen) сияқты авторлардың партиялардың бәсекелестігі, мүдделі топтардың көңіл – күйлері және шенеуніктердің саяси ықпалы туралы зерттеулерінде қолданғандықтары келесі тарауларда талданады.

Ұстаным сондай-ақ математика саласынан алынған теориялық ойын түрінде де қарастырылады. Теориялық ойындардың ішіндегі кеңінен танымал болған ойындардың бірі - «тұтқындар дилеммасы» (қар. 1,2 сурет.)

Бірақ рациональдық таңдау теориясы барлық жерде қолдау тапты деп айта алмаймыз. Оның жақтаушылары әрине, ол өзімен бірге саяси құбылыстарды зерттеуде жаңа мүмкіндіктерді алып келді деп мәлімдейді, алайда оның ең негізгі базалық алғышарттарына күмән келтірген және оның адамның көңіл күйіндегі рациональдық бастаманы асыра бағалап, адамдардың нақты тұжырымдалған мұраттар жиынтығына әрқашан да ие бола бермейтіндігін, оның үстіне шешім қабылдау үшін – толық және нақты ақпаратқа тіпті қолы жетпейтіндігін ескермейді, деп айтқан сыншылар да табылды. Сонымен бірге уақыт өте келе адамды абстрактылы түрде түсіну барысында рациональдық таңдау теориясы саясаттың қоғамдық және тарихи факторларын әрқашанда ескере бермейтіндігі - адамның мүдделерінің көбіне индивидуальдық сипатта емес, әлеуметтік жағдайға қатысты сипатта болатындығын ескермейтіндігі анықталды.

Осынау үрдістердің салдарында саясаттанушы бүгінгі күнге келіп өзінің еңбегінде алуан түрлі тәсілдерді пайдалануға құқылы, бұл өз кезегінде саяси сараптауларға тернәдік пен алуан қырлылықты береді. XX ғасырдың соңғы ширегінде классикаға айналған ережелік, институциональдық және бихевиористік ұстанымдарға тек қана формальдық-саяси сараптаулар ғана емес, сондай-ақ сан-алуан мүлдем жаңа идеялар мен тақырыптар келіп қосылды. 1970 жылдардан бастап қоғамдағы гендерлік айыпмашылықтар туралы біздің түсінігімізді елеулі түрде толықтырып келе жатқан, сондай-ақ біздің «саясылық» туралы түсінігімізді қайта қарауға мәжбүр еткен феминистік бағыт өркендеп келеді. Осы кезде сондай-ақ «жаңа институционализм» деп аталатын ұстаным қалыптасты, онда басты назар қоғамдық институттардың формальдық және құрылымдық сипаттарынан олардың қоғамдық мәнінің мейлінше кең мағынасына және олардың саяси үрдістегі шынайы рөліне аударылады. «Жасылдар» қозғалысы дәстүрлі әлеуметтік – саяси теориялардың антропоцентризмін бас тартатындықтарын мәлімдеп, саяси және әлеуметтік сараптауда тұтастық және холистикалық ұстанымды ұстануды талап етуде. Сонау 1923 жылы құрылған Франкфурт мектебінен шыққан неомарксизмнің әлеуметтік – сыншыл теориясы (қар. 115 б.) З.Фрейдтен бастап М.Веберге

дейінгі алуан түрлі ойшылдардың жетістіктеріне сүйене отырып әлеуметтік тәжірибенің барлық түрлерін қатаң сынға алды. Жалпы мен жалқының мүддесіне бір мезгілде жауап беретін абсолюттік ақиқатқа жетуге күмән келтірген постмодернизмнің аясында дискурс теориясы пайда болды. Осының бәрінің жалпы және мәнді нәтижесі, саяси философия мен саяси ғылымның ендігі жерде алуан түрлі, сонымен бірге өзара бәсекелес пәндер ретінде қабылданбайтындығы: бүгінгі таңда олар саяси болмысты танудың бір-біріне өте жақын тәсілдері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Andrew Heywood, Politics Edition, Palgrave Macmillan, February 2013.
2. An economic theory of political. Action in a democracy'. Anthony Downs. Chicago, Illinois. 1957.
3. The Logic of Collective Action: Public Goods and the. Theory of Groups. MANCUR OLSON. Harvard University Press. Cambridge. Massachusetts. 1965.
4. Anarchy, State, and Utopia. Robert Nozick. 1974.
5. A Theory of Justice. John Rawls. 1971.

Summary. Disagreement about the nature of political activity is matched by controversy about the nature of politics as an academic discipline. One of the most ancient spheres of intellectual enquiry, politics was originally seen as an arm of philosophy, history or law. Its central purpose was to uncover the principles upon which human society should be based. From the late nineteenth century onwards, however, this philosophical emphasis was gradually displaced by an attempt to turn politics into a scientific discipline.

Резюме. Будучи одной из старейших областей интеллектуальной деятельности, наука о политике первоначально была частью философии, истории или права. Ее главной целью было обосновать наиболее общие принципы построения человеческого общества. С конца XIX в. этот чисто философский подход постепенно сменился попытками превратить политическую науку в самостоятельную научную дисциплину.

К.К. Бегалинова

д.филос н., профессор КазННТУ им. К.И. Сатпаева

М.С. Ашилова

РАЗВИТИЕ КАЗАХСКОЙ ДУХОВНОСТИ В XX СТОЛЕТИИ

В казахской философии XX века можно выделить 2 уровня - марксистский (советский) и постсоветский (становление целостного мировоззрения). Начало XX века проходило под воздействием философских взглядов Абая и Шакарима, т.е. в казахской философии доминировали космоцентристские представления о человеке и мире. Человек рассматривался природным существом, на которого влияние оказывает космос.

С установлением Советской власти началось настоящее преследование философии Абая и Шакарима, критика их взглядов за недостаточный материализм и атеизм, за религиозные мусульманские мотивы в их мировоззрении. Преследовали весь род Абая и Шакарима, их родственникам приходилось скрываться от новой власти. Возможно, что внешне они отказывались от родства с Абаем, с Шакаримом, внутренне солидаризуясь с их творчеством. Советская государственность при всех её позитивных моментах для ряда окраинных республик выступила с позиции тотального интернационализма, игнорируя при этом национальные особенности. В начале XX века у Казахстана благодаря деятельности движения «Алаш» появилась возможность обретения самостоятельности, прорыва в большой мир. Деятели «Алаш», будучи высокообразованными людьми своего времени, впитав в себя особенности национального сознания казахского народа, провозгласили идею создания казахской национальной автономии, основанной на принципе справедливости, коренного преобразования степного края, звали казахский народ к свободной жизни, к знаниям, к просвещению.

Истоки движения «Алаш» восходят к событиям первой русской революции в России, когда либерально настроенная часть казахской интеллигенции в лице Ахмета Байтурсынова, Алихана Букейханова, Мухамеджана Тынышпаева и других выступила в поддержку русских

революционеров. В конце 1905 года по их инициативе в г. Уральске прошел первый общекзахский съезд, основной целью которого было создание политической партии – филиала российской кадетской партии (А. Букейханов был членом центрального комитета кадетской партии). Через год в г. Семипалатинске был созван второй общекзахский съезд, на котором были выдвинуты требования к властям – казахские земли считать собственностью казахского народа, прекратить переселенческую политику, открыть школы, медресе для казахских детей и др. В эти годы размах набирал и политический выступления рабочих. Они вылились в забастовочные движения на железнодорожном транспорте и в ряде крупных предприятий Семипалатинска, Актюбинска, Уральска, Верного, Кустаная и в других городах. На этих предприятиях формируются первые группы РСДРП (Российской социал-демократической рабочей партии). Царизм жестоко подавляет эти движения, а против руководителей проводит репрессии и аресты. Вместе с тем, царизм идет на частичные уступки народу – создает двухпалатную Государственную Думу, «чтоб никакой Закон не мог воспринять силу без одобрения Государственной Думы». В состав I и II Государственной Думы входили и представители казахского народа. «В I Государственную Думу от Казахстана было избрано 9 депутатов: 4 от казахского населения и 5 от русского. Во II Государственную Думу было избрано 13 депутатов: 5 от казахского населения и 8 от русского» [14, с.152]. В III и IV Государственные Думы не было избрано от казахского населения ни одного депутата. Исключение составляет Алихан Букейханов, который вошел в Государственную Думу от мусульманской фракции народов Востока. С трибуны Государственной Думы казахские депутаты поднимали острые проблемы народа, в частности земельный вопрос, что не нравилось самодержавию, поскольку со второй половины XIX столетия казахские земли перешли в собственность царской России, что было законодательно закреплено соответствующими реформами царя.

Изменения социокультурного пространства способствуют разрастанию кризиса идентичности молодежи, которая стала утрачивать целостность и устойчивость, становясь более изменчивой и дезинтегрированной, активнее проявляя склонность к отрицанию прежних коллективных идентичностей в пользу новых индивидуальных ценностей[5]. Формирование информационного общества порождает ситуацию, при которой господствующие в информационно-коммуникативном пространстве ценности и смыслы могут создавать угрозу другим идентичностям. Ощущение независимости логики глобальных сетей от культурной идентичности ошибочно, ибо соединить ценности информационного общества и национально-культурный менталитет способна национальная легитимирующая идентичность, которая формируется через систему образования. В свою очередь, на систему образования общество по-прежнему возлагает ответственность за становление личности. Хотя этот процесс длится всю жизнь и требует огромных усилий общества и максимального напряжения жизненных сил и способностей от каждого человека, он в большей мере связывается с созданием благоприятных условий и возможностей, позволяющих индивиду стать социально конкурентоспособной и мобильной личностью, со сложившимися ценностными ориентациями и духовным миром. Особые надежды общество возлагает на систему высшего образования, которая должна способствовать тому, чтобы молодежь смогла обрести необходимую интеллектуальную и культурную компетентность, помочь новому поколению на этапе жизненного старта, укрепить его возможности в социальной самореализации.

ЛИТЕРАТУРА

1. Хвыля-Олинтер Н.А. Национально-культурная идентичность современной российской молодежи в условиях глобализации: методология социологического анализа. Москва, 2010
2. Цит. по.: Федеральное агентство по образованию Российской Федерации. URL: ifl.uspu.ru/.../kafedra_english/tezis2009.doc/
3. Мельникова Л.В. Проблема культурной идентичности: концептуальные подходы/ Гуманитарные и социальные науки 2010. № 5
4. Колобова, Л.В. Поликультурное образование как педагогический феномен Вестник ОГУ: Гуманитарные науки. – 2006. – №9, часть 1. – С.28–32.
5. Чупров В.И., Зубок Ю.А., Уильямс К. Молодежь в обществе риска. 2-е изд. М., 2003. С.200

Summary. Formation of national and cultural identity of Kazakh youth in a multicultural society

The article analyzes the problem of ethnic and cultural identity of the Kazakh youth. The article analyzes the role of modern education in addressing the problem of multicultural youth development.

Түйін: Бүгінгі қоғамда қазақ жастарының ұлттық және мәдени бірдейлігін қалыптастыру. Мақала қазақ жастарының этникалық және мәдени сәйкестілік мәселесін талдайды. Жастардың көпұлтты дамыту мәселесін шешуге қазіргі замандағы білімнің әсер етуі талқыланды.

Ұ.Р. Шүленбаева, А.С. Итемирова, Г.Д. Рыскелдиева
*Қ.И Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы*

ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ, ТҢЫЙЫМДАР МЕН ЫРЫМДАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен ғұрпы, тәлімі мен тәрбиесі, әлеуметтік өмірдің әр түрлі салаларына байланысты жинақталған ырымы мен тыйымы болады.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау, елімізде өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдеріне осы асыл-маржандарымызды көрсетіп, таныта білу осы арқылы, олардың санасына қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып-үйренбей, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес.

Қазақ тілін өзіндік дәрежеде игерген басқа ұлт өкілдерінің қазақтың мақал-мәтелдеріне, бата-тілектері мен ырым-тыйымдарына деген қызығушылығының оянуы заңды құбылыс.

Мақал-мәтелдер – қазақ даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының асыл қазынасы. Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы. Халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі, сенімді асыл мұрасы.

Орыс топтарына оқытылатын мақал-мәтелдерді мазмұндарына қарай бірнеше бөлімге бөлу керек. Мақал-мәтелдердің аз сөзбен берілген, тілге жатық, жаттауға жеңіл түрлерін сұрыптап алып, әр мақал-мәтелдің жанына орыс тіліндегі аудармасын қоса беріп отырған жөн. Мысалы: Отан, халық туралы: «Отан-елдің анасы, ел-ердің анасы» (Родина-мать народу, народ-мать джигиту). «Отан-оттан да ыстық» (Родина тепло-огня жарче). Оқу, білім туралы: «Білімнің басы-бейнет, соңы-зейнет» (Учение трудно, да плоды учения сладки). «Өмір-үлкен мектеп» (Жизнь-самая большая школа). Тіл, сөз туралы: «Ердің көркі-сақал, сөздің көркі - мақал» (Краса лица-борода, краса речи-поговорка). «Көп сөз-күміс, аз сөз-алтын» (Многословие-серебро, молчание-золото). Достық пен жолдастық туралы: «Жолдасы көптің олжасы көп» (Друзей много шире дорога). «Сыйласу екі кісіге бірдей» (Дружба крепка взаимностью). Батырлық, қайсарлық туралы: «Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас» (Нет земли без цветов, нет народа без героев). Ар намыс туралы: «Ер жігітке өлімнен ұят күшті» (Для джигита лучше смерть, чем позор). «Жігіттің құны - жүз жылқы, ары - мың жылқы» (Джигиту цена-сто коней, цена его чести-тысяча коней). Тәрбие, өнеге туралы: «Бала тәрбиесі бесіктен» (Воспитание ребенка начинается с колыбели). «Жақсы келін-қызыңдай, жақсы күйеу-ұлыңдай» (Хорошая невестка, как дочь родная, хороший зять как сын родной).

Адамгершілік нормаларын уағыздайтын мақал-мәтелдер бөліміне қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне құрылымы жағынан сәйкес келетін мақал-мәтелдерді де енгізген дұрыс. Мысалы: «Зат есімге» қатысты: «Адам деген ардақты ат» (Человек-достойное человека имя). «Еңбек-адамның көркі, адам-заманның көркі» (Труд украшает человека, а человек-свое время). «Сын есімге» қатысты: «Туған жердің ауасы да тәтті» (И воздух на Родине сладок). «Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы жақсы». «Сан есімге» қатысты: «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-ақ жаулық, үшінші байлық-он саулық» (Первое богатство-здоровье, второе-богатство красивая жена, третье богатство-скот во дворе). «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» (Семь раз отмерь, один раз отрежь). «Етістіктің райларына» қатысты: «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы» (Дождь пойдёт земле счастье, батыр родится народу счастье). «Қызым, саған айтайын, келінім сен тыңда» (Дочка, тебе говорю, сноха и ты слушай). «Есімшеге» қатысты: «Қимылдаған қыр асар» (Вершину одолеет идущий). «Жығылған күреске тоймайды» (Побежденный снова наровит силу показать). «Көсемшеге» қатысты: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» (Чем быть на чужбине султаном, лучше быть на Родине подметкой). «Болымсыз етістікке» қатысты: «Өтірік айтқан жерде көп тұрма» (Не стой долго там, где лгут). «Жатқа сырынды айтпа, өзіне өтірік айтпа» (Чужому не открывай свою тайну, но и себе не лги). «Есімдікке» қатысты: «Өз еліңнің иті де қадірлі» (В своем ауле собака что то значит). «Қазанға не салсаң, шөмішіңе сол ілінер» (Что положишь в казан, то и зачерпнешь из него). «Үстеулерге» қатысты: «Сырттан келген жаудан да, іштен шыққан жау жаман» (Внутренние распри страшнее врага внешнего). «Қыстыгүні малыңды бақ, жаздыгүні шөбіңді шап» (Зимой скот паси, летом сено коси).

Сонымен қатар аталған бөлімдерге «Байлық, кедейлік», «Үнемшілдік, үнемсіздік», «Шеберлік, ұсталық», «Бірлік, сыйластық», «Еңбек», «Ата-ана мен бала», «Ақылдылық, ақымақтық», «Үйлену, үй болу», «Ас, тағам», «Өтірік, шындық», «Қонақ, қонақжайлылық», «Мейірімділік, қулық», «Денсаулық пен ауру», «Жастық пен кәрілік», «Аңқаулық пен кішіпейілдік», «Бақыт, бақытсыздық», «Тәкәппарлық, мақтаншақтық», «Жыл мезгілдеріне» қатысты мақал-мәтелдеріне де осы үлгімен жүйелеуге болады.

Қазақ халқының әдет-ғұрпында ақ тілек, ізгі ниет білдіру – ескі заманнан келе жатқан дәстүр. Ол өлең, тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қалыптасқан. Бата – өмірдің пайдалы да тәрбиелі жақтарын алға тартып, күнделікті тіршілікте жаңсақ қадам, жаман әрекеттен сақтандыра отырып, адамдық іс-әрекет, асыл мінез-құлықта, сәт-сапар, оң жол тілейтін өсиет сөз іспетті. Үлкендер бата беріп отырып, жастарға ақыл-өсиет айтады, адамгершілікке, өнегелі ізгі қасиеттерге жетелейді. Батаның бірнеше түрі бар. Бірінші түрі – ерлік, оқу, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға, азаматтар ел қорғауға аттанар алдында көргені көп, тәжірибиесі мол, ауылдың елге сыйлы құрметті ақсақалына әдейі іздеп барып алатын бата:

Жорытқанда жолың болсын, Пусть исполнится твое желание,
Жолдасың Қыдыр болсын! И будет попутчиком Кыдыр!
Әулие аруақтар қолдап, Пусть поддержат тебя святые,
қоржының олжаға толсын. духи предков!
Аман барып, сау қайт Пусть коржыны твои наполнятся
Үйіңнен жазсы дәмді боғатством.
Аллаң! Возвратись к родному очагу
Живым и здоровым.

Батаның екінші түрі – қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде, әдет-ғұрпында ерекше орын алатын мейрам – Наурызбен тығыз байланысты. Наурыз күні жұрт бірін бірі Жаңа жылмен құттықтап, игі тілектер тілесіп, адал ниетпен ақ бата беріскен.

Наурыз батаның түрлері
Амансың ба? Здравствуй!
Ұлыс оң болсын! Пусть процветает народ
Ақ мол болсын! Пусть будет изобилие!
Қайда барса жол болсын! Куда бы не пошли, пусть
Ұлыс бақытты болсын! сопутствует удача!
Төрт түлік ақты босын! Пусть будет народ счастливым!
Ұлыс береке берсін! Пусть будет в обилии четыре
Бәле жала жерге енсін! вида скота.
Пусть праздник одарит нас
изобилием,
И беда, и клевета, пусть уйдут в
землю!

Батаның тағы бір түрі – ас-дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту. Әрбір қонақ өзіне арнап сойылатын қойға бата жасап және әр дастарханнан кейін үй иесіне батасын беріп, рахметін білдіріп отыруы шарт.

Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді:
Дастарқаның мол болсын Пусть всегда будет богатый
Абыройың зор болсын! ваш дастархан!
Уайым қайғыларың жоқ болсын! Будь всегда в почете!
Қарындарың тоқ болсын! Никогда не ведайте нужды,
Қайғыларың жоқ болсын! Будьте сыты и обуты!
Үйінде шүпірлеген Пусть обходит горе Ваш дом!
балаларың көп болсын! Пусть наполнится твой дом
Бақ дәулет берсін бастарыңа, голосом детей!
Ғұмыр берсін жастарыңа! И счастье, и богатство никогда

Әумин! вас не покинут,
Живите долго и счастливо!
Аминь!

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының ырымдары мен тыйымдары, наным-сенімдерінің алатын орны ерекше. Өйткені оларда халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәрбиесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

Қазақы тыйымдар мен ырымдарды мағыналарына қарай бірнеше бөлімге іріктеп, әрқайсысының мән -маңызы, себеп-салдары жөнінде қысқаша түсінік беріп отырған жөн. Мысалы:

Адамның іс әрекетіне қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Екі қабат әйелге түйенің етін жеуге болмайды, әйтпесе ол баланы 12 ай

көтереді». «Әйел аттылы ер адамның жолын, үлкендердің алдын кесіп өтсе, бақытсыз жағдайға душар болады».

Балаға қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Нәрестенің бетіне ай сәулесін түсірмейді. Ай сәулесі бетіне түссе, ол ауруға шалдығады». «Бейуақытта баланың киімін далаға жаймайды» және т.б.

Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Бос бесікті тербетуге болмайды». «Бесікті сатуға, кез келген адамға беруге, аяқ астына тастауға болмайды» және т.б.

Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды». «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең құрыса, нан ауыз ти» деген сөздер бекер айтылмаған. «Нанды басып құранды алуға болмайды, құранды басып нанды ал...» және т.б.

Тамаққа қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Дастархан басында адамдар жасына қарай отырады. Тамақ әдейі үлкен кісінің алдынан бастап қойылады». «Ыстық тамақты, шайды үрлеп суытпайды. Тамақтың құты кетеді» және т.б.

Қазақтың мақал-мәтелдері, бата-тілектері, тыйым-ырымдары жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды- басты, дәулетті, бақытты, кешірімді болуын тілейді. Жерін, елін қорғауға талапты жас ұрпақ болып ержетуге талпынтады. Әдепті мінез-құлықты бойына сіңіруге, тазалық сақтауға үндейді. Адамгершілікке, өнегелі, ізгі қасиеттерге жетелейді. Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұраны барынша бағалап, ізгі дәстүрдің үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білу парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы, «Ана тілі», 1994-80 бет.
2. Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
3. Иmandылық бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 120 б.
4. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада өзге тілді аудиторияға қазақтың мақал-мәтелдері, тыйым-ырымдарын оқытудың тәрбиелік мәні жайында айтылады.

Түйін сөздер: Тәрбие, ұрпақ, ырым, қазына, адамгершілік, өсиет, өнеге, мұра, парыз.

Резюме. В предложенной статье говорится о воспитании и обучении русскоязычной аудитории казахским пословицам, поговоркам, обычаям и традициям.

Ключевые слова: Воспитание, поколение, примета, сокровище, человечность, наставление, поучение, наследие, долг.

Summary. In the proposed article refers to the education and training of Russian-speaking audience Kazakh proverbs, customs and traditions.

Keywords: Education, Generation, luck, treasure, humanity, learning, teaching, legacy debt.

А.С. Қабылова
д.ф.н., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

ИСЛАМ ФИЛОСОФТАРЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК ПЛАТФОРМАСЫ

«...Еуразияшылдықта өткен мен бүгінді, көшпелілік өркениет пен батыстық мәдениетті, халықтың тарихи санасы мен әлемдік өркениетті шығармашылық тұрғысынан ұштастыру бар» [1, 490 б.]. *Ар мен қанағат* көшпенділіктің негізгі нысаны мен мұраты болатын. Олардың өмір сүру ерекшелігін **Д. Кішібеков** былай суреттейді: «Көшпелілер ұзақ уақыт бір орнында тұра алмайды, олар отырықшы, немесе жартылай отырықшы өмір салтын ұстанбайды, егіншілікпен айналыспайды, сондықтан көшпелі аталады». Еуразия туралы айтатын болсақ, мұнда адамзат мәдениетінің екі полюсінің тоғысқан орталығы. Шығыс пен Батыс өркениеттерінің энергиясынан үйлесімділік пен қуат алады. Бүгінгі таңда өзекті болып отырған Шығыс пен Батыстың өзара сұхбаты кезінде еуразиялық идеяның, еуразиялық философияның рөлі қандай. Егер Батыс әлемінің девизи «сыртқы әлемді таны және өзгерт» десе, шығыс әлемі «өзіңді таны және өзгерт» дейді, ал еуразиялықтың девизи «жақсылық жаса» немесе кемелгер Абайдың сөзімен айтсақ «Адам бол!». «Кезінде Абай айтып кеткен «Адам бол!» мен Шәкәрімнің «Ұжданы» осы руханилық әлемінің негізгі өзегі болып табылады. Бұл жерде оппоненттерден пікір таластыру мақсатында «нарықтың қатал заңдарын қайда қоямыз?» деген сұрақтар туындауы мүмкін. Мәселе осы қайшылықтарды болашақта жаңаша зерделеуде» [2, 10 б.]. Еуразиялық идея Шығыс пен Батыс идеяларына қарағанда өзгеше, өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл идеяда басқа идеяларды таза және толық түрінде жақындату мен синтездеу әдісі бар. Идеяның мақсаты – әлемді қайта құрып, адамды кемелдендіріп бір-бірінен алшақтатпай, бірін-бірі толықтырып тұратын күйге түсіру. Басқаша айтқанда адамның материалды-тәжірибелік қызметі рухани-мінез-құлықтық бастамамен ұрықтанып, өз кезегінде адамның рухани-мінез-құлықтық дамуы ғарыштан бөлектенбей, болмысты тануда ақиқат әрекетке көшу. «Әлемдегі құбылыстарға адамның құндылықтық қатынасы екі түрлі формада көрініс береді – «нәрселік құндылықтар» және «субъектілік құндылықтар». Әлемнің көп түрлі құрылымы «нәрселік құндылықтар» түрінде сипатталып, олар жақсылық пен зұлымдық, ақиқат пен жалғандық, әсемдік пен құбыжықтық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. дилеммаларда көзқарастық сұрыптаулардан өтеді. Бұл құндылықтарға адамды қоршаған табиғи орта және оның өз қолымен жасаған туындылары (материалдық және рухани) жатады. «Субъектілік құндылықтарға» – әртүрлі нормаларды танытатын принциптер, рәміздер, ұстанымдар, талаптар, бағалаулар, шектеулер, ділдік ерекшеліктер және т.б. жатады» [3, 362 б.]. Терең пайым зердесіне оранған еуразиялық орта бітім болмысы жағынан тәжірибелі-гуманистік қуатының арқасында Батыс пен Шығыстың барлық жақсы-жақтарын яғни материалды-тәжірибелік қызмет пен психорухани мәдениеттің өздеріне керек жерлерін ғана алып, синтездеу әдісімен шұғылдануда. «Еуразияшылдық «көп халықты ұлт» (немесе Л.Н. Гумилевтің кейінгі «еуразиялық суперэтнос» атауын пайдалансақ) біртұтас үйлесімділік құрамындағы әрбір халықтың құқығы мен ерекшелігін мойындайды. Бұл мұраттың негізін салушылар көп ұлтты еуразиялық мәдениеттің негізі «материалдық база» немесе «мемлекет алдында бас июшілік» емес, ең алдымен руханият және рухтың биіктігі болуы керек деп түсінді. Осыған орай «еуразия философиясы», еуразия көп халықты ұлтының философиясы» сияқты жаңа термин енгізу қажет сияқты» [4, 428 б.]. Себебі Еуразиялық – адамның әлемге қатынасының нағыз жаңа болашақ үлгісі, өмір сүрудің өркениеттің жаңа түрі, ғаламдық мәселелерді шешудегі көпұлтты мәдениеттер сұхбатының кеңістігі. Көрші елдермен көп деңгейлі интеграцияның жүруі кездейсоқтық емес, заңдылық. Ал, нақты Еуразия экономикалық қауымдастығы (ЕврАзЭС) идеясы туралы айтатын болсақ бұл жерде саяси қызығушылық емес, керісінше осы жердегі халықтардың ішкі этномәдени және психоментальды

жақындығына орай яки славяндықтар мен тұрандықтардың түбіріндегі туыскандық сенім болып отыр. «Басқа сыншылар Еуразиялық мемлекеттер одағының қазіргі жобасын КСРО-ны қайта қалпына келтіріп орнықтыруға тырысушылық деп бағалайды. Бірақ бұл жоба мүлде кеңестік құрылысты қайта жаңғырту емес, бұл қазіргі жағдайда мүлде мүмкін де емес, оның үстіне «Еуразияшылдық» пен «Кеңесшілдік» синоним емес» [5, 429 б.]. Бұл идеяның көтерілуі Қазақстан халықтарының діни ерекшелігіне де байланысты. Алматыда өткен Екінші Еуразия медиа-форумының қонақтары мен делегаттары Шығыс пен Батыс арасындағы қарам-қайшылықтардың негізі дінге байланысты деп отыр. Біздің елімізде болса әртүрлі діндердің кішіпейіл бебітшіл ниеті әлі сақталып келеді. Ең маңыздысы сол ол христиандық православие мен ислам қарым-қатынасының толеранттылығы ерекше сипатта. «Бүгінгі таңдағы қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сүйенсек, дүниежүзі халықтарының даму жолдарының біркелкі болмайтындығы айқындалып қалғандай. Шын мәнісінде бір халыққа сай келетін мәдени үлгілері, екінші бір халықтың менталитетіне мүлде үйлеспейді, ал мұндай жағдайлар белгілі бір этностың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, наным-сенімдерін және т.б. өмірлік қажеттіліктер жүйесін қамтуы мүмкін» [5, 331 б.]. «Егер далалық-көшпелілердің өмірі мен рухы тек сезімдік және заттық мазмұнмен шектелген болса, онда қазақтың тарихына деген қатынас мәдени даму мен рухани және бұйымдық, өндірістік қызметтің еуропалық межесінде қалар еді [6, 430 б.]. Өткеніміздің мұраларына ынта қоя отырып, бүгінгі жаһандану заманындағы маңызды мәселелерді күн тәртібіндегі бірінші кезекке шығару парыз. Қазақстанның ішкі саяи жағдайындағы этникалық татулықты сақтау, діни толеранттықты нығайту, басқаша айтқанда адамдық қарым-қатынастардың ядросы болып табылатын дүниетанымдық, әлемтанымдық зердені молайту, дұрыс сарында жетілдіру. Қазақстанда діни еркіндік бар екен деп секталардың, түсініксіз діни қауымдастықтардың да шектен шыққан қозғалыстарын естіп отырмыз. Әрине әскери-діни ұйымдар стпатындағы жабайы конгломераттар жоқ, егер ертерек құрықтамасақ болып қалуы да ғажап емес. Ұлттық қауіпсіздікті алдын ала камсыздандыру мақсатында мемлекетіміз олармен күрес жүргізіп отыр. Шындықтарға құлақ түретін болсақ, барлық діндер, соның ішінде әсіресе ислам мемлекеттің барлық жүйесін өз қолына алып, өмірдің барлық жақтарына билік жасағысы келетін жерлері жоқ емес. Алайда тарих пен тарихнаманың айтуынша мұсылмандардың өзі де әркелкі. Мысалы, біздер қазақстандықтар ислам дінінің фундаменталистік бағытын ешқашан өзіне жақын деп санамаған, қазақ ұлтына әл-Фараби, Яссауи, Баласағұн, Абай, Шәкәрім рухындағы ислам жақын. Қазіргі «сындарлы кезеңде дәстүрлі мәдени бағыт-бағдар мен болмысымыздан таймай, ұлттық мәдениетке төнген қауіп-қатерге қарсы халықтың саналы әрекетшіл рухын қарсы қоя білумен қатар, замана ағымына бейімделе отырып өз мәдениетімізді де биік тұғырға көтере білгенге не жетсін. Дәл осы айғақтайтын мысалдарды көптеп келтіруге болады. Оған дәлел: Латын Америкасы елдерінің сөз өнеріндегі соны тәсілдер, Африка елдерінің қол өнеріндегі төлтума сипаттар, Жапония мен Қытайдың бейнелеу өнеріндегі жаңа өрнектер, Еуропа елдерінің тарихи болмысын айқындайтын суретші-экспрессионистердің соны туындылары және т.б.», – деп жазады Ж. Мүтәліпов [7, 332 б.]. Өзіміздің рухтың ерекшелігіміз бен тарихи көмбелерімізге терең үңіліп, соны дәріптеу керемет жеңісті шешім болмақ. Халықтың ұлылығының өзі рухани мұра қалдырған бірегей тұлғалар келбетімен анықталады. Бұл турасында Қ. Шүленбаев «Халық сан жағынан аз болуы мүмкін, сонда да тарихтағы орнына қарай ол ұлы халық болады. Қазақстандық бабамыз әл-Фараби, тәжікстандық Ибн Сина, өзбекстандық Ұлықбек, әзірбайжандық Низами, түрменстандық Махтұмқұли, ертедегі грек ойшылдары мен ортағасырлық Коперник, Бруно, жаңа дәуір философтары мен ғалымдары Бэкон, Декарт, Дидро, Ньютондар сияқты жалпы адамзаттық рухани қазына қалыптастырғанын кім теріске шығара алады? Теріске шығару мүмкін де емес. Тіпті, бағыты басқа діни ғұламалардың өзі жалпыадамзаттық руханилыққа қызмет еткен. Әл-Газали, әл-Бухари, Августин, Тертуллиандарсыз біз адамзат тарихын тани алмаған болар едік. Үңіліп қарасақ, сол тарихтың субъектісі болғандар тілі мен діні басқа түрлі халықтардың өңілі. Олардың басын қосып, дәнекер болып жалпыадамзаттық тарих сабақтастығын қамтамасыз ететін руханилық» деген пікір айтады [8, 506 б.].

Ислам өркениеті мен тарихы туралы айтқанда еуропалық ғылыми ой-санамен тығыз байланыста болған мұсылман әлеміндегі ғылым мен мәдениеттің жедел дамығанын айтпасақ болмайды. «Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мәселесі Қазақстанда барынша белсенді талқылануда. Осы мәселені зерттеуге байланысты негізгі көзқарастарды тарқата отырып үш негізгі бағытты атап көрсетеуге болады. Біріншіден «аккультурация» концепциясы, оның мағынасы батыстық әлеуметтік-мәдени үлгілермен жақындасуда; екіншіден, «мәдени төлтумалық» теориясы, онда қоғамның өзін-өзі бекітуінің негізгі бастауы ретінде ұлттық мәдени мұраға арқа сүйеудің қажеттілігін көрсету негізгі тезис етіп алынады; «мәдени плюрализм» саясаты, ол «техногендік факторларға» байланысты ұлттық мәдениеттердің біркелкіленуінің күшеюіне қарсы бағытталған» [9, 217 б.]. Біздің республикамыз және де басқа да мемлекеттер орналасқан құрлық – Орталық Азия соңғы кездері осы мәселе төңірегінде жиі ойланады. Бұл жерде жаңа мемлекеттер бой көтерді, олар өзінідік мәдени құндылықтарын қайта жаңғырту бағытында белсенді қимылдайды. Барлығымызға белгілі Орталық Азия ислам әлемімен тығыз байланыста бола отырып, өзінің мәдени болмысы мен ерешеліктерін сақтап қала алды. Олар исламды қабылдады және өздерінің мәдениетінің негізгі құрамдас бөліміне айналдырды. Алайда бұл процес бір жақты болып қойған жоқ, өзара тиімді екі-жақты ұмтылыс пен әрекеттестік негізінде жүрді. Ислам мен араб мәдениеті түркілерді кенелтіп байытса, дәл осы кезде түркілер мұны іліп-әкетіп әлемді танудағы түркілік орта мен араб және ислам білімінің синтезі негізінде жаңа мәдениеттің іргетасын қалайды. «Қазақ даласында өркениеттің өзіндік сипаты мен деңгейі өріс алды, өзгелерден өзіндік үлесін еншіледі, өз еншісін иемденді. Ұйымшыл құдірет пен қуатқа бөленді, өзіндік және ортадағы кеңістікті кеңейтті. Ашық кеңістікте өзін еркін ұстағандар өмірдің жаңа салмағы мен жауапкершілігін жоғары деңгейде сезінді. Өзгенің қателерін, жаңа қабілеттен туындайтын қабілетті өз пайдасына жаратуды үйренді», [10, 189 б.] өз жетістіктерін басқа ұлтқа табыстады. Жалпы түркі тілдес халықтардың дәстүрі мен мәдениеті әркелкі болып келеді. Мысалы өзбектер дәстүрлі отырықшы халық болса, қазақтар мен қырғыздар – көшпенділер. Әрине осындай өмір үлгісі олардың мәдениеті мен философиясына да әсер етті. Осы жерде тағы бір мәселені айқындаған дұрыс. Отырықшы аймақтар, әсіресе Өзбекістанда исламдық өркениетке құлшыныс қырғыздар мен қазақтарға қарағанда күштірек. Алайда Өзбекстанды араб тұрғындары бар ислам елдерімен қатар қоя алмайсыз. Өзбектер түркілерге жақын. Орта Азия халықтары өздерінің тілі, дәстүрі, тарихына байланысты тұтастық құрады, үзілмейтін өзара байланыс бар. Орталық Азия – Шығыс пен Батыс мәдениетінің ортасын байланыстыратын көпір. Әлемдік өркениеттік процеске ене отырып, өзінің рөлін тұрақтандырады. Орта Азияның жүрегі болып табылатын Қазақстан және қазақ мәдениеті бүгінгі таңда өзінің тарихи түп-тамырлары көшпенді дала мәдениетіне ерекше назар аударып отыр. Өйткені «қазақ халқының тарихи философиясы ғасырлар бойы Ұлы дала аймағында қалыптасқан дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеттің, синкреттік дүниетаным мен менталдық ерекшеліктердің негізінде қалыптасты» [11, 27 б.]. Көшпенділер ұйымдасқан және сезімтал мығым империя құрды. Дала өркениеті әртүрлі мәдениеттің түйіскен торабына айналды. Түркі-ислам әлемі жаңа көпполярлы әлемде ірі өркениет алыптары Батыстың, араб-иран әлемінің, Ресей мен Қытайдың мәдени құндылықтарын бір-бірімен табыстырып, жалғастырып отыратын орталыққа айналды. Біздің бұл жерде негізгі айтайын деп отырғанымыз –Қазақстанның мәдениет пен өркениет сұхбатындағы белсенділігі мен рөлі, қазақ этносының маңайына шоғырланған полиэтникалық қауымдастықтардың консолидациясына бағытталған ұлттық идеямызды іздеу. Қалай десек те тарихи-мәдени ерекшелігіне негізделген қазақтық және қазақстандық философия өзінің сипаты жағынан ешқашан батыстық немесе шығыстық деген мәнге ие бола алмайды. Ол – Батыс пен Шығыстың, Еуропа мен Азияның бүкіл жетістіктерін өз бойын шоғырландырған, сөйтіп оның тоғысуы мен іштесуін жүзеге асырған ерекше *еуразиялық мәдениет және философия* деген атауға ие болады.

Жаһандану – қажеттілік, оған қарсы жүргізілген әрекеттің барлығы біздің ойымызша жүзеге аспауы керек. Жаһандануға қарсы принцип «әлем көп полюсті болуға тиіс, ал әрбір елдің ішінде өзінің төл, этникалық дәстүрлер үстемдік етуі тиіс не болмаса

мультикультурализм болу керек. Бірақ этникалық «тазалықты», немесе, «өзіндік келбетті» және «егемендікті» насихаттау пассивті эгоорталықтан белсенді эгоорталыққа ауысып кетеді, сөйтіп, егер жасырын жатқан иррационалды сезімдік байлануларға шынымен тиісетін болса, онда «бөтендерге» ашық майдан ашылады» деумен түсіндіріледі [12, 337-338 бб.]. Бұл бізге керек пе? Сондықтан да жаһандану ғасырында мәдениеттер сұхбаты өте маңызды өмірлік қажеттілікке айналып отыр. Түркі өркениетінің тарихында жаңа ғасыр басталды. Өзінің түп-тамырлары мен рухани құндылықтарын қайта жаңғыртып, өткеннің, қазіргінің және болашақтың ісін бір арнада байланыстырып, тоғыстыратын уақыт жетті. Тек осындай бағытты ұстанып қана біз өркениеттер сұхбатына араласып, өзімізді таныта аламыз. Тарих кемесі өмір шырынымен нәрленіп, үміт пен сенім шекаралары қайта жанданды. Өйткені жаңа әлем Батыстың құрғақ даналығынан шаршап, техногендік мәдениеттің жетегінде кеткісі келмейді. Қазіргі жағдайдан өткенімізге үңіліп, өткеннің даналығын бүгінде қайта жаңғырту мүдделі мұратымыз болып отыр. Түркі әлемінің кемел данышпандары Фараби, Жүсіп, Яссауи, Баласағұн, Қашқари бері келе Абай мен Шәкәрім өз топырағында қайта түлеп, жаңашыл ұсқындағы жаңа келбетке ие болып отыр. Олардың үні ғасырдан ғасырға ұласып, бүгінгі ұрпақтың қиялын тербеуде. Рухани таным шеңберін кеңейтем деген жас ұрпақ «Бабырнама» және ондағы түркілік үрдістерді, «Тарихи Рашидидегі» саяси мәселелерді, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығындағы тарихи-философияны, Жалайыр Қадырғали қаламынан туған «Жами ат-тауарихты», Әбілғазының «Түрік Шежіресіндегі» қызықты жайттарды, Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и хамсаяй шарқи» еңбектерін оқыса ешкімнен кем болмайды. «Соңғы жылдары халықтың санасы мен мәдениетінде жаңаша тарихи дүниетаным қалыптасып келеді. Осы кезеңге сәйкес келетін адамдық философиялық ойлау жүйесін жасау және оны әлемдік философия тарихы аясында өрбітіп, шыңдап, жоғары деңгейде дамытып, халықтың өзін-өзі түсінетін жағдайда келтірсе үлкен ғанибет болады... Өркениетке жететін жол – біздің қоғамнан тысқары, бөтен елдің ішінде емес, өзіміздің дінімізді, ділімізді, тілімізді нығайтсақ, өткен тарихымызға үңіліп, ата-баба рухын қайта жандандырсақ, өскелең ұрпаққа тарихи сабақтастық үлгілерін кескіндеп көрсетіп, ХХІ ғасырдағы еліміз үшін қасқа жол – гуманистік ашық қоғам орнатып, азаматтық құқықтары сақталған, қорғалған отандастарымыздың ұлттық мемлекетін нығайтып, дамытып, жалпы адамзаттық үрдістің тең ортасында орын алу үшін аямай қызмет етуді айтамын», – дейді қазақстандық ғалым А. Қасабек. [13, 371 б.]. Қазақ топырағындағы ислам философиясының тұрақтануы мен дамуын білгіңіз келсе Яссауи еңбектеріне ден қою керек. Оның дана хикметтері әлі өз мәнін жойған жоқ. Халық оны кастерлеп Әзірет Сұлтан дейді. «Мұсылман мистицизмінің өкілі» немесе «миссионерлік сопы әдебиетін» насихаттаушы деген жалған теңеулер бүгін өз мәнін жойды. Ол – дәстүрлі түркі мәдениетінің өкілі. 63 жасында жер бетіндегі ләззатан безініп, жер астына түскен ойшылдың философиясын түсіне отырып, дәл осы түркі топырағында өлімнен қашып, әлемді шарлап өзінің әуезімен сайын даланы кенелткен Қорқыт философиясын да түсінуіміз керек. 300 жылдық уақыт қашықтығындағы қос ойшылдың әлемді түсінудегі әрекеттерінен кейде ұқсастықтарды да табуға болады. Қорқыт та, Яссауи де жер бетінде сапар шегіп әрқайсысы өзінше адам өмірінің мәні мен әлем құрылымының ақиқатын іздеген. Алайда қажетті ақиқатты таба алмай Қорқыт туған жеріне қайтып оралып Сырдарияның жағасында өзінің қобызымен «өмір гимнін» шерту арқылы, даланы күңгірентіпті, ал Яссауи болса, ол да ізденістен шаршап Түркістанға қайта оралады. Оның да мақсаты ұзақ өмір сүру болған, бірақ басқаша түрде, жер астында Аллаға құлшылық етіп, әлемнің ақиқатын тану. Бұдан шығатын қорытынды дәстүрлі түркілік таңғажайып құпия әлемді тану философиясы қорқыттық ой-сана мен яссауилық пайым жетегінде зерделенеді. Яссауиды оқыған адам оның алдындағы философия алыптары Әбу Наср әл-Фараби мен Ибн Сина арасындағы тарихи сабақтастық байланысты әп сәтте түсінеді. Оның замандастары Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари арасындағы байланыс кілтін әлі де терең зерттеу қажет. Яссауилік хикметтер өзіміздің қазақ ақындарымыз Асан Қайғыдан бастап Абайға дейін ықпалды болып, олардың дүниетанымының қалыптасуына ізгі әсер етті. Біздің мәдениетіміз өзінің аймақтық көлемінде ғана емес, басқа да мемлекеттерге құлаш ұрғанын, қазақ дүниетанымының сұхбаттық ерекшеліктерін бірқатар танымал

ғалымдар бүгінгі күні зерттеп жүр. Өткеніміздің руханиятына ден қойуымыз хақында А. Қасымжанов «именно теперь читатель обретает способность проникательно вчитывается в страницы истории, переосмыслить глубины духовной жизни, познать их сущность, взять на вооружение ценности, осмыслить самые замечательные и сложные страницы национальной истории» [14, 253 б.]. Қазбек бек былай деп жазады: «Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмед Яссауи, Махмуда Қашқари сияқты отандастарымыздың қолжазбаларының Тегеран, Бағдад, Стамбул кітапханаларында жатуы өте өкінішті» [15, 152 б.]. Көршілес қытай кітапханаларында біздің тарихымыз беп мәдениетімізге қатысты құнды туындылардың көптігін барлығымыз білеміз. Болашақта соларды жинақтап, өз тілімізге аудару жас ғалымдардың еншісінде деген пікір білдіреміз.

Әлемдік өркениет тарихын жазуға құқылымыз деп танылатын еуропалықтардың өзі Шығыс Ренессансын жоққа шығара алмайды. Өйткені жаңашыл батыс өркениеті философиясының іргетасы шығыс ойшылдарының еңбектері арқасында қаланды. Еуропацентристік көзқарас әлі жойыла қойған жоқ, оған өзіміз де кінәліміз. Өзіміздің тарихи көмбелерімізді зерттеп, жарыққа шығарудың орнына, дайын батыстық стереотиптерге құштар болдық. Яссауидің орнына Шопенгауэрді, Асан Қайғының орнына Томас Морды оқыдық. «Асан Қайғыны Кампанелла, Томас Мор сияқты утопистермен салыстыра қарастыру оны мадақтау емес, керісінше Асан Қайғыны түсінбеуден туған теріс көзқарас» [16, 124 б.]. Еуропаға жалтандап көз тіге бергенше құпиялы Жапон философиясына, Тибеттің діни философиясына, өзге Азия елдерінің философиясына неге терең үңілмейміз. Айтайық деп отырғанымыз бұл ғалымдардың танымын жоққа шығару емес, тек екі жақты ғылымның маңызды жақтарын қарастырып, оларды сабақтастыра зерттеу болатын. «Өйткені өз кезегінде Шопенгауэр де, Бердяев та, Ясперс те өздерінің идеяларының кейбір мәліметтерін Шығыстан алғандығын, әсіресе софылық ілімнің ықпалын айқын мойындаған», – дейді Ә. Нысанбаев. «Егер қазақтардың рухани тарихы жазыла қалса, Қожа Ахмет Яссауидің хикметтері («Даналық сөздері») сөзсіз оның бір бөлігі болып кіруге тиіс» [17, 17 б.]. Яссауидің еңбектеріндегі гуманистік идеал мәселесі қазақ ақындары Асан Қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырауларға ықпалды болып, кейіннен осы ақындардың еңбегінен кейбір маңызды мәселелер өз жалғасын тапты. Осындай сансыз дәйектерге үңіле отырып түсінетініміз қазақ философиясының негізгі көтеретін мәселелері гуманизм, кішпейілділік, қайырымдылық, қонақжайлылық, әлемсүйгіштік сияқты пайымдармен ұшыраса отырып, толеранттылық тақырыбынан да айналып кете алмайсыз, өйткені бұл тақырып қазақ философиясының этикалық принципі және оның маңызды да өзіне ғана тән мәселесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бурбаев Т. Қазіргі қазақ менталитетінің ерешеліктері // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 20: Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – 477-492 бб.
2. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – Астана, 2006. – Т. 20. – 544 б
3. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 17: Әлеуметтік философия. – 346-368 бб.
4. Нысанбаев Ә., Колчигин С. Еуразияшылдық – үлкен құбылыс метафорасы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 20: Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – 427-437 бб.
5. Аюпов Н.Г., Нысанбаев Ә.Н. Түркі фәлсафасы және мәдениеттер мен өркениеттердің қазіргі заманғы сұхбаты // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 19: Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. Астана, 2006. – 336-347 бб.
6. Кенжетай Д.Т. Қазақ өркениетінің ерекшеліктері // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 19: Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – 427-436 бб.
7. Мүтәліпов Ж.М. Қазақ мәдениетінің сұхбаттастық аймағы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 19: Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – 313-336 бб.
8. Шүленбаев Қ.Ш. Рухани ынтымақтастық – өмірлік қажеттілік // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 19: Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы. – 503-534 бб.

9. Қасымжанов А.Х. Оймен ұғынылған дәуір // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 16: Фарабитану. – 27-56 бб.
10. Қазақтың халық философиясы. – Астана, 2006. – Т. 7. – 544 б.
11. Ғабитов Т.Х. Тарих философиясының қалыптасуы және оның қазақ дүниетанымындағы орны // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 6: Қазақтың халық философиясы. – 12-30 бб.
12. Капышев А., Колчигин С. Қазіргі жаһандық үрдістердің мәні // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 20: Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – 310-349 бб.
13. Қасабек А.Қ. Қадырғали Жалайыр дүниетанымы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 6: Қазақтың тарих философиясы. – 336-372 бб.
14. Бурабаев М.С. Ағын Касымжанов – основоположник возрождения фарабиеведения на исторической родине Абу Насра аль-Фараби в Казахстане. – Алматы, 2009. – 292 б.
15. Бурабаев М.С. Аль-Фараби в Казахстане. – Алматы, 2009. – 238 б.
16. Есім Ғ.Е. Тәуелсіздік философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 20: Тәуелсіз Қазақстан философиясы. – 122-135 бб.
17. Қадыржанов Р.Қ. Ислам ғылымы мен әдіснамасы қазіргі мұсылман ғалымдарының көзқарасымен // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана, 2006. – Т. 15: Ғылым философиясы және әдіснамасы. – 147-157 бб.

Резюме. На основе сопоставительно-сравнительного анализа выявить взаимосвязь и особенности религиозно-философского мировоззрения исламских мыслителей.

Summary. On the basis of comparative-comparative analysis to identify the relationship and especially the religious and philosophical thinkers of the Islamic world.

Г. Қалабаева

дінтану магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАҚСЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Исламның қалыптасуына дейінгі салт-дәстүрлердің, ритуалдардың даму процесі соның ішіндегі шамандықтың салт, жоралғылары көптеген қауымдарда көрініс берді және біз Орта Азиядағы шамандық дәстүрдің әйелдер арасында кең тарағандығын, бұл бағыттағы гендерлік стереотиптер мен принциптердің нормалары мен мұсылмандыққа дейінгі дәстүрлерде атқарған рөліне баса назар аударамыз. Қазақтарда, өзге халықтарға қарағанда шаманизм туралы еңбектер көп болса да, шаман-әйелдер жайында дерек жоқтың қасы, сондықтан кейбір авторлар олардың мүлдем болмағандығын айтады. Көшпенді өмір салтындағы халықтарға қарағанда, шаман әйелдер отырықшы халықтарда кеңінен таралды. Бұған алғаш назар аударған О.А.Сухарева – орта азиялық шаманизмнің қайнар көзі көне ирандық егіншілік мәдениеттен басталатындығын дәлелдейді [1]. В.Н. Басилов «өзбектер мен тәжіктерде шамандық ХІХ ғасырдан бастап-ақ әйелдер қауымына ауысты» деп жазады [2]. Алғашында шамандықпен тек ер адамдар айналысқан. Алайда, ХІХ ғасырда әйел шамандардың көп болғандығы туралы этнографиялық мәліметтер өте көп. Мысалы, А.Е. Алекторованың айтуынша қазақ шаманы Сүйінбайдың «атасы мен әжесі, әкесі мен анасы» толыққанды шамандар болған [3, 32]. Шамандық ілімді жалғасытыру үрдісі отырықшы халықта қарқынды дамыған. Кейбір топтарда өзбектерде (мысалы, қарамұрттарда) және тәжіктерде шамандық дәстүр, мұралық дәстүрмен тек әйелдерге беріліп отырған. Олай болса, әйел шамандығының мұрагерлік дәстүр болып қалыптасқаны анық, ал бұл өз кезегінде әйел шамандығының тарихта ертеден пайда болғандығын көрсетеді. Орта Азияны арабтар жаулап алғаннан соң, әйелдердің шамандық культке қатысты жазба деректерінің барлығы жойылып кетті. Әйтседе, мұндай реттегі кей жазбалар сақталып, шамандық ертедегі иран мәдениетінде тек әйелге ғана тән әрекет, ал, түркі халықтарында шамандықтағы басты рөлді ер адамдар атқарғандығы белгілі болып отыр. Ерте ортағасырдағы шамандық тәжірибеге әйелдердің қатысы туралы деректер

қытайлық жылнамаларда айтылады. VI ғасырда Орта Азиядағы көшпелі тайпалар одағын басқарған жужанейлердің (немесе аварлардың) ханы – Чеунудің мемлекеттік істерде кеңесшісі Дэу-хунь дивань атты шаман әйел болғандығы туралы мәліметтер кездеседі. «Ол емшілікпен айналысқан, Чеуну әрқашан оған сенім артқан». Бұл мәліметтерге сүйенетін болсақ хан «шаман кеңесшісін өте қатты сыйлаған, жақсы көрген», тіпті соның кеңесімен құпия түрде өз ұлын өлтірген [4, 196].

Жазба дерек көздерінің жоқтығы әйел арасындағы шаманизм проблемасын тарихи ретроспективада зерттеуге, нақты бұл құбылыстың табиғаты аясында тұжырымдамалар жасауға қиындық туғызады, бірақ біз бұған заманауи жағдайлар тұрғысынан түсініктеме табуға тырысамыз. Орта азияда соңғы екі онжылдық шамасында, аймақтық архаикалық культтердің қайта жаңғыруы байқалып отыр. Бұл ежелгі дәстүрдің қарқынды дамуы әйелдер арасында көптеп кездеседі. Әсіресе ауыл-аймақтарда шамандықтың белсенділік танытуы әлеуметтік-экономикалық жағдайын күрт өзгеріске ұшырауымен тығыз байланысты. Ер адамдардың жұмыссыздығы, отбасына қамқор болу мен басты қаржыландырушы рөлінен айырды. Сондықтан әйел үшін шамандық отбасын асырауда, тіршілік етудің қаражат көзіне айналды. Ферғана жазығындағы әйел шамандардың айтуынша, «кәсіби» шамандардың пайда болуы, бұрынғы уақыттарда үй жағдайында шамандықпен айналысып, тек отбасы мүшелеріне қызмет көрсеткен шаман әйелдер, өз мүмкіндіктерінің өрістерін кеңейте отырып, былайғы уақытта өзгелерге қызмет жасай бастағандығымен байланыстыруға толық негіз бар. Егер кеңестік дәуірге көз жүгіртсек, шамандықтың сақталуы мен тұрақтылығында сыртқы факторлардың бірден-бір әсер еткені айқын. Орта Азияда әйелдер қоғамдық өмірге көп араласпады. Кейбір жағдайларда, әйелінің «заңсыз» діни қызметі үшін ерлерін жауапқа тартты, көбінде сөгіс жарияланып, жеңіл жаза тағайындалды.

Мәлімттерге жүгінетін болсақ, әйел шамандардың ерлерге қарағанда қабілеттері басымырақ болып келеді. Мұндай стереотиптердің орнауына қандай негіздеме бар деген ойға қаласыз. Кейбір ақпарат көздерінің айтуынша, әйелдер әуелден табиғатынан еркектерде кездеспейтін ерекше «көру» қасиетіне ие. Олар ерлердің көре алмайтынын көреді, сезіну қасиеті аса дамыған, ал ең бастысы – дәрігердің емдей алмаған ауруларды емдей алу қасиетіне бөленген дейді. Мұндай ершелікті былай түсіндіруге болады, рухтар әйел сұлулығына бейім және сондықтан олардың қалаулылары әйелдер болады. Жергілікті халықтың айтуынша, әруақтар ерекше қауіпті әдемі және жас қыздарға төндіретін көрінеді. Осы жерде «чилля» дәстүрі жайлы айта кетуіміз керек. Чилля – рәсімдердің жиынтығы, қырық күн бойы туғаннан кейін, нәресте мен ананы жындардан сакральды қорғау дәстүрі дегенді білдіреді. Әйелдер – әлсіз жаратылыс иелері, және олар өздеріне теріс әсер етуші жындарға жауап қайтара алмайды дейді. Ал кейбір антропоцентрлік көзқарас бойынша әйелдер, ерлерге қарағанда болмысынан күнәһар жаратылыс иесі, сондықтан Аллаһ оларды жазалап, есінен айырады дейді. «Қайта құру» дәуірінде Орта Азияда әйелдердің өз-өздерін өртеу легі өткенде, жергілікті тұрғындар арасында әйелдер жынданып кетті деген сөз тараған. Алайда бұл пікірге антропологиялық зерттеу құралдарымен жауап қату тіпті мүмкін емес, алайда біз қолымызда бар мәліметтерді пайдалана отырып, жауап беруге тырысуымыз керек. Себебі шаманизм өзге діндерден гөрі психофизиологиялық аспектілерімен байланысты. «Шамандық ауру» немесе шамандық үндеу арқылы жүзеге асатыны өзекті мәселе бар. «Шамандық ауру» психикалық, физикалық түрде көрініс беріп, галлюцинаторлық елестеулер байқалып, әйелдерде ерлерге қарағанда жас жағынан ерте болатындығы назар аудартады. Менің зерттеуім бойынша, шамандық қасиеттің анықталу минималдығы 6 жаста, бірақ ол көбінде 9-11 жаста байқалады, ал бұл көрсеткіш ерлерде 13-14 жаста басталады екен. Заманауи ғылым ер мен әйел дамуының ерекшеліктерін бірнеше теорияларымен келтіреді.

Орта азиялық аймақтарда шамандықтың генетикалық шығу тамыры екіге бөлінеді: 1) Ежелгі ирандық (егіншілік) мәдениетте, оларға қазіргі тәжіктер мен өзбектердің бір бөлігі жатады; 2) Түрік (мал шаруашылығы) мәдениетінде, түрік халықтарында соның ішінде қырғыздар, қазақтар, түрікмендер, және кейбір шағын этникалық топтар жатады. Мәдениеттердің ұзақ уақыт бойына бір-біріне әсер етуі элементтердің араласуына себеп

болды, ал кейбір халықтардың аутенттік шамандық дәстүрлері жоғалып кеткен. Алайда, бізбен жасалған сараптама қорытындылары бойынша екі шамандық комплекстердің ерекшеліктерін атап өтуге болады. Бұл құбылыстың негізі ежелгі иран жерінде қалыптасқан. Әйелдердегі шамандық қызметтің болуы олардың ерте жастан некелік қатынасқа түсуі, олардың шамандыққа жақын тұруы олардың некелік өмірдегі бақытсыздығынан болады делінген деген пікірлер бар, яғни жұбайының ұрып-соғуы немесе көзіне шөп салуы салдарынан болуы мүмкін. Отбасындағы келеңсіздіктерге байланысты әйелдерде психосоматикалық ауыртпалықтар, түңілу пайда болады. Рухани реализацияның жан-жақтылығы әйелдер үшін өте мәте қажеттілік болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сухарева О.А. Пережитки демонологии и шаманства у равнинных таджиков // Древние верования и обряды в Средней Азии. 1975.
2. Basilov V.N. Islamic Shamanism among Central Asian Peoples // Diogenes. 1992, №158. P.6.
3. Алекторов А.Е. Баксы: Из мира киргизских суеверий // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском казанском университете. Казань, 1900.
4. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах.

А.Д. Утегалиева,

к.и.н., кафедра социальных дисциплин

Алматинский университет, энергетики и связи, г.Алматы.

КАЗАХСТАН В ОРБИТЕ ТОТАЛИТАРНОЙ ИДЕОЛОГИИ в 1940-1960-е гг.

В жизни казахского народа происходят серьезные политические, экономические, социальные и культурные трансформации в 1940-1960-е годы. Победа Советского Союза в Великой Отечественной войне кардинально изменила политическую карту мира, далеко распространив социализм за пределы своей страны на восток и запад, превратив ее в мировую систему. Теперь СССР начинает на равных конкурировать с капиталистической системой и блоком НАТО, в обществе растут державные, имперские настроения.

В последние годы жизни И.В.Сталина начинается борьба с космополитизмом (сионизмом), сворачивание мировой социалистической революции и построение СССР как несокрушимой крепости во главе с русским народом. Во время войны была реабилитирована православная церковь, в честь русских полководцев (А.Невского, А.Суворова, А.Кутузова) были учреждены ордена и медали, по-новому стала трактоваться русская история и фигура Ивана Грозного, которого всячески умалили придворные историки-западники времен Романовых.

Новый тренд стал почвой для пересмотра и возвеличивания роли и значения русского народа в мировой истории и истории СССР. С этих позиций особо подчеркивалась роль русского народа как политического доминанта и консолидатора - "старшего брата", освободителя, просветителя и покровителя.

Этих условиях в первую очередь под пресс коммунистической идеологии попадают общественные науки. Малейшие оттенки инакомыслия, плюрализм мнений квалифицировались как попытки «очернения социализма». Общественная мысль была полностью мобилизована на реализацию политических целей командной администрации.

Национальная история многочисленных народов СССР трактовалась как приложение к центральной истории русского народа - творца пролетарских революций и строителя социализма. Многочисленные жертвы и неоправданная жестокость во времена царской колонизации окраин затушевывались или умалчивались.

И наоборот, национально-освободительная борьба народов Кавказа, Казахстана и Средней Азии извращалась и рассматривалась негативно, вне конкретного исторического

контекста, сквозь призму навязанного абстрактного классового (пролетарского) подхода. Политика русификации всех других народов СССР была усилена.

Особенно тяжело это отразилось на истории казахского народа, в связи с освоением целинных земель. В результате наплыва первоцелинников казахи (особенно на севере) стали абсолютным меньшинством на своей земле, закрывались казахские школы, элита повсеместно отдавала своих детей в русские школы. Советская идеология была направлена на подавление национального самосознания нерусских народов, в том числе и казахского, что выражалось в стремлении оторвать их от своих национальных истоков и корней, которые питают историко-культурную целостность народа и преемственность поколений. Таким образом, язык, традиции, вера, историческая память, история государства и казахского народа, его исторические деятели - все это ставится под запрет, объявляется не нужным, вредным, подвергается жесткой беспощадной критике и гонениям.

Критике московского центра с классовых позиций был подвергнут казахский национальный эпос "Кобыланды", "Ер Сайын", "Ер Едіге", как феодальные произведения, где прославляются ханы и феодальное прошлое. История казахов отрывалась от истории своих предков - тюрков и мусульман, привязывалась к истории России. Чингисхан, например, несмотря на то, что до 90% его войска составляли тюрки, все его старшие сыновья имевшие право на власть чингизиды (от старшей жены Борте из тюркского племени Конырат) были причислены к малой бывшей лесной народности халха-монголов, никогда не имевших опыта имперского строительства. Сыграло свою роль, видимо, опасение, что Чингисхан, как консолидирующая фигура, может стать знаменем для пантюркизма - популярного в то время среди тюркской интеллигенции национально-патриотического движения.

Не допускалась отрицательная оценка колониальной политики Российской империи в Казахстане, поэтому национально-освободительные движения казахов назывались реакционными. Вслед за "Делом врачей" и "Ленинградским делом" в Казахстане начинается преследование национальной интеллигенции, которая обвиняется в "буржуазном национализме" (Е.Бекмаханов, М.Ауэзов, К.Сатпаев, Е.Исмаилов, Х.Жумалиев, А.Жубанов и др.). Были изъяты из обращения и сожжены тиражи «Истории Казахской ССР» (1 том), министерство просвещения пересматривало школьные программы, были запрещены произведения казахского героического эпоса. Была развернута кампания против «космополитов», куда был посмертно зачислен В.Бартольд, их обвиняли в поклонении перед всем иностранным.

Показательна судьба казахского историка Ермухана Бекмаханова. В коллективной монографии "Казахстан в 20-40-е годы XIX в." (Москва, 1948) его глава была посвящена освободительной борьбе последнего казахского хана Кенесары Касымова. Хан Кене боролся за сохранение остатков самостоятельности казахов, так как ханская власть уже была официально ликвидирована царизмом в степи. Пытаясь возродить потерянную государственность на основе традиционного уклада кочевого казахского общества и в соответствии с духом договоренности между русским царем и его дедом Аблайханом. После обсуждения данной работы, осуждения ее в газете «Правда» Е.Бекмаханов был обвинён в «буржуазном ультранационализме» и 4 декабря 1952 г. осуждён к 25 годам исправительно-трудовых лагерей. В «потакании» взглядам Е.Бекмаханова был обвинен Ильяс Омаров, а сам ученый был лишён всех наград, учёных степеней и званий. Е.Бекмаханов был освобождён 16 февраля 1954 г. и реабилитирован благодаря вмешательству известного историка, редактора данной коллективной монографии А. М. Панкратовой. Политические преследования известных деятелей культуры тормозили развитие литературы и искусства.

- * наличие высокого социального статуса, связанного с высоким образовательным уровнем (среднее специальное – колледж, высшим – институт, университет или академия), наличием постоянной престижной

- профессии и хорошо оплачиваемой работы;

- * продолжительность пребывания в родительской семье супруга;

- * рождение детей (от одного до нескольких);

- * чуткое и внимательное отношение супруга.

В наши дни отношения между невесткой и стороной мужа складываются по-иному. Нередко невестка может называть младших братьев или родичей супруга по именам, которое не распространяется на свекра, свекровь и старших братьев, сестер и родственников по мужской линии. В отличие от северных, восточных и центральных регионов Казахстана в

южных и западных областях республики, преимущественно с преобладанием казахского населения положение современной невестки отличается более сильной сохранностью народных обычаев и традиции. Так, невеста не должна показывать оголенные части своего тела старшим, должна носить длинное платье рукавами, а голову покрывать платком. Также она должна приветствовать мужа, его родителей, старших братьев и родственников с традиционным уважительным поклоном, правильно приготовить угощение для гостей, при этом она сама с мужчинами за общим столом не сядет. Это же относится к другим. Чтоб уметь слушать наставления старших, принимать их должным образом, тоже нужно самосознание. Так, казахская келин никогда не будет перебегать дорогу мужчинам или пожилым людям [3, с. 125-126].

Необходимо отметить доброжелательное отношение старшего поколения, оказываемое невесткам и зятям. Мужчины и женщины имеют свое веками устоявшееся место в семье. Нельзя забывать того, что у всех изучаемых нами этносов сохраняется уважительное отношение к матери, которое многократно возрастает в отношении многодетных женщин. Не случайно народная мудрость «Алып – анадан туады» (Богатыря рождает мать) звучит как наставление для потомков. Невестка также является олицетворением матери, и поэтому важно, чтобы ее свекровь дала ей хорошее воспитание. При рассмотрении внутрисемейных отношений необходимо помнить эту ее особую роль.

Таким образом, на основе материалов исследования мы выявили следующие факторы, оказывающие значительное влияние на стабильность браков. Во-первых, наличие этнических ценностей, например, уважение к старшим членам семьи. Их реализация происходит в процессе воспитания молодого поколения и накопления практического опыта человеком. Данное обстоятельство характерно для семей, где проживают представители старшего поколения, которые бережно сохраняют национальные традиции и передают их молодому поколению. Во-вторых, стабильность брака и формирование семейных ценностей зависит также от влияния этнической среды, в которой выросли сами супруги. Так, высокий уровень стабильности браков в районах с моноэтническим казахским населением можно объяснить традициями прочных, крепких семей и

благоприятным влиянием их на молодоженов. Старшее поколение стремится контролировать молодых, чтоб не произошел разлад в семье. Те молодые супружеские пары, которые допускают отход от принятых в данной среде норм поведения, испытывают трудности при общении с социумом, близкими и родственниками, что в конечном счете может способствовать возникновению конфликтной ситуации, привести к разводу, разрушению семьи, к искалеченным детским судьбам.

ЛИТЕРАТУРА

1. Калыш А.Б. Внутрисемейные конфликты и разводы в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 160 с.
2. Полевые материалы автора, Жамбылская и Южно-Казахстанская области, 2008-2015 г.
3. Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. – Алматы: Арыс, 2013. – 464 с.

Түйіндеме. Отбасы – шағын мемлекет, әлеуметтік институттардың бір бөлігі. Отбасында бала мен жасөспірімдер әлеуметтенуден өтіп, Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрбиленеді. Оның моральдық, әлеуметтік-экономикалық жағынан жақсы дамуы неке тұрақтылығына, ішкі отбасылық қатынасқа өз әсерін тигізбей қоймайды. Неке тұрақтылығына бірден-бір әсер ететін фактор қазіргі келіндердің жағдайы. Қазіргі таңда келіннің білім дәрежесі мен жалақысының жоғары болуы, бірнеше баланы дүниеге әкелуі, жұбайының қамқорлығы, қайын жұртымен қарым-қатынастың басқаша қалыптасуына әкелген. Қазақстанның оңтүстік өңірінде, жергілікті халықтың көбірек шоғырланған аймақтарында әліде болса келіндердің жағдайына байланысты бұрыннан қалыптасқан дәстүр сақталған. Неке тұрақтылығының беріктігіне жоғарғы буынның өкілдерінің әсері, моноэтникалық аудандардағы отбасы құндылығының сақталуы әсер етеді.

Резюме. Семья как часть социального института, представляет собой микроячейку государства. Здесь происходит социализация детей и подростков, воспитывается любовь к Родине. Ее полнокровное

моральное, социально-экономическое развитие напрямую связано со стабильностью брака, на которое оказывают прямое влияние внутрисемейные отношения. Одним из таких действенных факторов стабильности брака является статус невестки. В настоящее время его воздействие напрямую зависит от ее образовательного уровня, самодостаточности заработной платы, наличия нескольких детей, надлежащего покровительства супруга, благоприятно сложившихся взаимоотношений с близкими и родственниками супруга. На юге Казахстана, с преобладающим казахским населением, до сих пор соблюдаются укоренившиеся традиции в отношении невесток. На стабильное функционирование брака оказывают влияние как представители старшего поколения, так и сохранившиеся семейные ценности в моноэтнических районах.

А. И. Исаева,

кандидат исторических наук, и.о. ассоц. профессора КазГосЖенПУ

РОЛЬ СЕМЕЙНЫХ ФУНКЦИЙ В СТАБИЛИЗАЦИИ БРАКОВ

Проблемы семьи и развития семейно-брачных отношений волнуют и общество, и государство. Поэтому, значимость выражения «Родина начинается с семьи» совершенно верна. С возникновением семьи и брака, человечество получило важнейший фактор своего развития. Как бы не складывалась судьба семьи и брака, они всегда тесно связаны с общественным строем, производственными отношениями, к тому же социальные изменения влияют на характер семейно-брачных отношений, постоянно обновляя их. Все это показывает, что стабильность семьи и брака имеют важное общественное значение. Бесспорно, разводы всегда представляют серьезную социальную проблему не только для общества, но и для семьи: супругов, их детей, близких. При этом, особую тревогу представляет то обстоятельство, что рост и распад брака в республике имеет тенденцию увеличения из года в год. Если по Казахстану в 1950-е годы распадалась каждая сотая брачная пара, в 1980-е годы – каждая четвертая, то с 1990-х годов – уже каждая третья.

Этнографическое изучение проблем семьи и брака у казахов и контактирующих с ним этносов имеет большое значение как для науки, так и для интересов повседневной жизни. Современные достижения этнографии представляют для исследователей социума и этнографической науки ценные новые сведения. Однако, не должно возникнуть ложного понимания, как-будто этнографы досконально изучили рассматриваемый нами аспект. Дело в том, что научные изыскания, проводимые как в нашей республике, так и в странах ближнего и дальнего зарубежья открывают все новые грани в проблемах стабильности или конфликтности семейно-брачных отношений, обновляют наши представления о них.

В независимом Казахстане, переживаемой тяжелый переходной период к рыночной экономике, историко-этнографическое и этносоциологическое изучение сложных проблем семьи и брака весьма актуально. Понятно, что для поступательного развития страны и общества, необходима стабильность семьи и брака. И это особенно важно в условиях нашего полиэтнического общества, когда исследование поставленных нами вопросов помогает постичь общее и особенное в семейном быту различных этносов, включая казахского.

Интерес к проблемам семейно-брачных отношений напрямую связан с уникальностью данного социального института. Не только демографическая значимость, но и сохранение стабильности брака становится темой государственной важности. Свидетельством тому может служить проект стратегии современной гендерной политики, разработанной Национальной Комиссией Казахстана по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан совместно с Правительством республики, а также поручение главы государства Н.А. Назарбаева о разработке общенационального плана мероприятий по укреплению семейных отношений, морально-этических и духовно-нравственных ценностей в Республике Казахстан на 2015-2020 годы [1].

Этой же цели служит инициированный Лидером нации в 2013 году новый праздник – День семьи, который отмечается повсеместно в республике каждое второе воскресенье

сентября. Целью праздника, как подчеркивается в соответствующем Указе главы государства, является обращение внимания общественности стран на многочисленные проблемы семьи. «День семьи подчеркивает важность семьи, как основной ячейки современного общества, существенно влияющей на социально-экономическое развитие любого государства, включая демографическую политику», – отмечается в Указе [2].

Поэтому исследование факторов стабильности и конфликтности браков, мотивов и причин разводов, судеб детей и подростков в неблагополучных семьях, является одной из важнейших задач многих общественных наук, включая этнологию, социологию, демографию, юриспруденцию, психологию, педагогику.

В стабильном развитии семейно-брачных отношений необходимо учитывать влияние следующих значимых факторов: социального, этнического статуса супругов, среды проживания, материального положения, уровня культуры и образования, нормы поведения. Они зависят от возможностей членов семей, их человечности, ответственности. Как правило, семья в качестве фундаментальной ячейки общества играет важную роль в социальном, общественном развитии. Поэтому взаимоотношения между членами семьи основываются на особых обязательствах. Такое содержание определяется различными функциональными детерминантами, которые многогранны: а) они напрямую связаны с обществом; б) имеют ярко выраженную социальную направленность; в) благодаря им не только осуществляется, но и обеспечивается многообразная жизнедеятельность семьи, направленная на ее полное функционирование.

Перечисленные выше положения, осуществляемые в сфере семейной деятельности, имеют не только общественную, но и индивидуальную направленность. В зависимости от объективных и субъективных факторов, прежде всего половозрастного, психофизиологического состояния индивидов, основных этапов семейной жизни, обеспечения полнокровной ее жизнедеятельности, а также других ее составляющих, конкретные функции семьи могут расширяться или сужаться, выступать главными или вспомогательными. В то же время многочисленные функции семьи, которых более десяти, находятся в постоянном взаимодействии и нарушение деятельности некоторых из них может привести к общей дестабилизации семьи [3, с. 23].

К числу основных функций семьи, без которых невозможно представить ее полнокровное существование, можно отнести следующие: репродуктивная, воспитательная, хозяйственно-экономическая, культурно-досуговая, эмоциональная, сексуальная. Среди них важнейшими являются четыре – потому что, на наш взгляд, они являются определяющими в жизни семьи, включающими в себя все то общее, что присуще почти всем семьям, тогда как все остальные функции – производные или подчиненные им. С другой стороны, семья как жизнеспособный социальный организм может осуществлять свою полнокровную деятельность лишь при едином взаимодействии всех основных ее функций.

Например, репродуктивная направлена на биологическое воспроизводство общества, а также удовлетворение потребностей супругов в детях. Главной целью воспитательной функции является социализация молодого поколения, прежде всего удовлетворение потребностей в родительстве, контактах с детьми и их воспитании, самореализации в детях. Хозяйственно-экономическая функция нацелена прежде всего на поддержание физического здоровья членов общества и получение хозяйственных и материальных-бытовых услуг одними членами семьи от других, в первую очередь, несовершеннолетними и нетрудоспособными ее членами.

Естественно, значительное место не только в жизни семьи, но и общества принадлежит культурно-досуговой функции, которая способствует не только духовному развитию членов семьи, но и полнокровному обеспечению рационального досуга, развлечения, отдыха и т.д.

Несомненно, на стабильное и полнокровное функционирование семьи оказывает непосредственное влияние образовательный уровень супругов. Для подтверждения данного фактора, приведем показатели по рассматриваемому нами региону. По сравнению с 1989 г. значительно возросло количество обучающихся. Так, за годы суверенного развития нашей

республики в южном регионе несколько раз увеличилось количество учебных заведений, в том числе средних специальных и высших учебных заведений. Например, по данным Института экономических исследований ERI на 2 сентября 2014 г. в Южно-Казахстанской области функционировали 65 колледжей и 12 высших учебных заведений: среди них Южно-Казахстанский государственный университет имени М.О. Ауэзова, Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Академический инновационный университет, Южно-Казахстанская государственная медицинская академия, инженерные, музыкальные и педагогические вузы. Аналогичные показатели по Жамбылской области составили соответственно 49 и 5, Алматинской – 40 и 3, по Кызылординской – 23 и 4 [4].

В Послании Лидера нации к народу Казахстана в 2005 г. было подчеркнуто: «Страна, не умеющая развивать знания, в XXI веке обречена на провал. Мы должны сформировать кадровый задел для высокотехнологичных и наукоемких производств будущего. Без современной системы образования и современных менеджеров, мыслящих широко, масштабно, по-новому, мы не сможем создать инновационную экономику.

Необходимо принять адекватные меры, направленные на развитие технического и профессионального образования на всех уровнях.

Задача казахстанских вузов – предоставлять образование на уровне мировых стандартов, а дипломы ведущих из них должны быть признаваемы в мире. Они обязаны это сделать.

Мы должны гарантировать каждому казахстанцу реальную возможность получения высшего образования.

В целях создания единой системы финансирования обучения студентов из бюджета поручаю Правительству увеличить объем предоставляемых образовательных грантов на 50% за счет числа образовательных кредитов» [5, с. 19].

Установление социального контроля над процессами обучения, воспитания и развития молодого поколения является одним из важнейших социальных функций общества. Жители нашей республики обладают необходимыми документами – дипломом, аттестатом, а также в соответствии с приобретенной специальностью находят свое место в социуме. Это должно содействовать повышению социального статуса человека.

Процесс образования способствует знакомству молодежи, возникновению общих интересов, к пониманию задач, стоящих перед ними. Равный уровень образованности супругов сближает их интересы, помогает верно оценить культурные и семейные ценности. Таким образом, образование является важнейшим фактором стабильности брака.

Осуществление перечисленных выше функций, направленных прежде всего на удовлетворение разнообразных потребностей членов семьи, полностью зависит не только от общества, но и, в первую очередь, от взаимоотношений всех членов семьи, а они, как известно, определяются степенью взаимного уважения, понимания, поддержки, помощи, сопереживания.

Таким образом, на стабильность браков влияют социальные, хозяйственно-экономические, материально-бытовые, культурно-образовательные, досуговые и пр. отношения. Из них особое место занимает экономический фактор, усиливший свое влияние со второй половины 1980-х гг. в связи с политикой перестройки. В начале 1990-х гг. в связи с переходом на рыночные отношения населения республики, сельские жители ощутили тяжелые последствия неустойчивого экономического фактора на семейно-брачные отношения. С переходом к рыночной экономике часть мужчин из числа молодого и среднего поколений потеряли источник постоянного дохода, что отрицательно сказывается на бюджете семьи. Данное негативное обстоятельство напрямую отразилось на стабильности браков, стало тяжелым испытанием для супружеских отношений. Во-первых, семьям стало трудно противостоять объективным и субъективным сложностям. Во-вторых, семейный кризис сильно отразился на семьях с низким образовательным уровнем, слабым социально-профессиональным статусом. Произошли изменения в традиционных социальных статусах супругов. Переходный период привел к усилению этих трудностей. Не все смогли с достоинством пройти данный этап, все это повлияло на сложившиеся отношения в браке и семье.

Түйіндеме. Баяндаманың басты мәселесі отбасылық-некелік қарым-қатынасқа назар аударылған, осы әлеуметтік институттың ерекшелігімен тікелей байланысты. Мұнда оның демографиялық маңыздылығына ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік маңызға ие отбасы тұрақтылықты сақтау қарастырылған. Отбасының әсері – репродуктивті, тәрбиелік, экономикалық, мәдени-тынығу, білім беруші қызметтері қазақстандықтардың отбасы-некелік қатынастардың тұрақтылығына әсер ететіндігі қарастырылады.

Резюме. В докладе основное внимание уделено проблемам семейно-брачных отношений, которые напрямую связан с уникальностью данного социального института. Показано, что не только демографическая значимость, но и сохранение стабильности брака становится темой государственной важности. Прослеживается влияние различных семейных функций – репродуктивной, воспитательной, экономической, культурно-досуговой, образовательной на стабилизацию современных семейно-брачных отношений казахстанцев.

ЛИТЕРАТУРА

1. Выступление Президента Казахстана Н.Назарбаева на церемонии награждения победителей Национального конкурса «Мерейлі отбасы» // Казахстанская правда. – 2014. – 20 сентября.
 2. Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2013 г. № 511 «О внесении изменений и дополнений в Указ Президента Республики Казахстан от 20 января 1998 года № 3827 «О профессиональных и иных праздниках в Республике Казахстан» // inform.kz/rus/article/2539336.
 3. Ганцкая О.А. Семья: структура, функции, типы // Советская этнография. – 1984. – № 6. – С. 16-28.
 4. Социально-экономическое развитие регионов Казахстана [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.economy.kz/analytics/968/9652> (дата обращения 02.09.2014 г.).
 5. Послание Президента Республики Казахстан 2005 г. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. – Алматы, 2005. – 97 с.
- Сведения об авторе:
1. Исаева Алия Исаевна. Кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора Кафедры истории Социально-гуманитарного факультета Казахского Государственного Женского Педагогического университета.
 2. Служ. тел.: 8-727-3799533; сотовый: 8-702-3988854.
 3. Название статьи: Роль семейных функций в стабилизации браков.

Ы.Қ. Мамекеева, аға оқытушысы,
С.С. Айтжанова, пед.ғыл.кандидаты, аға оқытушы,
Қ.И.Сәтбаев ат. ҚазҰТЗУ

САЛТ-ДӘСТҮРІН СҮЙЕ БІЛЕТІН АЗАМАТ БОЛУ ҮШІН, ЕҢ АЛДЫМЕН, ТӘРБИ – ТАНЫМНЫҢ КӨЗІ – ПАТРИОТТЫҚ САНА

Ата заңымызда және басқа да маңызды құжаттарды айқындағандай жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, білім алуы және жан-жақты жетілуі, ана тілің, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтауы, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру – мемлекеттік саясаттың негізгі тармағы болып табылады.

Білім беру – ұлтық сапаны қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралы ретінде мынадай басты төрт функция атап көрсетілді: таратушылық (этникалық-ұлттық қоғамдастықтың тұтастығы мен жаңғыруын қамтамасыз ету); дамытушылық (ұлтық сананы қалыптастыру және дамыту); саралаушылық (адамның, этникалық топтардың ұлттық-мәдени қажеттіктерін айқындау); ытымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, өзара кірігуін, өзара байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесіне байлауын қамтамасыз ету).

Білімді адам ғана тарихи және мәдени дәстүрлерді ұстана алады. Ол өзінің белгілі бір қауымдастық пен халыққа қатыстылығын сезінеді, оның бойында мәдени қажеттіліктер:

адамгершілікке, ойлы іс-әрекетке, сұлулыққа, жоғары- рухани бастауларға құлшыныс қалыптасады.

Тұлғаның туған тілі мен төл мәдениетін терең біле отырып өзге тілді меңгеруі, көп мәдениетті тануы – бұл оның рухани дамынуының кепілі бола алатындағын айғақтайды. Шын мәніндегі Қазақстан патриоты қай ұлттың болсын азаматынан өзіне тең тұлғаны көреді.

Патриоттық сананы қалыптастырудағы негізгі міндет – патриоттық құндылықтарға саналы оң қарым-қатынаст қалыптастыру, Отандық: Қазақстанның мәдениетін, тарихын, фольклорын, салт-дәстүрін сүйеге және құрметтеуге тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді білуді насихаттау, елдің жетістіктері үшін жауапкершілік пен мақтаныш сезімін дамыту болып белгіленеді.

Тәрбиенің ғылыми-теориялық негіздегі аспектілерін объективті түрде танытатын қоғамдық орын – мектеп. Тәрбиелік таным отбасында ата-ананың тәрбие мәдениеті мен әлеуметтік жағдайына, өмірге деген көзқарасына қарап танылатын болса, қоғамдық ортада мектепке дейінгі мекемелерден бастап, жоғарғы оқу орындарына дейін әдептілік – әдемілік, этика-эстетикалық танымы, салауатты өмір салты, ұлтжандылық, отаншылдық, қарым-қатынас мәдениетінің таным көздері тағылымтану мен тұлғалық таным аясында меңгертіледі. Жас ұрпақты тәрбиелеу проблемаларына көңіл бөлуді күшейту, Қазақстан Республикасында балалар мен жастарға тәрбие беру міндеттерін шешудегі тәрбие үдерістеріне барлық субъектілердің іс-қимылдарын келістіруді ұсынады.

Сондай-ақ, рухани-адамгершілік негізінде өзінің міндеттерін түсінетін және қабылдайтын, өмірді және өзін, өзінің іс-әрекеттерін рухани-адамгершілік нормалары тұрғысынан дұрыс бағалауға қабілетті толық тұлғаны тәрбиелеу, өзін-өзі, өзінің қабілетін, рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану жолдары айқындалады. Тәрбиенің басым бағытының берілуі, тұлғаның өз ұлтының, халқының лайықты өкілі, өз тілін, тарихын, адамгершілік, рухани, отбасылық, еңбек дәстүрлерін тасымалдаушы ретінде қалыптасуына жағдай жасау, өскелең ұрпақты туған жерін сүйіспеншілік рухында, үлкендерді сыйлауға, табиғатқа құндылықпен қарауға тәрбиелеуге ықпал ету мәселелері бүгінгі күнгі тәрбие жұмысындағы қажеттіліктердің ең бастысы болып табылады. Ақыл-ой тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, еңбек және кәсіби тәрбие бағыттары бүгінгі күннің қажеттілігіне сай мазмұнды қамтитынын ескергеніміз жөн.

Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Қандай да бір ұлт өз алдына дербес өмір сүруден қалаларда ең алдымен ұлттық киімнен, бітім болмысынан, одан кейін салт-дәстүрінен жерітін көрінеді. Ең соңында өзінің ана тілін ұмытады екен. Ұлтымызға тән асыл қасиеттерді жастарымыз толықтай бойға дамытып, сүйекке сіңіре алмай отыр. Түрі қазақ, түсінігі басқа осынау ұрпақ кесірінен қазақ халқы бұрын-соңды болмаған рухани құлдырауға ұшырауда. Бүгінде жастар арасындағы жағымсыз әрекеттер көбейді, ата-аналарын қарттар үйіне, шараналарын жетімдер үйіне тастаудан шімірікпейтін жандар пайда болды. «Сүйекке таңба, бетке салық...» дейтін ұғымдарды мүлде жоғалтып алдық. Осылардан құтылудың негізгі жолы – уақыт тезінен өткен ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы халықтық педагогиканы жандандыру, уақыт тезінен өткен дала данышпандарының тәрбиелік қағидаларын, ұстанымдарын басшылыққа алу деп білеміз.

Өркениеттік азаматтық және тұлға аралық қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғы шарттар жасау болып табылады. Патриоттық қасиет – бұл адамгершілік тәрбиесінің негізгі бір тармағы, адам бойындағы негізгі құндылықтар болып табылады. Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады. Көне түркі даласынан заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттелген: «Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңгенді». Патриоттық құндылық ана сүтімен даритын ең киелі ұғым екенін түсінеміз.

Ғылыми деректерге зер салатын болсақ, патриотизм ұғымы XV ғасырдың басында француз халқының ұлттық бағыттары Жанна д'Арк ұлтының тәуелсіздігі үшін басқыншыларымен күресіп, өз Отанының дербестігін сақтап қалуды көздеген ұлы жеңістің нәтижесінде пайда болды десек, артық айтпаған болар едік. Басқа да елдердегі патриотизм де

француз еліндегідей сырттан келген жаулап алушыларға, әртүрлі жаман пиғылдарға қарсы күрес тұрғысынан сипатталады.

Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, үйлесімді жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Осыған байланысты ЖОО болашақ мамандарды дайындалуда оқу-тәрбие жұмыстарын жан-жақты толықтырып, халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгерімен сабақтастырып қайта қарап шығу, бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» жолдауында : «Оқушылардың қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, төкапарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптасуымыз керек», -делінген.

Отан сүю , патриотизм деген ұғымдар мектепке, үйге, жақынына, туған қаласына деген сүйіспеншіліктен басталады.

«Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, патриотизмге тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынадай іс-шараларға бөлуге болады:

- * Тілді құрметтеу;
- * Ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- * Елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- * Ата-бабалар өсиетін орындау;
- * Жер байлығы мен табиғатты қастерлеу.

Адам бойында патриоттық сезімнің қалыптасуына отбасы тәрбиесі әсер етеді. «Ел болам десең , бесігіңді түзе» - дейді ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері көп. Халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген адам сол елдің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтуы тиіс. Мектептер мен өзге де оқу орындарының басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарды игеруге қабілетті, ғылым мен тәжірибе жүзінде терең білім ала отырып, жеке тұлға болып қалыптасуға дайын ұрпақ тәрбиелеу.

Жастарымыздың бойында елжандылық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдерді жан-жақты жетілгенде ғана Қазақстандық патриотизм сезімі асқақтай түседі.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...». Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады. Жастардың ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылылығы, мәдениеттілігі, т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауды тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып өтелік.

Белгілі педагог К. Ушинский «Халықтың (этностың) тәжірибесінде педагог та жоқ, педагогика да жоқ» - дейді. Ал Аристотель «Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірибесіне сүйенеміз» деп жазады.

Жастар бойында ұлттық патриотизмді дамыту әр мектептегі, ЖОО-дағы мұғалімнің , оқытушының тәрбиесінің де маңызы зор.

Өткен ғасырдағы көрнекті ағартушы-педагогтарының, соның ішінде Ш.Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсаринның, халық қаһарманы Б. Момышұлының шығармалары, ой-тұжырымдамалары жастарды тәрбиелеуде үлкен ой тастайды.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Ж. Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. Ол мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсат осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» деген екен.

Ойымызды қорыта келе, құрметті ұстаздар қауымы. Бала бидің сөзін естеріңізге түсіргім келеді:

«Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім,

Судан терең дегенім – оқу-ғылым, Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі, Көктен биік дегенім – шәкіртің көңілі!» - осы ойды дамытуда ақиқат шындықпен іштей бірлік тауып, үйлесімді жұмыс жүргізілсе, сіз жүргізген тәлім-тәрбие, білім нәтижелі болмақ. Ұстаз үшін еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ!!! Қазіргі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Білім тіл арқылы беріледі, ол адам баласын өркениетке жеткізтін ұлы күш.

“Тегінде, адам баласы адам баласына ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады” ұлы ақын Абайдың сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімді адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады, ал осы озаттардың дамып, қоғамға пайдалы болғандары ана тіліне, жан ұясы, отанына деген махаббатынсыз көзге елестетерліктей де һәлге де жете алмайды. Бұл себепті адам баласының бесігіне арналған махаббаты – елдің көркеюіне жалғыз кілт болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Ғ.Тәжібаева. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. – Алматы: «Ғылым баспасы», 2003.
2. С.Ғ.Тәжібаева. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: «Ғылым баспасы», 2004.
3. С.Ғ.Тәжібаева, Г.И.Қалиева. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.

Abstract. The motherland is not a mere lump of earth. When we desire her progress, we have to promote the progress of the people who dwell therein... ©Sri Sathya Sai Baba

Obviously, position and success of any country in worldwide arena is defined by its entire parts such economics, science and infrastructure, therefore individual development of every inhabitant is incomparably significant, because they make up all these factors mentioned before. It would seem ridiculous, if it was not true, but this will make a sense only when people love and respect their homeland, when they speak their language and cherish their culture!

Резюме. Родина, по задумке своей, не просто большой участок земли и, если мы хотим, чтобы она таковой оставалась, неотъемлемым фактором является развитие каждого её жителя... ©Сатья Саи Баба.

Роль каждой страны во всем мире определяется уровнем развития ее экономики, науки и инфраструктуры, именно по этой причине самосовершенствование ее граждан играет важнейшую роль, так как всё вышеперечисленное зависит, что не удивительно, от каждого проживающего в государстве. Следующее звучало бы неуместно, не будь это правдой, но прогресс людей в какой-либо сфере деятельности возможен лишь тогда, когда народ пропитан любовью к своей колыбели, когда он чтит и лелеет язык, традиции и культуру своих предков!

ФИЛОСОФИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ: ИДЕЯ «МӘНГІЛІК ЕЛ» И ИДЕОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

СЕКЦИЯ № 4

ДЕШТІ ҚЫПШАҚ КӨШПЕНДІЛІГІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Сатершинов Бақытжан Меңлібекұлы

философия ғылымдарының докторы, доцент

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

Бектенова Мадина Кенесарықызы, PhD докторант

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты

Ортағасырларда Шыңғысхан бастаған түркі-моңғол тайпаларының шапқыншылығы және Алтын Орда империясының салтанат құруы ең ірі тарихи айғақтардың бірінен саналады. Ерлік пен елдіктің үлгісін көрсеткен бұл дәуірдің көшпенді өмірсалтын жиырмасыншы ғасырдың отызыншы жылдарына дейін сақтап келген қазақ халқының тарихи санасынан берік орын алғаны анық. Мұның айшықты типтік көрінісі ноғайлы цикліндегі батырлар эпосынан байқалады. Қазақ халқының санасында «дала еркіндігінің алтын ғасыры» ретінде сақталып қалған бұл кезең немесе «алтын заман» шын мәнінде бүкіл еуразиялық көшпелі өркениеттің тарихи дамуындағы оның кульминациялық кезеңі, апогейі, шырқау шыңы еді. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап Ұлы дала ғана емес, бүкіл Шығыс барлық саладан, әсіресе ғылым мен технология саласынан алғанда Батыстан артта қала бастады.

«Бұл шапқыншылық пен Алтын Орда империясының құрылуы феноменін қайта бағалау оңайға соға қоймайды. Ол Еуразияның саяси картасын қайта жасап шыққандай болды және көптеген ғасырлар бойы бұл шапқыншылықтың жаңғырығы әлемдік тарихтың құлағында қалып қойғандай болды. Дүниетанымдық және идеологиялық түсініктердің кешенді жиынтығы ретіндегі шыңғысшылдық материалдық «әлемдік» тәртіпті өзгертіп қана қоймай, Еуразияны мекен еткен көптеген халықтардың қоғамдық санасында идеалдық және рухани тұрғыдан алғанда төңкеріс жасады» [1, 236 б.]. «Ясы» әдеттік заңдар жинағы және «Қарадан шығып хан болмайды!» деген императив Шыңғыс әулеті тұқымдарының саяси билігін заңдастырып берді.

Белгілі шығыстанушы В.П. Юдиннің пікірінше, «шыңғысшылдық түркі-моңғол халықтарының тарихындағы қайталанбас ерекше құбылыс емес. Кезеңдік және типологиялық тұрғыдан алғанда, мысалы, Оғыз туралы аңыздарды сонымен бір қатарға қоюға болады... Баяғы өткен замандарда даланы «оғызшылдықтың кернегені туралы да нық сеніммен айтуға болады» [2, 20-21 бб.].

В.П. Юдиннің еңбегінде Ноғай ордасы Дешті Қыпшақтағы «ең көшпелі құрылым» ретінде сипатталып, олардың бұрынғы дала еркіндігінің алтын ғасырын аңсап, қалалық бағдарға қарсы бағыт ұстанғаны айтылады [2, 55 б.]. Ноғай ордасының құрамындағы ру-тайпалар (маңғыттар) кейін көшпелі дәстүрді ұстап қалған қазақтардың Кіші жүзінің құрамына енді (Қасым хан мен Хакназар хан тұсында). Ал Қазақстанның оңтүстік шығысында

орналасқан, кейінірек қазақтың Ұлы жүзінің этнокомпонентін құраған ру-тайпалар арасындағы отырықшы және көшпенді бағдар ұстанған үрдістердің күресі бастапқыда Шағатай ұлысын, кейін Моғолстан мемлекетін ыдыратуға әкеліп соқты. Бұл туралы XIV ғ. ортасы мен XVI ғ. басындағы Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихына арналған зерттеу жазған К.А. Пищулинаның еңбегінде біршама терең

жазылған. Қазақтардың нағыз көшпелі халық екендігі осы өмір тәртібінен туындаған «қазақылық» феноменінен айқын аңғарылады.

Бұл феномен белгілі мәдениеттанушы Әуезхан Қодардың айтуынша еріксіз қалалық өмір мен исламның жаппай үстемдігіне қарсы реакция ретінде пайда болды [3]. Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның мемлекет ішінде ислам дінін кей жерлерде зорлықпен енгізген деген пікір бар. Күмәнді жолмен билік басына келген Өзбек (В.П. Юдиннің пікірінше, сол кездегі тарихи айғақ пен «өзі бек» деген антропонимдік семантика оның Шыңғыс тұқымынан екендігіне күмән туғызады) Жошы ұрпақтарын қудалағанымен, дінді жақтаған Шейбан тұқымдарына ерекше қолдау көрсеткен сыңайлы. Өзбек хандары шейбан әулеті мен қазақ хандары тұқай-темір әулеті арасындағы үздіксіз созылған қырқыстың себептерінің бірі осы династиялық күреспен қатар, дінге қатысына да байланысты болуы мүмкін. XVI ғасырдың басында сеидтерге сүйеніп Мәуреннахрда дербес мемлекет құрған Мұхаммед Шейбани қазақтарға қарсы «ғазуат» соғысын жариялап, бірнеше жорықтар жасағаны тарихтан белгілі. Алайда парсы жерінен келген ислам дінінің білгірі Фазлаллах ибн Рузбихан өзбектердің ханы Мұхаммед Шайбанидің тапсырмасымен қазақтардың дінін тексергенде, олардың мұсылман екендіктерін бекітіп, пәтуа шығарған. М.Шейбанимен Мәуреннахрға кеткен өзбектердің исламды жақтаушылар екендігін тарихшы Құрбанғали Халид те қостайды, алайда мәселенің екінші бір жағы олардың біржақты фанатизмінде де болса керек. Мұны өзбек хандары өздерінің саяси мақсаттарына жақсы қолдана білген.

Ислам діні отырықшылыққа бет бұрған туыстас түркі тілдес тайпалар арасында тез сіңісіп кетті. А.Н. Веселовскийдің пікірінше, қабылдап алу сол ортадағы өзіне ұқсастықтардың арқасында жүзеге асады немесе жеңілдетіледі. Бұл пікірлерді кеңестік атеистік дәуірдегі зерттеушілер іліп әкетті. Көшпенділік ортада өздерінің өмір сүру тәртібінде бейімделген дүниетанымдық жүйе - тәңірілік діні де ислам сияқты монотеистік жүйе болғанымен, бұған қарсылық көрсетеді деп түсіндірілді немесе М.М. Әуезовтің сөзімен айтқанда «көшпелі» әлем стихиясы пайғамбарларды керек етпейді [4, 59 б.] деген ой айтылды. Алайда мұндай жекелеген бірен-саран айғақтар дәстүрлі мәдениет пен әдебиеттен байқалатын жалпы исламдық сарынды жоққа шығара алмайды.

В.П. Юдиннің айтуы бойынша, шыңғысшылдықтың енуімен «тек материалдық «әлемдік» тәртіп қана емес, сонымен қатар, идеалды, рухани тәртіп те өзгерді... Шартты түрде идеялық-психологиялық «революция» деп атауға болатын Еуразияның көптеген халықтарының, ең алдымен көшпенділердің қоғамдық санасындағы идеологиялық және психологиялық

төңкерістің мықты болғаны соншалық, жаңа дүниетанымның қалыптасуына дейін әкелді. Шыңғыс ханның, оның тегі мен ата-бабаларының шығу тегі туралы аңыздар адамзаттың пайда болуы туралы мұсылмандық аңыздарға, сонысымен әлемнің мұсылмандық картинасына енгізілді... Бұл жағдайда біз жаңа діннің құралуы туралы сөз қозғауға негіз бар деп пайымдаймыз. Бұл дін моңғол-татар шапқыншылығы тудырған дүниетаным мен идеологияның құрамдастарының бірі болды. Дүниетанымдық және идеологиялық көзқарастардың бұл жаңа кешенін біз шыңғысшылдық деп атадық» [2, 14-17 бб.], деп атап көрсетеді бұл шығыстанушы-ғалым. Қазақ халқының этномәдениеті мен тарихи өзіндік санасындағы шыңғысшылдық әсерінің қазақтар арасында күні кешеге дейін сақталып келгенін теріске шығаруға да болмайды.

В.П. Юдин түркі-моңғол халықтарының тарихындағы шыңғысшылдықтың әсерін бірнеше айғақтармен бекітеді. Мысалы, ең бастысы «хан» титулының тек Шыңғыс тұқымдары – төрелерге ғана тиесілі болғандығы. Ал қара адамның хан болуы халықтың санасында заңсыз, тіпті моральға жат болып көрінетін. Сондықтан Әмір-Темір, Едіге сияқты күдіретті билеушілердің өзі өздері қойған номиналды хандардың атынан басқаруға мәжбүр болды, ал кейбір билеушілер, мысалы Алтын Орда хандары - Өзі-бек, Келдібек, Моғолстан хандары Тоғлық-Темір, Қызыр қожа, қоқандық хандар және т.б. өздерінің шығу тегі жөнінде төре тұқымымен байланыстырып аңыз ойлап шығаратын. Ортағасырлық Қазақстан тарихынан хабар беретін дерек - Мұхаммед Хайдар Дулати шығармасының өн-бойынан да осы

шыңғысшылдықтың рухы айқын байқалады. Дулатидің кейбір ата-бабаларының төре тұқымдарынның жоғары билікке құқығын номиналды пайдалана отырып, өздерінің нақты билік жүргізгендігі белгілі.

Қазақ халқының мемлекеттілігінің құрылуы еуразиялық көшпенділіктің дағдарысқа ұшыраған кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл кезең құдіретті Алтын Орданың ыдырап, оның бұрынғы иелігінде жекелеген дербес ордалар мен хандықтардың түзіліп, тегі бір түркі халықтарының тарихи қалауларына сәйкес өз алдына отау құрып, этностық құрылымдарға біріге бастаған дәуірі болатын. «Тарих-и Рашиди» мен өзге жазба деректерге сүйене отырып, еліміздің тарихындағы ең маңызды кезең және Қазақстан тарихы мен отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы ең өзекті мәселелердің бірі – төл мемлекеттілігіміздің қайнар көзі саналатын Қазақ хандығының құрылуының мәдени-тарихи алғышарттарын сипаттауға болады. Жәнібек пен Керей бастаған жұрттың қоныс аударуы және Керейдің хан сайлануы сияқты тарихи айғақтармен сипатталатын Қазақ хандығының пайда болу датасы қазақстандық медиевистикада осы уақытқа дейін әртүрлі пікірлер тудырып келеді.

Қазақ хандығы құрылуының бірқатар объективті алғышарттары болды. Оның терең рухани-мәдени алғышарттарын қарастырмас бұрын, бұл мәселеге қатысты XV ғасырдың ортасына қарай Шығыс Дешті Қыпшақта (көшпелі Әбілқайыр мемлекетінде), Жетісуда (Моғолстан мемлекеті) және Мәуереннахрда (Темір әулетінің мемлекеті) қалыптасқан саяси-этностық

жағдайға, ондағы династиялық (әулеттік) талас-тартыстар мен руаралық жанжалдарға терең тарихи талдау қажет.

Алғашқы қазақ хандарының Әбілқайыр ханнан бөлініп ауа көшуінің кейбір итермелеуші мотивтері жазба деректерде келтіріледі. Мысалы, Мұхамед Хайдар Дулати: «Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік жүргізетін. Ол Жошы тұқымдарынан шыққан сұлтандарға тыныштық көрсетпеді. Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып Моғолстанға бет алды» [5, 217 б.]. Әбілғазы бахадүр де осыны қостайды. Махмұд бен Уәли былай деп жазады: «Тұқай-темірдің кейбір ұрпақтары, мысалы, Керей хан мен Жәнібек хан бағынудан бас тартты. Олар ата-бабаларынан қалған елден безіп, Моғолстанға жолға шықты» [6, 352 б.]. Бұл сөздерден қазақ хандарының тікелей Дешті Қыпшақ хандарының ұрпақтары ретінде көрініп, көшу себебі Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін болған әулеттік күрестен туындағаны көрініп тұр.

Бұл күрес Шейбан (Жошының бесінші баласы) мен Тұқай-Темір (Жошының он үшінші баласы) ұрпақтары арасындағы бақталастық ретінде Алтын Орда ханы Бердібек тұсында Батудың тармағы үзілген кезеңнен басталады. Шейбан және оның ұрпақтары Батудың тұсында, кейінірек Өзбек ханның кезінде барлық Жошы тұқымдары қудаланған тұста ерекше артық жағдайға ие болды. Сондықтан да, Өтеміс-қажының айтуынша, өзбек-шейбанидтер осы артықшылықтарын есіне алып, мақтанатындығы белгілі [7, 92 б.]. XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың дағдарысы кезінде бұл әулеттің бірнеше өкілдері Саин тағына таласты. Ал Тұқай-Темір ұрпақтары 1359 жылы Бердібек хан қайтыс болғаннан соң Жошы ұлысының шығыс қанатында Орда-Ежен әулетін ығыстырып, билікті қолдарына алды [8, 57-75 бб.]. Бұл дербес мемлекеттің (Ақ Орданың) соңғы билеушісі Барақ Саин (яғни Алтын Орданың) тағына да отырды. Демек алғашқы қазақ хандарының арғы тегі Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікке бұдан бір ғасыр бұрын араласа бастаған, сондықтан олардың шейбанидтермен күресі заңды көрінеді. Барақ хан дүниеден өткеннен кейін осы территорияда өз мемлекетін құрған шейбан әулетінен шыққан Әбілқайырдың тұсында (1428 – 1468 жж.) Орыс хан ұрпақтарының 1457 жылға дейін ұстанған позициясы туралы мәлімет жоқ. Жалпы осы дәуірге байланысты жазба деректер өте аз. Прошейбанидтік бағыттағы Масғұд бен Кухистанидің «Тарих-и Абу-л Хайр-хани» еңбегінде Әбілқайыр ханға қарсы топтың ішінде бұлардың аты аталмайды.

Бұл кезеңге байланысты ақтандақтың орнын халық арасына тараған тарихи аңыз-әңгімелермен толықтыруға болады. Тарих ғылымында кеңінен қолданылмағанымен «даланың ауызша тарихнамасы» деген атпен белгіленетін бұл деректемелер тобына Ш. Уәлихановтың,

В.П. Юдиннің, А. Сейдімбектің берген бағалары көпшілікке мәлім. Қазақтың «Ақжол бидің өлімі», «Қодан тайшының жоқтауы», «Ноғай мен қазақ айрылысуы» сияқты ортағасырлық тарихи айғақтарды дәлелдейтін аңыздар, сонымен қатар ноғайлы дәуірі мен онан кейінгі кезеңге қатысты тарихи тұлғалар (әз-Жәнібек, Асан қайғы, Алаша хан және т.б.) туралы әңгімелер тенденциялық

сипатта жазылған жазба деректермен салыстырғанда шындыққа жақындығымен ерекшеленеді. Аңыз бойынша руаралық жанжал қара қыпшақ Қобыландының арғын Ақжол биді өлтіріп кетуінен басталады. Құн сұраған арғынның сұлтаны Жәнібектің талабын жоғары билеуші Әбілқайыр хан орындамайды. Мұның арты бірқатар тайпаның ноғайлы туысқандарымен айрылысып, ел-жұртынан ауа көшуімен аяқталады.

Демек, ата-бабадан қалған жұрттан безіп, бөтен елге, Шағатай нәсіліне көшудің бір себебі Әбілқайыр хандығында бұрынғы қалыптасқан далалық рулық демократиялық тәртіптің бұзылуымен де түсіндіріледі. Бұл жағдай жазба деректермен де дәлелденеді. Камал ад-Дин Бинаидің айтуынша «билік жүргізу мен сұлтандықтың жарғысы ескі тәртіпке сай келмей бұзылды» [9, 99 б.]. Жоғарыда келтірілген «Тарих-и Рашиди» және «Бахр ал-асрар фи минакиб ал-ахиар» шығармаларынан да осы тәріздес хабарлар ұшырасады және олардан Әбілқайыр ханның жеке билікке ұмтылғаны аңғарылады.

Хан билігінің беріктігі хан саясатының анағұрлым ірі рулардың мүдделеріне сай келу-келмеуіне байланысты екендігі көптеген мысалдардан көрінеді. Егер мүдделері сай келмей немесе құқы төмендетілген жағдайда вассалды рубасылары өзінің жұртымен үдере көшіп кететін немесе ашық қарсыласатын. Ол уақыттарда «ауып көшу» бағынбаушылықты білдіретін және көп қолданылатын қарсылықтың формасы болып табылатын еді. «Қазақ» сөзінің семантикалық мағынасы жөнінде ғылымда алуан түрлі пікірлердің орын алғанына қарамастан «қазақша өмір кешу» бағынбауды, еркін өмір сүруді білдіреді деген болжам қабылданған. Ортағасырларда «қазақшылық» институтының кең таралғаны жазба деректерден мәлім. Мысалы, Тоқтамыстың қазақтары, Ибақ ханның ноғай қазақтары, шейбанидтік қазақтар және т.б. Яғни Жәнібек пен Керейдің көші арқылы ғана этникалық мәнге ие болған «қазақ» термині бұған дейін саяси-әлеуметтік мағынада қолданылған. Сонымен хандықтың құрылуы мен халықтың қалыптасуы тарихындағы көп нәрсені этнонимнің өзі айқындап тұр.

Енді хандықтың құрылуы мен бекуіне қалыпты ықпал еткен XV ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Мәуреннахрдағы саяси және мәдени жағдайларға тоқталайық. Әбілқайыр ханның қырық жыл бойы билік құрғанына қарамастан көшпелі өзбектер мемлекетінің ішкі саяси жағдайы берік болмады. Алайда Әбілқайыр хан 1457 жылға дейін өз ішіндегі оппозициялық топтың (Сейтек-хан, Айбақ хан, Бүреке хан, Мұса, Жанбыршы, Аббас бектер, Мұстапа хан) әлсіз қарсылықтарын басып тастап, көрші елдердегі саяси тұрақсыздықты пайдаланып, сыртқы экспансия арқылы мемлекетінің территориясын едәуір кеңейтті. Ұлықбек әскерін Сығанақ ауданында Барақ хан тас-талқан етіп жеңгеннен кейін Мәуреннахр билеушілері ұзақ уақыт бойы қорғаныс позициясын ұстанып, қырға қарай ешқандай жорық әрекетін ойластырған жоқ. «Тарих-и Абу-л Хайр-ханида» шейбанидтердің Хорезм мен Сыр бойы қалаларын алуға толық құқы бар екендігі, сондай-ақ Сұлтан Құсайын мырза, Мұхамед Жөкі мырза және т.б. тимуридтік «қазақтарды» өзіне паналатып,

олардың өзара қырқысында қазы рөлін атқарғаны баяндалады. Масғұт бен Кухистанидің сөздерінен Әбілқайыр хан Темір ұрпақтарының патроны, ал олар оның вассалдарына айналды деген идеологиялық мәндегі ұлыдержавалық ой-пікірді ұғуға болады [10, 149-151 бб.]. Ал, Жәнібек пен Керейді шағатайлықтардың паналатуына қарағанда Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан арасында одақтық қатынас болмаған. 1457 жылы Көк кесене түбінде (Қызылорда обылысы Жаңақорған ауданы Қожамберді ауылы) Әбілқайырдың Өз-Темір тайшы бастаған ойрат әскерінен оңбай жеңілуі мен «қазақтардың» жаппай қоныс аударуы салдарынан бұл мемлекет көп ұзамай ыдырай бастады.

Мәуреннахрда 1447 жылы Ұлықбек өлтірілгеннен кейінгі Темір ұрпақтары арасындағы билік үшін күресте Мираншахтан тарайтын Әбу Сейіт мырза 1451 жылы жеңіске жеткенімен

саяси жағдай тұрақтамады. Ақсақ Темірден қалған империяны сақтап қалу үшін Әбу Сейіт екіжақты соғысуға мәжбүр болды. Шығысында Моғолстан ханы Есен-бұғаның тонаушылық жорықтарына қарсы өзіне келіп паналаған оның туған ағасы Жүніс-ханды пайдаланса, өзі батысында Хорасанға көз салған Қара Қойынлы әулетінің (Әзірбайжандағы батыс оғыздық әулет) билеушісі Шах-Жаханға қарсы соғысты.

Сол сияқты Жетісу мен Қашқарда орналасқан Моғолстанның да саяси жағдайы бірқалыпты болмады. Моғолстан біріктірген аудандар табиғи-географиялық жағдайы, экономикасы және тарихи даму барысындағы этногенетикалық және мәдени байланысы жағынан әрқелкі [11] болғандықтан шағатайлық Есен-бұға ханға (1423-1462) билікті ұстап тұру оңайға түскен жоқ. Бұл ханның қазақтарды «ілтисиппен қабылдап, оларға мемлекеттің батыс бөлігінен Шу мен Қозыбасы өңірін беруінің» өзіндік себептері болды. Оған тайпа басылары және әмірлермен қатар, билікке таласқан туған ағасы Жүніс-хан Темір әулетіне сүйене отырып қарсы шықты. Сондай-ақ XV ғасырдың басынан басталған Жетісу мен Моғолстанның басқа да аудандарына ойраттардың шабуылы үдей түсті. XV ғасырдың 50-жылдары билеуші Исан тайшы біріктірген ойраттардың шабуылына Қашқарда өзара қырқыстармен айналысып жүрген Есен-бұға ешқандай қарсылық көрсете алмады.

Осындай қиын кезеңдерде көшіп келген қазақтарды ол батыста Жүніс-хан мен Темір ұрпақтарына қарсы пайдаланбақ болған, шынында 1462 жылы Есен-бұға қайтыс болғанға дейін батыс өлке тынышталды. Сонымен бірге қазақтарды әскери күш ретінде ойраттарға да қарсы пайдаланған. Жәнібек қазақты Қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда біз қалмаққа не көрсетпедік» [12, 31-33 бб.] деген халық аузындағы сөз де осыны дәлелдесе керек. Ұлы Абай бұл халық аузындағы сөзді «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралысында» осы кезеңмен байланыстырады.

Осылайша, Орталық Азиядағы саяси-этникалық процестер шиеленісіп тұрған шақта, 1458 жылы Қазақ хандығының негізі салынып, өзінің этностық ауқымының кеңдігіне орай дереу күш ала бастады. Жәнібек пен Керейге

берілген «қазақ» атауы олардың қол астындағы халықтың этнониміне айналды және олар иемденген территория Қазақ елі деп атала бастады.

Алайда бұл тарихи айғақтың орын алуын тарихшылар әртүрлі этностық-саяси объективті себептермен түсіндіргенімен, оның мәдени астарларына көңіл бөле бермейді. Біздің пікірінше, «бұл инцидент пісіп-жетіліп тұрған өмірлік бағдар мәселесінің шешілуіне түрткі ғана болды. Қазақ тарихында аса маңызды орын алатын бұл ауа көшу прецедентінің орын алуының негізгі себептерінің бірі Алтын орданың күйреуімен сипатталатын еуразиялық көшпенділіктің жалпы дағдарысы мен батыстық отырықшы өркениеттің экспансиясы барысындағы «көшпенділік-отырықшылық» баламаларын таңдаудан келіп шығады». Қазақ халқының осы қалауы ауыр кезеңде ауа көшіп, жеке отау құрғанын мәдениеттанушы М.М. Әуезов көшпенді-отырықшы баламаларымен байланыстырады [4, 53 б.].

Вместе с тем, хочу подчеркнуть, что с момента обретения суверенности Республикой Казахстан проблемы национальной консолидации и межэтнической стабильности находились в центре внимания политического руководства Казахстана, прежде всего Президента РК,

Лидера Нации. Благодаря этому, сегодняшняя казахстанская модель межэтнического согласия получила высокую оценку в мировом сообществе.

Успешность национальной политики продиктована тем, что у ее истоков стоит именно Лидер Нации. Полиэтническое и поликонфессиональное общество Казахстана оценивает ее высоко, поскольку она всецело направлена на стабильность государства. Идея «Мәңгілік Ел» закрепляет основные нравственные, моральные, духовные и исторические ценности казахстанского полиэтнического и поликонфессионального общества, и этой уникальной модели построения нашего общества мы обязаны Президенту – Лидеру Нации.

Казахстан выстоял в годы кризиса и разрухи, сформировав свою государственность, благодаря не только талантливому, трудоспособному, но и толерантному народу, который на протяжении 24 лет своей независимости руководствовался фундаментальными ценностями, объединяющими единый казахстанский народ. «Эти ценности – опыт Казахстанского Пути, выдержавший испытание временем». [1,с.2] Глава государства отмечает 7 основных составляющих национальной идеи - «Мәңгілік Ел». «Во I-х, это

Независимость Казахстана и Астана. Во II-х, национальное единство, мир и согласие в нашем обществе. В III-х, это светское общество и высокая духовность. В IV-х, это экономический рост на основе индустриализации и инновации. В V-х, это Общество Всеобщего Труда. В VI-х, общность истории, культуры и языка. В VII-х, это национальная безопасность и глобальное участие нашей страны в решении глобальных и региональных проблем». [2,с.2]

Сохранение традиции толерантности в сознании казахского народа продиктовано многолетней историей проживания с другими этносами.

Как известно, после Октябрьской революции 1917 года в России на политической карте мира появился Союз Советских Социалистических Республик. В лице Советского Союза на карте мира появилось могущественное государство, под влиянием которого стали развиваться Союзные республики, в том числе и Казахстан.

На гостеприимной земле казахов в силу различных обстоятельств – это переселение русских и украинцев в годы присоединения Казахстана к России, начавшееся в начале XVIII в. и завершившееся в середине 60-х годов XIX столетия; и годы репрессий в период Советской государственности, и тяжелые годы Великой Отечественной Войны, когда также перманентно продолжалась депортация многих народов Кавказа, Закавказья и Поволжья - оказались представители более 130 этносов.

Исторически сложившаяся общность этносов в Казахстане прошла испытание временем, сложности транзитного периода не смогли нарушить межэтническое и межконфессиональное согласие, которое было выстрадано нашим народом, пережившим насилие, сталинские лагеря, голод, депортации, репрессии. Мы научились сочетать свои национальные интересы с многообразием социальных и государственных интересов. Председательство нашей страны в ОБСЕ, за которое единогласно проголосовали все 56 стран Организации, свидетельствует о заинтересованности мирового сообщества темой межэтнических отношений в Казахстане, который выстроил собственную модель межнационального согласия.

Достаточно высокий уровень межэтнической толерантности обусловлен так же высокой духовностью и образованностью казахского народа. Отметим, что в Центральной и Средней Азии казахстанский народ является наиболее грамотным и высокообразованным. И это можно рассматривать в качестве конкурентного преимущества Современного Казахстана, в котором обеспечены межэтническое и межконфессиональное согласие. Именно Казахстан на постсоветском пространстве избежал сегодня межэтнических столкновений.

Как известно, большинство современных наций в практике национального строительства представляют собой в основном полиэтнические общества. Это относится и к Казахстану, на территории которого в мире и согласии проживают представители более 130 этносов, 17 конфессий и множества национальных культур. В этой связи, возникает вопрос о том, как и каким образом можно достичь мира и согласия, гармонии и стабильности? Ведь у каждого этноса, у каждой религии есть своя специфика, особенности и свои интересы.

Население Казахстана сегодня насчитывает около 18 миллионов человек, а среди религиозных конфессий доминирующими являются ислам и православие. Преобладающими этносами являются казахи (70%) и русские (около 28%). Поэтому от согласия между ними в большой степени зависит стабильность общества.

Представляется, что одним из главных факторов консолидации казахстанского общества является национальное строительство. При этом основой этого процесса являются процессы формирования национальной идентичности и национальной интеграции.

Если коротко резюмировать результаты всевозможных социологических исследований, проведенных в Казахстане с 1991 года, то можно констатировать, что общественное сознание казахстанцев разделяет убеждение о том, что формирование общекзахстанской идентичности может происходить на поликультурных основаниях.

Как показывает практика в государственно-национальном строительстве Казахстана сегодня существуют две основные стратегии и две модели межэтнического общения. В соответствии с первой моделью формирование единой казахстанской нации возможно на основе общности единого гражданства, под которой понимается высокий уровень гражданской самоидентификации. Вторая модель направлена на построение единой нации, но с учетом особой роли казахской нации как государствообразующей. Это означает, что в национально-государственном строительстве фундаментом культуры казахстанского общества является казахская культура.

Уже в период практики советской государственности национальная политика Советской власти стремилась представить советские союзные республики как национальные государства в рамках конфедеративного союза. Поэтому, начиная с 1991 года все этносы Казахстана стали консолидироваться в единую политическую общность вокруг казахстанского народа и его культуры.

Вместе с тем, исторически и генетически символы казахского народа стали восприниматься всеми этносами Казахстана в качестве государственных символов, а этноним «казах» стал названием всего полиэтнического сообщества Казахстана. Известно, что символы казахского народа, а именно: юрта, музыкальные инструменты, народная культура, исторические деятели, начиная от казахских батыров, акынов и жырау, вплоть до репрессированных деятелей партии «Алаш» воспринимаются всем этносами как символы государственности и делают политическое сообщество индивидов более устойчивым в социальном времени и в пространстве. И сегодня мы являемся свидетелями формирования новой, единой, модернизированной политической общности, созданной из представителей различных этносов, которую мы называем казахстанцами или казахстанским народом.

Как и в большинстве новых независимых государств постсоветского пространства, национальное строительство в Казахстане было направлено на формирование гражданской нации вокруг ведущего этноса. Таким этносом, конечно, явился казахский народ. Национальное строительство на основе гражданской концепции нации, как известно, предполагает идентичность человека, прежде всего с государством, основными элементами которого являются территория, население и государственная власть. Это и есть политическое сообщество. И это важно! Ибо государство предоставляет человеку дом, кров, образование, Родину, то есть, то без чего человек не мыслит свое существование. Человеческие индивиды, разделяющие общую для них национальную идентичность, будут стремиться действовать как одно целое. Благодаря этому, индивиды воспринимают государство, его территорию как отчий дом, как родную землю.

Разумеется, в политических обществах каждая этническая группа имеет свою систему этнических и культурных символов. Как в таких случаях оказывается возможным формирование нации, вокруг каких символов происходит их консолидация?

В самой природе полиэтничности и поликонфессиональности казахстанского общества содержатся позитивные моменты. Речь идет о процессах обогащения духовности через взаимовлияние различных культур. Духовность этноса – это наиболее значимая составляющая культуры. Этносы могут заимствовать друг у друга элементы не только материальной, но и

духовной культуры. Следует констатировать, что моральные установки казахского народа, регламентированные в нормах обычного казахского права, приобрели особый статус в системе межнациональных отношений. Почтительное отношение к старшим и обычаи гостеприимства, житейская мудрость и милосердие, характерные особенности культуры казахского народа, стали сущностью менталитета и компонентов культуры всех этносов, проживающих в Казахстане.

Согласие – не состояние, данное нам свыше, это каждодневная забота и усилия государства и всех структур гражданского общества. Поликультурная политика в Казахстане носит гуманный и правовой характер: действует Конституция, гарантирующая равные права и свободы всех граждан. Ратифицирован и применяется ряд международных правовых документов, регламентирующих отношение к этническим группам. На сложившуюся ситуацию в межэтнической сфере оказали влияние многие факторы, в том числе толерантность, свойственная казахскому народу и другим представителям национальностей, проживающих в стране. Путем поощрения различных форм диалога, а также усиления взаимных связей и отношений между людьми углубляется осознание взаимозависимости и взаимной ответственности, формируются убежденность и патриотизм. Главным условием этих процессов является недопущение политизации этнокультурного развития.

Благодаря общности социальных и духовных ценностей, общности исторической судьбы, общности в потребности сохранения и развития языка

и культуры, общности в необходимости выживания пришло осознание доминанты общности в противовес эгоцентризму. В настоящее время представители всех слоев и этнических групп казахстанского общества решают общие для них проблемы, носящие социально-экономический характер. В этнокультурной сфере это, прежде всего, сохранение и развитие родного языка и национальной культуры, воспитание гражданина-патриота как главная цель воспитания в целом, взаимообогащение культур и интеграция.

Единство, многообразие, конкурентоспособность – три базовых принципа государственной национальной политики Казахстана. Ее результат – мир, стабильность, благополучие, единство народа, которые являются главным достоянием и богатством казахстанского общества. В этом значение Ассамблеи народа Казахстана, позитивный опыт который активно изучается мировым сообществом.

Сегодня в нашей республике путем сбалансированной государственной национальной политики реально развивается поликультурное многообразие как важнейший фактор общественного развития. Этническое и конфессиональное многообразие Казахстана является его стратегическим потенциалом. «К единству – через многообразие» - такова формула межкультурного диалога и межэтнических отношений, составляющая основу государственной национальной политики.

Этническое, конфессиональное, культурное, языковое многообразие являются нашим бесценным богатством. Наше государство целенаправленно создает все условия для развития культуры и языков этносов Казахстана. Важнейшими ценностями нашей нации стали толерантность и ответственность.

Государствообразующая же роль казахского народа состоит в его национальном и территориальном суверенитете на исконно принадлежащей ему территории. Казахский народ своей толерантностью, доброжелательностью, гостеприимством на деле доказал свое историческое право возглавить процесс формирования национального единства, не ущемляя другие этносы, которые с пониманием, как собственную, должны принять патриотическую формулу «Мәңгілік - Ел».

ЛИТЕРАТУРЫ

- 1.1. Казахстанская правда №11 (27632) 18.01.2014г.
- 2.2. Казахстанская правда №11 (27632) 18.01.2014г.

Түйіндеме. Мақалада ұлттық идеясын құрайтын, негізгі құндылықтар қаралған. Қазақ халқының санасында төзімділік дәстүрін сақтау және басқа да этникалық топтардың өмір сүретін ұзақ тарихы

туындап отыр. Жоғары рухани этникалық төзімділіктің жоғары деңгейде болуы, қазақ халқының білгірлігімен байланысты. Бұл этникалық және конфессияаралық келісімін, қазіргі Қазақстанның бәсекеге қабілетті артықшылығы ретінде қарастыруға болады. Ұлттық саясаттың табысты болуы, ол Ұлт көшбасшысынан бастау алып отырғанында. Ол мемлекеттің тұрақтылығын жоғары бағалайды, өйткені Қазақстан көпұлтты шоғырланған және көпконфессиялы қоғам. «Мәңгілік ел» идеясы негізгі этикалық, моральдық, рухани және тарихи Қазақстанның көпұлтты құндылықтары мен көпконфессиялы қоғамын нығайтады, сондай-ақ осы бірегей моделі қоғам құру Ұлт көшбасшысы - Президент алдындағы біздің міндет.

Abstract. The article considers the fundamental values of the national idea. Saving tradition of tolerance in the minds of the Kazakh people is dictated by a long history of living with other ethnic groups. Sufficiently high level of inter-ethnic tolerance is due to the same high spirituality and education of the Kazakh people. This can be seen as a competitive advantage of modern Kazakhstan, which provided with ethnic and religious harmony. The success of the national policy is dictated by the fact of the Leader of the Nation. Multi-ethnic and multi-confessional society of Kazakhstan highly appreciates it because it is entirely focused on the stability of the state. The idea of "Mangilik El" sets out the basic ethical, moral, spiritual and historical values of Kazakhstan's multi-ethnic and multi-religious society, and this unique model of building our society, we are obliged to the President – the Leader of the Nation.

К.Б. Айтжанова,

философия ғылымдарының магистрі, Орталық Азия Университеті, Алматы.

ЕЛ ТҮТАСТЫҒЫН САҚТАУДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ

Ел болу мәселесі, ұлтты сақтау, жерді, туған атамекенді қорғау мәселесі қазақ халқы үшін қашанда тарихи даму тұрғысынан маңызды болып келе жатқаны белгілі. Осы аталған мәселелер ешқашан да күн тәртібінен түскен емес. Олар әр түрлі тарихи кезеңдерге байланысты көкейкестіленіп, қоғамдық ой-сананың өзегіне айналып отырған. Бүгінде осы мәселелер тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алдында тұр.

Әрбір мемлекеттің, ұлттың алға қадам басуы, дамуы, тұрақтануы үшін әрине оның арман - мұраты, идеясы, идеологиясы болуы шарт.

Қазақтың ұлттық мүддесі не? Ұлттық мүдде – ұлттық құндылықтар. Құндылықтар ұлтқа берілетін анықтаманың әр параграфынан құралады: атамекені, ана тілі, қалыптасқан ділі, діні, ортақ салт-дәстүрі, төл әдет-ғұрпы, тарихы. Ұлттық идея – ұлттық құндылықтардың жаһандастыру дәуірінде қауіпсіз өмір сүре алатын жағдайын көксеген мұраттың көрінісі. Ұлттық идея – талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш – қайғысымен сараланған рухани дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы.

Н.Ә. Назарбаев айтып өткендей немесе қазақ тарихынан біз білетіндей ұлттық идеяның негізгі ұстыны ұлттық құндылықтыр (дін, діл, салт – дәстүр, тіл) екені айдан анық. Оларды талдап жазатын болсақ:

- а) ұлттық мемлекет;
- ә) дәстүрлі дін;
- б) мемлекеттік тіл;
- в) ұлттық діл;

Ұлттық мемлекет – еліміздің негізін құраушы, ұйыстырушы қазақ ұлты және қазақ ұлтының қалыптасқан тарихи мекені болғандықтан міндетті түрде қазақ ұлтының мемлекеттігі орын алуы шарт. Мұны Елбасымыз: «Қазақ халқы Қазақстанда мемлекеттің негізгі құраушы этносы болып табылады, сондықтан ол басқа этностардың алдында жауапкершілікті өз мойнына алуы қажет, ал басқа этностар оған түсіністікпен қарауы керек». Сонымен қатар: «Қазақ халқы – сол ұлттық диаспоралардың, ұлттардың жарасымды өмірлеріне ұйытқы болатын, ұйытқы болуға тиіс бірден – бір тірек ұлт» - деп атап өткен болатын.

Дәстүрлі дін – халқымыздың сонау ғасырлар елегінен еленіп, екшеліп өткен дәстүр, ғұрып, дүниетаным, наным - сенімнің ислам дінімен астасып, біртұтас қазақ халқының дәстүрлі ислам дінін құрауы. Яғни, түркі дәуірінен бізге мұра болып келе жатқан қазақ даласында орын алған, далалық ислам. Бұл турасында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың түркі жұртының орталығы Түркістанда 2002 жылы Дүниежүзі қазақтарының

Екінші құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Ел бірлігі туралы сөз болғанда, біз өз дініміз – исламға тоқталмай кете алмаймыз. Біз бұл арада исламның тарихи тұрғыда қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі жұртының қалыптасуына игі ықпал жасағанын тілге тиек етпекпіз. Діннің тұтастығы – қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны белгілі. Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі - данышпан бабамыз Ахмет Ясауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырды. Ясауидің тікелей жанқиярлық еңбегінің арқасында ғана қазақ тайпаларының ұлттық ортасында Ислам канондары мен далалық дәстүр үндестік тапты. Осы дәстүрмен мінекей ата бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүр мен дүниетанымымызға сырттан келіп түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз» - деп қадап айтқан [1].

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің тарихи отаны, мұрагері, негізгі құраушы этносы қазақ ұлты, сондықтан мемлекеттік тіл – қазақ тілі алға қойылуы қажет. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің бір факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі болып табылады.

Тіл ұлттың қорғаушы құралы іспетті. Мұны Жүсіп Баласағұн: «Адамға екі нәрсе тірек тегі, бірі тілі, бірі ділің жүректегі» - десе, Л.Н.Толстой: «Тіл – ұлттың жан дүниесі. Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі» - дейді. Ал Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілді ұмыту бүкіл ата-бабаларымызды, тарихымызды ұмыту» - деп айқын айтқан. Яғни тіл ұлттардың қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар сол ұлттың бейнесі, мәні, дүниетанымы, ойлау жүйесінің тереңдігі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын тарихи біртұтастық, мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайында мәңгілік біріктіретін ең сенімді құралы. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, отанымызды танып білеміз. Халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр емес пе?

Ұлттық діл – тарихы сонау иен даламен астасып жатқан қазақ халқының ұлттық ділі, менталитеті сол өзі өмір кешкен ұлан ғайыр дала іспетті қалыптасқан. Жайдары жайсаң мінез, кеңпейілділік, төзімділік, қонақжайлылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты толып жатқан адамгершілік, этикалық принциптер орын алған. Сонымен қатар, тек қазақ халқына ғана тән «ЕЛДІК САНА» принципі, яғни әр адамның елдік деңгейде (бірінші орынға жеке өз басының мүддесін емес, керісінше, халықтың, елдің мүддесін) ойлауы. Міне осындай ерекше менталитет яғни өзіне ғана тән қасиеттер негізінде қазақ халқы бүгінгі таңда елімізде орын алып отырған көптеген этностар мен ұлыстарды бөліп-жарып қарамай, саяси құқықтық тұрғыда тең дәрежеде санап, төзімділік танытып, олармен ымырагершілік пен түсінісушілікке келіп отыр. Бұл қазіргі кездегі қоғамда саяси тұрақтылық орнатуда еліміздің ұстанып отырған басты саясаты.

Бұны Елбасымыздың сөзінен де көруге болады: «Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Және де мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттігін айқын түсінуі керек» [2].

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы тағы бір данамыз Асан қайғының осы тектес идеясымен де астасып жатыр. Бұл - «Жерұйық» идеясы. Бұл да - өте терең, ғажап идея. Халқының болашағын ойлап, қам жеген ойшыл қазақтың кең даласын шарлап, адамға да,

малға да жайлы, жұмақ болар жерді іздейді. Сол жерде қазақ халқының жаңа ордасын құруды мақсат етеді. Өзі де соған атсалысады. Ондай жерді жау алмайды, малға жұт келмейді. Шөбі шүйгін, суы мол жер. Ол елде жұрттың бәрі тең, бәрі шат-шадыман тірлік кешеді. Ел аласы, ру таласы болмайды.

«Мәңгілік Ел» идеясы, кейбіреулер айтқандай, «утопия» немесе ойдан шыққан адам қиялы жетпейтін, абстрактылы ұғымдар жиынтығы емес. Ол - Қазақстанның антологиялық болмысын анықтайтын ұлттық идеяның темірқазығы, қоғам дамуына бағыт-бағдар беретін, сан ғасырлар бойғы ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырудағы рухани-саяси ұстаным.

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Сонымен бірге, ұлттық идея алдыңғы қатарлы және адамзаттың даму бағыты мен үрдісіне сай келетін болуы керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан халқын біріктіретін, елдің басты мақсатынан шығатын және соған толық жауап беретін идея десек, артық айтқандық емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақыл-парасат кітабы / Нұрсұлтан Назарбаев – Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. – 240 б.
2. ЖАҢА ОНЖЫЛДЫҚ - ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы // «Егемен Қазақстан», 2010 жыл 30 қаңтар, - 290 б.

Резюме. В статье рассмотрены значимость идеи «Мәңгілік ел» в сохранении целостности государства и национальное государство, традиционная религия, государственный язык, национальный менталитет как составляющие элементы национальной идеи.

Resume. The article discusses the importance of ideas in maintaining the integrity of the state and the nation-state, the traditional religion, official language, national mentality as the constituent elements of the national idea.

С.Ж. Рысбаева

*Саясат ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент*

МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРНАМАСЫ– ҚАЗАҚ ТІЛІ

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз.

Мәңгілік елдің мәңгілік атауы болуға тиіс. Елбасы Н. Назарбаев биылғы жолдауында Қазақ Елі деген терминді бостан-босқа ендіріп отырған жоқ. Әр мемлекеттің өзіндік тілі болатыны тарихтан мәлім, сондықтан Президентіміз айтқандай мәңгілік елдің мәңгілік тілі болады. Ол – қазақ тілі.

Қазақ тілі әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

ҚР Конституциясы, «Тіл туралы» Заң республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен олардың тұлға ретінде қалыптасуында мәдениетпен қатар, тілдің де атқаратын рөлі ерекше.

Тіл – халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы.

Тіл – ел байлығы. Ел байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек әр адам ана тілін көзінің қарашығындай

қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы болуы тиіс. «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп–өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» – деп Ж. Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек.

Жастардың бірлігі мен ұйымшылдығы қазақ тілімен байланысты болғаны жөн. Елбасымыз: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп айтса, ал біздің болашағымыз – жастар. Сондықтан мемлекеттік тілдің жастарға серік болуы тиіс.

Республикада мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан тіл мәселесі аса күрделі мәселе болып отыр. Тіл мәселесінің өте нәзік екендігі, оның зорлық арқылы емес, тек қана шынайы ынталықпен ғана ыңғайланатын шаруа екендігі белгілі. Ал тілдің өзі тарих тереңіне бойлайтын, өнер мен мәдениеттің кәусар бұлағына сусындататын рухани әлеміміздің сарқылмас қазынасы. Олай болса, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қолдану, аясын кеңейте түсу қажеттігі – заңды құбылыс.

А. Байтұрсынов: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». Қазаққа Тәуелсіздіктің оңай келмегенін сіздер жақсы білесіздер. Бүгінгі күні әрбір қазақ азаматының көкейінде осы Тәуелсіздігімізден айырылмай сақтап қалу мәселесі тұруы керек. Сондықтан да қазақ тілінің дамуына аз да болса үлес қосып, қазақ тілінің қазақ қоғамындағы орнын нықтап, мәртебесін асқақтата берейік. Қазақ тілі, яғни ана тіліміз құрдымға кетпес үшін ана тілін дамытуға күш салуымыз қажет. Ана тілімізді ғылым мен техниканың барлық салаларына енгізіп, сапасын арттыру уақыт талабы. Ал уақыт талабын орындау – баршамыздың абыройлы парызымыз.

Жаһандану үдерісінің қарқын алуы дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттердің ұлттық саясаты мен ұлттық идеологиясына, ұлттық сәйкестілігі мен мемлекеттілігіне қатысты сындарлы жаңа міндеттерді алға тартып отыр. Жаһандану дәуірінде әлемдік өркениеттер ықпалдастығының артуы технологиялық жетістіктерді адамзат баласының қолдану мүмкіндігін кеңейткенімен, ұлттық құндылықтарды, атап айтқанда, тіл, жазу, дін, діл, ұлттық мінез-құлық пен ұлттық сана-сезім, рухани-әдеби мұраларды жою немесе бүлдіру қатерін арттыратыны сөзсіз.

Қарым-қатынас құралы болумен қатар, тіл тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани, мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан –ұрпаққа жалғастырып, жеткізуші, жинақтаушы қызметін атқарады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықтың өз ана тілінде және өз елінің ақпаратын алуының саяси мәні зор. Өйткені, өзге тілдегі және өзге елдің бұқаралық ақпарат құралын күнделікті тұтыну халықтың ұлттық сана-сезімін басқа арнаға бұруы мүмкін. Бұл түптеп келгенде, ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін құбылыс.

Елбасымыз ҚР – да мемлекеттік тіл «барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы» деп айтты, дей тұрғанмен, мемлекетіміздегі барлық этностар мемлекеттік тіл арқылы бірігу үшін, ең алдымен, қазақтар қазақ тілін меңгеріп, ұлттық бірегейлігін қалыптастыруы шарт. Сонымен қатар, дүние жүзіндегі қазақтардың ана тілдерін білуі және ортақ бір әліпбиді қолдануының саяси маңызы зор. Қазақстан үшін латын графикасына көшудің ең маңызды саяси басымдықтарының бірі – дүниежүзіндегі қазақтармен ортақ әліпбиде болу мүмкіндігіне жол ашу.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын жастардың санасына сіңіре білу басты міндетіміз болуы қажет. Ғасырлар қойнауында қалыптасқан ұлттық тәрбиені, озық дәстүрлерді қайта жаңғыртып, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар бойына сіңіру үдерісінде тілдің атқаратын қызметі орасан.

Жаһандану заманында тілдің тәрбиелік мәніне назар аудару – ұлттық болмысымыздың болашағын жетілдіруімен қатар тұратын маңызды стратегиялық саясат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 30 тамыз 1995 жылғы Конституциясы.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы», Қазақ тарихы. – 1998 ж., №3.
3. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында», Алматы: Атамұра, 1999 ж.
4. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы, Алматы, 1999 ж.
5. Н. Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан, 10.07.2012 ж.
6. Бұл заман – білекке емес, білімге сенетін заман! ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «Назарбаев университетінде» оқыған лекциясынан, 08. 09. 2012 ж.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.// Егемен Қазақстан, 15.12.2012 ж.
8. Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: бір халық - бір ел – бір тағдыр», Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзі, Егемен Қазақстан 25.04.2013 ж.
9. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
10. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», 11.11.2014 ж.

Резюме. В данной статье казахский язык рассматривается через нового казахстанского патриотизма.

Ключевые слова: общественное согласие; патриотическое воспитание; новый казахстанский патриотизм; национальная безопасность;

Summary. This article is devoted to analysis of Kazakhstan s new patriotism.

Key words: the public consent; patriotic education; new Kazakhstan patriotism; national safety;

М. М. Тусупова

психология магистрі, Бөкетов ат. Қарағанды Мемлекеттік Университеті

ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Сана түсінігінің мәні адамзат жаратылғаннан бастап қарастырылып келе жатқан мәлеле. Бұл мәселенің мағынасын ұғыну қажетті, әрі өмірлік маңызға ие. Әрбір ұлт, осы мәселе шешімі, сәтті өмір сүруіне ықпал ететіндігін ертеден түсінген. Жалпы әлеуметтік және мәдени факторлардың әсерінен этникалық сана қалыптасты, ол өз кезегінде әлеуметтік ортаға ұлтқа негізделген құндылық бағдар жүйесі арқылы әсер етті. Тұлға өзін белгілі бір қауымдар тобына жататынын сезінгеннен бастап, ұлттық сана-сезім туралы айтуға болады. Яғни, ұлттық сана-сезім деп, ұлт өкілдері өздерін «Біз - Олар» антитезисінде қабылдауын айтамыз.

Өзіндік сана-сезім мен ұлттық сана категориялары философия, психология, этнология, әлеуметтану, биология және т.б. ғылымдар аясында қарастырылып келеді. Қазіргі таңда зерттеулер негізінде қалыптасқан шет елдік, отандық ғылыми мектептер мен бағыттар бар.

Ұлттық сана-сезімнің шетелдік теорияларының даму ерекшеліктері. Сананың пайда болу және дамуы екі қарам-қайшылық бағытта жүреді: қазіргі даму деңгейінен оның пайда болуына дейін және оның пайда болуынан қазіргі даму деңгейіне дейін.

Бірінші бағыт бойынша – адам психикасы мен оның санасын зерттеу тиімділігінен бастап, керісінше ретроспективті бағытта пайда болуына дейін онтогенез, археология,

этнография, физиология және басқа да антропологиялық ғылымдарының мәліметтеріне негізделген зерттеу әдістеріне сүйенеді.

Екінші бағыт тарихи этнологиямен тікелей байланысты, өзіндік сана-сезімнің тұжырымдамалық эволюциясы, тарихи тұрғыда жалпы философиялық ойлармен тікелей байланыста екенін дәлелдейді. Адам санасы, оның аңғару қабілетін үш бағыт бойынша түсіндіруге тырысады:

- * Объективті-идеалистік;
- * Натуралистік;
- * Әлеуметтік.

Алғашқы бағытты жақтаушылар объективті заңдылықтарды ашқанмен, оны қоғамдық өмір деңгейімен байланыстырмайды. Бағыттың өкілдері Гегель, Гераклит, Сократ, Платон және басқа да ежелгі грек философтары адам жанының құпия қасиеттері туралы ой толғады. Ұлттар санасы туралы алғашқы идея Гиппократ трактатында «ұлттық рух» деген түсінікті енгізе отырып, ұлттық ерекшеліктер олардың елді мекеніне, климатына және басқа да табиғи факторларына байланысты деп көрсеткен.

Психологиялық ойдың негізін қалаушы Аристотель, жанның қоғамдық өмірмен байланысы бар екенін айтады, өйткені қаншалықты жетілген адам болса да қоғамның тыс өмір сүре алмайды. Ұлттық сана туралы айтылмаса да, Аристотельдің «Жан туралы» трактатында «ортақ сезім» түсінігі қоғамдық сана элементтерін меңзейді /1, 12 б./.

Қайта өрлеу дәуірінде декарттік принцип бойынша өзіндік сана-сезім дегеніміз, субъекттің өзінің ішкі әлем мазмұны туралы ішкі пайымдауы деп түсініледі. Себебі адамның тәжірибесі қоғам тәжірибесіне қарағанда, өмірлік мәнді түсінуге көп ықпал етеді. «Адам ақылы туралы тәжірибе» еңбегінің авторы Дж.Локк сыртқы тәжірибенің ролін таным процестерімен байланыстырады. «Таза тақта» түсінігі бойынша адам жаны жаңа мазмұндармен толықтырылатынын нұсқайды. Р.Декарт, Дж.Локк ойларындағы өзіндік сана-сезім мәнін ашу нәтижесі ретінде интроспекция әдісі туралы тезиске тоқталады /2, 78 б./.

Интроспекция психологиясын сынға алған, И.Кант трансценденталді апперцепция бойынша, халық – елдімекенде жинақталған көпшілік адамдардың тұтастықты құрайтын бірлігі, деп түсіндіріп, оның мінезі мен ерекшеліктері табиғат, ландшафт және климаттық факторлар әсерінен қалыптасатынын және тұқым арқылы ұрпағына берілетін «ұлт рухы» туралы айтады. Осындай көзқарасты жақтайтынын француз тарихшысы Ш.Монтескье пікірлерінен де байқауға болады, яғни, этнопсихологиялық феномендердің қалыптасуына және дамуына географиялық ортаның әсері бастапқы және негізгі болып табылады /3, 590 б./.

Натуралистік мектеп бойынша, адам табиғат бөлшегі және тіршілік иесі ретінде жалпы биологиялық заңдылықтарға тәуелді. Оның тіршілік ортасы қоғамдық өмір салтын ұстанғанмен, оның жүріс-тұрысын генетика, физиология, анатомия анықтайды. Және шындап келгенде, осы биологиялық алғышарттар болмаса, ешқандай әлеуметтену мүмкін емес.

«Әлеуметтік өмір түсінігін қоғамның өз табиғатынан іздеу керек» - деп жазған Э.Дюркгейм бойынша, ұжымдық сана - әлеуметтік комбинацияланған формадағы қоғам мүшелерінен тұратын субстратқа тәуелді, ал ұжымдық түсінік - жекелеген сана жиынтығына кірмейтін, өзіндік мазмұны бар сана феномені, - деп көрсетеді.

Этникалық сана мәселесін қоса қарайтын этникалық теория бойынша неміс ғалымдары М. Лацарус және Х. Штейнталь «ұлттар психологиясын» ғылымның жеке бағыты ретінде ұсынды. Олардың түсіндіруі бойынша, «ұлт рухы» белгілі бір ұлт өкілі болатын индивидтің психикалық ұқсастығы және өзіндік сана-сезімі, оның мазмұны салыстырмалы түрде тілді, мифологияны, құлықтылық пен мәдениетті зерттеуде ашылуы мүмкін /6, 100 б./.

«Рухани коммунитет» ұғымын енгізген В.Вунд ұлттың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін абстрактілі және нақты бағытта қарауды ұсынады. XX ғ. басында В.Вунд идеясын жалғастырған мәдени-тарихи бағыттың жақтаушысы Ч.Джадд бойынша, тіл, еңбек құралдары, өнер және т.б. «жинақталған әлеуметтік капитал» формасы ретінде мыңдаған жылдар бойы жинақталып, ұлттық сананы қалыптастырады. Осы бағытпен қатар кроссмәдени психологияда

ес процесінің барлық мүмкіндіктерін зерттеумен айналысқан мнемикалық бағдарлама жасалды /7, 292 б./.

Сонымен қатар, жан мәселесі мен халық рухы туралы ғылыми ойлардың дамуына «менталитет» ұғымы арқылы үлес қосқан «Аналл мектебінің» негізін қалаушылар М.Блок пен Л.Февр, халықта болып жатқанның бәрі халықтық сананың терең қозғалысының көрінісі дейді. Л.Февр бойынша, «тарих дегеніміз идеалистік немесе экономикалық фактілер, басқа әлеуметтік феномендер сенім негізінде пайда болады».

Осылайша ХХ ғ. басында «ұлт рухы» деген түсінік ғылымға енді. Менталитет ұғымының бастапқы түсінігін әлеуметтік ортаны және өзін этникалық мәдениет және тәрбие негізінде өзінше қабылдау десек, Ж.Дюби әр түрлі топтардың бейнелер жүйесі, деп түсіндіреді. «Әлеуметтік қатынастар осы «бейнелер жүйесінің» функциясы ретінде жинақталып ұрпақтан ұрпаққа оқыту мен тәрбиелеу арқылы және белгілі бір экономикалық жадайлардың салдарларынан беріліп отырады» - деп жазады.

Ұлттық сана және өзіндік сана мәселесін отандық ғалымдар әр түрлі позицияда қарастырады. Бұл аталған феноменнің табиғаты мен мәнін анықтайтын әдіснамалық тәсілі мен принциптердің бар екенін көрсетеді. Өзіндік сана мен ұлттық сана мәселесімен психологтар, этнологтар, әлеуметтанушылар және философтар айналысады, себебі ол, бір жағынан адамның дара сипаты болса, екінші жағынан белгілі бір этникалық белгілері бойынша кіріктірілген, қандай да бір әлеуметтік топқа тән болып келеді.

Біріккен іс-әрекет қарым қатынас арқылы жүретіндіктен, жекелеген индивидтерді бір қауымдастыққа жинақтап, өзін өзгелерге қарсы қоюына мүмкіндік береді. Б.Ф.Поршнев тілдік қатынасқа келтіретін – адами қарым-қатынастың негізі, психикалық жаңа құрылымның логикасын қарастырды. Сөйлеу құралы ретінде тіл, ұлттардың басқалардан ерекшелігін құрайтын ұлттық ерекшелік болып саналады. Қауымдастықтың екі жақты этнопсихологиялық қарама-қарсылық Б.Ф.Поршнев бойынша, «Біз - Олар» формуласы арқылы өрнектеледі, бұл тәсілді көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде кеңінен қолданады /6, 89 б./.

Кеңестік мәдени-тарихи психологияның негізін салушы Л.С.Выготский көрсетуінше, «мәдени даму үшін қандайда бір психологиялық операцияны жүзеге асыру үшін, құрал ретінде белгілерді пайдалану және қолдануға негізделетін жүріс-тұрыс тәсілдерін меңгеру қажет, жалпы алғанда, мәдени даму адамзаттың өз тарихи дамуы барысында жасаған, жүріс-тұрыстың қосымша тәсілдерін, тіл, жазу,

есептеу жүйелері және т.б. меңгеруін көздейді». Белгілер арқылы өз жүріс-тұрысын меңгереді және өзін қоғамның элементі ретінде сезінеді.

Ұлттық сана мәселесі бойынша, С.А. Арутюнов пен Н.Н. Чебоксаровтың этностың басты белгісі ретінде адамды емес, мәдени ақпараттарды жатқызуы тың жаңалық болды.

Этникалық құндылық мәселесіне келгенде ұлттық салт-дәстүрде назардан тыс қалмайды, дегенмен салт-дәстүрде этнографиялық категория сияқты кең мағынада және әр түрлі түсіндіріледі.

Н.Н.Чебоксаров пікірінше, өзіндік сана-сезім көп аспектілі болып өзін этносқа немесе белгілі бір топқа жатқызатын сана түрінде болуы мүмкін.

А.Г. Агаев бойынша, әр түрлі тарихи, әлеуметтік-экономикалық, этнографиялық жағдайларға байланысты, жерге иелік ету, дүниеге деген көзқарастар, діни сенімдер және т.б. өзара байланысып, кірігіп, бірігіп, бөліну негізінде сана ұлттың этникалық бірлігін тудырады.

А.Я. Гуревич 1981 жылы ұлт санасын сипаттауда «менталитет» терминін енгізіп, оның құрылымы мен функцияларын көрсетті. Менталитет рухани құрал ретінде, ойлау түрі ретінде әлемді қабылдау, шындықты көру, сана мен жүріс-тұрыс дағдысы мен үлгісі болып табылады. Сондықтан менталитетті зерттеу үшін сана бағытын, қоғамның рухани өмірін зерттеу қажет.

Менталитет ұғымын этнос өміріне терең үңілу негізінде ғана түсінуге болады. Менталитет мәдениет ұғымымен тығыз байланысты, ол биологиялық тұқым қуалап, туа біткен болмаса да, геннің негізінде болады, барлық аңғарылған идеологиялық жүйелер менталитет арқылы қалыптасады.

Әлемдік ғылыми ойлар этникалық сананы зерттеуде үлкен мүмкіндіктерге ие болды. Көптеген мектептер мен бағыттар әр түрлі тәсілде аталған мәселені қарастырды, оның құрамдас бөліктерін зерттеді. Осының нәтижесінде қазіргі таңда ұлттық сананың теориялық-әдіснамалық зерттеу базасы қалыптасқан деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аристотель. О душе. - 1976. - Т. 1. - Кн. 3. - С. 425.
2. Локк Дж. Опыт о человеческом разумении. // Соч. в 3 т. - М., 1995.
3. Кант И. Критика чистого разума. - М., 2010.
4. Гегель Г.В.Ф. Лекции по истории и философии. - 2003. - Кн 1.
5. Лебон Г. Психология народов и масс. - СПб., 2005.
6. Шпет Г.Г. Введение в этническую психологию. - СПб., 2006.
7. Вундт В. Психология народов. В 10-ти т. - Т. 3. - СПб., 2010.

Резюме. В развитии и формировании национального самосознания большую роль играют этнические факторы. В статье рассматриваются этнические проблемы и культура межнационального общения являются важным направлением в исследовании многих вопросов теории культуры. Современное обновление всей сферы общественной жизни требует не только всестороннего, критического анализа прошлого, но и глубокого социально-философского осмысления проблемы национального возрождения.

Abstract. The development and formation of national identity play an important role ethnic factors. The article deals with ethnic problems and culture of international dialogue is an important direction in the study of many aspects of the theory of culture. A modern update of the whole sphere of social life requires not only comprehensive, critical analysis of the past, but also a deep social and philosophical understanding of the problems of national revival.

Г. И. Абдиева

КазНИТУ имени К.И.Сатпаева

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ СТАНОВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТИ КАК ОСНОВНОЕ ПСИХИЧЕСКОЕ НОВООБРАЗОВАНИЕ ЮНОШЕСКОГО ВОЗРАСТА

На современном этапе развития общества процесс социализации личности проходит в сложных, динамично обновляющихся социально-экономических и политических условиях. Социализация личности как системный процесс продолжается на протяжении всей жизни и находит свое завершение периодом достижения социальной зрелости как субъекта общественных отношений и вступлением в этап профессиональной деятельности, который влияет на дальнейшее развитие общества.

Современное общество заинтересовано в социально зрелой, профессионально самоопределившейся личности, мотивированной на успешную социализацию. И на сегодня в процессе социализации личности благодаря усвоенной системе социальных норм, установок, ценностей и индивидуальной стратегии, выработанной на основе мировоззрения, взглядов, убеждений, формируется индивидуальная модель поведения. И это требует от личности в юношеском возрасте установки на успешную профессиональную социализацию.

«Казахстан появился на свет как новое государство», - подчеркивается в Стратегии «Казахстан-2030» [1, с.12], и происходящие процессы в этом новом независимом государстве как

глобализация, демократизация, сформировавшееся мировое информационное пространство требуют на сегодня успешной самореализации личности. В Казахстане создана благоприятная среда как фундамент для развития потенциала личности для свободного выражения мысли, для реализации инновационных проектов, для воплощения творческих замыслов. Республика Казахстан стремится создать «интеллектуальную нацию», которая сможет быть конкурентоспособной в моральном, культурном, интеллектуальном плане [2, с.85].

На сегодня молодежь – это «вечный двигатель» будущего. «Казахстанцы – динамичная и молодая нация: каждый второй житель республики моложе 30-ти лет. Новое поколение должно уметь справляться с решением крупных проблем, уметь как адаптироваться к изменившимся экономическим и технологическим обстоятельствам, так и использовать эти условия в свою пользу, предчувствуя глобальные тренды на два шага вперед» [3]. Для выполнения задачи, поставленной Президентом Н.А. Назарбаевым, необходима успешно работающая в условиях инновационной экономики патриотичная, образованная, обладающая прекрасным психофизиологическим здоровьем, мобильная, энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, хорошо владеющая казахским, русским и английским языками, впитавшая в себя ценности и культуру народа, толерантная, уважаемая в современном глобализирующемся мире – такой видится идеальная казахстанская успешная молодежь 2020 года [4, с.365].

Социализация личности - одна из актуальных, имеющая широкую теоретическую изученность в научной литературе проблема. Как феномен социализация изучается философией, антропологией, социологией, культурологией и психолого-педагогическими науками. Научное представление о проблеме социализации личности, ее содержании, источниках, механизмах складывается на основе анализа теоретических и экспериментальных результатов исследований. В теоретическом плане понятие социализации личности находится на стыке крупных наук: социологии, психологии, педагогики и имеет комплексный, межнаучный характер изучения. Каждая из этих наук, исследуя феномен социализации, раскрывает новые объективные стороны предмета изучения, что доказывает многоаспектность и межнаучность данного понятия. Поэтому объективную характеристику в изучении проблемы социализации личности можно получить лишь в результате межнаучного исследования, необходимо использовать теоретико-методологические данные и провести комплексный социологический, психолого-педагогический анализ понятия социализации личности.

Теоретические аспекты проблемы социализации личности были изучены классиками педагогической науки И.Х. Пестолоцци, Я.А. Коменским, П.П. Блонским, К.Д. Ушинским, Г.Н. Волковым, Ю.С. Богачинским, В.И. Загвязинским, Д.И. Фельдштейном. Психологические подходы к исследованию данной проблемы отражены в работах Л.С. Выготского, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконина, С.Л. Леонтьева, С. Л. Рубинштейна, А. Р. Лурии, И. С. Кона, Г. М. Андреевой, А. В. Петровского, А. В. Мудрика.

Научный анализ проблемы социализации личности в педагогической науке раскрывает содержательную сторону процесса, обосновывает ее через основные воспитательные механизмы, связанные с факторами развития человека (наследственность, воспитание, среда) и с позиции личности (интерес, активность, пассивность, приспособление, адаптация), выделяя особый характер социализации как педагогического феномена современности.

Современное теоретико-методологическое изучение проблем социализации личности имеет широкое и более узкое понимание, которое связано с привлечением человека к социальной жизни путем активного усвоения им целого комплекса норм, ценностей и установок. Если быть более точным, можно сказать, что широкое понимание социализации связано с развитием человечества, т.е. с происхождением и формированием человеческого рода. Привлечение человека к социальным отношениям путем активного усвоения целого комплекса социальных норм, установок и ценностей определяет узкое понимание социализации. Все это помогает создать общую картину процесса социализации как результата усвоения человеком норм социальной жизни путем активного действия.

Социализация - есть процесс и результат усвоения и активного воспроизводства индивидом социального опыта, осуществляемый в общении и деятельности. Социализация может происходить как в условиях стихийного воздействия на личность различных обстоятельств жизни, имеющих иногда характер разнонаправленных факторов, так и в условиях образования и воспитания целенаправленного, педагогически организованного, планомерного процесса и результата развития человека, осуществляемого в интересах его и (или) общества, к которому он принадлежит [5, с.119].

Социализация - процесс усвоения человеческим индивидом определенной системы знаний, норм и ценностей, позволяющих ему функционировать в качестве полноправного члена общества [6, с. 248].

Социализация личности есть целенаправленный процесс, который продолжается на протяжении всей сознательной жизни и находит свое завершение периодом достижения социальной зрелости и вступлением в этап профессиональной деятельности. Социализация юношеского возраста есть непрерывный процесс, ориентированный на социально-профессиональное становление человека.

В психологической науке выделяются основные пять факторов, оказывающие влияние на процесс социализации: биологическая наследственность индивида; физическое окружение человека; социальное окружение личности; групповой опыт человека; индивидуальный опыт личности. Под влиянием этих факторов процесс социализации продолжается на всех возрастных этапах, но в юношеском возрасте уровень протекания более интенсивен. Это связано с высокой социальной активностью, ориентированной на профессиональное становление личности в вузе. Именно в юношеском возрасте, в процессе обучения в вузе на этапе профессиональной социализации создается фундамент социально-профессионального становления личности. Ведь существующие условия жизни требуют от человека активного профессионального становления.

Психологическую основу одного из психических новообразований является профессиональное самоопределение в юношеском возрасте, который составляет осознание человека в качестве взрослого представителя общества, личностная потребность осознания социального места и признание как профессионала. Поэтому самым важным делом для юношества становится выбор профессии, который систематизирует его мотивационные тенденции в юношеском возрасте, исходящие от личностных интересов и мотивов, порождаемых условиями профессионального выбора.

Изучение закономерностей развития человека в юношеском возрасте как периоде интенсивного интеллектуального развития, формирования учебно-профессиональной деятельности, усвоения социальных ролей, вхождения в новую, «взрослую» жизнь позволяет говорить об особенностях юношеского возраста в процессе профессионального становления. Именно профессиональное становление есть характерная черта юношеского возраста в процессе социализации. Период жизни от 17 до 25 лет, считает Б. Г. Ананьев, имеет важное значение как завершающий этап формирования личности на стадии профессионализации. К 17 годам у личности создаются оптимальные субъективные условия для формирования навыков самообразовательной деятельности [7,с.3]. Юношеский (16-17 лет - 20-21 год) период развития человека с психическими новообразованиями, принятием нового социального статуса «студент», овладевающего комплексом знаний, умений и навыков, как ищущая, занимающаяся и интересующаяся личность общества.

С повышением значимости высшего образования и развитием высшей школы в социуме возрастает роль студенчества. «Студенчество включает людей, целенаправленно, систематически овладевающих знаниями и профессиональными умениями, отличающихся наиболее высоким образовательным уровнем, наиболее активным потреблением культуры и высоким уровнем познавательной мотивации» [8,с.285].

Известно, что именно в этой возрастной категории молодые люди пытаются найти себя в социуме, стремятся понять и психологически принять себя, самоопределиться в выборе профессии и утвердиться в социуме в процессе вхождения в социальные отношения. «Каждого

человека профессия «механически, помимо воли и желания, переделывает, творит по своему образу и подобию, определяет его интересы, убеждения, вкусы, стремления и желания, словом, - всю его природу» [9,с.23].

По этой причине возраст служит критерием занятия или оставления тех или иных социальных ролей (прямой, опосредованной). Для человека социальная роль определяется временем, необходимым для получения высшего образования, без которого нельзя занять определенное социальное положение. Для успешного выполнения своей учебной деятельности в процессе профессионального становления «студенчество - как социальная группа функционирует в системе высшего образования, где главным объектом является человек юношеского возраста» [10,с.91].

И поэтому уровень психического развития человека и физический возраст прямо или косвенно определяет его социальный статус, положение, характер деятельности, диапазон социальных ролей. Главным мотивом познавательно-психического процесса в деятельности юношеского возраста является стремление приобрести социально-значимую профессию, в ходе которого осуществляется процесс становления характера и интеллекта, усиливаются творческие способности, развиваются интеллектуальные и физические возможности студента. Становление юношеского интеллекта выражается в обобщении, поиске закономерностей развития и принципов познания.

Время учебы в вузе совпадает со вторым периодом юности или первым периодом зрелости, который отличается сложностью становления всех личностных черт. Л. С. Выготский доказал, что между процессом обучения и развитием существует сложная динамическая взаимосвязь, изменяющаяся с возрастом и что процессы развития не совпадают с процессами обучения, а идут за ними. Он выделил «зону» ближайшего развития, очерченную кругом задач, которые на определенном этапе развития студент способен решать под руководством преподавателя, а не самостоятельно. Но с течением времени, по мере развития познавательных способностей эти задачи будут выполняться им вполне самостоятельно. Это отношение мы и назовем социальной ситуацией развития в данном возрасте.

Социальная ситуация развития представляет собой исходный момент для всех динамических изменений, происходящих в развитии в течение данного периода. Она определяет целиком и полностью те формы и тот путь, следуя по которому индивид приобретает новые и новые свойства личности, черпая их из социальной действительности, как из основного источника развития, тот путь, по которому социальное становится индивидуальным».

В процессе качественных изменений у студента порождается общность интересов, групповое самосознание, определенный уровень субкультуры, образ жизни, стиль поведения. И в этот период промежуточного статуса, каждый студент приобретает в процессе социализации общие черты, которые необходимы для реализации нового социального статуса. В этот момент «сходится» развитие двух сфер жизнедеятельности человека - эмоционально-мотивационной и когнитивной, и основанием для этого выступают ценности как смысловые образующие. Этому этапу социализации принадлежит активное осмысление действительности и построение образа мира [11,с.21].

Юношеский возраст ориентирован на профессиональное становление личности как основного психического новообразования, проявляющегося в образовательной траектории.

ЛИТЕРАТУРА

1. Стратегия «Казахстан-2030». Послание Президента страны народу Казахстана. Указы Президента РК : законы и законодательные акты . - Алматы: Раритет, 2002. 144 с
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы. Астана. 2011
3. Концепция. Государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее» 27 февраля 2013.
4. Н.А. Назарбаев «Казахстанский путь». – Караганда, 2006

5. Словарь / Под. ред. М.Ю. Кондратьева // Психологический лексикон. Энциклопедический словарь в шести томах / Ред.-сост. Л.А. Карпенко. Под общ. ред. А.В. Петровского. — М.: ПЕР СЭ, 2006. — 176 с
6. Философский энциклопедический словарь / гл. ред. Л.Ф. Ильичёв, П.Н. Федосеев, С.М. Ковалёв, В.Г. Панов. — М.: Сов. Энциклопедия, 1983. — 840 с
7. Б.Г. Ананьев К психофизиологии студенческого возраста // Современные психолого-педагогические проблемы высшей школы // Под ред. Б.Г. Ананьева, Н.В. Кузьминой. Вып. 2. Л.: ЛГУ, 1974. - С. 3-15.
8. И.А Зимняя Педагогическая психология: учебник для студентов по педагогической и психологической направленности. М. 2000. С. 384
9. П. Сорокин. Система социологии: В 2т. Т.2. Социальная аналитика. Учение о строении сложных социальных агрегатов. - М., 1993. - С.183
10. Б.Рубин, Ю. Колесников Ю. Студент глазами социолога. - М., 1980. С. 161
65. Л.С. Выготский Проблемы общей психологии // Собр.соч.:В 6 т. М., 1982. Т. 2.,- С. 251
11. О.А. Тихомандрицкая. Ценности и самоотношение на этапе юношеской социализации : Дис. ... канд. психол. наук : 19.00.05: Москва, 2000 179 с.

Түйіндеме. Әлеуметтендіру - оқыту мен қарым-қатынасты іс - жүзеге асыратын жеке әлеуметтік тәжірибені, белсенді молайту нәтижесі. Жасөспірім кезіндегі тұлғаның білім траекториясында кәсіби дамуына бағытталған негізгі психикалық жаңа өзгерістер.

Summary. Socialization - a process and the result of learning and active reproduction of individual social experience, carried out in communion and activities. Adolescence is focused on the professional development of the individual as the basic mental tumors, manifested in the educational trajectory.

Д.У. Кусаинов,

доктор философских наук, профессор Казахский национальный педагогический университет им.Абая

З.К. Аюпова,

доктор юридических наук, профессор казахский национальный университет им.аль-Фараби

К ВОПРОСУ ОБ ИДЕЙНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ОСНОВАХ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Конституционная система западных стран формировалась столетиями. Как известно, американская система перешагнула свой двухсотлетний рубеж, конституционная система Англии еще более древняя. Конституционная система этих государств совершенствует ее отдельные элементы и механизм в целом, что свидетельствует о достаточно сбалансированной конституционной системе на сегодняшний день.

Конституционализм как идейно-теоретическое явление возник с появлением конституции и закреплением в ней основополагающих прав и свобод личности. Несомненную ценность представляют труды русской плеяды ученых-правоведов в разработке основ конституционной теории и основ конституционного государства. Своим рождением эта теория обязана подъему ряда европейских революций. Следует заметить, что огромный

массив нынешних конституций являются производными с теми первыми классическими документами, ставшими средоточием идей конституционализма. Это неписаная английская конституция XVII-XVIII вв., американская конституция 1787 г., французская конституция 1791 г. Идеи истоки теории конституционализма, как нам представляется, следует искать именно в конституционном развитии вышеназванных государств.

В «Американском политическом словаре» «конституционализм», рассматривается как политический принцип ограниченного правления, подчиненного написанному либо ненаписанному договору, и как система конституционного правления, появление которого было фактически результатом борьбы за ограниченное правительство [1, С.101].

По мнению немецких ученых, конституционализм- это система правления, гарантирующая неотчуждаемость права и права человека, основанные на разделении властей и принципе парламентского большинства.

Следовательно, можно сделать вывод о том, что конституционализм появился как итог длительной эволюции западной культуры. Лоуренс Фридман в монографии «Введение в американское право» пишет, что могущественна не сама американская конституция, а конституционная система. Эта система состоит из отношения общества к конституции; из демократических образцов поведения и институтов, взращенных вокруг конституции. И сила американской конституции заключается в том, что она является живым законом, поскольку она проведена в жизнь [2, С.150].

Французская Пятая республика, к примеру, использует систему квазисудебного конституционного контроля. Конституционный Совет Франции осуществляет только превентивный контроль за соответствием законопроектов и законопредложений Конституции. К числу основных черт французского конституционализма относят: сильную фигуру Президента; наличие квазисудебного органа- Конституционного Совета; развитие доктрины естественных прав путем их закрепления в Декларации.

По аналогии с Французской Республикой, в Республике Казахстан также существует подобный орган- Конституционный Совет, который имеет схожую политико-правовую природу. Так академик Г.С. Сапаргалиев в монографии «Проблемы конституционной ответственности», рассматривая механизм конституционной ответственности, указывает на орган конституционной юстиции, который осуществляет конституционный контроль (надзор). В Республике Казахстан осуществление конституционного надзора возложено на орган несудебного характера- Конституционный Совет. Такая форма контроля, как замечено академиком Г.С. Сапаргалиевым, характерна для некоторых государств, таких как Франция, Алжир [3, С.130].

Так, по мнению В.В. Мамонова, ученый говорит о конституционной власти в Казахстане, как о самостоятельной структуре государственной власти, вместе с президентской властью она является частью единой государственной власти, использующей систему сдержек и противовесов, как важнейшего механизма взаимодействия ветвей власти между собой [4, С.31].

История германского конституционализма представлена значительным числом конституционных актов, которые по объему и объектам правового регулирования разделяются на две основные группы. Первую группу составляют те, которые касаются только организации представительного органа и определения его полномочий. Вторую группу составляли конституции, отличающиеся высокой степенью детализации и регламентации (статус представительного органа, полномочия правительства, права и свободы, гарантии конституции, отношение государства к церковным, учебным или иным учреждениям, принципы и организация судебной власти.)

Говоря о немецком конституционализме, в целом, нельзя не упомянуть о философско-правовом учении Г.В.Ф. Гегеля о конституции и разумно организованном государстве в форме конституционной монархии. Немаловажным дополнением в дискурсе о конституционализме, следует указать, что по способу введения в действие большинство конституций относились к октроированным, т.е. даровались монархом. Одной их основных идей гегелевской философии,

является положение о конституционной государственности. Возрождение, обновление немецкой государственности (Германской империи) Гегель связывает с необходимостью введения наряду с установлением верховной власти монарха также и представительной системы. Гегель считал, что в качестве полезного элемента политической жизни представительные государственные органы проявляют себя, осуществляя функцию посредствующего звена между правительством с одной стороны, и народом - с другой. Их назначение состоит в согласовании интересов системы государственных органов с устремлениями негосударственных общественных организаций и отдельных лиц [5, С.200].

Конституционной проблематике посвящена и работа Гегеля «Иенская реальная философия», где понятие «конституция» раскрывается по существу в виде разумно-правовой организации всей сферы государственной жизни. Права и свободы индивида, по мысли Гегеля, получают свою реальность лишь в условиях действительности государства и его законов. Развернутая форма конституционной теории представлена в его работе «Философия права» (1820 г.), которая опирается на философскую концепцию всемирной истории как прогресса в сознании свободы, прогресса в двояком смысле: как углубления познания объективной истины, так и объективации (осуществления в действительности) достигнутых ступеней свободы в государственно-правовых формах (институтах, нормах, отношениях) наличия политического бытия. О трех субстанционально различных властях, на которые подразделяется политическое государство, по Гегелю, являются: законодательная власть, правительственная власть и власть государя. Надлежащее разделение властей в государстве Гегель считает «гарантией публичной свободы» [5]. С точки зрения Гегеля, является предрассудком понимание представительных государственных органов «главным образом в аспекте противоположности к правительству», как будто бы «это и есть существо их положения» [5].

Конституция в материальном смысле представляет собой писанный акт, совокупность актов или конституционных обычаев, которые, прежде всего, провозглашают и гарантируют права и свободы человека и гражданина, а равно определяют основы общественного строя, форму правления и территориального устройства, основы организации центральных и местных органов власти, их компетенцию и взаимоотношения, государственную символику и столицу [6, С.144].

Термин «конституция» берет начало еще со времен Великой Римской империи. Первые конституции появились в XVII-XVIII вв. В Западной Европе традиционно сложилось представление о том, что суть конституции определяет установление пределов государственной власти. Конституция ими определяется как хартия или статут. Для современного понимания доктрины конституционализма остается принципиальным признание ограничения государственной власти.

Томас Пейн утверждал, что конституция предшествует государству, а государство является детищем конституции. «Конституция некоей страны есть акт не государства, а народа [7, С.207]. Этот методологический подход обуславливает чисто формальное, описательное определение конституции. Как и право в целом, конституция отражает влияние экономически и политически господствующих сил.

В современном понимании конституционализм воспринимается в двух аспектах: как политико-правовая доктрина (обосновывающая необходимость установления конституционного строя) и как правление, ограниченное конституцией, политическая система, опирающаяся на конституцию и конституционные методы правления.

Идеи конституционализма охватывали такие понятия, как конституционное государство, конституционное правление, господство конституционного закона и были исторически прогрессивными, как и само буржуазное государство и буржуазная демократия. Концепция конституционализма, выведенная из идей естественного права, явилась буржуазно-демократической антитезой феодальной тирании. Мыслители того времени учили, что конституция не только ограничивает пределы государственной власти, но и устанавливает

процедуры осуществления властных функций, т.е. устанавливалась юридическая граница между сферой регулирования верховной государственной власти и правами гражданина.

Таким образом, проводя анализ определений конституций, можно сделать вывод, что преобладающими являются определения конституции по ее содержанию, т.е. по предмету регулируемых ею общественных отношений. В соответствии с чем конституцию можно определить как основной закон государства, закрепляющий организацию государственной власти и регулирующий взаимоотношения этой власти, общества и индивидов. С политической точки зрения верховенство писаных конституций основано на том факте, что конституция - не что иное, как социальный договор, переведенный на юридический язык. А социальный договор в силу очевидных причин юридической безопасности должен строго соблюдаться всеми: и управляющими и управляемыми. Каждая из ныне действующих конституций обладает специфическими индивидуальными чертами. В них нашли отражение социальные, национальные, политические, исторические, религиозные и иные особенности стран. В то же время, всем конституциям присущи некоторые общие черты, к которым можно отнести: народный суверенитет; закрепление института собственности; закрепляются основные принципы теории разделения властей; устанавливают права и свободы человека; устанавливают и закрепляют форму правления; устанавливают и закрепляют форму государственного устройства; определяют принципы организации системы высших органов государственной власти и порядок деятельности составляющих ее подсистем.

ЛИТЕРАТУРА

1. Американский политический словарь. – М., 1993. – 340 с.
2. Лоуренс Фридман. Введение в американское право /Пер. с англ., под ред. М.Калантаровой. – М.: Изд. Группа Прогресс-Универс, 1993. – 483 с.
3. Сапаргалиев Г.С., Салимбаева Ж.Ч. Проблемы конституционной ответственности. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2001. – 211 с.
4. Мамонов В.В. Роль Конституционного Совета в обеспечении принципа разделения властей. В сб.: Материалы международной конференции в Париже 11-13 марта 1997 г. – С.31-40.
5. Дробышевский С.А. История политических и правовых учений: основные классические идеи: Учебное пособие. – М.: Норма ИНФРА-М, 2007. – 317 с.
6. Энциклопедический юридический словарь. – М.: ИНФРА – М, 1997. – 524 с.
7. Пейн Т. Избр. Соч. – М., 1959. – 458 с.

Резюме. В данной статье исследуются вопросы конституционализма. Конституционализм - понятие емкое, которое объемлет собой теорию конституции вообще, историю и практику конституционного развития той или иной страны, группы стран и мирового сообщества в целом.

Түйін. Бұл мақалада конституционализмнің мәселелері зерттеледі. Конституционализм кең көлемді түсінік, оның ішінде жалпы конституциялар теориясы және белгілі бір елдегі конституцияның қалыптасуы мен дамуы, жалпы әлем елдеріндегі конституциялық процесс те қамтылады.

Resume. The questions of constitutionalism are investigated in this article. Constitutionalism is wide concept that consists by itself from the theory of constitution in general, history and practice of constitutional development of one or another country, group of countries and world community in whole.

Ш. Абуханов,

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ, аға оқытушысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАРИХЫ

Мемлекет адам қоғамы дамуының белгілі бір сатысында пайда болған. Адамдардың ең алғашқы ұйымдасуы рулық қоғам түрінде пайда болды. Рулық қоғам оның мүшелерінің қандас

туыстығы негізінде, еңбекті қауымдасып ұйымдастыру және ортақ меншіктілік негізінде қалыптасты.

Әскери демократияның дамуы қоғамда саяси ұйымның – мемлекеттің пайда болуына әкелді. Мемлекет, бір жағынан, әскери демократияның жаңа негізде қайта құрылуы нәтижесінде, ал, екінші жағынан, жаңа басқару органдарының пайда болуының әсерінен құрылды. Мемлекет – адам баласы бірлестігінің жаңа ұйымы.

Құқықтық мемлекет өзінің мыңдаған жылдарға созылған даму үдерісінде ойшылдар тарапынан түрліше бағаланып келеді. Оның пайда болуы және оның мәні жөніндегі мәселелер көптеген жылдар бойына ұзақ талқыланып, нәтижесінде, әртүрлі теориялар мен гипотезалар жасалынды.

Сократ (б.з.д. 469-399 жж.) моральдық және саяси-құқықтық мәселелердің теориялық негіздерін қалады. Ежелгі Грекияда Сократ принципті түрде заңдылықты жақтай отырып, мемлекеттің әділ заңы болуы керек деген идеяны көтерді. Бұл Сократтың көзқарасындағы басты идея еді. Әртүрлі формадағы мемлекеттік құрылымдарды жіктеп, сипаттауда негізгі өлшем ретінде әділ заң принципін қолданды. Ол өзінің саяси этикасында «әділетті нәрсенің бәрі заңды», - деген қағидаға сүйенді.

Сократ мемлекетті тек білгірлер басқаруы тиіс деп ұйғарым жасап, «Патшалар мен билеушілер: скипетр киген, танымал адамдармен сайланған, жребия немесе алдап-арбаумен, күштің көмегімен билікке келген адамдар емес, басқара алатын адамдар есептеледі», - дейді. Осылайша, ойшыл «басқарудың негізі – білгірлік» деп санаған [1, С.27].

Қоғам өміріндегі құқықтың үстемдік етуі мен заңның үстемдігі тұжырымдамалары жөнінде ежелгі грек ойшылы Платон (б.з.д. 427-347 жж.) да өз пікірін айтқан болатын. Ол еңбегінде: «заңның күші жоқ және ол (заң) біреудің құзырында (билігінде) болатын мемлекеттің таяу арада құрып бітетіндігін байқаймын (көріп тұрмын). Заң басқарушыларға әмір жүргізетін, ал олар – оның құлдары болатын болса, мемлекетті және мемлекетке құдай сыйға тартқан оның барлық игіліктерінің азат болатындығын көремін», - деп атап көрсеткен болатын [2].

Аристотель (б.з.д. 384-322 жж.) – Платонның шәкірті. Оның пікірінше, қала-мемлекет – қауымның дамыған түрі, адамның қатынасының жоғары формасы. Мемлекет барлық адамдар үшін заңның үстемдік етуін талап етеді. Заңдылық, заң үстем болмаған жағдайда саяси құрылымның да болуы мүмкін емес. Адам табиғатынан саяси тіршілік етуші және оның саяси табиғаты мемлекеттен көрініс табады.

Аристотель «...мемлекеттік басқару тәртібі ... мемлекеттегі жоғарғы биліктен көрінеді және жоғарғы билік міндетті түрде біреудің, не азшылықтың, не көпшіліктің қолында болады» [3] деп мемлекеттік құрылысты екі белгі бойынша, яғни, билеушілер санына қарай және басқару мақсатына қарай дұрыс және бұрыс түрлерге бөледі.

Ежелгі рим философы, заңгер, мемлекет қайраткері Марк Тулий Цицерон (б.з.д. 106-43 жж.) мемлекет «жалпы құқықтық тәртіпті» білдіреді деп мемлекет мүшелерінің өзара келісімді құқықтық қарым-қатынасы туралы ой айтқан. Бұл жерде ойшыл мемлекет пен құқықтың ажырамас бірлігін көрсеткен. Сонымен қатар ол басқарушылар мен бағыныштылардың өзара қарым- қатынасында құқықтық принципті орнықтырып, «заңды кейбір, таңдаулы адамдар ғана емес, сондай-ақ, барлық адамдар қабылдауы тиіс», - деген тұжырым жасады. Осылайша, ол құқықтық мемлекет теориясының негізін қалады [4].

Құқықтық мемлекет теориясын жасауға Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Т.Джефферсон, И.Кант, Д.Дидро, Г.Гроций, П.Гольбах, Б.Спиноза және либерализмнің басқа да өкілдері өз үлестерін қосқан болатын.

Ағылшын философы және саясаттанушысы, либерализмнің негізін салушылардың бірі Джон Локк (1632-1704 жж.) «Басқару туралы екі трактат» (1690) деген еңбегінде өзінің құқықтық ойларын тұжырымдаған. Дж. Локк «адам, басқа да адам тәрізді немесе әлемдегі кез келген адамдар тәрізді, толық бостандық пен табиғи заңның барлық құқықтары мен жеңілдіктерін шексіз пайдалану құқығына ие болып туылады, және ол табиғат бойынша, өз

меншігін, яғни, өз өмірін, бостандығы мен мүліктерін басқа адамдар тарапынан болатын зиянкестік пен шабуылдан қорғау билігіне ие...», - деп атап көрсетті.

Дж. Локк «адамдардың мемлекетке бірігулері мен өздерін сол үкіметтің билігінің қол астына берулерінің ұлы да басты мақсаты - өз меншіктерін сақтап қалу болып табылады», - дей келе, құқық үстемдік құратын мемлекет, яғни, құқықтық мемлекет адамдардың табиғи құқықтары мен бостандықтарын сақтау мен қорғау үшін құрылған деген пікір келеді [53, 177, 201-6]. Осылайша, Дж. Локк тұңғыш рет жеке тұлға мүддесін қоғам мен мемлекет мұрат-мүдделерінен жоғары қояды. Ойшыл: «адамдардың қоғамға кірулерінің негізгі мақсаты өз меншіктерін бейбіт әрі қауіпсіз пайдалануға ұмтылуы болып табылады, ал мұның негізгі құралы мен жолының қызметін сол қоғамда орнатылған заң атқарады...», - деп мемлекеттік құрылымдағы адамдардың еркіндігінің болуы мен оған кепілдік беру барлығына ортақ міндетті заң болып табылады деген ұйғарым жасайды [5, 205-6].

Францияның ұлы ойшылы Ш.Л. **Монтескье өзінің** «Заңдар рухы туралы» еңбегінде заңдардың қоғамдағы алатын орны мен рөліне тоқтала келіп, құқықтық мемлекеттің негізгі ұстанымдарын тұжырымдады. Ол «Құқықтық мемлекеттің құрылуын азаматтық қоғамдағы саяси бостандықтың қажеттілігі» деп түсіндірді. Оның бұл жердегі саяси бостандық идеясы – ол азаматтық бостандық идеясымен байланысты және ол мемлекеттің азаматтарының қауіпсіздігіне байланысты екенін айта келіп, барлық адамдардың заңды бұлжытпай орындауының қажеттілігін атап көрсетеді. Монтескьенің пікірінше бұл жердегі саяси бостандық идеясы ол заңды қауіпсіздікті сақтау деп түсінуге болады. Оған жету үшін билік жүйелерін заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлу қажеттігін айтады. Міне, бұл идея Ш.Л.Монтескье теориясының құқықтық маңызын айқындайды.

Құқықтық мемлекет тұжырымдамасын дамыту тарихында неміс философы Имманиул **Канттың** (1724-1804 жж) идеясының орны ерекше. Ол «құқықтық қоғам», «құқықтық мемлекет» терминін айналымға енгізіп, қолданысқа жіберді. И.Канттың саяси- құқықтық көзқарастары «Мәңгілік әлемге», «Құқық туралы ілімнің метафизикалық бастаулары» атты еңбектерінде көрсетілген. Ойшыл құқықтық мемлекет теориясының философиялық негізін қалап, қарастыру барысында негізгі орынды адам мен тұлғаға берді. Адамзаттың болашағын И.Кант «бүкіл құқықтық республикалық мемлекеттің бірігуінде» деп санады [6]. И.Канттың құқықтық мемлекет тұжырымдамасының , құқықтық тұжырымының саяси тұжырымға айналуы, өркениетті мемлекеттің мемлекеттік-құқықтық құрылыс тәжірибесіне маңызды әсерін тигізді.

Сонымен қатар Батыс Еуропалық прогрессивті құқықтық ойларды тұжырымдаған Р. Иеринг, Паунда, Г.Спенсер және тағы басқа ғалымдардың тәжірибелерінің маңызы ерекше. Р.Иерингтің ойынша «Құқықтық мемлекет «өкімет өзінің алдына өзі қойған тәртіпке өзі бағынса ғана пайда болады және сонда ғана құқықтық мемлекетке айналады», - деп атап көрсетеді. Оның ойынша, «қоғамда құқық үстемдік алғанда ғана ұлттың жағдайы жақсарады, сауда, кәсіпкерлік өркендеп, халыққа тән адамгершілік өріс алады».

Мемлекет пен қоғамның қарым-қатынастарының құқықтық тәртібі ХҮІІІ ғасырдан бастап мемлекеттің негізгі заңына айналған Конституциямен бекітілген болатын. Яғни, құқықтық мемлекеттің негізінің дамуындағы маңызды кезең 1787 жылғы АҚШ Конституциясы мен 1789 жылғы француз революциясының негізгі құжаты – «Адам мен азамат құқықтарының декларациясының» қабылдануымен сипатталады. Аталған құқықтық құжаттарда алғаш рет құқықтық мемлекеттіліктің кейбір ережелері бекітілген еді.

Ш. Абуханов,

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ, аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ЕЛІ - ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

Қазақстан Республикасы бүгінгі күні өзіндік даму барысында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құру жолына түскен ел. Оған Қалмырзаев дәлел еліміз конституциясының 1-ші бабында атап көрсетілгендей қазақстан республикасы өзін демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп атап көрсетілген. Құқықтық мемлекет идеясы бұл мемлекетті басқарудағы құқықтың басымдық идеясынан шығып отыр.

Ал азаматтық қоғам бұл материалдық, қоғамдық, саяси және мәдени тұрғыда жоғары дәрежеде дамыған кезде ғана құқықтық мемлекетке айналады.

Ал қазақ қоғамындағы құқық жүйесі негізінің қалануы бұл ХҮ ғасырда -ғы қазақ мемлекеттілігінің орнауымен байланысты болды.

Қазақ ханы Жәнібектің баласы – Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы күшті мемлекетке айналды. Тарихта тұңғыш рет құқықтық ғұрыптар мен нормалардың жүйеге келтірілуі осы Қасым ханның есімімен байланысты болды. Бұл жүйе ғасырлар бойы келе жатқан құқықтық ғұрыптар дербес өмір сүріп отырған қазақ мемлекеттілігінің жаңа жағдайына бейімделіп жасалды. Осылайша, қазақ қоғамындағы Майқы бидің «түгел сөзі», Әз Жәнібек ханның «әдет-ғұрыптары», Қасым ханның «қасқа жолы», Есім ханның «ескі жолы» мен Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мемлекет атынан заң дәрежесінде қолданылатын маңызды ережелер мен заңды құжаттарға айналған еді.

Қазақ қоғамында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырушы ірі реформатор – Тәуке хан (1680-1718 жж.) болды. «Жеті жарғы» - бұл құқықтық, әдет-ғұрып ережелері жинақталған заңдар жүйесі. Онда қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымындағы ел басқару, билік, мүлік заңы, қылмыс заңы, елшілік, әскери, жұртшылық заңы, жер дауы, құн дауы жайындағы қарым-қатынастар мәселелері қарастырылған. Яғни, «Жеті жарғы» - қазақ әдет-ғұрып заңдарының жазба түріндегі жинағы.

Тәуке хан «Халық кеңесі» мен «Билер кеңесін» тұрақты орган ретінде қалыптастырып, олардың мемлекеттік құрылымдағы рөлін арттырды. Осылайша адам мен қоғамның арақатынасының арасындағы негізгі ұстанымдар айқындалды. Қазақ елінің ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан мемлекеттік билігінің даму тарихында, ел басқаруда билер институтының алатын орны ерекше. Билер институты - шынайы халықтық үлгіде құрылып, ежелден елдік әдет- ғұрыпқа негізделген дәстүрлі құқық нормаларын берік ұстанған тәуелсіз сот жүйесі. Би – халыққа, сот төрелігін әділеттікпен жүзеге асыруда, әділ билігімен танылған, сот қызметін атқарған қызметші.

Қазақтардың дәстүрлі саяси өмірінде ел тұрғындарын күштеп басқару жүйелері, яғни, түрмелер мен азаптау орындарының, сондай-ақ, қатаң бақылауға негізделген мемлекеттік органдардың болмағаны да белгілі. Қазақ қоғамында өлім жазасы өте сирек қолданылып, негізінен жазалау айып салу тұрғысында жүзеге асырылған. Жалпы көшпелі қазақ тіршілік әрекетінде басқа адамдарға қарағанда, қоршаған ортаға тәуелді болып келді. Сондықтан да бостандық, жеке бастың еркіндігі, өзіндік қадір-қасиетін жоғары ұстау сезімі оның табиғи тұрмыстық болмысы мен көзқарасында орныққан. Осылайша, Қазақ хандығының саяси құрылымында басқа ұлт аймақтарына қарағанда дала демократиясы қалыптасқан. Бұл жайт қазақ халқының қатал билік жүйелеріне тәуелсіздігінен, адамға жеке тұлға ретінде түсіністікпен қарым-қатынас жасаудан, жеке билікке бағынушылықтың болмауынан көрінеді. Бұған қоса қазақ қоғамындағы кез келген қоғам мүшесінің билеуші топтың алдында өз ой-пікірін еркін білдіру құқығына ие болған. Мәселен, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қазақ нақылы осының дәлелі. Яғни, қазақтардың дәстүрге негізделген саяси өміріндегі билер соты өзіндік мәні бар, дәйекті әрі әділетті шешімдер қабылдаған институт болған [7].

Айта кетерлік маңызды жайт, бұрынғы билер бүгінгі мемлекеттік биліктің функциясын атқаруға қатысып, сот төрелігін жүргізіп, ел басқару қызметінің барлық түрлеріне араласқан.

Олар қазақ еліндегі түрлі ұлыстар мен ру-тайпаларды басқару мен оларды билеуде, ел мүддесі мен бірлігін қамтамасыз етуде елеулі іскерлігімен танылып, даналық ойларымен хан, сұлтандар мен бектерге түзу бағыт беріп отырған. Мемлекеттік билік ісін жетілдірудегі, оның ұлттық идеологиясын қалыптастырудағы, ел басқаруда туындаған саяси шиеленістерді ақыл-

парасатпен шешудегі және халықты отаншылдық рухта тәрбиелеудегі шешен-билерінің зор маңызға ие болғандығы даусыз жайт. Осылайша, «ғалымдардың айтуы бойынша, қазақ жерінде өзіндік азаматтық өзін-өзі реттейтін төрт билік тармағы бар қоғам болған: екі деңгейден тұратын парламенттік билік («Хан кеңесі», «Билер кеңесі»); атқарушы билік – хан билігі; соттық – билер соты, қазылар, аралық соттар және төртінші билік – қоғамдық ой мен қоғамдық бақылау» болған [8].

Сонымен, құқықтық мемлекет дегеніміз конституциялық басқару режимі қамтамасыз етілген, билік бөлінісі бар және олардың тиімді қарым-қатынасы мен өзара бақылауы жүзеге асырылған, билік құрылымдарында әлеуметтік бақылау орнатылған, дамыған құқықтық жүйе мен тәуелсіз сот билігі қалыптасқан мемлекеттік құрылым [9, 313-314бб].

Құқықтық мемлекет саяси билікті ұйымдастырудың формасы ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында құқықтың үстемдігі принципімен аса күрделі ұштасуына, биліктің бөлінуіне, бүкіл мемлекеттік механизмнің құқықпен байланыстылығына, заңдардың үстемдігіне, заңдылықтың жүзеге асуына, халық егемендігінің қамтамасыз етілуіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, ар-абыройларының сақталу кепілдігіне қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне, жалпы адамзаттық құндылықтарды және әлемдік практиканы есепке алуға негізделеді [10].

Құқықтық мемлекеттегі құқықтық мәдениетті қалыптастырушы және оған ықпал етуші бұл бұқаралық ақпарат құралдары. Сондай-ақ қазіргі кезде құқықтық мәдениетті ортаны қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ.Ж., Сатершинов Б.М. Саяси ой тарихы. - Алматы: Үш-қиян, 2003. - 280 б.
2. Платон. Сочинения. – Т.3.-Ч.2.-М.: 1972.-С.188-189.
3. Әлемдік саясаттану антологиясы. - 10 томдық. I т. - А.: - ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2005. - 213-б.
4. Назаркулова Л.Т. Идеи правового государства и построения демократии в Республике Казахстан // Право и государство, 1999. - №2. – С.31.
5. Локк Д. Басқару туралы екі трактат // Ауд. М.Ө.Иманбаев. - Алматы: Раритет, 2004.
6. Кант И. Критика чистого разума. Сочинения. Т.3. – М.: 1984. – С.33.
7. Әуелғазина Т.Қ. Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның саяси әлеуметтену ерекшеліктері. Монография. А.: СаҒа, 2006. - 240б. - 130-131бб.
8. Әбсаттаров Ғ.Р. Қазақ халқының құқықтық санасының кейбір өзекті мәселелері. – «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының басымдықтары мен негізгі бағыттарын жүзеге асыру» тақырыбында Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары, 29 сәуір, 2010 ж. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2010 - 248б.
9. Политология. Энциклопедический словарь. – М.: Изд-во Моск. коммерч. ун-та, 1993. - 431 с.
10. Дьяченко С.А. Об искусстве компромиссов. Как идет процесс демократических реформ // Аргументы и факты Казахстан, 2006. - №41. – С.6.

Резюме. Идея правового государства возникла при преобладании правовых сторон управления государством. Основателями теоретических основ правового государства являются философы И.Кант, Дж.Локк, Ш.Л. Монтескье, Д.Дидро, М.Т.Цицерон и тд. Гражданское общество может стать правовым государством лишь при развитии материальном, общественном, политическом и культурном.

Summary. The problems of constitutional state are one of the hottest topics discussed in modern society. Idea of constitutional state appeared in a presence of state governors related to constitutional parties. When constitutional government is under consideration, the first aspect to be considered is the definition of constitution. Founders of constitutional state theory are philosophers, such as Kant E., Lock J., Montesquieu Ch., Diderot D., Cicero and others. Civil society is said to be constitutional state only with developed financial, social, political, and cultural parameters.

To sum up, constitutional state develops due to internal and external influences, including changes in the inner laws, changes in interstate legal principles and norms, as well as development of international relationship. All above mentioned are considered in detail and appropriate examples are given in the article.

Р. Н. Сырлыбаева

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

Алматы қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПАРЛАМЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Парламентаризм – саяси процестің маңызды құрамдас бөлігі. Ол саяси шешімдерге заң күшін беретін өкілетті орган болып табылады.

Парламент (француз тілінде «parler»-сөйле)- мемлекеттігі жоғарғы өкілдік мекеме. Сословие өкілдерінің органы ретінде Парламент алғаш XIII ғасырда Англияда құрылып, XVII-XVIII ғасырда буржуазиялық революциядан кейін қалыптасты. Қазіргі Ұлыбритания, Жапония, Франция, Италия, Бельгия т.б. елдерде Парламент жоғарғы өкімет органның атауы, АҚШ пен Латын Америкасында конгресс, Швецияда риксдаг, Финляндияда сейм, Норвегияда стортинг деп аталады. Федеративтік мемлекеттерде (АҚШ, Канада, Австралия, Россия) Парламент, екі палаталы болады. Парламенттің төменгі палатасы төте(АҚШ, Италия) немесе көп сатылы сайлау (Үндістан, Франция) арқылы, ал кейбір мемлекеттерде (Ұлыбритания, Канада) Парламент мүшелерінің бір бөлігі мұрагерлік немесе тағайындау принципімен белгіленеді. Заң жобалары мен жеке мәселелерді алдын ала талқылау үшін палаталарда комитеттер мен комиссиялар құрылады. Парламенттің міндетіне заң шығару, мемлекеттік бюджетті қабылдау, халықаралық шарттарды бекіту, конституциялық бақылау органдарын тағайындау кіреді.

Қазақстандық парламентаризм Қазақстан қоғамының саяси жүйесінде пайда болған жаңа құбылыс.

Ең алғашқы Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау 1938 жылы 24-ші маусымда өткізілді. Депутаттыққа кандидаттар партиялық, сыныптық, ұлттық, жыныстық квоталар арқылы іріктелді. Мемлекеттік органдардың шенеуніктері, комсомол, кәсіподақ басшылары, партия қызметкерлері атқарып отырған лауазымына сәйкес ұсынылды. Сондықтан да сайлау рәсімі формальды сипатта болды.

1978 жылы жаңа қабылданған Қазақ ҚСР Конституциясы Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік биліктің жоғары органы және республиканың қарауына жататын барлық мәселелерді шешуге құқылы орган деп бекітті.

1990 жылдың наурыз айында Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші сайланымы өтті. Бұл әкімшілік-әміршілік жүйе жағдайындағы алғашқы демократиялық сайлау болды. 360 депутаттық мандат үшін 2000-нан астам үміткер сайысқа түсті. Жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңес тәуелсіз Қазақстанның және парламентаризмнің қалыптасуында маңызды роль атқарды.

1990 жылдың 24-ші сәуірінде Жоғарғы Кеңес депутаттары Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы арнайы заң қабылдады, Қазақ ҚСР президенті мансабы бекітіліп, Нұрсұлтан Назарбаев ел Президенті болып сайланды.

1990 жылы 25-ші қазанда Жоғарғы Кеңес «Қазақ ҚСР-нің егемендігі туралы» декларация қабылдады. Бұл құжатта билікті заң шығарушы, атқарушылық, сот билігіне бөлу принципі жарияланды.

Осы өзгерістер негізінде 1991 жылы 16-шы желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң қабылданды.

1993 жылы 28-ші қаңтарда Жоғарғы Кеңестің он екінші сайланымы депутаттары тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясын қабылдап, Жоғарғы Кеңесті Республиканың заң шығарушы және жоғары өкілетті органы ретінде айқындады.

1993 жылы 13-ші желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің он екінші сайланымы депутаттары өкілеттіліктерін тоқтатып, 1994 жылдың 7-ші наурызында сайлау өткізу туралы шешім қабылдады.

1994 жылғы сәуір айы мен 1995 жылдың наурыз айы аралығында он екінші сайланым депутаттары тұрақты жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби парламентіне айналды.

Жоғарғы Кеңестің сандық құрамы 360 депутаттан 177-ге дейін азайтылды. Депутаттардың 52%-ы - өзін өзі ұсынғандар, ал 48%-ы – саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері болды. Алғашқы рет саяси партиялардың билік тетіктеріне, мемлекеттік бағдарламалар қабылдауға ықпал ету мүмкіндігіне қолы жетті.

Он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес бір жыл ғана жұмыс істеп, заңсыз деп танылды. Конституциялық Сот сайлау заңнамасының кейбір нормалары Конституцияға сәйкес келмейді деп танып, Жоғарғы Кеңесті тарату туралы шешім қабылдады.

1995 жылғы 30-шы тамызда өткізілген референдумның нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Конституция Парламентті заң шығару міндетін атқаратын Республиканың ең жоғары өкілді органы деп жариялады. «Парламент» ұғымы ең бірінші рет ресми түрде 1995

жылғы Конституцияда бекітілді. Парламент екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұратын болды.

Президент Конституциялық заң күшіне ие болатын «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» үкімге қол қойды. Қос Палаталы Парламентке сайлау 1995 жылдың соңында өтті. Сенатқа сол кездегі 19 облыстан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, барлығы 40 депутаттан сайланды. Сенаттың жеті депутатын Президент тағайындады.

Мәжіліс депутаттарын сайлау 1995 жылы 9-ші желтоқсанда өтті. Депутаттардың жалпы саны – 67, оның ішінде ер азаматтар – 58, әйел депутаттар – 9. Қос Палаталы Парламент 1996 жыл мен 1999 жылдар арасында жаңа қабылданған Конституцияға сәйкес 500-ге жуық заңдар қабылдады.

1998 жылы барлық Кеңес Одағының құрамынан шыққан елдерді қамтыған дағдарыстан шығып, Қазақстан билік тармақтарының қызметін жақсарту үшін саяси жүйеде реформаларды іске асыра бастады.

1999 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Мәжіліске сайлау аралас жүйе бойынша өткізілді. Сайлауға он партия қатысты. Сайлау жүйесін жетілдіру процесі осы кезеңнен басталды. Парламенттің ролін арттыру мақсатында Мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық блоктағы министрлердің кандидатурасын Мәжіліс пен Сенаттың бейімдік Комитеттерінде және ҚР дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларымен келісіп отырып тағайындайтын болды.

Ал 2012 жылғы өткізілген парламенттік сайлауда ең бірінші рет Қазақстанның үш партиясы Мәжілістен орын алды. Партиялық тізім арқылы жүргізілген сайлауда Нұр Отан партиясы 80.99% дауыс жинап 83 мандатқа ие болды. Ақ Жол мен Қазақстанның Коммунистік Халық партиясы 15 мандатқа ие болды. Бұл Қазақстандық парламентаризмнің дамуының жаңа кезеңінің басталғанының куәсі.

Қос Палаталы Парламент ел бюджетін бекітіп, Елбасының ұсынуымен Премьер-Министрді тағайындауға келісімін береді. Үкіметке сенімсіздік білдіріп, кез келген министрлерді қызметтен босатуды талап етуге және Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқы бар.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік дамуында жаңа деңгейге аяқ басты. Азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үрдісіне қатысуына, билік саясатына конструктивті түрде ықпал етуіне мүмкіндіктер туды.

Қазақстан Конституциясына стратегиялық өзгерістер енгізілді. Ол өзгерістер билік тармақтарының өзара қарым-қатынастарындағы тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Парламент ролі күшейді. Үкімет Парламенттің

белсенді араласуымен қалыптасады. Пропорционалды жүйемен сайлау өткізу Парламенттегі жағдайды түбегейлі өзгертті.

Саяси үрдісте Парламенттің ролі артып қана қоймай, оның сайлаушылар алдындағы жауапкершілігі де арта түседі. Себебі, экономикалық өсімнің қарқыны, азаматтық қоғамды дамыту, реформалардың мәні заң шығарушы органның қабылдаған заңдарының сапалылығына байланысты болады.

Мәжіліс депутаттарының саны 107-ге дейін көбейді. Олардың 98-зі пропорционалдық жүйе бойынша сайланды. Жоғарғы өкілетті органның көп ұлтты құрамы күшейтілді. Қазақстан Халқы Ассамблеясынан Мәжіліске тоғыз депутат сайланатын болды. Жоғарғы заң шығарушы органның партиялық негізін ескеріп және Ассамблеяны заң шығаруға қатыстыра отырып, ел Парламенті азаматтардың мүддерлері мен барлық пікірлер спектрін толыққанды қамтитын болды. Бұл Қазақстандық ерекшелікті дамытуға септігін тигізіп, демократиялық дамудағы үрдістердің ерекше Қазақстандық жолын және Қазақстандық парламентаризмнің нығаюын қамтамасыз етті.

Егер Мәжіліс депутаты партия қатарынан шықса немесе түрлі себептер бойынша шығарылатын болса, Мәжілістегі орнынан айырылады. Мұндай ереже Сенат депутаттарына қолданылмайды. Сенат депутаттарының саны президенттік квота бойынша 7-ден 15 депутатқа дейін көтерілді. Олар қоғамның ұлттық- мәдени және өзге де елеулі мүдделері өкілдігін қамтамасыз ету қажеттігі ескеріле отырып тағайындалатын болды.

Ұлттық Банк Төрағасының қызметіне кандидатура Сенатпен келісілетін болды. Конситуцияға енгізілген түзетулерге сәйкес Үкімет Мемлекет басшысының алдында ғана емес, Парламенттің алдында да жауапты. Ал Үкіметке сенімсіздік білдіру үшін бұрынғыдай Мәжіліс депутаттарының үштен екісі емес, жай көпшілік дауысы жеткілікті болатын болды.

Сонымен қатар, Үкіметті Парламенттік негізде құрудың жаңа ережелерін жасау саяси партиялардың ролін арттыруға мүмкіндік береді.

Конституциядағы қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салу туралы бап алынып тасталды.

Жергілікті өзін өзі басқару органдарының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маслихаттардың сайланатын мерзімі төрт жылдан бес жылға дейін ұзартылды. Қазақстан Республикасы президентінің облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін лауазымына тағайындауы енді тиісті маслихаттың келісімімен жүзеге асырылатын болады. Осыған байланысты маслихаттар мен олардың саяси ролі күрт өсті.

Парламент бүгінде елдегі саяси жариялылықтың шын мәніндегі алқалы жиыны болып табылады. Бұл әсіресе қоғамды одан ары демократияландыру, Қазақстанның мемлкеттігін нығайту және оның әлемнің бәсекеге қабілетті 30

елінің қатарына кіру мақсатында әзірленген саяси реформалардың жаңа дәуірінің басталу кезеңінде ерекше маңызды.

Резюме. В данной статье рассматриваются проблемы становления парламентаризма в современном казахстанском обществе.

Summary. In this article the problems of parliamentarizm take up position in modern Kazakhstan were shown.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1978.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1993.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.
4. Кусманғалиева Ж. Парламентаризм : логика развития//Казахстанская правда. - 2008. - 5 июня.

Б. Бағдат, *филос.ғ.д, ҚазҰУ доценті*
А. Игисенова, *АТУ аға оқытушысы*

КӨНЕ ТҮРІКТЕРДІҢ ДІНИ ТАНЫМЫ АЯСЫНДАҒЫ ҰҒЫМДАР

Көне түріктердің рухани тектік негізі және түрік дүниесінің дәстүрлі теологиясы – Тәңірлік ілімі. Тәңірлік сенім аясындағы негізгі теологдар-Жер-Су, Ұмай ана, Құт. Тәңір ұғымы шексіз көк Аспанды білдіреді. «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің ортасында адам баласы жаралған» деген Күлтегін жазбасы ежелгі түріктердің діни дүниетанымының бірыңғай қалыптасқанын айқындайды. Тәңірлік – ежелгі түрік және моңғол тілдес халықтарға тән көне діни жүйе. Ежелгі түріктердің құдайлар пантеонында жоғарғы орын Тәңірге берілді. Тәңір діни монотеистік яғни бір құдайлық дін болып табылады. Тәңір ұғымының түркі тілдердегі қолданылуы: қазақ тілінде Тәңір, қырғыз тілінде Теңир, өзбек тілінде Таңри, түрік және азербайжан тілдерінде Таңри, татар және башқұрт тілдерінде Тәңіре, қарашай-балқар және құмық тілінде Тәңгири, моңғол тілінде Тэнгэр, қалмақ тілінде Теңгр, якут тілінде Таңгара. Тәңір ұғымы көне түріктердің сына жазуында таңбаланған. 1893 жылы дат ғалымы В.Томсен Орхон жазбасынан Тәңір сөзін айқындады. Орхон-Енисей жазбаларында: «О, Аспаным, бізге пана бола, о, Еділ елім мәңгі жаса» - деп көрсетіледі. «Тарихсыз болашақ жоқ. Ұлы Далада күллі Еуразия құрлығын уысында ұстаған алып мемлекеттер болған. Алып кеңістікті ең жайлап, еркін билеп-төстеген айбарлы халықтар өмір сүрген. Бүгінгі Қазақстан-сол бабалардың заңды мұрагері»[1]. Көк аспан – еуразиялық кеңістікті мекендеген халықтардың дүниетанымы мен рухани құндылықтарындағы қасиетті ұғым. Ежелгі түрік және моңғол тілдес халықтар үшін тәңір пенде мен халықтың, қаған мен мемлект тағдырының иесі болып табылады. Ғалам мен шексіз ғарыштың иесі Тәңірдің мекені көк аспан. Тәңірлік сенімді ұстанған халықтар үшін Тәңірдің құтты мекені мәңгі, шексіз көк аспанды тұрақ еткен Тәңірі жоғарғы Құдай болып табылады. Тәңірлік сенім бірқұдайлық ұстаным ретінде көне Меккеліктер ұстанған ханиф сенімі тәрізді.

Көне түрік қағандарында өздеріне Тәңір жарылқауы және қолдауымен билік берілген деген түсінік қалыптасты. Бұл билікке сакральды қасиеттілік мән-мағына берді. Түрік қағандары мен хандарын қара халық Тәңір тарапынан құт дарыған тұлға ретінде қастерлеген. Құт қонған қаған саяси және діни билікке ие болады. Құт-қаған билігінің идеологиялық негізі. Бұл діни сенімнің саясилануын айқындайды. Тәңір берген құт ерекше рухани тылсым күш ретінде қағанға харизмалық тұлғалық мәртебе береді. Көне түріктер танымында Тәңір көзі түскен пендеге құт дарытады. Құт-Тәңір және қара халық үшін ізгі амал жасаған таңдаулы пендеге беріледі. Көне түріктер үшін Құттан айырылу-билік пен абыройдан айырылуды білдіреді. Халқымызда «Тәңірдің бір аты –халық» деген сөз бар. «Құт қонған», «құт дарыған», «құтты болсын» «үйдің құты», «құтты қадам», «құтты қашыру» сынды түсініктер халқымыздың ділі мен сана астарында бекіген архетип. Тәңірлік сенім ұстанымдары мен рухани –ділдік құндылықтары түрік халықтарының діни санасы мен рухани әлемін айқындап, мінез-құлқы мен өмірлік философиясын, дәстүрі мен тұрмыс –тіршілігін қалыптастырушы тұғыр ретінде көрінді. Қазақ халқының ділі мен діни дүниетанымының қалыптасуының негіздерінің бірі-бұл көне салт дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жүйесі. Ұлт менталитетінің қалыптасуына халықтың салт-санасы, әдет-ғұрпы, шаруашылығы ықпал етеді. [2]. Құт сөзінің діни және магиялық қуаты және құт дару тетіктері түрік халықтарының ұжымдық-психологиялық алғышарты болып табылады. Ежелгі түрік қағандары үшін Тәңірлік сенімі мемлекетті құраушы тұғыр және түрік халқын ұйыстырушы идеологиялық құрал ретінде қызмет жасаған. Тәңірлік идеология ретінде түрлі түрік тайпаларын бір мүдде мен бір мақсатқа жұмылдырды. Көне түріктер Тәңірге жауларымен шайқаста жеңіс және істерінде табыс сыйлаушы құдіретті күш ретінде табынған.

Ежелгі моңғолдар қауымында жоғарғы Тәңір Хан Монхе Тәңірі (мәңгі көк аспан), Эрхету-Тенгри (құдіретті аспан), Деге-Ре-Тенгри (Жоғарғы аспан) атаулары бар. Багатур-Тенгри – батырлық пен адамдардың қорғаушысы. Хисага-Тенгри – адамдардың жаны мен мал мүліктің қорғаушысы және т.б. түрлі Тәңір ұғымдары бар.

Көне түріктер өздерін Көк Аспанның перзенттері ретінде қарады. Көне түріктер құлышылығын Көк Аспанға қарай қолын созып және жерге бас ұрып жасайтын болған. Тәңірлік космологиясында адамдар мен рухтардың бүкіл ғаламның иесі әділетті де, қайырымды Тәңір ғаламды үшке бөлген, Аспан әлемі – Тәңірдің мекені, ортаңғы әлем –

табиғат заттары және рухтардың, пенделердің әлемі, төменгі жер асты әлемі – зұлым күштер мен өлі жандардың мекені. Жер асты әлемінің рухы бұл – ажал падишасы Ерілік болып табылады. Көк түріктер үшін бөрі тотемдік белгіге айналды.

Бөрі түріктердің жебеушісі ретінде қастерленді. Ұлы даланы мекендеген көшпелілер үшін Тәңір сенімі түрік тайпаларын біріктіруші рәміз, ал Тәңірлік діннің құлшылық тілі түрік тілі болды. Тәңірлік ұғымы көне түріктердің ұлттық санасы мен діни дүниетанымында қасиетті жебеуші, құдіретті күш ретінде саналды. Тәңірлік сенім туралы дінтану ғылымында түрлі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер Тәңірлік сенімнің киелі кітабы, пайғамбары, жүйелі ғибадаты мен діни-этикалық ұстанымы жоқ деп қарастырады. Тәңірлік сенімі көне түріктердің дүниетанымы мен діни санасының ортақ негізі мен киелі ұстанымдарының түбі бір екендігін айқындайды. « Көк түріктер заманының өзінде бірнеше ғасырлардан бері келе жатқан,қалыптасқан діни сал-дәстүр,діни дүниетаным бар болғандығын айта аламыз» [3]. Қазіргі кезде ислам дінін ұстанатын түрік халықтарында Тәңір ұғымы Аллаһтың көркем есімдерінің бірі. Бүгінгі түрік тілдес халықтардың ішінде чуваш,гагауыз ,шоқынған қазан татарлары христиан сенімінде,ал караимдар иудей сенімін ұстанады.

Ұмай ана - көне түркі наным -сенімдерінде ұрпақ жалғастығы мен ошақтың, балалар мен өнердің киелі жебеушісі. Ұмай ежелгі түрік халықтарының аңыз-эпсаналарында түрік жұртының тектік сабақтастығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, түрік қауымын сақтаушы аналық рухани бастау күш рәмізі. Ұмай ана өнер мен қолөнердің қамқоршысы.Көне түркілерде әйел босанғанда Ұмай ана көмек сұраған. Қыз ұзату және неке қию салтында Ұмай ана отбасының бақыты және дәулетті болуын, адал неке мен жас жұбайлардың перзенттерінің көп болуын тілеген. М. Орынбеков: « Ұмай ошақтың және балалардың киелі иесімен қатар,сарбаздардың да қорғашысы саналады" - деп ой түйеді[4]. Ұмай ана нәрестенің аман-есен, дені сау болып келуіне себепші рухани тылсым күш ретінде сипатталады.Ұмай –ана есімі YII-YIII ғасырларда руникалық мәтіндерде таңбаланған. Ұмай ана көне түріктердің шаңырағын және ұрпағын зұлым күштерден қорғаушы күш иесі. Тоныкөк ескерткішінде: "Аспан, Ұмай, киелі Жер-Су бізге жеңіс әкелген осылар"- делінген. Бұл түрік наным-сенімдерінде Ұмай ана мәртебесінің биіктігін дәлелдейді. Күлтегін жазуында: "Бұл - Ұмай тәрізді менің анам, Катун (қуанышына) кіші інім Күлтегін ер атанды" Ұмай ана ежелгі түріктерде жас баланың тәй-тәй басып,тілі шыққанға дейін қамқоршысы. Ежелгі түріктерде аналар бесік жырына Ұмай ана есімін ардақтап қосқан. Түркілерде Ұмай ана балаларды көз тиюден, кесір-кесапаттан, ауру-сырқаудан сақтаушы және бала өмірінің арашасы ретінде суреттеледі. Ұмай ана – некенің адалдығы мен жас жұбайлардың пәктігін, шаңырақтың шаттығын, балалардың бақыты мен болашақтың қамқоршысы. Ұлан-ғайыр далада қоныс тепкен көшпелі түріктер Ұмай анаға табынып және қастерлеген. Ұмай ананы қастерлеу түрік және моңғол тілдес халықтарға тән. Махмұт Қашқари пікірінше "Ұмай - бала жолдасы" . Ұмай моңғол тілінде "жатыр" (әйел ағзасын) білдіреді. Отбасына ырыс, береке, бақыт сыйлаушы, бейнетқор әйел . Қырғыз халқында-Ұмай ене,өзбек халқында –Сары ене,шор және телеуттерде-Май-энэзи деп аталатын Ұмай әйел балалардың қамқоршысы ретінде қастерленді. Жаңа туылған нәрестелер мен бесік жасындағы балалардың қорғаушысы, бесік тербетуші, алты жасқа дейінгі балалардың жебеушісі және зұлым күштер мен рухтардан қорғаушы деп саналған. Шор халқында қара-Ұмай зұлым рухы туралы түсінік болған. Телеут халқында Май-ене қолына садақ ұстаған, күміс шашты көрікті мейірімді әйел ретінде бейнеленген. Алтайлық түріктерде Ұмай от культімен байланысты сипатталып,Ұмайды судан қорқады түсінік болған.Түркі тілдес халықтардың аңыз-эпсаналарында нәрестенің кіндігін кесуші Ұмай ана бала таппаған әйелдерге жәрдем тілеген құт дарытушы , шаңырақ пен балалардың жебеушісі, молшылық пен құт-берекені, төрт түлікті көбейтуші рух иесі. Көне оғыздарда Ұмай ана құрсағындағы нәрестенің қамқоршысы. Бесіктегі сәби жымиса Ұмаймен тілдесуде,ал сәби жыласа зұлым рухтар мазасын алуда деген түсінік түрік халықтарына ортақ. Қазіргі түрік халықтарының Ұмай ана туралы түсінік-пайымдары көне түрік қағанаты дәуірінен бастау алатын түбі бір тарихи тамырын,этномәдени және этногенетикалық байланысын және рухани тектік болмысының бірегейлігін айқындайды.

Аруақ – ұлттық діни сана мен қазақ дінтануының негізгі ұғымдарының бірі. Аруақ ұғымы қазақ халқының дәстүрлі жеті ата шежіресімен тығыз байланысты. Ата-баба рухы пендені желеп-жебеп жүреді, яғни фәни дүниеде адамды сәтсіздіктер мен кесірлерден сақтайды деген ұстаным-«Аруақ қолдасын», «аруақтарға тие берсін», «аруақ атқыр», «аруақ қонды», «аруақ ұстау» сынды түсініктерден көрінеді. Қайтқан пенденің нақты бір қасиеті болса онда ол о дүниеде ру-тайпаның жебеушісіне айналады. Мәңгілік дүниеге аттанған батырлар мен әділетті билер, ақын-жыраулар, емшілер- нақты бір аймақтың қамқоршысына айналып бұ дүниедегі туған-туыстары мен ұрпақтары үшін қамқоршыға айналады. Халық діни танымында, аруақтар ақ киімді немесе ақбоз атқа мінген қалыпта, кейде аса таяқ ұстаған ақсақал түрінде көрінеді. Ақылғой ақсақал және даңқты батыр, әділетті би сынды ата-баба рухына құрмет көрсету-«Өлі риза болмай тірі байымайды» ұстанымында айқындалған. Халық түсінігінде аруақ қонған пендеде мазасыздану, талу, еліру, елігу, дауыс шығару, өзімен-өзі күбірлеу және оңашалану сынды белгілер тән. Аруақ қонған пенде емшілік және көріпкелдік қасиеттерге ие болады. Аруақты ұстай білу-ата-баба рухын қастерлеуді көрсетеді. Аруақты көтере алмаған пенде психо-патологиялық ауруға ұшырайды деген түсінік қалыптасқан. Аруақ тандаулы пендеге қонады. Аруақ қонған адам діни парыздарды орындап, теріс әрекеттерден аулақ жүруі тиіс. Аруақ қонған адам о дүниелік болған қасиетті адамдардың рухтарымен байланыс жасап, олардан кеңес сұрайды. Ш. Уәлиханов «аруақ-ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау күн түскенде, жан қиналғанда Аруақ қолдай ғөр, қолтығымнан жебей ғөр деп айтады», - деп қасиетті ата-баба рухына құрмет көрсету-Ұлы дала көшпелілері үшін киелі ұғым екендігін болжайды. Аруақ бейнесі көне түріктер дүниетанымында айқындалған.

Л. Гумилев «табиғатты анимистік сеніммен қатты қастерлейтін түркіт халқына қарама-қарсы түркіттің бекзат-билері тотемдік дүние танымнан туған салт-қаһарман ата-бабалар аруағына табынатын болған деп ашықтан-ашық айта аламыз»-деп көрсетеді [5]. Алғашқы қауымдық құрылысқа тән анимистік наным өзегі –жан мен рух. Анимизм (лат. anima -жан) ағылшын антрополог-ғалымы Э. Тайлор ежелгі діни нанымды баяндау барысында қолданған термин. Анимистік наным бойынша адам болмысы мен табиғат құбылыстары рухтар мен аруақтар ықпалында. Тайлордың пікірінше, анимизм –дінді анықтаудың түпкі мәні. Ағылшын дінтанушысы Р. Маррет ежелгі адамдардың діни нанымын айқындауда –аниматизм (лат. animatus-рухтанған)-терминнің қолданды. Аниматизм-адамдар өміріне ықпал етуші әмбебап тұлғасыз рухани күштің барлығына сену. Қазіргі кезде аруақтармен байланыс жасайтын спириттік сеанстар жүргізу ғұрыптары бар. Анимизм -әлемдік және дәстүрлі діндерге тән әмбебап ұғым. Түрік тілдес халықтарға ортақ ұғымдардың бірі-бақсы түсінігі.

Бақсы – қазақ және түрік халықтарында балгер, емші және жыршы болып табылады. Қазақ мәдениетінде бақсы қобыз аспабымен адам бойындағы зұлым рухтар мен ауру-сырқауларды аластайды. Түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарында бахши – жыршылар мен әншілерді бейнелейтін ұғым. Аталмыш халықтарда бахши қос ішекті дутармен халық дастандарын жырлайды. Түрік халықтарында бақсылар кезбе тақуалар ретінде адамдарды емдеу барысында транс күйіне түсіп, рухтармен байланыс жасайды. Түрік және моңғол халықтарында бақсы ғалам сырларына үңіліп, рухани танымның биік шыңына жетіп, рухтар әлемі мен киелі жан иелерімен қатынасқа түседі. Осылайша ол қауымның мұқтажына сай білімі мен ритуалдық тәжірибесін қауым мен адамның психикалық саулығын сақтауға бағыттайды. Бақсы зұлым рухтармен күресіп, ауру адамның айығып кетуге деген сенімін оятады. Бақсы адамның санасы мен сана астарына психотерапиялық тұрғыдан әсер етеді. Сырқат адам бақсының емшілік қабілеті мен оның рухани тылсым күштермен байланысына сене отырып, ауруынан айығады. Бақсы емдеу барысында рухтармен сұхбаттасу, ерекше би және түрлі құралдарды қолданады. Бақсы сырқат адамның жан-дүниесін және ауру ағзасын емдейді. Ш. Уәлиханов қазақтарда алғашқы бақсы Қорқыт ата болғандығын атап көрсетеді. Қорқыт ата түрік халықтарына қобыз тартуды және жыр дәстүріне үйреткен абыз, ойшыл болып табылады. М.С. Орынбеков «Бақсы бойына ақын мен күйші, әрі емші қабілетін жинақтаған тұлға» деп көрсетеді [6].

Бақсылық дәстүрде негізгі құрал қобыз аспабы болып саналады. Кейде дабыл қолданылады, ал домбыра сирек қолданылады. Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақ даласындағы Қойлыбай бақсының қобыз аспабымен жасаған ғұрыптық өнерін баяндайды. Қазақ қоғамында бақсы медициналық және діни қызметтер атқарды. Бақсы дәстүрі мен емдік қызметі түркі халықтарының өмірінде терең рәміздік мәнге ие болды. Ө. Диваевтың пікірінше «бақсы» шағатай сөзі, шаман, болжаушы сиқыршы дегенді білдіреді және бақсы рухтармен қатынастағы тіпті оларды өзіне бағындырған қырғыз емшілері. Оларды науқастың жанынан да, тойлардан да кездестіруге болады деп пайымдайды. Бақсы сырқат адамға үшкіру, аластау, зікір, тамыр басу салу әдістері арқылы әсер етеді. Қорыта айтқанда, Еуразия кеңістігін мекен еткен түрік халықтарының ортақ рухани рәміздері түрік әлемінің - діни, ділдік, тілдік кеңістігінің сәйкестік бірегейлігін айқындайды. Көне түріктік наным-сенімдер жалпы түріктік діни таным мен руханият бірегейлігін негіздеген. Тәңірлік-бүгінгі түрік тілді этностардың бірегейлік негізінің ұжымдық-психологиялық алғышарты және ділдік тұтастығының маңызды тетігі болған деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі-Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы. Егемен Қазақстан. 16 желтоқсан. 2014. 2-бет.
2. Д. Кішібеков. Қазақ менталитеті кеше, бүгін, ертең. А. 1999. -183-б.
3. Ш. Ибраев. Түркі халықтарындағы ортақ ұстанымдар. Ана тілі. 7 қараша. 2013. 5-б.
4. М.С. Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. А. 2000. 9-б.
5. Л. Гумилев. Көне түріктер. А. 1994. 79-б.
6. М.С. Орынбеков. Қазақ сенімдерінің бастаулары. А. 2000. 17-б.

Түйіндеме. Мақалада көне түріктердің діни танымы және рухани дүниесінің негізгі ұғымдары қарастырылады. Түрік тілдес халықтардың бірегейлік ұстындары талданады.

Резюме. В статье рассматриваются духовные символы древнетюркских народов. Также анализируется общетюркское теономы и религиозные ценности в древнетюркскую эпоху.

Summary. The article deals with the spiritual symbols of ancient Turkish people. Also analyzed turkish theonomy and religious values in the ancient era.

С.К. Мендыбаев, кандидат философских наук, доцент
Р.М. Мажиденова, кандидат философских наук, доцент
КазНУ им. Сатпаева. Алматы

СТИЛЬ В КУЛЬТУРЕ МЫШЛЕНИЯ

Абстракт. В условиях идеологического контроля стиль мышления выступает индивидуально-личностной формой выражения мысли в рамках принятого культурного канона.

Представление о мышлении – это и представление о мире и человеке. Так, исключительно инструментальное понимание мышления, как орудия познания и целеполагания имеет своим мировоззренческим основанием противопоставление человека и мира, восприятие мира, как только сферы приложения мироустроительного и самосозидательного творчества человека, непрестанно преодолевающего стихийные силы природы, общества и самого человека.

Прояснение скрытых мировоззренческих предпосылок понимания мышления открывает возможность более широкого рассмотрения, как самого мышления, так и его культурных форм. Ближайшим образом мышление существует как мыслительный процесс, протекающий в головах людей. Но его присутствие обнаруживается не только в этом. Неявным образом мышление представлено постоянно обновляемым, духовным и предметно-вещественным

миром человеческой культуры. Идеи и ценности, нормы поведения и сознания, социальные структуры и «вторая природа», технические навыки и устройства – многообразие человеческих артефактов, образуют предметное поле мышления. Его элементы являются предметами наших мыслей и необходимым условием существования мышления как деятельности.

Понятие «культура» включает в себя различные смыслы и значения. В самом общем смысле под культурой понимается искусственно сформированная среда, различные артефакты, созданные историческим субъектом. Культура – среда обитания человека, условие и предпосылка его существования и развития. Она безличностна и приобретает смысл и значение во взаимодействии с ней человека, через реальные действия, реализующие его познавательный и практический интерес. В этом смысле культура не существует для человека, пока он не совершит реальное действие, живой акт воли. Все культурные явления существуют благодаря участию в них: «онтологическое устройство бытия воспроизводит себя лишь с включением нашего усилия» (1,147). Книга существует, когда ее читают, музыка – когда ее исполняют или слушают.

Деятельное участие человека, живой акт, усилие мысли и воли – не только условия существования и воспроизводства культуры. Культура включает в себе уже наработанные смыслы и овладение ими означает воспроизводство данного культурного опыта. С этим связано понимание как акта восстановления авторского смысла. Но это есть одновременно и актуализация, и творчество новых смыслов, благодаря самобытности людей и меняющимся обстоятельствам времени и места. Каждый раз, читая книгу, мы понимаем ее и находим в ней что-то новое для себя, то что отвечает нашему актуальному жизненному опыту и представлениям.

Понимание, овладение смыслами предполагает нахождение в одном интеллектуальном пространстве понимающего и понимаемого. Это состояние не является безусловным, данным природой нашего сознания, мышления. Сознание и мышление – не продукт природного развития, их возникновение и существование определяется иными закономерностями. Вопросы "как возникает мысль, сознание?», когда они уже есть, когда мы уже находимся в их пространстве – неразрешимы, ответы на них будут тавтологичны, выразимы в терминах самого вопроса. Мы сознаем и мыслим благодаря культуре, искусственному по своей природе образованию. Но содержание его остается закрытым и, значит, не существующим для нас, пока не произойдет «свершение – всегда случайное» – «живых состояний или живых актов» (1,145). Само такое свершение осуществимо при одном обязательном условии, формальном по своей сути. Это условие М.Мамардашвили называет «машинами мысли». Это особые интеллектуальные формы, мыслительные духовные конструкции, наработанные философской традицией и обязательные для всякого грамотного мышления, сознания. Они составляют технику жизни, гигиену духовной жизни (2,193).

Каждая область культуры включает в себе такие организованные формы деятельности, посредством которых непрерывно воспроизводится человек, реконструируется человеческий феномен из данного природой психобиологического материала. Сама культура, мир культуры предназначены для того, чтобы осуществился человек, ведь быть человеком – это не естественная данность. Считается, что все существующее должно превосходить себя, чтобы быть собой. Конечно, речь здесь идет не о физическом, а о духовном существовании, в котором главным является вопрос обретения цели и смысла человеческой жизни. Именно для решения этого основного человеческого вопроса и создается мир культуры, культурные формы, в которых и развивается духовный опыт. Культурные формы, или формы культуры созданные историческим творчеством человечества (философия, религия, наука, искусство и т.д.) предназначены не только для описания мира, его понимания, но, прежде всего, для процесса «реконструкции и воспроизводства человеческого феномена» (1,87). Это «сверхзадача» культуры, ее целевая причина. Как же с этой точки зрения на культуру предстает само мышление?

В отношении культуры мышление проявляет себя двояким образом. Оно – ее элемент и следует общему замыслу культуры, ее целевой причине. Но мышление при этом – особый элемент культуры. Оно – интеллектуальное орудие созидания культурных форм, а так же средство понимания, заключенных в них смыслов, средство вхождения человека в пространство культуры. Таким образом, мышление – это и культура, и «техника» культуры. Это различие содержательной и формальной культуры мышления, ценностной и нормативной сторон мышления, разума и рассудка.

Культура мышления ценностно размерена. Можно говорить о «высокой» культуре мышления, имея в виду масштаб и глубину мысли, гармонию в ней познавательного (Истина), нравственного (Добро) и эстетического (Красота) содержаний. Гармония высших человеческих ценностей в мышлении раздвигает эмпирические горизонты индивидуального существования, создает напряжение духовной мысли, трансцендирующей индивида к вневременным личностным структурам человеческого бытия (2,165-167). Иное – массово-безличностное мышление, опирающееся на конечные ценности конкретной культуры, выраженные в идеологии, оказывается нравственно и личностно необоснованным.

Формальная сторона мышления фиксирует его измерение, касающееся самой процедуры мыслительной деятельности. К ним относятся такие существенные правила и требования мышления как обоснованность, ясность и определенность, последовательность, непротиворечивость. Эти требования абсолютны и безусловны для мышления как рациональной деятельности, составляют его технику и дисциплину. Нарушение их влечет разрушение мысли, ставит под сомнение саму способность мышления (4,7). Необходимость формальной культуры мышления кажется очевидной. Напоминать о ней приходится в случаях сомнительного использования инструмента мышления, как это случилось в советской истории.

Господство в СССР идеологии, использование науки, философии, культуры в идеологических целях существенно ограничивало свободу мышления, ставило мысль под запрет. В этих условиях обсуждать какие-либо теоретические проблемы приходилось с оглядкой на партийно-идеологическую цензуру. Типичным способом выхода из ситуации становилось использование разнообразных приемов сокрытия истины и путей, ведущих к ней – переформулировки, уточнения смыслов, иносказания, недомолвки и т.п. при формальном соблюдении принятых идеологических правил игры. Распространен был прием идейной критики немарксистских теорий с целью знакомства читателя с опытом развития зарубежной философии. Иначе говоря, внутри идеологической культуры мышления успешно складывалась и развивалась относительно независимая культура и техника размышления, существующая не как иной способ мысли, а как его определенный стиль. В данном случае, под стилем мышления понимается возникшая внутри советской философии система мыслительных практик, укорененных в ней и тесно с ней связанных и, вместе с тем, проявляющих своеобразие.

Идеологический пресс существенным образом исказил понятие, представление философии, понимание ее целей и предназначение в сознании общества и самих философов. Произошла редукция специфического содержания философии к ее специфическим функциям в обществе. При этом сами эти функции стали пониматься превратно: философия стала представляться то, как теоретическая идеология, то, как сциентизированная методология, то, как тип нравоучения (3,31). Каждому из этих образов философии соответствовал конкретный стиль философского мышления (способ, манера философствования), которые условно можно обозначить как «апологетический», «методологический», «морализаторский». Такое определение стилей носит типологический характер, не предполагает односторонних оценок. Так, обозначение одного из стилей как «апологетического» не означает, что для его представителей была характерна одна только защита и оправдание существующего строя. Апологетическая тенденция в той или иной степени всегда присутствует в философской деятельности.

Использование понятия «стиль» для данного структурного различения советского философского мышления, на первый взгляд, представляется излишним, поскольку трудно говорить о разнообразии в условиях господства всеобщего. Массив тотальной идеологии не оставлял пространства развитию свободной, не ангажированной мысли. Тем не менее, имена таких ярких философов как М.Бахтин, А.Лосев, Э.Ильенков, М.Мамардашвили и др. опровергает мнение о безликости советской философии. Советская философия никогда не представляла как однородное явление, она постоянно развивалась через столкновение различных мнений, точек зрения. В ней складывались конкурирующие направления и школы, имеющие собственные стилевые границы.

В центре понятия «стиль» лежит важная идея, присутствие которой выделяет его из ряда близких по смыслу понятий – способ, метод, форма. Это идея, выражающая значимость индивидуально-личностного момента в человеческой деятельности. В отличие от сравнимых с ним понятий, делающих акцент на всеобщем, типическом, термин «стиль» способен к адекватному выражению всякого творчества как неповторимого, самобытного явления жизни.

Творчество – личностная, персонально артикулированная деятельность, где нет место шаблону, трафарету. Характеризуя деятельность каких-либо субъектов как творческие, например, в выражении «творчество народных масс», мы имеем намерение индивидуализировать массового носителя действия, отличить его по социально-культурным, национальным или иным основаниям. При этом возникает необходимость расширения контекста вводимого выражения, использования поясняющих терминов, что приводит к размыванию смысла исходного понятия и делает неоправданным его употребление. В творчестве субъект выступает не как цельный индивид (конечность, замкнутость), а как носитель целостности (открытость, бесконечность). Творческий потенциал человека определен избыточным характером его натуры, отсутствием исчерпывающего его объяснения любым социальным или культурным контекстом (5,192).

Стиль формируется как результат творческих усилий индивида, но, приобретая каноническую форму, он постепенно утрачивает исходные субъективно-психологические черты, становится выражением личностного бытия индивида как конкретного социально-культурного субъекта деятельности. Т. о., стиль мышления, задавая конкретные нормы и правила мыслительной деятельности, способствует формированию исторически определенной картины мира, становится выразителем «духа своего времени».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Мераб Мамардашвили. Как я понимаю философию. М., 1990.
- 2 Мераб Мамардашвили. Мой опыт нетипичен. М., 2000.
- 3 Философское сознание: драматизм обновления. М., 1991.
- 4 А.Х. Касымжанов, А.Ж. Кельбуганов. О культуре мышления. М., 1981.
- 5 Григорьев В.И. Человек-Культура-Творчество-Природа: гармония или конфликт? (Опыт постановки проблемы). В кн. Человек как философская проблема: Восток-Запад. М., 1991.

Г.Ө. Заурбекова

филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТА ІСКЕРИ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖАЙЫНДА

Жеке алып қарасақ оқу жағдайындағы өндірістік жағдаяттарға құрылған іскери ойындардың мағынасы мен спецификасы ерекше. Іскери ойындарды жан-жақты қарастырған Дудченко В. С. Атаманова Р.И., Толстой Л.Н. сынды зерттеуші әдіскерлердің еңбектеріне сүйене отырып «іскери ойын - маманның алдағы кәсіби әрекетінің заттық және әлеуметтік мазмұнын жасау түрі, тек осы берілген әрекеттерге ғана тән қарым-қатынастардың жүйелерін модельдеу болып табылады» деп анықтама береміз [4, 6].

Терминді жаңа оқыту технологиясының элементі ретінде қарастыратын болсақ, бұл педагогикалық әдістің табиғаты мен мәнісін ашуға көптеген зерттеу жұмыстарының арналғанын атап өтуге болады. Заманауи зерттеулерге сүйеніп айтар болсақ (Вербицкий А.А., Платов В.Я., Максимовская М. В., және т.б.) іскери ойындарға бағдарланған сабақтарда тіл үйренуші студенттің келешектегі өндірістегі өзінің атқаратын әрекетін, алатын жеке орнын көрсетуді қажет ететін оқу жағдаяттарын жасау керек және осы үрдістің дұрыс екендігі көрсетіледі [1, 3, 5].

Іскери ойында студент оқу және кәсіби элементтерді үйлестіретін әрекеттерді орындайды. Студент білім мен білікті абстрактілі түрде емес, керісінше кәсіби әрекеттердің мүмкіндіктеріне сүйене отырып кәсіби контексте меңгереді. Контекстілі оқытуда берілетін білім студенттің іскери ойынның нақты процесіндегі ойын әрекеттерін қамтамасыз етеді. Білім алушы кәсіби білім алумен қатар арнаулы құзыреттерге ие болады, олар – арнайы барып өзара әрекеттесу, адамдарды басқару, басшылық жасай білу және бағына білу, осыдан келіп шығары іскери ойындар адамның жеке сапасын тәрбиелейді, әлеуметтену процесін тездетеді.

С.А. Габрусевичтің, Г.А.Зориннің, В.С. Дудченконың еңбектерінде [2, 4] ұсынған «өндірістік жағдайларға бағдарланған іскери ойындар» әрекеттері нәтижесінің «кесіндісін» алып қарар болсақ, ол білім беру процесіндегі теория мен тәжірибенің ұштасар біртұтас мағыналық сипаты болып табылады. Басқа жағынан алып қарасақ, бұл оқу жағдаяты өз алдына «ойын» ретінде алынады, мұнда оның мәнісі мақсатқа жету емес, мәселе өзінің шығармашылық күшін еркін білдіруінде, іс-тәжірибелік міндеттерді еркін, «ойнап» отырып танып-білуге және шешуге болатын мүмкіндікте жатыр.

Техникалық ЖОО-дағы тәжірибелік қазақ тілі пәні мен іскери ойын ұғымын бірге алатын болсақ, соңғысы алдыңғысының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Қазіргі уақытта университет қабырғасында білім алып жатқан студенттердің орта мектептерден алып келген қазақ тілі пәні бойынша даярлығы бұрынғы жылдарға қарағанда жоғары деңгейде. Студенттеріміз университеттерді таңдаған кезде-ақ өздері келешекте айналысатын кәсібін, ол мамандықтың еліміздің өндірісіндегі орнын, қандай әрекеттерді жүзеге асыратынын шамалап біліп келеді.

Ал біздің міндетіміз, сол бірінші курс студентінің мектепте қалыптастырған лексикалық қорын өзінің кәсібіне байланысты белсенді сөздік қорымен молайту, оларды тілдік қарым-қатынасқа түсіру амалдарын үйрету, қазақша сөйлесім модельдерінің жиі және сирек қолданылатын түрлерін ұтымды беру, ғылыми және ауызекі стильде ойын жеткізуге дағдыландыру, қызметтік ақпараттарды түсінуге, баяндауға машықтандыру, т.б.

Осындай ауқымды мәселелерді жүзеге асыру үшін инженерлік мамандықтарға қатысты іскери ойындарды ұйымдастыру ісі тиімді болады. Техникалық жоғары оқу орындары түлектерінің басым көпшілігі өндірістерде жұмыс істейді. Іскери ойындарды өтпестен бұрын алдымен мамандықпен таныстыру, инженердің басты әрекеттері (салалар бойынша), олардың жұмыс істейтін нысандары мен қолданатын құрал-жабдықтары, инженер қызметтерінің түрлері, инженердің әрекеттесетін субъектілері, хронометраж, өндіріс, өндірістің спецификасы, өнімі, т.б. сияқты мәселелер басты тақырыпқа айналуы керек.

Іскери ойынға кіріспестен бұрын бірінші курс студентінің әзірге мамандық пәндерін оқымағанын ескере отырып, жоғарыда аталған мәселелерді оқыту технологиясының дәстүрлі және жаңа әдіс-тәсілдерімен орынды түрде қарастырып алған жөн. Іскери ойындар - кәсіби бағдарланған сабақтың негізгі сәттерінің бірі, оны жүзеге асыру механизмі болып табылады.

Және де ол студент санасының жеке құрылымын, іс-тәжірибесін қамтуға тиіс деп есептелінген, сондықтан кәсіби бағдарланған жағдаят аясында студенттің жеке өзіне, оның маңызды да өзекті мүдделеріне бағытталған, сұрақтар мен тапсырмалар ұсынылады.

Осыған орай алсақ, педагогикалық әрекеттерде жеке бағдарланған қадамдарды жүзеге асыратын оқытушы сабақта кәсіби бағдарланған жағдаяттарды жасай білуі тиіс. Кәсіби бағдарланған жағдаят оқу процесін оқу пәнін оқуды жаттауға айналдырмайды, керісінше студенттің өзін оның жеке өсуін қамтамасыз ететін тәртіпті талап ететін жаңа жағдайға әкеледі, орнықтырады.

А.А. Вербицкийдің келтірген оқу іскери ойынын ұйымдастыру ұстанымдарын басшылыққа аламыз. Зерттеуші алға қойған оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін іскери ойынды әзірлеу кезеңінде бес психологиялық-педагогикалық ұстанымдарды негізге алу керек деп көрсетеді. Олар: жағдаяттың имитациялық үлгілерінің ұстанымдары; ойын мазмұнының және оның ашылуының проблемалылығы ұстанымы; бірлескен әрекеттердегі рөлдік өзара әрекеттесу ұстанымдары; сұхбаттық қарым-қатынас ұстанымдары; ойын оқу әрекеттерінің қосжоспарлы болу ұстанымы. Осы өзара шартты ұстанымдар іскери ойынның тұжырымдамасын құрайды. Олар әр ойынды әзірлеу немесе оны жүзеге асыру кезеңінде сақталынуы тиіс. Ғалым осы ұстанымдардың қандай да бір түрін сақтамау немесе жеткіліксіз қарастыру іскери ойынның нәтижесіне теріс әсерін тигізеді деп көрсетеді.

Іскери ойындардың айрықша белгілері - онда оқытушының өндірістік жағдаяттарды мақсатты түрде туындатуы болып табылады, бұл ойындарда таңбалық белгілердің (тіл, тілдесім, графиктер, кестелер, құжаттар) көмегімен кәсіби жағдай орнықтырылады. [2] Іскери ойындарда алынатын жағдаяттар өзінің негізгі сипаты бойынша шынайы жағдайға ұқсас болады. Бұған қоса, қазақ тілі сабағында қолданылатын іскери ойындарда көбінесе сығымдалған уақыт көлеміне сыйғызылған типтік, қорытындыланған жағдаяттар келтіріледі. Мысалы, келіссөз бір ойын сабағында, ал кәсіпорынның келешектегі (перспективті) жоспарын әзірлеу – студенттің мұғаліммен өзара жұмыс сағаттарында екі сабаққа созылуы мүмкін.

Өндірістік жағдаяттарды танымдық мүддені қалыптастыратын құрал ретінде қарастыра отырып, айтуға болатыны – дидактикалық құралдарының алуан түрлілігін қорыту, оның құрамына тұлғаның жеке дамытуға деген ынтасы, пәндік-қатысымдық әрекеттер, осы әрекеттің мазмұны, педагогикалық өзара әрекетті ұйымдастыру әдістері мен түрлері кіреді.

Оқу процесі кезінде студенттердің танымдық қызығушылығын оятатын және қызығушылықты арттыратын өндірістік жағдаяттарға бағдарланған әрекеттерді жүзеге асыру оқытушылар мен студенттердің тікелей жеке өзара әрекеті жағдайында жүзеге асырылады, бірлескен әрекеттер мен қарым-қатынастарда орындалады. Кәсіби бағдарланған іскери ойындар - студенттер арасындағы ұйымдасқан түрдегі өзара әрекеттер болып табылады, мұнда ойынға субъектілер ретінде қатысады және олардың алғышарты психологиялық байланыстар болады.

Кәсіби бағдарланған жағдаяттарға құрылған іскери ойындардың сценарийін құрғанда студенттің жеке тұлғасына басты көңіл бөлу керек. Оқытушы дәстүрлі тапсырмаларды мүлтіксіз орындайтын студенттен тапсырмаларды орындауда белсенділік танытатын шығармашыл, өзінің зияткерлік әрекетін (оның ішіне қателіктерді жіберетін жағдайларды қоса алғанда) шартты түрде басқара алатын студентке өзгеруге тиіс. Өндірістік жағдаятқа құрылған іскери ойынға қатысу барысында студенттің оған қаншалықты тереңдей білгенін оның эмоционалды көтеріңкі көңіл-күйінен, қызығу дәрежесінен, шешім қабылдауынан, алған бетінен қайтпауынан, өзінің сараптауға дайын екендігінен, шығармашылық сипаттағы әрекеттерді қалауынан, тапсырманы орындауда дұрыс шешу жолын қарастыруынан, қосымша тапсырмаларды орындауға деген құлқының болуынан, оқу әрекетінде өз бетінше жұмыс істеу дәрежесі, т.б. бойынша қарай отырып айтуға болады.

Бұл жерде оның қатысушысы белсенді орында болады, өз мүддесін серіктестерінің мүддесіне қатыстыра отырып, серіктестерімен өзара әрекеттеседі, солайша өзін өзі тани отырып, ұжыммен өзара әрекеттеседі. Іскери ойын бойынша шелелдік және отандық ғылыми әдебиеттердегі теориялық талдау оларды әзірлеу және өткізудің психологиялық-

педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыруға көмектеседі. Өндіріс жағдайы мен динамикасын, мамандардың әрекеттері мен қарым-қатынастарын үлгілеп және келтіре отырып, іскери ойын білімді өзектендіру, қолдану және бекіту және іс жүзінде ойлауды дамыту құралы болып табылады. Бұл эффектте берілген нақты жағдаяттардағы және өндірістік жағдаяттар жүйесіндегі ойынға қатысушылардың өзара әрекеттесуі арқылы қол жеткізіледі. Іскери ойын оқу ойын тапсырмаларын қою және шешу, жеке және бірлескен шешімдерді дайындау және қолдану бойынша бірлескен әрекеттер ретіндегі имитациялық үлгіде жүзеге асырылады. Бірлесіп істейтін әрекеттер ережесі мен нормасы, имитация тілі мен байланыстар алдын ала беріледі немесе ойын процесі кезінде шығарылады. Іскери ойын сұхбаттық қарым-қатынас режимінде жүргізіледі, себебі ол ойын және педагогикалық екі мақсатқа қол жеткізуге бағытталған, екіншісі басым болғанымен, алдыңғысын басып тастамауы тиіс.

Кәсіби бағдарланған жағдаяттарды оқу барысында қолдану студент бойында мынадай сипаттамаларды жеткілікті дәрежеде дамытуға мүмкіндік береді, олар: өздігінен мақсат қойып, оған жету үшін кездескен кедергілерді жеңе білуге; нақты оқу пәнін оқып үйренудің жеке басы үшін маңыздылығын түсіну, нақты білім саласында білім жинақтауға өзіндік көзқарасына ие болуына; білімді, білікті және дағдыны шығармашыл және тиімді түрде қолдану негізінде оқып үйренуге; ынтымақтастықтың кез келген түріне оң қарым-қатынас жасау, бірлесе жұмыс істеуді шығармашылдықпен ұйымдастыруға қабілетті болуға; уақиғалар мен мәселелердің мәні мен олардың өзара байланысына енуге, қиын сұрақтардың жауаптарын іздестіргенде кездесетін қиындықтарды жеңуге, құбылыстарға теориялық қорытындылар жасауға, тұрақты ерік-жігер сапасына ұмтыла отырып, жоғары шығармашылық белсенділікте болуға; танымдық міндеттерді қалыптастыра білу, өздігімен мақсат қою және ол мақсаттарға қол жеткізу үшін құралдарды табу, алған білімін әрекеттің жаңа өніміне айналдыруға, білімге тереңдей білетін, әрекеттерге қызығатын, сырттан қоздыратын жағдайларға мән бермейтін, оңтайлы эмоциялар мен өз мүмкіндігіне сенімділік сияқты жоғары шығармашылық танымдық дербестікке; өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы тек ішкі себептері бойынша түсіндіруге мүмкіндік беретін өзін сараптау және өзін өзі бағалауға жақсы дамыған қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі пәнінің оқытушы тұлғасы кәсіби бағдарланған жағдаяттарды оқу материалы ретінде іске асырудың, пайдаланудың маңызды құрылымдық буыны болып табылады, студенттің болашақ кәсібі бойынша жұмыс істейтін өндірістегі кәсіби жағдаяттар арқылы арнаулы мамандандыратын кафедралар оқытатын оқу пәндеріне деген танымдық қызығушылықты қалыптастыруға әсер етуі тиіс.

Заманауи талап деңгейінен көріну үшін оқытушыға тек өз пәнін, оның оқытылу әдістемесін ғана біліп қою аз болады. Ол студенттермен өзінің арасындағы тұлға аралық өзара әрекет технологиясын жақсы меңгеруі, оларды дамыту заңдылықтарын ескере отырып, өз пәніне деген танымдық қызығушылықты қалыптастыруға жағдай жасауы тиіс. Оқытушы үнемі өзінің педагогикалық шеберлігін шыңдап отыруы, үнемі ғылыми- педагогикалық ақпаратты өзі бетінше іздестіре отырып, оны меңгеріп, өз әрекетінде оны қолданысқа түсіруі тиіс.

Қорыта келгенде, іскери ойындарды тәжірибелік қазақ тілі сабақтарында ұтымды пайдаланған жағдайда, студент маман болып даярлану кезінде, яғни іскери ойын процесінде қазақ тілінде кәсіби әрекеттер нормасын, әлеуметтік қатынастар нормасын, б.а. өндірістік ұжымдағы қарым-қатынастарды меңгереді және кәсіби лексикалық қоры молаяды, тілдік қарым-қатынасты сенімді жүзеге асыратын болады, сондай-ақ университет қабырғасындағы білім беру процестерінде орыс тілінде жүргізілетін кәсіби пәндерді оқыту кезінде оларды тәжірибелік қазақ тілі пәнімен интеграциялау қажеттілігі жасанды емес, табиғи түрде туындайды. Заманауи білім беру кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның даму стратегиясы мен тактикасын анықтауға белсенді де құзыретті түрде қатысатын мамандарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс десек, болашақ мамандардың университет қабырғасында жүріп мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде лайықты түрде меңгеріп шыққанына зор мән беру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход: Метод. Пособие. — М.: Высш. шк., 1991.— 207 с
2. Габрусевич С.А., Зорин Г.А. От деловой игры — к профессиональному творчеству: Учеб. -метод. пособие.— Мн.: Университетское, 1989.— 125 с.
3. Платов В.Я. Деловые игры: разработка, организация и проведение: Учебник. — М.: Профиздат, 1991. — 156 с.
4. Дудченко В. С. Проблема практического использования результатов конкретных исследований на предприятиях. — Сб. Проблемы индустриальной психологии. Ярославль. ЯрГУ. 1981
5. Максимовская М. В. Специфика тренинга в инновационной игре. — Сб. Активные методы обучения.
6. Атаманова Р.И., Толстой Л.Н. Деловая игра: сущность, методика конструирования и проведения.

Резюме. В данной статье рассматриваются деловые игры которые применяются на уроках казахского языка, их значение, специфика и место в технологии обучения казахскому языку.

Resume. This article discusses the role-playing that apply the lessons of the Kazakh language, their essence, and specific place in technology education.

Г.Н. Табулдинова,

тарих магистрі, Семей мемлекеттік медицина университеті

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бүгінгі өркениет өз дамуының түбегейлі жаңа ақпараттық сатысына аяқ басты, бүгінде озық әлемдік процесс Жер бетіндегі әлеуметтік және мәдени процестердің жаһандануын мойындап отыр. Жаһанданудың оңтайлы тұстарымен қатар, бірқатар күрделі ғаламдық проблемаларды атап айтсақ, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және рухани - адамгершіліктік мәселелерді туғызды. Қазіргі адамның рухани күш-қуаты – біздің заманымыздың өзекті мәселесі болып отыр. Қоғамның рухсыздығы қауіпті: ол адамдардың адамгершіліктік құлдырауға, саяси нигилизмге, әлеуметтік экономикалық қатерге әкелуі мүмкін.

Тарихи философиялық тұрғыда рухани мәдениет әрдайым басым болды, өйткені ақырында қоғамның адамгершіліктік күш қуатын рухани мәдениет анықтайтын. Қазіргі таңда біздің рухани адамгершіліктік мүмкіндіктеріміз нарықпен сыналып отыр. Адамның ішкі мәдениетінің көрінісі өзге адамдарға деген шыдамдылығы. Бұл үшін үнемі қоғамның, еңбек ұжымның, адамның өз ішіндегі дұрыс рухани микроклиматына жағдай жасау керек. Агрессиялық төзбеушілік, топтық эгоизмге жол бермеу қажет. Біздің қоғамның адамгершіліктік құлдырауының өз тарихы бар.

Адамның рухани мәдениеті оның өзге адамға деген қарым-қатынасы, әдептілігі, ар-ұяттылығы мен абыройы, шыдамдылығы, тәрбиесі, кішіпейілділігі, білімділігі арқылы көрініс береді. Моральдық сананың бұл ұғымдары, бұл адами қасиеттер адам руханиятының негізі құрайды.

Ал қалғаны – өнер, әдебиет, ғылым, білі беру - бұл тек тәрбиелеу мен еңбексүйгіштік арқылы меңгеруге болатын материал ғана. Өте жақсы адам шынайы гуманистік бастаулармен құрылған қоғамда ғана қалыптасады. Өркениет прогресі сөзінің құдіретіне берілуге болмайды. Рухани мәдениет және өркениет әрқашан сәйкес келе бермейді. Біз ғылыми техникалық прогрестің ашылулары адамдар үшін игілік ғана емес, бақытсыздықты да әкелетінін көрдік. Технократизм өзінің табанды қарсыластарын да тудырды. Хиросима және Нагасаки, Семей ядролық полигоны техникалық прогрестің туындылары.

Нағыз прогресс адамдардың өнегелілігі мен рухани мәдениетсіз болуы мүмкін емес. Адамды өнерге, рухани құндылықтарға тарту бастысы – гуманизмге үйретеді, зұлымдықпен күресте қажетті жоғары гуманистік мақсаттарға сай келетін құралдарды табуға көмектеседі. Ғылымның ең жоғарғы мақсаты - адамдарға білім беру. Мәдениеттің басты мақсаты – тұлғанның жан жақты дамуы.

Қазіргі ауыспалы кезеңде мәдениет пен өркениет тақырыбынан, олардың айырмашылығы мен өзара қатынасынан артық таным үшін де, өмір үшін де өзекті тақырып жоқ шығар. Бұл тақырып бізді күтіп тұрған тағдыр туралы. Себебі адамдарды әрқашан олардың тағдыры, болашағы мазалайды. Сондықтан бұл тақырып осындай өткірлікке ие болып отыр.

Көптеген отандық ойшылдар, сондай ақ кейбір Батыс ғалымдары «мәдениет» және «өркениет» ұғымдары сәйкес келе бермейтіндігі туралы айтқан. Мысалы, О.Шпенглер өзінің «Европаның құлдырауы» атты еңбегінде өркениет деп кез келген мәдениеттің тағдыры деп ұйғарды. Өркениет бар жерде, оның пікірінше мәдениет құлдырайды. Нобель сыйлығының иегері, мәдениет философиясының теоретигі А. Швейцердің мәдени – философиялық ойлары «Мәдениеттің құлдырауы және өркендеуі» еңбегінде көрініс тапты.

Ол дағдарыстың негізгі сипаты материалдық өмірдің рухани өмірге, қоғамның адамға үстемдік жүргізуінде, адамның дара билігінен айырылуы мен моральсыздандырылуында деп санаған. Себебі адам қазіргі қоғамда оның «ойсыздығын» ұйымдастыратын, оның ізгі ниеттерін жамандыққа айналдыратын тәуелділіктердің ықпалына түседі. Адам адамзат сүйгіштіктің соңғы қалдықтарын аяққа таптап, оны адамдарды жоюдың мінсіз құралдарына қызмет көрсетуге мәжбүрлейтін соқыр ырқының іске асырылуының дәлеліне айналады.

Швейцердің пікірі бойынша, бүгінгі күннің басты міндеті оптимистік дүниетанымды негіздеу, бұған тек «өмірді қастерлеуді» негізі ұстаным ету арқылы қол жеткізуге болады. Бұл - адамды жандандыруға, шығармашылық белсенділігін, шынайы мәдениет туралы қамқорлық жасауға бағдарлануды қалпына келтіруге әмбебап «ғарыштық этика» нормаларын қалыптастыру. Тек өнегелік сауығу арқылы, біздің рухани негіздерімізді нығайту, әлемдік және отандық мәдениетті игеру арқылы ғана бұл дерттен құтылуға болады. Бұл үшін адамгершілікті авторитеттер аса қажет.

Оларға ұлы Абай, Шәкәрім және Мұхтар Ауэзов жатады. Абайдың шығармашылығының басты ұраны «Адам бол!» қағидасына құрылады. Аталған идеядағы «адамдық... адамгершілікпен, рухпен бірегей ұғым және ол «хайуани дүниеден» бөлек нәрсе, бұл ойлары адамның қайшылықты, әрі екі жақты табиғатына меңзейді». Бүгінде Абайдың қарасөздері өзектілігін жоғалтқан жоқ, ол әлі күнге халыққа жақын. Абайдың философиясы қоғамда сенім, махаббат пен ақыл, адамгершілік, арлылық, жауапкершілік, өзгені құрметтеу, адамды сүю сияқты гуманистік құндылықтарды нығайтуға бағытталады.

Шәкәрім өзінің «Ұмытылғанның хаттарында» жақсы өмірге адал еңбек пен нұрлы ақыл және таза жүрек қана негіз болуы керек деп көрсетеді. Осы үш қасиет барлығына үстем, себебі оларсыз өмірде бейбітшілік пен бірлікке қол жеткізу мүмкін емес. Қазіргі қоғамның руханият мәселелерін үш аспектіде қарастыруға болады: қоғамның қазіргі рухани мәдениет жағдайы; қоғамда қалыптасқан байланыстардың түр-сипаты; рухани өзіндік даму, өз бетімен жетілу. Әрбір адам өзінің өмірлік тағдырын ең жоғары рухани мағынада жүзеге асыру үшін, оған ең алдымен «өмірлік мақсаттарды қайта қарастыру керек» (Вл.Соловьев). Бұл үшін адам өзін-өзін өсіру, жетілдіру керек.

Медицинаға да әсер еткен техникалық прогресс өз алдына жаңа мәселелер қойды. Осыған сәйкес дәрігерлерге жаңа кәсіби талаптар қойыла басталды. Олардың ішіндегі маңыздысы дәрігердің адамгершіліктік – этикалық мәдениетіне жылдан жылға талаптар өсіп отыр. Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, рухани мәдениетін жетілдірген дәрігерлер ғана қазіргі нарық заманында үлкен табыстарға қол жеткізері сөзсіз.

Резюме. Статья посвящена вопросам духовного развития современного общества. Духовные ценности современного человека - актуальная проблема нашего времени. Наши духовные и нравственные возможности сейчас испытываются рыночными отношениями. Данной проблеме были посвящены многие труды отечественных и европейских мыслителей. Технократизм поставил перед

медициной новые задачи и требования, основным из которых является возрастание роли духовно-этической культуры медицинских работников. Высококвалифицированный, конкурентноспособный врач с богатой духовной культурой безусловно добьется больших успехов в условиях современного рынка.

Р.Г. Шакирова, к.ф.н., ст. преп. КазАСиТ

СУФИЙСКОЕ УЧЕНИЕ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ

Личность самого Ходжи Ахмеда Ясави окутана тайной и множеством различных историй, как реалистичных, так и находящихся за гранью и границами реализма. В тюркском мире Ходжа Ахмед Ясави представлен не просто как суфий, а как святой человек, которому было даже передано особое знание о мире. Если подходить с позиций современного человека, то мы можем интерпретировать текст «Диван-е-хикмет» как текст - назидание, что было не только популярно на тюркском Востоке, а вообще, в целом, на исламском Востоке.

Существовало понятие «диване», «дивана» - означающее человека, сошедшего с ума, но сошедшего с ума обыденного. В суфийском понимании «дивана» - человек, который жил только сердцем, а не умом, можно сказать, что «дивана» представлен в мистике как принцип жизнедеятельности человека. Возможно даже можно сделать предположение, что название «Диван-е - хикмет» связано не просто словом «собрание» - диван, сборник, а то, что в этом обозначении своего произведения Ясави зашифровал ту тайну, которая связано с «сердцем», которое отдано Аллаху как принадлежащее ему, ибо в нем находятся аль- Хакк и «диване» одновременно, что означает – сердце, в котором заключена любовь к истине, т.е. к Аллаху.

«Диван-е-хикмет» - можно перевести и как «Собрание мудрости». Слово «хикмет» употреблялось в нескольких значениях – «знание медицины», например Юсуф Баласагуни использует понятие «дивана хикмет» именно в этом смысле: «врачам знание медицины не принесло пользы в деле избавления от смерти; где врачи – хакиды, а знание медицины – хикмет» [1, с.199].

Поэтому, возможно «хикметы» - не просто слова мудреца, хакима, а слова, пришедшие по велению Бога. Таким образом, хикметы имеют двойное значение: слова мудреца и слова Бога, и в этом случае, возможно истолкование данного названия как слова Бога, но изрекаемые хакимом. Статус хакима – мудреца - очень часто связывался не только с рациональной формой постижения мира, но и со статусом святого. Человек же, наделенный научными и профессиональными знаниями, часто назывался «ариф» - знающий, образованный, мудрец» [1, с.51].

Истолкование сегодня «Хикметов» Ходжи Ахмеда Ясави, с одной стороны весьма сложно, связано это, прежде всего с достаточно большим количеством интерпретаторов его творчества. Реконструкция «Хикметов» у различных авторов, тем не менее, сводится к некоему центру, из которого следует понимать его творчество. Этим центром является своеобразный ясавистский синтез тюркской и исламской духовности.

«Хикметы» Ясави отличаются от других суфийских текстов большим социально-этическим потенциалом. Ясави, соединивший традиционную этику тюрков и этику ислама, стал культовой фигурой тюркского мира.

Известно, что Ахмед Ясави считал себя рабом Аллаха, Истины, Чистоты и Любви. Было у него два учителя – Арстан Баба и Хамадани. Аль – Хамадани, преподававший и проповедавший в то время в одном из крупных центров тюркского мира - Бухаре, относился к течению нерадикального суфизма. Естественно, что, обучаясь у известных суфиев и теологов, Ясави получил прекрасное образование в области калама и суфизма. Центры, в которых проходили, образование знаменитые ученые, были местом пересечения многих культур. Бухара, Туркестан, Самарканд, Хорезм – центры, соединявшие и осуществлявшие межкультурный обмен и диалог. «Мавераннахр является одним из великих центров исламской учености. Мыслители чьи имена до сих пор знает каждый образованный мусульманин, родом

отсюда: ал- Бухари – творец знаменитейшего собрания хадисов, философы Ибн Сина и аль-Фараби, ученый – энциклопедист ал-Бируни, математик аль- Хорезми, астроном Улугбек. Далее следует назвать таких известных суфийских мыслителей как Наджима уд-Дина Кубру, Ахмеда Ясави, Бахаеддина Накшбанди, давших жизнь многим мистическим орденам» [3, с.3]. «Диван-е-хикмет» связано с темой любви в мировоззрении Ходжи Ахмеда Ясави. Понятие «мировоззрение» достаточно сложное. Возможно, в последнее время в отечественной философско-культурологической литературе весьма часто и довольно даже неадекватно употребляется это понятие. «Мировоззрение – система представлений о мире и о месте в нем человека, об отношении человека к окружающей его действительности и к самому себе... Это способ духовно-практического освоения мира» [4, с.366]. В мировоззрении реализуется все то, что мы называем и миропониманием человека и мироотношением, то, что формирует его ценности и критерии этих ценностей. В средневековом тюркском обществе мировоззрение носило религиозный характер. Религиозное мировоззрение исходило из принципа Бога – творца и созидателя мира, и человека. Мировоззрение Ахмеда Ясави исходило из этих главных средневековых постулатов. Постановка известных вопросов: «Кто я? Зачем я? Куда идти? и Что делать?» - Характерные вопросы для человека, пытающегося обрести духовные основы собственного бытия, которые базировались бы на фундаментальных основаниях.

Ходжа Ахмед Ясави всю свою жизнь и свои поступки понимал и строил в соответствии с божественными заповедями и законами. Жизнь туркестанского суфия проходила не просто в ожидании встречи с Богом, а в ощущении постоянного присутствия Бога в нем самом, в его делах и поступках, в его отношении к другим людям, в его оценке окружающего мира и окружающих его людей. Основой его мировоззрения является любовь, любовь к Богу и любовь к человеку.

Мы еще раз обращаем внимание на то, что тюркский суфизм был нерадикальным течением, не тем суфийским учением, за которое пострадали суфии, например, аль-Халладж, ар-Руми и многие другие. Если многие суфии были преследуемы в Багдаде, Хамадане, Хорасане, то в Туркестане существовало большое количество дервишских орденов, к которым относительно спокойно относилось ортодоксальное духовенство и власть.

Обращая внимание на факт преследования исламских мистиков в других регионах, еще раз необходимо отметить, что в Туркестане суфии почитались за святых и если здесь использовать христианскую терминологию, то можно сказать, что многие тюркские суфии фактически «канонизировались» как сам Ходжа Ахмед Ясави.

Познание мира и людей, которых сотворил Создатель, для Ясави осуществлялось через мистическое озарение и экстаз. Суфии считали, что познать адекватно мир возможно лишь через мистическое начало, таинственное начало, которое осуществляется через близость и единение с Богом «в экстатическом переживаемом акте откровения» [5, с. 630].

Ясави все время говорит о сердце, в котором возгорится единственная и всепоглощающая любовь к Богу, которая преобразует мир. Мир, основанный на любви – справедлив и добр. Понятие добра и справедливости реализуется только любовью. «Диван-е-хикмет» призывал человека подумать о том, что он делает и каковы его помыслы.

Считается, что суфизм Ходжа Ахмед Ясави носит пантеистический характер, это не совсем так. Растворенность Бога и его присутствие во всех вещах для суфийского учения были основанием теории единства и целостности Бога. Будучи проводником идей ислама, Ахмед Ясави проводил его не просто обучая тексту Корана, не просто разъясняя Сунну, весь его жизненный путь был проповедующим и несущим смысл Бога во всех вещах. В этом светоносном пути главное место отводил он любви к Аллаху.

Его учение, как мы уже отмечали, носило в себе множество элементов тюркского духовного мира, как прошлого, так и того времени, к которому он принадлежал. Страстная, самозабвенная любовь к Богу осуществлялась через любовь к людям. Ясави в «Хикметах» подвергает резкой критике обогащение одних за счет других, призывает людей опомниться, не делать зла. В его произведении существует некая патриотическая позиция, желание видеть мир устроенным по принципу универсальной любви. Здесь необходимо обратить внимание

Бушуев «Қазақ КСР тарихы» - антиорыстық кітап, өйткені ол Ресейге қарсы ұлттық көтерілістерді идеалдандырып жіберді деп мәлімдейді. Аджемян болса Пугачев және басқа халық қозғалыстарының көсемдері мемлекетті қирататындықтан реакциялық, ал Екатерина II және басқа патшалар мемлекетті күшейтіп, кеңейткендіктен прогрессті деп көрсетеді. Панкратова өз сөзінің көп бөлігін «Қазақ КСР тарихына» арнайды және қазақ тарихы туралы кітапты арнайы талқылау қажет екенін, мәжіліске оның авторларының бір де біреуі шақырылмағандығын баса айтады.

Мәжілістің келесі отырысы 5-маусым күні болады. Бұл отырыста Бахрушин (Бахрушин Сергей Владимирович (1882-1950) – КСРО ҒА корр. мүшесі (1939)), Сидоров (Сидоров Аркадий Лаврович (1900-1966) – т.ғ.д., проф. (1943)), Рубинштейн (Рубинштейн Николай Леонидович (1897-1963) – проф. (1938), т.ғ.д. (1940)), Сыромятников (Сыромятников Борис Иванович (1874-1947) – т.ғ.д. (1938), Минц (Минц Исаак Израилович (1896 т.) – КСРО ҒА корр. мүшесі (1939), академик (1946) сөз сөйлейді.

Бахрушин патшалық отарлық саясаттың жағымсыз жақтарына, тарихилыққа қарсы болғандықтан, көз жұмуға және оның қараңғы тұстарына үндемей қалуға немесе оны бояуға болмайтындығын айтады. Бірақ, Бахрушиннің пікірінше, патша жаулаушылықтары капиталистік дамуға ықпал етті және бірқатар объективті жағымды нәтижелерге қол жеткізді. Сидоров, Рубинштейн, Сыромятников «Қазақ КСР тарихына» қатысты нақты ұстанымдарын білдіре қоймайды. Минцтің барлық сөзі Қазақстанның қосылуы қазақ халқы үшін аз зұлымдық болды (наименьшее зло) деген тезисті қорғауға арналады. Бірақ ол бұған ешқандай фактілер мен материалдар келтірмей, «Қазақ КСР тарихы» жеткілікті материал бергенін айтады.

Мәжілістің келесі отырысы 10-маусым күні болады. Онда Пичета (Пичета Владимир Иванович (1878 – 1947) – академик (1946)), Ефимов (Ефимов Алексей Владимирович (1896 – 1971) – КСРО ҒА корр. мүшесі (1939)), Яковлев (Яковлев Алексей Иванович (1878 – 1951) - КСРО ҒА корр. мүшесі (1929)), Городецкий (Городецкий Ефим Наумович (1907 т.) – ол кезде т.ғ.к., БКП (б) ОК ғылым секторы меңгерушісінің орынбасары, т.ғ.д. (1965)), Греков (Греков Борис Дмитриевич (1882 – 1963) – академик (1935)) сөз сөйлейді [4, 63б.].

Пичета өз сөзінде царизмді ақтай отырып және оның «Европа жандармы» екенін мойындамай, Тарленің пікіріне өте жақындайды. Ефимов «Қазақ КСР тарихының» 225-бетінен мысал келтіріп, осы тұста орыс әскері қазақтардың жауы ретінде көрсетілген деп айыптайды.

Яковлев «Қазақ КСР тарихына» қатысты «...орыс патриоты ретінде мен қан майданда Брусилов өзінің ерлігін көрсетіп, өлім алдында тұрған біздің отанымызды құтқарып жатқанда, жон арқаға қадалған пышақ тәрізді орыс халқына қарсы көтеріліс бастаған Амангелді Имановты батыр қылып бейнелегендеріне келісе алмаймын! Мүмкін Амангелді Алаш-Орда көзқарасы тұрғысынан жақсы шығар, бірақ орыс көзқарасы тұрғысынан емес» деп қатты кетеді [4, 68 б.].

12 күнге созылған ұзақ үзілістен кейін мәжіліс 22-маусым күні тағы шақырылады. Бұл мәжіліске Закавказьеден телеграмма арқылы шақыртылған Тарле де қатысады. Щербаков тағы төрағалық етеді. Ол бірінші болып Базилевичке (Базилевич Константин Васильевич (1892 - 1950) – проф. (1935)) сөз береді. Одан кейін Тарле, Толстов (Толстов Сергей Павлович (1907 – 1976) – проф. (1939), КСРО ҒА корр. мүшесі (1953)), Генкина (Генкина Эсфирь Борисовна (1901 – 1973) – т.ғ.д. (1939), проф. (1941)), Державин (Державин Николай Севастьянович (1877 – 1953) – академик (1941)) сөйлейді.

Базилевич орыс халқының ұлттық даму мәселелеріне тоқталады. Тарле осы жолы царизмнің барлық отарлық саясатын прогрессті етіп жасаған қорытындысы туралы ештеңе айта қоймайды. Тіпті осы мәселе жайында ешқандай да айтыстың болмағаны іспеттес. Ал айтыстың тамыры нақ осы жерде жатқан болатын [4, 73 б.].

Толстовтың пікірінше, «Қазақ КСР тарихы», ғылымға қосқан өте қомақты үлес болып табылады, бірақ ондағы негізгі кемшілік: тұйықтық, дүниежүзілік тарихтан алшақтық, идеалдау элементтері, барлық оқиғаларға авторлар «қазақ көзілдірігімен» қарайды. Қазақ шаруашылығы мен тұрмысының қалыс қалуының, орыс және әлемдік экономикадан алшақтауының сипаттамасы жоқ. Ресей құрамына ену процесі тегістей жаулап алу процесі ретінде бейнеленеді. ...Көреген және ақылды саясаткер Әбілқайыр жағымсыз бейнеленген. ...Сұлтан Қаратай немесе бандит Садық Кенесары жағымды берілген. Кенесарының бейнесі идеалдандырылған. ...Кенесары жүргізген феодалдық-жаулаушылық соғыс ұлт-азаттық тұрғыда бейнеленген.

Генкинаның пікірінше, Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілісті Ресейден бөлек көрсету дұрыс емес. Орыс халқы күресінің биіктеуі осы көтеріліске ықпал етті, керісінше емес. Орыс халқының басқа барлық халықтарды күреске көтергенін ұмытпау керек. Кеңестік мемлекет тарихына мұралық идеяны дұрыс қою маңызды.

Державиннің ойынша, царизм мен орыс халқының мүдделерін, Яковлев сияқты, теңдестіру - терең қате. Халықтардың царизмнің аннексиялық отарлық саясатына қарсы күресін алдыңғы қатардағы адамдар әрқашан қолдаған. Олар ұлттық қозғалыстармен ынтымақтасты, осы қозғалыстарды басып-жаншыған царизммен емес. Сондықтан, Державин, «Қазақ КСР тарихын» кінәлаған және тек қана онда царизмнің отарлық саясаты жағымсыз, ал ұлттық көтерілістің жағымды суреттелгені үшін оны антиорыстық деп жариялаған Яковлев және басқалармен келісе алмайды. Ол ерекше күшпен проф. Толстовқа да қарсы шығады, соңғысының айтқандарын ол дұрыс емес және зиянды деп есептейді. Державиннің айтуынша, тарихи шындықты бұрмалауғы болмайды және өткен оқиғаларға субъективті бағамен қарауға болмайды. Сонымен қатар австро-венгерлік немесе германдық монархиямен қаналған славян халықтарының бостандық үшін күресін бір бағалап, патшалық Ресей халықтарының бостандық және тәуелсіздік үшін күресіне басқаша қарауға болмайды. Бұл және тарихи дұрыс емес, және саяси ақтауға қай жағынан болсын келмейді [4, 75-76 бб.].

1945 ж. 14 тамызда Қазақстан КП (б) ОК Қазақстан тарихының маңызды мәселелерін айшықтауда ірі идеологиялық қателіктер жіберілді деп айыптап, «Қазақ КСР тарихын» қайта шығаруға шешім қабылдайды. Негізгі қателік Ұлы Қазан социалистік революциясына дейінгі қазақ халқының тарихы авторлар тарапынан Қазақстандағы таптар мен таптар күресі тарихы тұрғысынан емес, қазақтардың өз тәуелсіздігі үшін күресі тарихы тұрғысынан қарастырылуында деп көрсетіледі [5, 49 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан. 12 қараша. 2012 жыл.
2. История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней. /Под.ред. М.А.Абдыхалыковой и А.М.Панкратовой. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. – 671 с.
3. Обсуждение в редакции «Исторического журнала» книги «История Казахской ССР». //Исторический журнал. -1943. -№11-12.
4. Письма Анны Михайловны Панкратовой. //Вопросы истории. -1988. -№11. –С.54-79.
5. О подготовке 2-го издания «Истории Казахской ССР». //Большевик Казахстана. -1945. -№6. –С.49-51.

Резюме. Эта статья рассматривает судьбу книги «История Казахской ССР» - первый общий труд республики, который был выпущен в 1943 году, что явилось результатом совместных и эвакуированных ученых Алматы во время Великой Отечественной войны. Появление этой работы, и даже в военное время, было важным событием в научной жизни, считался поистине научным подвигом.

Summary. This article discusses the fate of the book "History of the Kazakh SSR" - the first general work on the history of the republic, which was released in 1943, which was the result of joint efforts of local

and evacuated to Almaty scientists during World War II. The appearance of this work, and even military time, was a major event in the scientific life, was considered a truly scientific feat staff involved in its creation.

Қ.А. Тойбаева,

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Алматы қаласы.

РУХАНИ ЕЗГІ МӘСЕЛЕСІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

XIX ғасырдың екінші жартысында үдей түскен патшалық Ресейдің қазақтарды рухани отарлау мәселесі ұлт зиялыларының, ақын-жыраулардың еңбектерінде де ерекше назарда болған. Олардың ең алдыңғы қатарларына Ақат Алтай Ғазалының шығармаларын жатқызамыз.

Патшалық Ресей саясаты тарапынан халықтың рухани жан-дүниесінің төмендеуін жырлай отырып, автор халық назын өз шығармасы арқылы еліне жеткізе білген. Патша үкіметінің отарлау саясатына әбден зығырданы қайнаған ғұлама өз қарсылығын жырымен білдірген кітап 2 тараудан тұрады. Алғашқы тарау пайғамбар ұрпағы Сейітжағыпардың кәпірлерді шауып, оларға мұсылман дінін қабылдатқаны жөнінде баяндалған. Сөйтіп, барлық қазақ бірігіп, орыс отарлаушыларына қарсы күрессек, отарлаушылардың билеп-төстеушілігін жоюға болады деген тұжырым жасайды.

Ал екінші тарауында Ақат Ғазалы Ресей отаршылары қазақ даласын иемденіп қоймай, отарлауды отбасына жеткізгенін көрсетті. Отарлаушылар кигізген қамыттың салдарынан қазақ халқы дінінен, салт-санадан, әдет-ғұрыптан, сыйластық қарым-қатынастан, ізеттіліктен, ықылас, қайырым-қанағаттан айрылып бара жатқанына оны 4 жаны күйеді. «Қырда шүршіт, ойда орыс, қалалар мен дуалдар салды. Елдің ыңыршағы айналды, жер тарылды, ел билеудің ескі тәртібі қирады. Зар заманға тап болдық, жастардың мінез-құлқы өзгерді, отбасының ұйтқысы бұзылды, көкірекке шер толды» - деп Ақат Алтай Ғазалы қатты күйінді. Діннен безіп, адамгершіліктен азғындап, ұрлық-қарлық пен зұлымдық, екіжүзділік етек алып келе жатқанын баса көрсетті». Ақынның жанайқайы бүгінгі күнде де тағлым аларлық [1].

Тек қазақ интеллигенция өкілдері ғана емес, XIX ғасырдағы «Зар заман» ақындарының белді өкілі Шортанбай Қанайұлы қазақты дінінен, тілінен бездіріп, отарлау саясаты мәңгірттікке апарады деп жырлады [2].

Шортанбай «Зар заман» деп Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі кезеңін айтты. Ол бір жағынан, көпшілік бұқараның жоқшысы болып, екінші жағынан, өлкедегі қоғамдық наразылықтың жыршысы болды. Бұлар рухани өмірге, тіл мен дінге кірген жаңа өзгерістерге қарсы болды [3].

Шортанбайдың замандасы Абай қазақтарды орыс тілін, әдебиетін, мәдениетін оқуға шақырса, Шортанбай керісінше, замандастарының орыстар салған жолмен кетіп бара жатқанына өкініп, қазақтардың еркін тұрған кезін, бұрынғыны аңсады. Шортанбай – пессимист. Ол өзін қоршаған ортадан шығар жол таппады, «шым-шытырақтан алға да, артқа да қозғалуға келмейді», - деді. «Алдыда құран бойынша – күйреу, «ақырзаман», артқа – жол жабық [4].

Өзінің замандастарына қорқынышты болашақ күтіп тұрғанын, күнәларынан құтылу үшін құрбандық шалу қажеттігін айтады. Шынайы өмірден ешқандай пайда жоқ, өлім емес, нағыз өмір өлімнен кейін пайда болады, тағдырдың жазғанына көну керек дейді. Сөйтіп, мұсылмандық – діни бағыттағы өмірді жақтайды. 1783 жылдан басталған қазақ халқының көтерілісі 1850 жылы мылтық күшімен уақытша басылды десек, кейінгі жылдардағы қиыншылықты Шортанбай барлық ақындық талантын жұмсай, халықпен бірге көрді [5].

Осы ағымның тағы бір өкілі – Дулат Бабатайұлы болды (1802-1844). Дулат та Шортанбай сияқты қазақ халқының өткен өмірін, әсіресе, Абылай тұсындағы кезеңді ерекше мақтан тұтты. Дулат халықтың торғайдай азып-тозып кетуін, біріншіден, Қоқан хандығының

жойылуынан деп білсе, екіншіден, орыс патшасының билеуінен, яғни шұрайлы жерлерді тартып алып, алым-салықты үсті-үстіне салуынан, байлардың болыстықты желеу етіп бейбіт елді дүрліктіруінен деп түсінді. Өз дәуірін адамдардың моральдық дағдарыс кезеңі деп атады. Егер Шортанбай «патша өз сөзінде тұрмады» деп кінәласа, Дулат «сенімсіздерді» елге жіберген ата-бабаларының іс-әрекетіне қанағаттанбады, Мұның себебі – қазақтарда елін қорғайтын батырлардың болмауы деп есептеді. Ел тәуелсіздігі үшін күресте қазақ халқының бірлігі күшеюі қажет екенін айтады.

Патша шенеуніктеріне қызмет ететін жергілікті қызмет адамдарын «ақылы мен санасы шектеулі адамдар» деп атады. Сондай-ақ, «Отанын шенге сатқандар» деп атады. Отанын шенге сатқандар, қазақтың ортасынан шыққан «кәпірлер» деп, қазақ байларының орыстармен жақындасуына қарсы болды. «Жат жерліктердің сеніміндегілер ешқашан мұсылмандармен дос бола алмайды, ерте ме, кеш пе жауласқан ниетін көруге болады» - деп жазды [6].

Ақын басқа бірсыпыра толғауларында Ресей ықпалымен елге еніп жатқан орыс біліміне, христиан дініне, ел билеу тәртібіне ашық наразылық білдірді. Дәстүрлі ел билігін бұзған өзгерістердің барлығы ұнамайды. Бұрынғы ізгі адамдар жойылды, олардың орнын алаяқ кулар басты, - дейді. Дулат қазақтардың Ресейдің құрамына енуі, орыстардың қазақ жерлеріне қоныстануы – қазақтардың бақытсыздығы деп санады. Өзінің замандастарына ол «Елің шеңбердің ішінде қалып қойды, осы жағдайда малы таланып, адамдарың есепте болады. Қазақ халық болудан қалады, олардың күні санаулы» - дейді. «Өсиетнама» деп аталатын шығармасының мазмұны Шортанбайдың «Зар заман» дастанына ұқсас. Дулат өз заманын «зар заман», «ақыр заман» дей келе, замандастарының моральдық жағынан құлдырауын, жергілікті өкіметтің іс-әрекеттерін жырлай отырып, Шортанбай сияқты бұл жағдайдан шығудың жолын көрсете алмады. Тек қана адамдарды тозақ сотымен қорқытты. Әлеуметтік теңсіздік, зорлық пен зомбылық және қанаушылық жаңа заман жемісі: бұл ата-бабаның бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрін, шариғат заңын бұзғандығы дейді ақын. Оның пікірінше, мұндай салт-дәстүрдің күйреуі, мұсылмандық адамгершілік ережелерінің бұзыла бастауын –қазақ даласына басқа пиғылмен басқа дін өкілдерінің келуінен дейді.

Дулат Бабатайұлы – туған елінің тарихының бір кезеңін жырлап өткен қайталанбас ақын. Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңі, одан туған зобалаңдарды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген ел басы адамдарының бірі. Ашықтан-ашық күш жұмсап, қару-жарағы кем бейқам да бейбіт жатқан байтақ өлкені қарулы күшпен меңгеру, ешбір себепсіз басып алу саясатына түбегейлі қарсылық білдірген азамат. Отарлау саясатының қазақ елін талан-таражға салу, халықтың егемендігін біржола жойып, тәуелді жұртқа айналдыру әрекетіне қарсы үгіттеген сыршыл да сыншыл ақын. Ақын шығармаларының алтын арқауы – туған халқының ата қонысы, сұлу табиғаты, халқының тәуелсіздігі, ел-жұртының береке-бірлігі, өнімді еңбекке толы тірлігі, ақжарқын адал ниет көңіл-күйі, отаршыларға қарсы ерлікке, батырлыққа үндеуі - ел-жер азаттығы үшін жан аямай күреске шақыру идеялары. Туған жерін, елін шын жүрегімен сүйе білген ақынның әрбір өлең жолдары халқы үшін қымбат.

Ел-жер тағдыры, ата-қоныс жайы, халқының тәуелсіз-дербес өмірі, дәулетіне сәулеті сай тұрмыс тіршілігі – ақынның жатса-тұрса есінен еш шықпайтын асыл арманы. Сондықтан да, ол халқының үміт артар ақылшысы, бойын жазып, көңілін сергітер өркениет ақыны, мәңгі өшпес көркем сөз өнерін ақтара жыр толғаған рухани жетекші болып қалады. Дулат – қазақтың елін, жерін, оны қорғаған адал ұлдарын ерекше қадір тұтқан, өзінің бойына біткен ақындық талантын – соларды жеріне жеткізе жырлауға арнап, жатпай-тұрмай көз майын тамызып өткен адал жанды азамат ақын. Мәселен, «Нысапсыз патша» өлеңінде дүниеге көзі тоймаған патшаның тек пайдақорлық пен байлық жолында өмірін босқа өткізіп, дүние үшін қаза тапқандығы айтылады.

Сонымен, қазақтың маңдайына біткен XX ғасыр басындағы ұлт зиялылары патшаның ызғарлы саясатына төтеп беріп, халықтың жан-дүниесін оятуда үлкен рөл атқарғандығын жоғарыда атап кеткен зерттеулер дәлелдеп отыр. Патшалық Ресейдің рухани езгі мәселесінің тарихнамасы қазақ зиялыларының зерттеулерінде көптеген жетістіктерге жетті. Бірақ та,

патша үкіметі тарапынан, кейіннен кеңес үкіметі тарапынан аталған кезең тарихнамасының дамуына үлкен тосқауылдар қойылып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акат Алтай Ғазалы // Таң Шолпан. -2003. - №1- 95-105 бб.
2. Шортанбай Қанайұлы. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: «Жазушы», -1992-552- б.
3. Шортанбай Қанайұлы. Зар заман // Әлем альманах. 1991. 301-б.
4. Қоңыратпаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы.- 1994. 12-б.
5. Бейсенбиев К. Очерки истории общественно-политической мысли Казахстана. –Алматы. 1976. 120-125 бб.
6. Сүйіншалиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. Алматы.1992. 130 б.

Резюме. Духовная экспанция Казахстана Россией является одной из важных тем исторической науки суверенного государства. Некоторые отечественные историки углубленно изучив феномен духовной экспансии обосновали важные теоретические положения данного вопроса. Показывается вклад российских исследователей в раскрытии данной темы, в трудах, которых подчеркнуты природа, пути и методы духовной экспансии, ее феномен. Автор, опираясь на обширный материал раскрыл политику духовной экспансии казахской нации со второй половины XIX века.

Resume. This article discusses some of the issues of spiritual expansion of Russia. Colonial policy of Russia in Kazakhstan is one of the important themes of history of a sovereign state. Some historians explore in depth the phenomenon of spiritual expansion substantiated theoretically important provisions of the issue. Shows the contribution of Russian researchers of disclosure in this topic, in the works that will highlight the nature, ways and methods of spiritual expansion, its phenomenon. The author, based on historical materials revealed spiritual expansion of Russian policy in the second half of the XIX century.

Л.Г. Сарсен,

*Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ,
ИКиСГД кафедрасының аға оқытушысы*

ЕЛ - ТҮТАСТЫҒЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз Жолдауында:

«2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы.

Қазақ хандығының 550 жылдығын,

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын,

Ұлы Жеңістің 70 жылдығын барлығымыз бірге атап өтеміз»- деп айтып өтті.

Елбасының Жарлығын орындау- біздің міндетіміз.

Биыл Ассамблеяға – 20 жыл. Осы жылдар ішінде Елбасының теңдессіз идеясы әлем үшін үлгі болып, жеке дара ел ретінде танылды. Әрқашанда бірлік пен татулықты сақтауға, алауыздыққа жол бермеуге шақырған Қазақ Елі «Бақыт қайда барасың, ынтымаққа барамын» деген әйгілі сөзін қалдырған. Сондықтан Елбасы айтқандай, «біздің туымыз – бірлік» болуы керек. Тәуелсіз Қазақстанның аспаны мәңгі бейбіт болсын. Жерімізден құт-береке қашпай, ұлт пен ұлыстың достығы артып, татулығымыз таси берсін!» – деп атап өтті.

Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді. Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Қазақстанның көпэтностық бай кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністік үлгісі орнады.

Қазақстан халқы ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Ассамблеяның негізі міндеті қандай? Соған тоқталатын болсақ.

1. этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2. халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3. қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4. азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5. Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6. Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Міндеттерін қарастыра отырып біз қандай ой түйеміз. Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайынға халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады.

Ассамблеяның құрылымына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі. Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы — 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган. . Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін

калап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретаымына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Жалпы алғандан егізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этнос аралық және конфессия аралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты.

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді.

Түйіндеме. Мақалада ассамблеяның еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсаты және құрылымы жөнінде жазылады.

Резюме. Ассамблея народа Казахстана – это основополагающая структура, которая смогла объединить народ одной страны, имеющий разные корни, национальности, религии и мировоззрение. Несмотря на очевидную индивидуальность каждого гражданина, нас объединяют общие мысли и цели. В первую очередь это – любовь к Родине, сохранение мира и согласия в государстве.

Summary. The assembly of the people of Kazakhstan is a fundamental structure which could unite the people of one country having different roots, nationalities, religions and outlook. Despite obvious identity of each citizen, we are united by the general thoughts and the purposes. First of all it is love for the country, a preservation of peace and consent in the state.

Г.А. Сармурзина

д. и н. профессор, КазНТУ им. К. И. Сатпаева,

А. Буслаева

студентка 4курса спец.: учет и аудит КазНТУ им. К. И. Сатпаева

ИЗ ИСТОРИИ ДЕПОРТАЦИИ ПОЛЯКОВ

Как протекала депортация применительно к народам, этническим меньшинствам, группам населения, принадлежавшим к различным национальностям и значившимся в документах НКВД СССР под грифом "прочие"? 29 декабря 1939 г. последовало постановление СНК СССР, утвердившее положение о спецпереселенцах и трудовом устройстве осадников - бывших военнослужащих Польской армии, выполнявших полицейские функции на территории Западной Украины и Западной Белоруссии. Среди этого контингента совместно с беженцами насчитывалось 177 043 человека, из них 107 332 осадника [1]. Машина принудительных переселений была пущена в ход.

Переселенцам было разрешено взять с собой лишь сухой паек, рассчитанный на несколько дней, и одежду. В среднем в "теплушку" погружалось до 50 человек, всего было сформировано 36 эшелонов. Более 20 дней переселенцы задыхались от тесноты и антисанитарии, мерзли и голодали, умирали от болезней. На остановках приоткрывали двери

телячьих вагонов, наспех выгружали трупы и продолжали путь[2]. Переселенцы были расселены небольшими группами на огромной территории от Северного Казахстана до предгорий Памира, более чем в 480 населенных пунктах. Цель такого расселения очевидна - полная ассимиляция народа, его исчезновение как этноса.

Очередная волна депортации для поляков наступила в 1939-1941 гг. когда Западная Украина и Западная Белоруссия вошли в состав СССР. Все неугодные советскому режиму представители этих республик были выселены по отработанной уже в 20-30-х годах схеме в Сибирь, Среднюю Азию и Казахстан. В 1940 году в Северо-Казахстанскую, Павлодарскую, Акмолинскую, Талды-Курганскую, Алма-Атинскую и Джамбульскую области направлены были многочисленные составы ссыльных - это члены семей репрессированных участников повстанческих организаций, офицеров бывшей Польской армии, полицейских, тюремщиков, жандармов, помещиков, фабрикантов и чиновников бывшего польского государственного аппарата [3]. Среди них появился новый контингент спецпереселенцев под названием «Польские посадники и беженцы». Посадники - это переселенцы из Польши, в основном бывшие военнослужащие польской армии, отличившиеся в польско-советской войне 1920 г., получившие земли в районах заселенными украинцами и белорусами. Посадники в Польше выполняли определенные полицейские функции в отношении местного населения, и поэтому в СССР были объявлены «злейшими врагами трудового народа» и поголовно семьями выселены вглубь СССР. Следует отметить, что их национальный состав был неоднороден. Основная их часть была представлена поляками, но среди них было значительное количество евреев, украинцев, белорусов, немцев и представителей других национальностей. Кроме того, в ссылке в Казахстане находилось около 66 тыс. членов семей репрессированных офицеров и других чинов Польши [4].

В 1942 г. подверглись депортации польские граждане, проживавшие на территории Саратовской области, которые были направлены в Алма-Атинскую область [5]. В конце войны многие польские спецпереселенцы надеялись вернуться на родину, но 1944 году после вступления Советской Армии на территорию Польши, опять таки началась депортация в лагеря членов Армии Краевой, партийных и политических деятелей.

По данным Государственного Архива Карагандинской области накануне Великой Отечественной войны на территорию Казахстана было выслано 104 тысяч поляков и членов их семей [6].

Расправа органов НКВД над поляками продолжалась и в Казахстане. Их судили особые совещания тройки НКВД. Так началась новая история поляков Казахстана. Они прибывали в Казахстан, в стрессовом состоянии без средств к существованию и с клеймом «враг народа». В рубриках учета НКВД после июля 1941 года вместо «посадников», «беженцев», «семей репрессированных» появилась рубрика «бывшие польские граждане».

После начала войны с Германией между советским правительством и Польским иммигрантским правительством 30 июля 1941 года было подписано соглашение о восстановлении дипломатических отношений и о создании польской армии на территории СССР. Правительство СССР признало советско-германские договоры 1939 г. утратившими силу. К советско-польскому соглашению был приложен протокол следующего содержания: «Советское правительство предоставляет амнистию всем польским гражданам, содержащимся ныне в заключении на советской территории в качестве или военнопленных или на других достаточных основаниях со времени восстановления дипломатического отношения» [7]. В соответствии с этим протоколом в августе 1941 года был принят Указ Президиума Верховного Совета СССР об амнистии «всех польских граждан».

Советское правительство определяло гражданство по национальному признаку. Польскими гражданами среди жителей Западной Украины и Западной Белоруссии оно считало только поляков по национальной принадлежности.

Многие десятилетия вопрос о попечительстве над польскими гражданами, проживающими на территории Казахстана, со стороны Посольства Республики Польша в Куйбышеве в 1941-1943 гг. сознательно не упоминался. На основании решений,

согласованных послом Республики Польша и Вышинским в районах, населенных поляками, начался этап организации представительств, основной задачей которых была координация попечительских мероприятий и жизни административных польских граждан. Правительство Советского Союза было убеждено в том, что в представительстве занимаются враждебной по отношению к Советскому государству деятельностью, а это полностью исключало возобновление их деятельности. Именно, с этого времени советское руководство всячески пыталась доказать, что доверенные лица могут работать и без помощи вышестоящего органа. Однако в конце 1942 года обстановка было пока еще не из худших. В Казахстане работали свыше 200 различных попечительских организаций.

Положение решительно ухудшилось после напряжения отношений между правительством Польши в Лондоне и правительством Советского Союза. Действительно деятельность Посольства Республики Польша в Куйбышеве сыграло важную роль в сохранении жизней многим тысячам польских граждан. Поляков призывали в трудовую армию. Рабочие колонны формировались только из числа «неблагонадежных» народов для работы в угольной, металлургической и других отраслях Казахстана. Тяжелое положение сложилось с продовольственным снабжением спецпереселенцев, отсутствовали овощи и другие необходимые продукты. Снабжение хлебом производилось с перебоями. Особенно неувязки в материальном снабжении наблюдались у семей военнослужащих Польской Армии в СССР.

В связи с этим Правительство Казахстана наметило ряд мероприятий по улучшению материально-бытового устройства семей военнослужащих, эвакуированных. Постановлением СНК Каз.ССР от 5 апреля 1944 года «Об оказании дополнительной материальной помощи бывшим польским гражданам, эвакуированным из западных областей Украины и Белоруссии в тыловые районы СССР» обязали Наркомторг СССР выдать бывшим польским гражданам, эвакуированным из западных областей Украины и Белоруссии в тыловые районы СССР, продовольственный паек в следующем размере на одного человека: муки по 2 кг., крупы 1 кг., жиров 500 гр., сахара и кондитерских изделия по 500 гр., соли 560 гр., мыла хозяйственного по 1 куску [8]. Семьям военнослужащих в 3-х дневный срок были назначены пенсии, пособия и произведена выплата за прошлый период в том же порядке, как это установлено для семей военнослужащих Красной Армии [9], а также приняты меры к немедленному производству необходимого ремонта жилищ и по улучшению жилищных условий [10].

Лишь после развенчания культа личности Сталина был остановлен, маховик государственной машины. Специальный надзор над поляками был упразднен в 1956 году.

В 3-х дневный срок были созданы комиссии на местах в составе председателей облисполкомов, зам.начальников УНКВД, УКГБ были разработаны указания по отправке поляков [11]. Были составлены подачи железнодорожного состава для отправки спецпереселенцев в места прежнего проживания, инструкция начальнику эшелона по сопровождению спецпереселенцев и обслуживанию их на пути следования.

Из Караганды был отправлен эшелон в составе 10- пассажирских и 2-х товарных вагонов с гражданами, изъявившими желание выехать в Польскую Народную Республику в количестве 437 человек, в том числе 50 детей до 16 лет [12].

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Государственный архив Российской Федерации. Ф. Р-5446. Оп. 31. Д. 147. Л. 78 (Далее: ГА РФ).
2. ЦГА РФ, ф.9479, оп.1, д.137, л.206.
3. 40-50-е годы: последствия депортации народов (свидетельствуют архивы НКВД-МВД СССР) // История СССР. 1992. №1. С.124.
4. Земсков В.Н. Спецпоселенцы (1930-1959 гг.) // Население России в 1920-1950-е гг.: численность, потери, миграции. М., 1994. С.156.
5. Бугай Н.Ф. И.Сталин – Л.Берия: их надо депортировать... М., 1992. С.193-194.

6. По материалам Государственного Архива Карагандинской области.
 7. Поляки в Казахстане... (Сост. С.Цесельский и А.Кучинский) Вроцлав, 1996. С.355-371.
 8. Государственный Архив Алматинской области Ф.685. Оп.6с. Д.70. С.5.
 9. Там же. С.6-7.
 10. Государственный Архив Алматинской области Ф.685. Оп.6с. Д.62. С.8-9.
 11. Государственный Архив Алматинской области Ф.685. Оп.6с. Д.76. С.20-22.
 12. Российский государственный архив социально-политической истории Ф.15. Оп. 86. Д. 6. Л.
9. (Далее: РГАСПИ).

Түйндеме. Бұл мақалада олардың үй олардың көпшілігі үшін айналды Қазақстан Республикасының, қазіргі заманғы халықтың этникалық топтардың бірі болды, Қазақстан, жер аударылған поляктар арналған.

Annotation. The article is devoted to deportation of Poland on territory of Kazakhstan, becoming one of ethnoses of multinational population of Republic of Kazakhstan and becoming for many of them by a native house.

А.Б. Нуртазаева
ҚазҰТЗУ-аға оқытушысы

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН KEЙІНГІ ЕЛІМІЗДЕ КӘСІБИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДАЯРЛАНУ ТАРИХЫ

Соғыстан кейінгі жылдары елімізде кәсіби педагог мамандарға деген тапшылық байқалды. Осы өзекті мәселелені шешу үшін үкімет тарапынан көптеген жұмыстар атқарылды. Кеңес үкіметінің алдында тұрған негізгі өзекті мәселелердің бірі халыққа білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту еді. Алғашқы кезде жоғары білімді педагог мамандарды даярлау негізінен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтымен, Орал педагогикалық институтында жүргізілді. Елімізде халық санының өсуі және сауатсыздықты жою мақсатында халыққа білім беретін мектептердің көптеп ашылуы кәсіби педагогтарға деген сұранысты көбейтті. Жоғары оқу орындарында даярланып жатқан мамандар саны аз болып, сұранысты толығымен қанағаттандыра алмады. Сұраныс бар жерде ұсыныста болуы шарт. Сондықтанда үкімет тарапынан қолдан келетін барлық жұмыстар жүргізу ісі қолға алынды. Елімізде мұғалімдерді тез қарқынмен даярлауда әр облыс орталықтарынан педагогикалық институттар жанынан немесе өзі дербес мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Мұғалімдер институтын құрудағы басты мақсат тез арада екі жылдың көлемінде жоғары білімді педагогтар даярлап шығару еді. Алғашқы жылдары жаңадан ашылған мұғалімдер даярлайтын институттардың жұмысында біраз кемшіліктер болды. Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саяси идеологиясына байланысты педагог тарихшыларды тез қарқынмен даярлау жұмыстары жүргізілді. Біздің көзқарасымыз бойынша тарихшы мамандарды даярлауда олардың сапасына емес санына көп көңіл бөлінді. Алғашқы кездері оқу процессі орыс тілінде жүргізілді. Сондай-ақ материалдық техникалық базаның қолайсыздығы, оқу корпусы мен жатақхананың жетіспеушілігі, кітапханадағы кітап қорының аздығы студенттердің оқу процессіне көп қиындықтар туғызды. Ұлы Отан соғысы кезінде институттардың біразы соғыс жағдайына байланысты уақытша жабылып және бір бірімен қосылып жұмыс істеді. 1942 жылдың көктемінде Орал педагогикалық институтының жалпы тарих кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Қазақ халқының тарихы» (1) атты дөңгелек үстел болып өтті. Бұнда негізінен қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тұрмыс тіршілігі жайлы өзекті проблемалық сұрақтар қаралды. Шақырылған қонақтардың ішінде соғыс жағдайымен Ресейдің орталық қалаларынан эвакуацияланған атақты ғалым профессор М.П. Вяткин Алматы қаласынан арнайы келіп өз ойын ортаға салып біраз қызықты тарихи мәліметтер берді. Осы оқу жылында Оралдағы педагогикалық институттың тарих факультетінде арнайы дәріс және семинар курстарын сабақтарын профессор М.П.Вяткин,

Г.А.Кокиев, А.Козловский оқыды (2). Сондай ақ соғыс жылдарында Қызылорда педагогикалық институтының тарихшы студенттеріне тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Семенов-Зусер,

А. Введенский арнайы кеңестік тарихнама курсынан дәріс оқыды (3). Бұлда болса студенттердің тарих пәніне деген қызығушылығын арттырмаса кеміте түскен жоқ. Ал Ұлы Отан соғысындағы жеңістен кейінгі жылдары халықтың әл ауқатының төмендігі, халық шаруашылығындағы ауыр жағдайға қарамастан уақытша жабылып қалған мұғалімдер және педагогикалық институттары қайта ашылып, онда болашақ тарихшы педагогтар даярланып жатты.

Біз қарастырып отырған жылдары тарих факультеттерінде ғылыми педагогикалық кадрларда қалыптастыруда бірқатар қиыншылықтар туындады. Облыстық педагогикалық институттарда ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылар мейлінше аз болды. Болашақ тарихшылар ғылым докторлары мен профессорларды айтпағанның өзінде ғылым кандидаттары мен доценттердің де сабақтарына қатыса алмады. Өйткені ғылыми атақ дәрежелері бар оқытушылар саны баяу өсті. Тарихшы студенттер профессордың дәрісін тыңдамай-ақ дипломдарын қолдарына ұстап үлкен өмірге аттанып жатты. Социализмнің тұсында бұл кемшіліктерге қарамастан жоғары оқу орындарының іс әрекетінің қалыптасуы мен дамуы барысында болашаққа сабақ болар тәжірибе жинақталды. Көзі ашық, білімді, саналы, көкірегі ояу азамат қай жерден білім алсада, өмірде өз орнын табуға ұмтылары анық. Мысал келтіре кетер болсақ, болашақ тарих ғылымының докторлары мен профессорлары осы облыс орталықтарындағы педагогикалық институттардың тарих факультеттерін бітіргендер. Тарих факультеттерінде оқу процессі сапалы түрде жүріп жатты деп айтуға болады. Сондай - ақ педагогикалық институттардың оқу тәрбие жұмысын әрдайым Жоғары білім беру министрлігі қатаң қадағалап отырды. Сондықтан да әр жыл сайын олардың оқу тәрбие жұмыстарын тексеру мақсатында орталықтан жұмыс комиссиясы құрылып, факультеттердің жұмыстарын тексеріп отырды. Үкіметтің қаулысымен педагогикалық оқу орындарында сырттай оқу бөліміне студенттерді емтихансыз қабылдау әдісі қолданылды. Осы арқылы жоғары оқу орындарына көбірек жастарды соның ішінде қазақ жастарын тарту еді. Сырттай бөлімде оқып жүре отырып студент институт қабырғасынан алған білімдерін тәжірибемен байланыстырды. Оларды көбі дерлік орта мектептерде және бала бақшаларда мұғалім, тәрбиеші, пионер вожатый және әдіскер болып қызмет істеді. Яғни өндірістен қол үзбей жоғары білім алды. Тарихшы педагогтарды республикадағы барлық педагогикалық және мұғалімдер институттарының сырттай бөлімдері дайындады. Студенттердің оқу процессі жылына екі рет қыста және көктем айларында болды. Тарихшы студенттер қыста он бес жиырма күн аралығында оқуға келіп дәріс тыңдап, емтихан, курстық жұмыс, рефераттар тапсырып келесі сессияға тапсырма алып кетіп отырды. Сырттай оқу жүйесінің кеңеюі нәтижесінде өндірістен қол үзбей оқытындар қатары көбейе түсті. Болашақ тарихшы педагогтарды бөлу оларды маман кадрларға зәру жерлерге жіберу, тұрақтандыру мәселесін факультет басшылары үнемі бақылауда ұстап, жоғары жаққа есеп беріп отырды. Сырттай оқу бөліміндегі тарихшы студенттердің білім деңгейі жоғары бола қоймады, жылына екі рет қысқы және жазғы сессияға келіп олар кемінде курс бағдарламасына байланысты сегіз, он пәннен емтихан тапсырды. Оларға емтихан алдында он сағат көлемінде дәріс оқылып қосымша материалдар берілетін болды. Алған білімдерімен қоса олар қосымша кітапханаларда өз беттерінше ізденіп емтиханға дайындалатын болды. Бұл дегеніңіз әрбір студенттен күш қуатты талап етті. 1955-1956 оқу жылында үкіметтің шешімімен республикамыздағы мұғалімдер институттары жабылып, олар педагогикалық институттардың құрамына кіргізілді (4). Енді болашақ тарихшы педагогтар білімдерін екі жыл көлемінде емес төрт жыл бойы оқып алатын болды. Оқу бағдарламасына орай әр курстың пәндерін қысқартып емес толық көлемінде өтетін болды. Тарихшы студенттер жоғары және орта білім беретін министрлік бекіткен оқу жүктемесіне байланысты төмендегі пәндерді оқыды. Бірақ та оқу бағдарламасының жыл сайын өзгеріске ұшырап отырылуы ешкімді де таң қалдырмасы анық. Жалпы білім беру мемлекеттік стандарты бойынша тарихшы студенттерге дәріс, арнаулы

курс, семинар сабақтары арқылы жүйелі, саналы білім берілді. Студенттерге берілетін негізгі және қосалқы пәндер кестесіне тоқтала кетер болсақ ұзын саны тарихшы студент он бес жиырма бес пән оқитын болды. Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасыр тарихы, Жаңа заман тарихы, КСРО халықтарының тарихы, КПСС тарихы, Әлемдік әдебиет, орыс тілі, қазақ тілі, орыс әдебиеті, тарихты оқыту әдістемесі, философия, экономикалық география, дене тәрбиесі, шет тілі, мемлекет және құқық теориясы, марксизм ленинизм негіздері, батыс және шығыс елдерінің тарихы, педагогика және психология, диалектика және тарихи материализм (5). Сондай ақ болашақ тарихшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу мақсатында «Ғылыми коммунизм» негіздері атты жаңа пән енгізілді. Әрбір курста арнайы дәріс және семинар сабақтары жүргізілді (6). Бекітілген оқу бағдарламасы бірнеше мәрте өзгеріске ұшырап отырылуы, білім министрлігіндегі басшылардың құзырында болды. Қазақ бөлімінде оқитын студенттерге оқу процесі көптеген қиындықтар туғызды. Себебі оқулықтармен, оқу құралдары, монографиялар орыс тілінде болды. Студенттер тақырыпқа байланысты материалдарды іздегенде оларды орыс тілінен қазақ тіліне аударып әуреге түсіп жатты. Орыс бөлімінде оқитын студенттер үшін де педагогикалық институттардың кітапханаларында, оқу залдарындағы кітап қорының аздығы сезіліп, қиыншылықтар туғызды. Орталықтан облыстық педагогикалық институттарының кітапханасына жаңадан шыққан әдебиеттердің бір екі данасы жіберіліп отырылды. Бірақ та бұл кемшіліктер министрліктің қатаң бақылауда болды. Факультет басшыларының алдында тұрған негізгі мәселе қарапайым түсінікті тілде жазылған оқулықтар дайындау қажеттілігін нақты қолға алу жұмысы тұрды. Кітапханада кітап қорын көбейту ісі жылма жыл іске асырылып отырылды. Осындай қиындықтарға қарамастан тарихшы студенттер өздерінің алған білімдерімен И.Сталин, В.Ленин, С.Киров және М.Габдуллин атындағы стипендиялардың иегері атанып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 1982- қор, 1 тізбе, 272 іс, 58 бет
2. 1982-қор, 1 тізбе, 728 іс, 15 бет
3. 1982-қор, 1 тізбе, іс 728, 28 бет
4. 1692-қор, 1 тізбе, іс 287, бет 51
5. 1142-қор, 1 тізбе, 52 іс, 10-11 бет
6. Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане Алма-Ата 1972, бет 75

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы подготовки педагогических кадров в послевоенные годы в высших учебных заведениях.

Annotation. In this article examined questions of training of pedagogical personnels in post-war years in higher educational establishments.

А.М. Нуржанова, *доцент кафедры ИКиСГДКазНИТУ им.К.И. Сатпаева*
А. Амиргалий, *студентка 1 курса ИГиНГД*

ПУТЬ ВОЛЬНОГО НАРОДА

«История - наставница жизни. Потому что не знать того, что было до твоего рождения, означает навсегда оставаться ребёнком». Эти мудрые слова принадлежат знаменитому

греческому оратору Цицерону. Действительно, история – это великая наука, основанная на опыте прошлых лет, она помогает нам двигаться дальше, не допуская прежних ошибок. Мы должны воспринимать ее целостно, такой, какой она была, осознавая важность каждого этапа нашего прошлого, который непременно ведет нас в будущее.

Познать себя, не познав истории своей Родины, невозможно. Наша страна имеет большую и продолжительную историю развития, которая заставляет всех граждан гордиться своей Отчиной. Любовь к Родине — первое достоинство цивилизованного человека. Каждый из нас любит Казахстан за то, что он подарил нам чистое небо над головой, сохранил традиции нашего народа, дал мир, стабильность и толерантность нам и нашим близким.

История нашего государства началась еще в 1465 году, когда на карте древнего мира появилось Казахское ханство, возглавляемое потомками Урус-хана, авторитетными казахскими лидерами Джанибеком и Кереем, которые возглавили племена, уходившие из Ханства Абулхаира на запад Могулистана. Казахское ханство - одно из малочисленных государств, которое возникло не в результате захватнических действий. Однако, начиная с 70-х годов XV века, казахские племена постоянно противостояли различным кочевым народам в борьбе за присырдарьинские города и пастбища.

К началу XVII века кочевья казахов простирались на востоке от озера Балхаш до верхнего течения реки Ишим, на юге — от реки Сырдарьи до рек Чу и Талас, на западе — до реки Кара-Тургай. Границы кочевий были неустойчивыми, этому способствовала внешнеполитическая обстановка.

Именно в это время джунгарские феодалы попытались поработить казахские племена. Крупное вторжение джунгарских войск в пределы Казахстана произошло в 1710-1711 годах. Опасность нового, более сильного, наступления джунгар на казахские земли побудила султанов и старшин временно отодвинуть междоусобные распри на задний план и попытаться сообща найти способы обороны от неприятеля. С этой целью в 1710 г. в Приаральских Каракумах был созван съезд, на котором обсуждался вопрос о возможных совместных действиях против военной агрессии Джунгарского ханства. Было создано единое войско во главе с батыром Богенбаем. В это время правителем Казахского ханства был Тауке. Выбор был не случаен. Сам хан Тауке, его сподвижники-султаны, бии-мудрецы Толе, Казыбек, Айтеке обратили внимание на молодого батыра. «В скупых словах его заметны были прямота и ум, во взоре отвага, в поступи решительность и сила». Предпочтение, отданное Богенбаю перед другими военачальниками, оказалось не только верным, но и во многом решающим для изменения соотношения сил в кровавой борьбе с джунгарами. После того, как Богенбай объединил под своим началом силы всех трех жузов и повел их в решительные сражения на врага, перевес казахов в них оказался заметным.

Весной 1718 года на реке Аягуз произошло крупное сражение между 30-тысячным казахским войском и джунгарами. Вражеский народ нанес удар с тыла, а казахские военачальники не сумели договориться о совместных действиях, в результате казахские войска потерпели поражение. Тогда же на реке Арысь джунгарские войска разбили другие отряды казахского ополчения.

Битва 1723 года известна как «Актабаншубырынды» (годы великого бедствия), когда многочисленные джунгарские войска неожиданно ворвались на территорию долины реки Талас. Люди в полном изнеможении от голода и усталости бросились на землю и пластом залегли у озера Алаколь. Это поражение связано с сильной разобщенностью казахских племен и родов. Символом народной скорби казахов об этой трагедии стал жоктау (песня-плач) «Елим-ай».

Осенью 1726 года состоялся всеказахский съезд в местности Ордабасы. На съезд были приглашены ханы Абулхаир, Абулмамбет, Самеке, Кушик, Жолбарыс, султаны, биіразных родов, прославленные полководцы и батыры. Основным вопросом на съезде был вопрос об организации всенародного отпора джунгарам. В условиях угрозы, нависшей над Родиной, отошли на второй план внутриродовые противоречия, борьба за власть над всеми жузами, борьба за пастбища. В Ордабасы Абулхаир был избран предводителем казахского

ополчения. Как полководец, Абулхаир проводил огромную работу в народном ополчении, укреплял его боеспособность, поощрял патриотизм и высокий моральный дух в вооруженных силах. Результаты мер, принятых ханом, можно было увидеть уже в 1728 году, когда была одержана первая победа над джунгарами. Эти сражения проходили в горах Улытау, в местности Карасиыр, у реки Буланты, где казахи наголову разбили джунгарский экспедиционный корпус во главе с сыном ГалданЦеренахунтайджи Лама ДорджиЭрдениБаатора. Армия Абулхаира после победы над джунгарами развеяла миф о непобедимости джунгар, у народа появилась уверенность в достижении полной победы над врагом. Народ стал более организован в борьбе против общего захватчика, проявлял особый энтузиазм ради защиты отечества.

Сонау түркі заманынан келе жатқан Қазақтың «қазақ» деген болмысын жоғалтпай бүгінгі таңда өркениеті бізден әлде қайда ерте қалыптасқан елдермен терезесі тең дәрежеде тұруы біз үшін үлкен мәртебе[4].

Қай елде немесе қай өркениет кезеңінде болмасын сол мәртебені асқақтатар азат елдің Ұланы болады. Қайтсемде өз елімнің даңқын асқақтатып, байрағын көк аспанда желбіретем деген ел мұратын көксеген Көшбасшалары болады. Түркілердің тарихына көз жүгіртсек сонау Бумын мен Тоныкөктен бастап беріректегі орта ғасырлық қазақ хандарын алсақ та немесе басқа ұлтты қарастырсақ та әр заманның талабына сай өз көшбасшысы болады.

Сонау түркілерден негізін алған көкбөрі ұрпағы үшін де жаңа заманда өз көшбасшысы болды. Тарихта кезінде есімі алтын әріппен жазылған Қазақ халқының жаңа заманда атының қайта жаңғыруының негізі тікелей осы тұлғамен байланысты болды. Оның есімі жаңа әлемнің саяси аренасында «Қазақ елі немесе Қазақстан» сөздерінің айнымас синонимдес бөлшегіне

айналды. Әрине ол **Нұрсұлтан Назарбаев**[2]!

Белгілі бір жүйенің құрамдас бөлшегі негізінде қоғамда жетпіс жыл бойы қалыптасып қалған идеологиядан шығып өз алдына дербес мемлекет құру қазақ қоғамы үшін оңайға түспеді. Әлемде теңдік пен бірізділікті орнату иллюзиясында өмір сүрген кеңестік идеяның шаңын қағу біраз қиыншылықтар туғызды. Бұл ең алдымен осынау қиын сәтте ел тізгіні мен ұлттық идеяны өз мойнына ала білген ұлтбасшысы үшін халқының алдындағы үлкен жауапкершілік болатын. Кеңестік идеология посткеңестік кеңістіктегі қоғам санасына бірізділік пен теңдікті дәріптеді, олар барынша қоғам санасын авторитарлық негізді тәуелді ұстауға тырысты. Сонымен қоса кеңестік идеология тек халыққа ең басты қажетті нәрселерді ғана беріп өзіндік таңдауға жол бермеді.

Нәтижесінде қоғам тек дайын өнім мен дайын шешімге дағдыланып қалды. Ал жаңа ғасырдағы жалпы адамзаттық өркениет бәсекеге қабілетті өзіндік ойы бар жаңашылдықты құптайтын жеке тұлғаларды талап етті. Ендігі кезекте қазақ елі үшін жаңа тәуелсіз мемлекетті құрып қана қоймай сонымен қоса жаңа моральдық этикалық қоғамды қалыптастыру мәселесі тұрды. Жаңа мемлекет құруды философиялық концепция арқылы түсіндірер болсақ шамамен Платонның «идеалды мемлекет» қалыптастыру керек деген ойына саяды. Платонның мемлекет жайлы туындысында: *«идеалды мемлекетті тек дана адамдар ғана басқара алады. Себебі олар өз даналығын барынша қоғамның әділ болуына сарып етеді»*, - деген екен [1]. Сол секілді жаңа тәуелсіз қазақ қоғамының қалыптасуына басты ұйытқы болған факторлардың бірі ол әрине елді ең алдымен көреген дана адамның басқаруы болып табылады. Платонның еңбегінде сонымен қатар мынадай астарлы ойлар кездеседі: *«Дана адам үшін билік пен мансаптың мүлдем қажеті жоқ, себебі ол үшін ең бастысы әділетті қоғамды қалыптастыра білу болып табылады»*[1].

Расында да бүгінде біз өмір сүріп жатқан қоғамдағы әділеттіліктің бастамасы ол әрине – демократия. Әлемдік тәжірибе мен тарих қойнауының жауһарын тере білген елбасы, бүгінде қазақ елін алға жетелейтін басқарудың ең тиімді жолы демократиялық билік деп таныды. Расында да биліктің халықтың қолында болуы әділетті. Қазақ халқының ежелден келе жатқан менталитеті мен салт- дәстүрін негізге ала отырып, заманауи басқару құрылымын жасай білу оңайға түспеді. Себебі бүгінде Қазақстан үшін өткеннен сабақ алып, бүгінгі күнді сараптап ертеңге нақты болжам жасау басты мақсат. Бүгінде Ұлы даланың қожалары үшін (қазақтар-авт) өткеннен сабақ алып бүгінін сараптап ертеңге бағдар қоярлық идеясы ол - Мәңгілік ел[2].

Тарихта қай кезең, қай ғасыр болмасын өз заманының ел билеушілері басқарудың ең тиімді және де ұлты үшін ұтқыр жолын іздеген. Біреулер қателескен, біреулер тура жолды таба білген. Бүгінде, біз өмір сүріп жатқан жаңа заманда елді басқару мен ұлт немесе мемлекет мүддесін болашаққа нық сеніммен аманат ету оңай істердің бірі емес. ХХІ ғасырда әлемнің көптеген мемлекеттері елдің болашағының іргетасын қалауда ұзақ мерзімді нәтижелі стратегиялық жоспарды елді басқарудың тұрақты формуласы ретінде қабылдайды.

Қазақ елі үшін де болашағының маңызыдылығы осы ұзақ мерзімді стратегиялық жоспармен өлшенеді. Біз тәуелсіздігіміздің тізгінін өз қолымызға алғаннан кейін, елбасы әлемдік тәжірибені сараптай келе, жаңа заманның шымылдығын ашуда Қазақ елі үшін де ұзақ мерзімді жоспардың болашағымызға жасаған инвестициямыздың эквиваленті екендігін түсінді. Қазақстан үшін ұзақ мерзімді стратегиялық жоспардың бастамасы 1997 жылы қабылданған **«Қазақстан- 2030»** атты барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы негізінде құрылған болатын[5].

«Қазақстан-2030» нені мақсат етеді және де бізді неге жетелейді?, - деген сауал көптеген адамдардың басты назарын алды. Мен бұл сауалға Шекспирдің мына бір сөзімен жауап қатар едім: «Адамдардың өмірінде шарықтау сәті бар, ол, егер дұрыс пайдалана білсе, табысқа жеткізеді. Егер оны қолдан шығарып алса, онда одан кейінгі жол қайранға малтығып, тайғақ кешумен ұласады»[5].

Иә, біз дәлірек айтсақ халықты бастаған көшбасшымыз осынау жаңа заман сыйлаған Қазақ халқының екінші тынысын тиімді пайдалана білді. Жетпіс жыл қалыптасып қалған әміршіл ескі жүйенің құрсауынан шығып, жаңа заманға сай өзіндік экономикалық және де

мәдени моделімізді қалыптастыра білдік. Біз үшін ең бастысы егемендік болатын.

Екінші орында Тәуелсіз Қазақстанның әлем географиясындағы территориясының темірқазығын қаға білу мақсаты тұрды. Сонымен қатар ел ішіндегі Қазақ халқының мәдени-этикалық бірегейлігін сақтай отыра көп ұлтты, конфессия аралық тату қоғам құру мақсаты тұрды. Стратегияның ең басты асыл шыңы 2030 жылға дейін әлемнің дамыған елу елінің қатарына қосылу болатын.[5]

Бүгінде, жоғарыда көрсетілген мақсаттардың 100 пайыз орындалғандығының дәлелі ол Көшбасшының алға қойған жаңа мақсаттары мен белестері. Осындай аз уақыттың ішінде отыз жылға жоспарланған ұлт жоспары өз мерзімінің жартысында орындалуы әлемдік саясатта болмаған түбегейлі бетбұрыстың көрінісі.

Бүгінде Қазақстан саяси-экономикалық тұрақтылықта мәдени тұғырын қалыптастыра білген мемлекет. Демографиялық көрсеткіштің аздығы мен түрлі этностың көптігіне қарамастан Қазақ қоғамы орталықтанған бейбіт мемлекеттің көрінісіне айналып отыр.[3]

Қазірде көптеген мемлекеттер де болып жатқан ішкі қақтығыстар мен араздықтардың бірде бір көрінісі Қазақ қоғамында кездеспейді. Стратегияның қажырлы еңбегінің жемісін бүгінгі таңдағы Қазақстанның тұрақтылығы мен әлемдік аренадағы саяси беделінің жоғары деңгейде екендігінен байқауға болады. Міне осылайша небәрі жиырма жылдың ішінде буыны қата қоймаған тәуелсіз Қазақстан көптеген жетістіктерге жете білді. Алайда уақыт өтуде және де заман жаңа өркендеу мен даму модельін талап етеді.

Қоғамнан, әлемдік өркениеттен тысқары қалмас үшін Қазақ елі жаңа стратегия мен жаңа мақсаттар қоюға мүдделі. Ең бастысы біз жетістікке жете алатын көшбасшы мемлекеттер қатарында екендігімізді дәлелдедік. Қазақстанның бүгінде алға қойған мақсаты ол **«Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»**. Қазақстан қазірде елбасы айтпақшы: **«Орталық Азия Барысына айналды»**[6].

Сол барыстық титулды Азиядан әлемдік деңгейге көтеру ол мына біз, болашақ ұрпақтың еншісіне тиген парызы деп білемін. Біздің елбасы асар асудың шыңын дәл көздей білетін прагмат көшбасшылардың бірі. Ол бүгінгі таңдағы дамудың Қазақстандық моделін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қоса елдің ертеңін айқындайтын ұзақ мерзімді стратегиялық мақсат қоя білді. Тарих тұңғығынан мемлекеттік басқару мен ұлт мүддесін асыл мақсаттарға меңзейтін дара жолды қайта жаңғыртушы бірден бір тұлға. Көне түркілердің ұлт мұратына жету мен ұлы даланың нағыз ұланы болуды көксеген **«Мәңгілік ел»** идеясын ХХІ ғасырға қайта негіздей білді[6].

Ол жай ғана тарих тұңғығының тұңжұрмасы емес, ол жаңа замандағы Қазақ елінің елдігінің негізі болмақ. Халықтың ертеңгі күнге деген сенімін нығайтып, әлем мойындайтын жаһандық алпауыт мемлекеттер қатарына қосылудағы ұлттық тұғырнамасына айналды. Бүгінгі Қазақ қоғамын әлемдік дәрежеде экономикалық тұрақтылығын сақтай отыра мәдени моделін, саяси тұрақсыздықтарға қарамастан жоғары дәрежеде көрсетудің бірден бір жолы, ол **«МӘНГІЛІК ЕЛ»** ұлттық идеологиясы болмақ[6]. Ұзақ мерзімді болашаққа бағытталған жоспардың ертеңгі нәтижесі болашақ жастардың қолында болмақ. Елбасы негізін салған сарабал сара жолдан таймай ертеңгі күннің жемісін бірге көрейік құрметті достар.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Әлемдік философиялық мұра».Жиырма томдық. 2том. Антикалық философия. - Алматы: Жазушы, 2005.- 189,262 беттер
- 2.Сыздықов С.,Қанаев С., Жеңіс Ж./ «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық.-Астана: Фолиант, 2013.- 41,243,255,284 беттер
- 3.Назарбаев Н.Ә./Тәуелсіздік белестері.- Алматы: Атамұра, 2003.-86бет
4. Назарбаев Н.Ә./Сындарлы он жыл.- Алматы: Атамұра, 2003.-76бет
5. Назарбаев Н.Ә./Қазақстан-2030:барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел президентінің халыққа жолдауы.-1997.- 14,26 беттер
6. Н.Ә.Назарбаев./ «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.

У.Ж.Жумабекова, доцент, к.п.н. КазННТУ им.К.Сатпаева

Г.Равильева, студентка 1 курса, гр. 5В050600 КазННТУ

Методика использования информационно- коммуникативных технологии при обучении иностранного языка

В настоящее время идет интенсивное внедрение телекоммуникационных технологий (ТКТ) в процесс образования. Важнейшей задачей в процессе становления высокообразованным специалистом является формирование информационной и коммуникативной культуры, а также развитие умения адаптироваться в условиях стремительной смены информационных потоков и использованных технологий (спутниковые средства связи, телевидение, сеть Интернета и т.д.)

На сегодняшний день одним из перспективных направлений в процессе преподавания иностранного языка (ИЯ) в высшей школе является применение такой ТКТ, как спутниковое телевидение, а для создания обратной связи используются ресурсы и возможности Интернет, такие как электронная почта, чаты.

Современное образование должно быть направлено не просто на повышение уровня образованности человека, но и формирование нового типа человека, иного образа и способа мышления, нового информационного мировоззрения.

Объем информации, необходимой для работы сегодняшнему специалисту, растет с каждым днем, следовательно, выпускник вуза должен быть готов к постоянному развитию и совершенствованию.

Развитие глобальной компьютерной сети Интернет открыло новые перспективы совершенствования образовательной системы. Появилась новая технология обучения, а именно- дистанционное обучение (ДО) ,при котором студент и преподаватель пространственно отделены друг от друга, но при этом они могут находиться в постоянном взаимодействии. организованном с помощью особых приемов построения учебного процесса, форм контроля. методов коммуникации и др.

Задачей подготовки будущего специалиста является не только научить его выполнять выбранные операции в программном обеспечении. но и научить умению самостоятельно отыскивать и осваивать незнакомые операции, которые ему необходимы в своей работе.

Личная мотивация к учению и наличие разнообразных образовательных ресурсов являются ключевыми факторами непрерывного образования. Использование дистанционных образовательных технологий (ДОТ) в образовательном процессе способствует реализации принципа инновационной и информационной ориентированности подготовки специалистов; принципа проблемности и интерактивности организации учебного процесса; принципа индивидуализации в обучении. Следует отметить, что использование ДОТ в системе иноязычного образования может выступать как средство повышения эффективности языковой подготовки специалистов в высшей школе.

Именно ДО, организованное на основе технологии Интернета, постоянно приобретает черты универсальной формы профессионального образования, ориентированного на запросы обучаемых и их специализацию.

Развитие глобальной компьютерной сети Интернет открыло новые перспективы совершенствования образовательной системы. Это отражается как на техническом оснащении образовательных учреждений, их доступе к мировым информационным ресурсам, так и на использовании новых видов, методов и форм обучения.

Информация – это сложное многогранное всеобъемлющее явление. И естественно, что

отдельные стороны, грани его являются предметом исследования очень многих наук, которые хотя и существуют самостоятельно, однако развиваются в неразрывном единстве, дополняя и обогащая друг друга. В связи с этим, мы считаем возможным говорить об использовании дистанционных образовательных технологий с традиционными формами обучения. Такой подход, с одной стороны, дает возможность студенту стать активным участником образовательного процесса: стимулируется привычка к самообучению и поиску информации, появляются навыки, обеспечивающие самостоятельно продолжить свое обучение после окончания вуза.

Кроме того, необходимым атрибутом профессиональной пригодности будущего специалиста в современном обществе являются умение использовать информационно-коммуникационные технологии, их инструментарий и методологию для работы с информацией.

Появление принципиально новых по своим техническим характеристикам ИКТ, таких, как мультимедийные, сетевые и коммуникационные, открыло широкие возможности в преподавании языков. Мультимедийные технологии предоставляют возможность доступа к текстовым документам, графическому изображению, звукам и видео. Мультимедиа позволяют формировать навыки, которые с помощью других технологий сформировать невозможно, например, произношение при изучении ИЯ. При этом информационно-коммуникационные технологии, включающие компьютерные и телекоммуникационные компоненты, становятся незаменимым помощником педагогов.

Сегодня, когда внедрение новых ИКТ приобретает массовый характер, вопросы разработки компьютерных технологий обучения и создания условий для подготовки специалистов, способных использовать компьютер в качестве рабочего инструмента своей деятельности, получает наивысший приоритет. Лишь только посредством Интернета обучающиеся могут общаться синхронно или асинхронно с другими студентами и с аутентичными носителями языка. Обучающиеся могут наилучшим образом развить различные языковые навыки для устного и письменного общения и приобщаться к иноязычной культуре в целом.

Стремление людей достичь запланированных результатов с наименьшими затратами интеллектуальных, сырьевых, временных и энергетических ресурсов приводит их пониманию необходимости технологизации деятельности.

Компьютерные технологии способствуют раскрытию, сохранению и развитию личностных качеств обучаемых. Однако их использование в учебном процессе будет эффективным только в том случае, если у преподавателей будет сформировано правильное представление о месте и роли ИКТ в учебном процессе.

Информационные и коммуникационные технологии (ИКТ)- это программные, программно-аппаратные и технические средства и устройства, обеспечивающие операции по сбору, продуцированию, накоплению, хранению, обработке, передаче информации и возможность доступа к информационным ресурсам компьютерных сетей. Иными словами, ИКТ в обучении обеспечивают хранение и обработку образовательной информации, доставку ее обучаемому, интерактивное взаимодействие студента с преподавателем или педагогическим программным средством, а также тестирование знаний студента.

Основной целью обучения ИЯ является формирование и развитие коммуникативной культуры студентов, обучение практическому овладению ИЯ, то в этой связи следует отметить, что среди проблем, теоретически и экспериментально-решаемых методикой ИЯ, коммуникативная компетенция и способы ее достижения являются одной из наиболее актуальных. Коммуникативный подход подразумевает обучение общению и формирование способности к межкультурному взаимодействию, что и является основой функционирования сети Интернета.

Количество разнообразных информационных ресурсов в сети, которые можно использовать при изучении иностранного языка, создании курсов дистанционного обучения, огромно. Среди них есть учебные материалы для формирования грамматических, лексических

навыков, формирования умений чтения, письма, аудирования.

Системный подход к организации учебного процесса и управлению современным образованием предполагает радикальное совершенствование всей системы образования, ее коренное преобразование на основе использования ИКТ, приводящее к повышению качества знаний студентов и эффективности в сфере образования.

За последние десятилетия претерпело изменения содержание обучения ИЯ, существенно увеличился объем материала, усваиваемого студентами. В связи с этим, особую роль в обучении ИЯ приобретают такие факторы, как индивидуализация обучения и организация автономного обучения. Новые средства коммуникации позволяют студентам уже индивидуально развивать навыки аудирования, чтения, говорения и письма, а преподавателю перенести определенный объем материала на самостоятельное обучение вне урока. Именно перечисленные вопросы должны составлять основу структуры обучения ИЯ как учебной дисциплины, что требует коренного пересмотра учебных планов и программ по предмету и делает возможным внедрение и развитие новых форм обучения (например, дистанционного), усиливает тенденции к формированию открытого образования. Это, в свою очередь, ставит перед нами проблему расширения практики опережающего обучения, использования новых технических средств и технологий, совершенствования образовательных методик.

Использование ИКТ при обучении английскому языку создает положительные условия для комбинированного обучения, обеспечивает информационную избыточность, обогащает дополнительными коммуникативными заданиями в процессе всего усвоения материала уроков, обеспечивает контроль и самоконтроль результатов усвоения полученных знаний, что способствует интенсификации обучения и повышению качества владения языком.

У.Ж. Жумабекова, ҚазҰТЗУ доценты, ғ.п.к.

Г.Равильева, 1 курс студенті, 5В050600 тобы, ҚазҰТЗУ

Андатпа.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны шет тілінде үйрену әдістемесі

Бүгінгі күнде жоғары оқу орнында шет тілін оқыту процесінде ең перспективалы бағыттардың бірі телекоммуникациялық технологияларды пайдалану болып табылады. Интернет желісінің дамуы білім беру жүйесін жетілдіру үшін жаңа перспективалар ашты. Бұл екеуі де әлемдік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге оқу орындарында жаңа техникалармен жабдықтауға, сондай-ақ жаңа әдістер мен нысандарды қолдануға әсер етеді.

U. Zh. Zhumabekova, docent KazNRTU, c.p.s.

G.Ravilyeva, student of the 1 course at KazNRTU

Summary

Use of information - communicative technologies at foreign language training

The summary.

Today one of perspective directions in the course of foreign language teaching (FL) in the higher school is the application of telecommunication technologies (TCT). Development of a global

network the Internet has opened new prospects of perfection of educational system. It is reflected as the equipment of educational institutions, their access to world information resources, and the use of new kinds, methods and training forms.

Аннотация

На сегодняшний день одним из перспективных направлений в процессе преподавания иностранного языка (ИЯ) в высшей школе является применение телекоммуникационных технологий (ТКТ). Развитие глобальной сети Интернет открыло новые перспективы совершенствования образовательной системы. Это отражается как на техническом оснащении образовательных учреждений, их доступе к мировым информационным ресурсам, так и на использовании новых видов, методов и форм обучения.

Ключевые слова: ИЯ – иностранный язык, ТКТ – телекоммуникационные технологии, ДОТ- дистанционные образовательные технологии, ИКТ – информационные коммуникационные технологии.

Тірек сөздер: ШТ – шет тілі, ТКТ – телекоммуникациялық технологиялар, ҚББТ – қашықтан білім беру технологиялары, АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

Keywords: FL – a foreign language, TCT – telecommunication technologies, DET- distance educational technologies, ICT – information communication technologies

Литература:

1. Стратегия развития Республики Казахстан до 2030 года.
2. Голицына И.Н. Вопросы эффективности внедрения компьютерных технологий в профессиональное образование. // Educational Technology & Society 3(3). 2000.- С.538-547.
3. Ибрагимов И.М. Инновационные технологии и средства дистанционного обучения: учеб. Пособие для студентов высш. учебн. заведений / под. ред. А.Н.Ковшова.- М.: Академия, 2005.- 336с.
4. Полта Е.С. Теория и практика дистанционного обучения. // Информатика и образование. 2001.- №5.- С.37-42.
5. Джусубалиева Д.М. Дистанционное образование.- Алматы: Гылым, 1997.- 81 с.
6. Сокольская Н.В. Проблема использования дистанционной технологии при изучении иностранного языка // Инновации в образовании.- 2005.- №6.- С.71-79.
7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: учебное пособие.- М.: Народное образование, 1998.- 256 с.

Умит Жумабекова, к.п.н., доцент КазНТУ им. К.И. Сатпаева

Нурсултан Сман, студент 2 курса, гр. 5В070400 КазНТУ

Формирование самообразовательной деятельности студентов в системе высшего образования

Образование становится главным фактором развития личности и общества в интенсивно обновляющемся мире. В связи с этим динамика современных социальных процессов требует от человека умение самостоятельно организовывать себя: сознательно воспитывать самодисциплину, ответственность, побуждать себя к саморазвитию, к овладению культурой и знаниями, выработанными человечеством для того, чтобы сформировать собственное, ясное понимание деятельности. При этом формирование самообразовательной деятельности студентов выступает в качестве приоритетной миссии находящегося на стадии становления многоуровневого высшего образования в Казахстане.

Усиление внимания к проблеме педагогических особенностей саморазвития личности под названным углом зрения имеет на сегодняшний день принципиальное значение.

Самообразование как проблема актуализируется не только в связи с потребностью индивида в реализации себя как личности в обществе, не только в связи с развитием педагогической мысли, но и в связи с вызовами XXI века.

На основе анализа личностного саморазвития с психологической точки зрения определена значимость его проявления в деятельности, выявлены механизмы саморазвития-самосознание, самооценка и раскрыт индивидуальный внутренний потенциал личности в ходе самообразования.

Умение самообразовательной деятельности студент приобретает сам, найдя и апробировав различные модели поведения в конкретной предметной области, отобрав из них те, которые в наибольшей степени соответствуют его индивидуальному стилю, притязаниям, эстетическому вкусу и нравственным ценностям.

Самоорганизация - деятельность и способность личности, связанные с умением организовывать себя, которые проявляются в целеустремленности, активности, обоснованности мотивации, планировании своей деятельности, самостоятельности, скорости принятия решений и ответственности за них, критичности оценки результатов своих действий, чувстве долга.

На основании вышесказанного, выделяются сущностные характеристики системы – ее целостность и динамичность. Таким образом, система – это целостная организованное образование, несводимое к сумме элементов и находящееся в процессе непрерывного развития.

Непрерывность образования есть его необходимая черта, обеспечивающая социальную мобильность, устойчивость развития и социальную инициативу в условиях становления информационного общества. Образование понимается как процесс и результат усвоения человеком социального опыта, системы знания, умений и навыков, необходимых для жизни в обществе.

Образованность населения, масштабы и традиции системы образования в Казахстане обеспечивают ее конкурентоспособность на современном этапе развития страны. Проблема формирования профессионального саморазвития тесно связана с вопросом о ресурсах психического развития. Психической сущностью профессионального саморазвития личности является его самосознание. Чем выше у человека способность подавлять в себе естественные интенции, тем выше уровень развития его личности.

В широком философском смысле, саморазвитие – это всякое развитие, движущими силами которого выступают внутренние противоречия.

В системе непрерывного образования, самообразование играет роль связующего звена между ступенями и стадиями организационной учебы, придавая образовательному процессу целостный и восходящий характер.

Для достижения этих целей сформирован комплекс мероприятий по совершенствованию содержания и технологии образования, структуры образовательной системы, организационно – финансовых механизмов и законодательной базы сферы образования, а также по укреплению связей между образованием, наукой, производством, и рынком труда.

На наш взгляд, самостоятельная работа студента должна занимать одно из ведущих мест

в учебной деятельности студентов, поскольку самым непосредственным образом способствует их подготовке к организации процесса собственного развития.

Широкий простор для самореализации личности в сфере социальной активности открывает многообразие ее видов, выделяемых в зависимости от предметного содержания той деятельности, в которой она проявляется. Социальная активность, прежде всего, определяет способ, каким люди утверждают себя в системе общественных отношений.

Участвуя в разнообразных внеаудиторных мероприятиях, студент, объективно оценивает важность планирования самообразования как источника дополнительных знаний и умений, обеспечивающих его интеллектуальное развитие, а также развитие ориентации и выбора в социальном и профессиональном пространстве.

Образованность и интеллект все больше относятся к разряду национальных богатств, а физическое и духовное здоровье человека, уровень его личностного развития, широта и гибкость профессиональной подготовки, стремление к творчеству, компетентность в решении нестандартных задач превращаются в важнейший фактор прогресса республики.

Таким образом, готовность к самообразованию, при которой студенты выступают субъектами организации процесса собственного прогресса можно формировать, используя потенциал способствующим саморазвитию личности студентов, обладает кредитная система образования.

Студент с помощью преподавателя, ученого обретает навык планирования самообразования как компонента собственной жизнедеятельности, что стимулирует у студентов интерес к данному процессу в целом, а также содержанию и технологиям самообразования.

На практике, оказывается более важным, определить ту сферу деятельности, те профессиональные функции, где педагог реализует о максимально эффективно свои личностные резервы, где он может проявить максимальную активность.

Сегодня ценятся такие качества, как творческий подход, прогностичность, находчивость, готовность работать в команде, способность адаптироваться к переменам.

Направленность личности студента и их отношение к себе является ведущим критерием готовности к саморазвитию, поскольку включает потребности, мотивы(интересы, стремления, убеждения),ценностные ориентации и отношение к себе,- важные показатели потребностно – мотивационной и ценностной сферы личности.

Включенный в продуктивную, социально и личностно значимую работу, студент совершенствует свои качества, приобретает свои знания и навыки организации и осуществления самообразовательной деятельности.Стимулирование положительной мотивации творческой деятельности студента, активное участие в планировании и разработке программ является одним из основных направлений методической работы высшей школы.

Самообразование рассматривается как познавательная деятельность, которая характеризуется целенаправленностью, систематичностью, носит специально организованный характер. Самообразование характеризуется самодеятельностью, управляется самой личностью.

Для формирования готовности студентов к саморазвитию необходима специальная целенаправленно организованная деятельность, которая реализовывалась в процессе использования разработанной методики поэтапного формирования. Причем, осуществлять поэтапную подготовку студентов необходимо в ходе всего периода обучения в вузе, в особенности на базе общенаучной и специальной подготовки. Это обеспечит целостность и продуктивность процесса обучения.

На занятиях творческого объединения студентам в полной мере приходилось развивать волевые качества, которые становились необходимыми для преодоления трудностей, возникавших при выполнении разного рода творческих заданий. Каждому предстояло проявить терпение, настойчивость для того, чтобы не подвести работающих с ним коллег в совместной деятельности.

Многоуровневое высшее образование создает ориентировочную основу приобретения

студентом опыта рефлексии и самоконтроля самообразовательной деятельности на основе деятельностно – компетентностного подхода. Специфика технологии педагогической поддержки формирования самообразовательной деятельности в многоуровневом высшем образовании состоит в создании педагогических условий для свободного целеполагания студента и выбора им адекватных целей самообразовательной деятельности содержания, методов, средств и форм ее достижения.

Эффективность процесса формирования у студентов интереса к самообразованию обеспечивается комплексом мер, направленных на развитие интеллектуальной, волевой и эмоциональной сфер личности и обуславливающих повышение качества образования студентов в высшей профессиональной школе, эффективным взаимодействием участников педагогического процесса, в котором преподаватель высшей школы выступает главным субъектом управления данного взаимодействия.

Исследование показало, что двухуровневая система образования (бакалавриат и магистратура) открывает перспективы нового качества профессионального и личностного развития обучающихся, раскрывает их индивидуальную природу и творческий потенциал.

У.Ж. Жумабекова, ҚазҰТЗУ доценты, ғ.п.к.

Н.Сман, 2 курс студенті, 5В070400 тобы, ҚазҰТЗУ

Жоғары білім беру жүйесіндегі студенттердің өзіндік білім беру қызметін қалыптастыру

Аңдатпа

Білім беру қоғамда өмір сүру үшін қажетті жүйелік білім мен дағдыларды, адамның әлеуметтік меңгеру процесі мен нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Үздіксіз білім беру бойынша өзін-өзі білім беру процесі мен төменнен жоғарыға сипат бере отырып, ұйымдастырушылық оқыту қадамдар мен кезеңдері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Өзіндік білім беру арнайы ұйымдастыруды жүйелендіру арқылы сипатталатын танымдық қызмет ретінде қарастырылады. Өзіндік білім беру тұлғамен басқарылатын өзіндік қызмет болып табылады.

U. Zh. Zhumabekova, docent KazNRTU, c.p.s.

N.Sman, the student of the 2 course at KazNRTU

Formation students' independent activity in the system of higher education

Summary

Formation is understood as process and result of mastering by the person of social experience, system of knowledge, the skills necessary for a life in a society.

In system of continuous formation, self-education plays a link role between steps and stages of organizational study, giving to educational process complete and ascending character.

Self-education is considered as informative activity which is characterized by purposefulness, by a system, has specially organized character. Self-education is characterized by amateur performance, copes the person.

Аннотация

Образование понимается как процесс и результат усвоения человеком социального опыта, системы знания, умений и навыков, необходимых для жизни в обществе.

В системе непрерывного образования, самообразование играет роль связующего звена

между ступенями и стадиями организационной учебы, придавая образовательному процессу целостный и восходящий характер.

Самообразование рассматривается как познавательная деятельность, которая характеризуется целенаправленностью, систематичностью, носит специально организованный характер. Самообразование характеризуется самостоятельностью, управляется самой личностью.

Ключевые слова:самостоятельная работа студента (далее – СРС), образовательный процесс (далее – ОП), кредитная система образования (далее – КСО).

Тірек сөздер: студенттің өзіндік жұмысы (әрі қарай – СӨЖ), Оқу барысы (әрі қарай – ОБ), кредиттік оқу жүйесі (әрі қарай – КОЖ).

Keywords:independent work of the student (further – IWS), educational process (further – EP), a credit education system (further – CES).

Список использованных источников:

1. Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы. М: Высшая школа, 1986. 126 с.
2. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития: В 2-х книгах; Казань: Изд-во КГУ, 1996.
3. Баранников А.В. Теория и практика самообразования учащихся. Дис...доктора педагогических наук, М., 2002.
4. Бондаревский В.Б. Воспитание интереса к знаниям и потребности к самообразованию . М.:Просвещение, 1985. 144с.
5. Громцева А.К. Самообразование – как социальная категория: Учебно – методическое пособие по спецкурсу. Л.: ЛГПИ, 1976. 55с.
6. Закиров Г.С. Самообразование учащихся. Казань, 1967. 23с.
7. Колбаско И.И. Учащимся о самообразовании. Минск: Нар. асвета, 1976. 64с.
8. Орлов Ю.М. Самопознание и самовоспитание характера. М.:Просвещение, 1987. 172с.
9. Шуклина Е.А. Самообразование как социологическая проблема: Дис... кандидат философских наук. Екатеринбург, 1995. 180с.

Н.Т. Бектаева,

*Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті
«Философия» кафедрасының магистранты, Шымкент қаласы*

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ «ПСИХОЛОГИЯ» ЕҢБЕГІНДЕГІ НЕГІЗГІ ИДЕЯЛАР

Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық мұралары телегей – теңіздей дүние. Бұл қазақ топырағында өте сирек кездесетін құбылыс, өйткені мыңдаған жылдар бойына рухани мұрасы жалғасып келе жатқан халыққа ғылыми психологияның найзағайдай жарқ ете қалуы заңды да болатын. Ата-бабаларымыз сонау есте жоқ ерте замандардан бастап бізге жан дүниесінің қыры мен сыры туралы мол мұра қалдырғаны белгілі. Олар арнайы психологиялық трактаттар

жазбаса да, ауыз әдебиеті арқылы халықтық психологияның кейбір сындарлы мәселелерінен келер ұрпаққа зор мұра қалдырған.

Олар ақын–жыраулардың толғауларында, мақал -мәтелдерде, лиро–эпостық жырларда, жұмбақтар мен айтыстарда, термелер мен шежірелерде ұшан–теңіз. Сондықтан осы ғасырдың алғашқы шиерігінде психологиядан арнайы ғылыми еңбектер жазып, оқу құралын шығарған Ж.Аймауытұлының кездейсоқ бейне емес екені өзінен-өзі айқын. Оның еңбегі бүкіл түркі халықтарында белгілі жүйемен, ғылыми астармен жарық көрген тұңғыш еңбегі «Психологиясының» тақырыбы да сан алуан [1].

Ж.Аймауытов қазақ халқының ана тілінде психология саласында да алғашқы төл туындысын дәріптеп көптеген еңбек етіп, артына көл мұра қалдырып кетті. Оның екі кітабы: «Психология» (376-бет, 1926 ж.), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (80-бет, 1926 ж.) осы ғылым саласынан жазылған тұңғыш төл туындылар. Ж.Аймауытов «Тәрбие жетекші» (1924), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930) дейтін еңбектерінде психологиялық мәселелерге ерекше мән берген.

Мәселен, оның «Тәрбиеге жетекшісінде» дидактика мен педагогикалық психологияның ғылыми астарлары, ұлт тіліндегі тәлім-тәрбиелік терминдер жүйесі сөз болады. Еңбек төрт бөлімнен, 29 параграфтан тұрады. Осы кітаптың «Дидактика» бөлімінде оның психологиялық негіздері (ынталы оқыту, үйрету әдістері, машықтану жолдары, оқытудағы көрнекілік, оқыту түсіндіру т.б. жиырмасыншы жылдардағы қазақ мектептерінің өмірінен алынған нақтылы мысалдармен терең талданады.

Еңбектің төртінші бөлімінде де педагогикалық психологияның кейбір мәселелері сөз болады. Олар: ұстаз бен шәкірт ынтымақтастығының басты белгілері, қазақ мектебінің өзіндік ерекшеліктері, мұндағы еңбек тәрбиесі білім беру ісі. Кезіндегі осы еңбек жөнінде жұртшылық жылы лебіз білдірген еді: Жүсіпбектің «Тәрбиеге жетекші кітабы-жыл құсы». Бұл кітаптың тілі өте жеңіл әрі жаңа сарынмен жазылған. Бұл кітап әр оқытушы столының үстінде жатуы керек және мектептің кітапханасында болуы керек («Еңбекші қазақ», 1925, № 410). Кітапқа берілген осы баға күні бүгінге дейін өзінің құнын жоғалтқан жоқ.

Ж. Аймауытовтың психологиялық мұрасы туралы айтқанда, оның "Психология" атты төл оқу құралын толығырақ сөз етуді қажет етеді. Өйткені бұл психология саласында төл тілімізде жазылған ғылыми мәнін күні бүгінге дейін жоймай жалғасып келе жатқан құнды дүние екендігі даусыз.

«Психология»-деп жазды автор осы кітаптың «Бет ашарында»-терең ой, терең білім, терең пәлсапа соған тән пән.. өзге білімдер затшылдыққа (материализм — Қ. Ж.) табанын тіресе де, психология әлі тіреп, аяғын нық басқан жоқ. Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады... Себептері, сырлары айқындалады, бұлардан хабардар болу, ақыл-ойына ерік беру кімге де болса керекті. Бұл кітапты алдымен бала оқытушыларға ұсынамыз. Қала берсе, кімде-кім әлеуметпен, қоғаммен қатынасып, қызмет ететін болса, соның бәріне де психология пайдалы кітап деп ойлаймыз. Хат танитын жай қазақ та арындамай оқи алса, недәуір білім алар деп сенеміз. Қиын жерлерін шалғайнан ұқпаса оңай жерлерін оқып көрер, сөйте-сөйте біріне тіс батар». Оқырманына осылайша ой сала келіп, Жүсіпбек «Психология нені сөйлейді?» дейтін бірінші тарауда осы ғылымның екі жарым мың жылдық тарихынан біраз мағлұмат береді. Бұл жерде рационалистік (ақыл-ой), эксперименттік (тәжірибе) психологияның жай-жапсарын баяндайтын беттері өте тартымды [2].

Кітаптың екінші тарауында адамның жан-дүниесін, мінез-құлқын зерттеуді қайтып ұйымдастыруға болатындығын айта келіп, (бақылау, анкета, әңгімелесу, тәжірибе әдістерінің мән-жайын) тәптіштеп түсіріледі. (Адамзат дүниесінің заңдылықтарын зерттейтін математиканы, оның вариациялық статистика дейтін саласын қалайша пайдалануға болатындығын қазақ топырағында алғаш рет сөз етеді.

Кітаптың үшінші тарауында тірі заттардың қылығын жалпы мінездеу (қазіргі кезеңде «Психика және сана») деп аталады. Мұнда психофизикалық және психофизиологиялық құбылыстар атап айтқанда, организмнің тітіркенушілік пен сезгіштік қасиеттерінің

ерекшеліктері, жануар мен адамның дағды, инстинктері (соқыр сезімдері) бұлардың бір-бірінен айырмашылықтары, өсімдіктер дүниесіндегі тіршілік белгісі (тропизмдер) ғылыми талдауға алынады.

Осы тарауда академик И.П.Павловтың шартты рефлексдер туралы ілімінің негізгі қағидалары сөз болады; осылайша адам санасының даму жолын тарихи-қоғамдық тұрғыдан дұрыс көрсете келе, қоғамдық (әлеуметтік) психологияның негізгі мәселелерінің бірі (топ, жұртшылық, қоғам, парасат, әдет т. б.) мәнін қазіргі психологиялық түсініктердің төңірегінде тәптіштейді.

«Денедегі кейбір мүшелер, олардың қызметтері» деп аталатын төртінші тарауында жан қуаттарының анатомиялық-физиологиялық механизмдері, яғни жүйке саласы мен оның атқаратын қызметі, қозу, тежелу, жүйке процестері, ми бөліктері, олардың қызметі, негізгі, сезім мүшелерінің (көз, құлақ, иіс, дәм, тері т.б.) анатомиялық құрылысы жөнінде мағлұматтар беріледі. Мәселен, адам тәнінің шамшырағы көздің психофизиологиялық механизмдері өте тартымды, шебер тілмен, дәйекті баяндалған.

Бесінші тарауда эмоция мен сезім, бет пен денедегі түрлі мәнерлі құбылыстардың (келбет, көз әлпеті, ым-ишарасы т. б.) қазақ өмірінен алынған қызғылықты да нақтылы деректер арқылы түсіндіріледі.

Адамда жиі ұшырайтын сезім, көңіл күйлері (махаббат, таңсыққойлық, қорқыныш, тентектік, бәсеке т.б.) және бұларды қалыптастыру жолдары сөз болады. Түйсік пен қабылдау, перне іліктестігі ассоциация мен апперцепций, ынта мен ілтипат, ес пен елес, қиял мен шығармашылық мәселелері алтыншы, сегізінші тараулардың басты тақырыптары. Бұларда классикалық психологиялық негізгі қисындары түйсік - Бебер-Фехнер тұжырымдаған физикалық заңы, Г.Гельмгольдің резонанс (жаңғырық) теориясы. Беркли қисыны т.б. төл тіліміздің өзіндік нақышымен жақсы түсіндіріледі.

Ал психологияның басты проблемаларының ішіндегі маңыздысы ойлау мен сөйлеу, ұғым мен сөз, елестеу мен ұғым, ойлау формалары (ұғым, пікір, ой қорытындылары) сияқты күрделі ғылыми категориялардың мән-мәнісін логика, психология ғылымдары тұрғысынан өз дәрежесінде талдау тапқан. Тоғызыншы тарауда ерік-жігер, қажыр-қайрат бұларды тәрбиелеу жайлы әңгіме болса, оныншы тарауда-ұйқы, түс көру, көз, байлау (гипноз) парапсихологиялық құбылыстар жайлы айтылады.

Он бірінші, он екінші тарауларда әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүр, түрлі оң, теріс қылықтардың табиғаты, адам психологиясын әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан қалыптастыруы, сондай-ақ мәдениет пен өнердің ішіндегі пәлсапаның, географиялық ортаның (қазіргі терминде экологиялық) және тіл мен ауыз әдебиетінің адамның жан дүниесіне қалайша әсер ететіндігін нақты, әрі тартымды мысалдар арқылы түсіндіреді.

"Психология" оқу құралында сурет, таблица, схема т.б. түрлі безендірулерге ерекше мән берілген. Бұл айтылғандардың бәр-бәрі оқу кітаптарының ажарын кіргізетін, олардың дидактикалық пәрменділігін арттыратын мәнді өлшемдер. Мұнда классикалық психологиядан түпкілікті орын тепкен, күні бүгінге дейін қолдану мәнін жоймаған түрлі аспап - құралдардың (спиморграфия эстезиометр, кимограф, пиевмограф, камертон т. б.) сондай-ақ көптеген схема, таблицалардың суреттері (жүйке саласының бөліктері, ми жарты шарларының құрылысы, есту, сипап - сезу мүшелері — көз - құлақ, тері, жүйке талшықтары т. б.) орын тепкен.

Жан дүниесінің қыры мен сырын, оның заңдылықтарын қарастыратын психология ғылымында термин жағы баршылық, Ж. Аймауытов бұлардың төл тіліміздегі бағдарламаларын бере келіп, ассоциация, апперцепция, тропизм, рефлекс, инстинкт, интеллект т.б. іспеттес ұғымдарға да ғылыми талдау жасайды.

Мәселен «Психология» кітабының 6-тарауында «Апперцепция» дейтін параграфты баяндауда бұл ұғымды айналадағы заттар мен құбылыстарды дұрыс қабылдау кісінің өткен тәжірибесіне, жан дүниесінің мазмұнына тәуелді болып отыратындырымен байланыстыра келіп, автор алғаш оқығанда байқалмаған нәрсе, тез көзге түседі, мұндайда адам өзі тілеген, қажетсінген объектілерді ғана қабылдайтындығын, ал апперцепция адамның

қабылдауына белсенділік сипат беретіндігін, дүниені жемісті, нәтижелі танып білуінде жәрдемдесетіндігін айтады.

Ұлттық ғылыми психологиялық терминдердің белгілі жүйеге түсуі де Аймауытов есімімен байланысты. Ол қай кезде де термин сөздерге ауыр жүк жүктелетіндігін, өйткені жекелеген ғылымның өзіндік ерекшелігі, сыр-сипаты солардың деңгейімен өлшейтіндігін ескертеді. Ғылыми ұғымдардың төл тілімізде дұрыс түйінделуі аса мұқияттылықты қажет етеді, сондықтан да біз әрбір терминнің тұрақты орын алуына, біртіндеп сомдала, ширай түсуіне қамқор болғанымыз абзал дегенді айтады.

Ж.Аймауытовтың психологиялық қисындарының негізгі желісі оның өзі тұжырымдаған мына төмендей қисындарға келіп сайиды: «тән қуаты болса, сан қуаты да , ажарлы болады», «нашар жаннан осал мінездер тудырады" Жалынды сөз жалынды жүректен шығады», баланы іспен емес сөзбен, үлгімен, ақылмен үйреткен адам зорлы. Адамның денесі қандай мысқалдап өсіп, жетілетін болса, пікірі де сондай, бірте-бірте жетіліп өркендемек... Ерлік, қайрат үнемі ірі жұмыста көріне бермей, күндегі ұсак - түйек жұмыста да көрінуі керек... т. б.

Ж.Аймауытов еңбектерінің ерекше назар аударатын басты ерекшелігі —бұлар төл тілімізде туындаған тұңғыш психологиялық дүние болуымен қатар еліміздегі отызға жуық түркі тектес халықтар тілдерінде алғаш жарық көрген, ғылыми туындылар екендігінде. Өйткені қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, түрік пен қырғыз, қарақалпақ, башқұрт тілдерінде осындай еңбектердің жарық көрмегенін ескерсек, осы басылымдардың бағасы өлшеусіз арта түседі. Әрине, осындай өресі биік ғылыми түйіндері мол төл туындылардың сол кездегі өркениетті елдердің психология ғылымының талап - тілек деңгейіне жақын жазылғаны белгілі [5].

Аймауытұлы Жүсіпбектің «Психология» аталатын құнды туындысы өз оқырманымен қайта табысып, қазақтың жан туралы ұғымына өз ана тілінде зор үлес қосқан еңбектің бірі.

Тәлім–тәрбиелік сипаты басым әлеуметтік (қоғамдық) психология туралы Ж.Аймауытұлы жасаған тұжырымдар сүбелі де сындарлы. Ғалымның пікірінше, жеке адамның тәрбиесі- әлеумет қылығының айнасы. Заман озған сайын әлеумет те өзгеріп отырады, содан адамның қылығы да өзгереді. Міне, осынау тұжырым Блонский мен Аймауытұлының бұл мәселеде бір арнадан тоғысқанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қалиев С. Жүсіпбек Аймауытұлының педагогикалық көзқарастары. Қазақ тәлім-тәрби антологиясы.
2. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. Алматы: «Білім», 2000 – 76 бет.
3. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлы–қазақтың ғылыми психологиясының іргетасын қалаушы. Мектептегі психология. № 6. 11-12. 2008.
4. Жұмаділов Қ. Қалың елі, қазағым.-Алматы, 2000-367-бет
5. Жоғары оқу орындарында өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі. Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. –Алматы: «Бөбек» 2007.

Резюме. В данной статье рассматриваются основные идеи Жусипбека Аймауытова в его работе «Психология».

Summary. This article reviews basic ideas of Jusipbek Aimauytov in his work «Psychology».

Г.Б. Анапияева

КазННТУ имени К.И.Сатпаева

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ

Еліміз егемендікке қол жеткізгелі жиырма жылдан астам уақыттың жүзі болды. Осы жылдар аралығында мемлекетіміздің барлық салаларында терең, әрі түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел болып еңсесін тіктей бастады. Халықаралық деңгейде әлемнің алпауыт мемлекеттерімен бәсекелес бола алатын қабілеттілігін көрсетті. Әсіресе, тарих қойнауында жатқан рухани мұрамыз қайта жаңғырып, өзінің лайықты орнын тапты. Десек те, бүгінгі қоғамда алаңдататарлық келеңсіз мәселелер де жоқ емес. Солардың бірі – мемлекетіміздің діни ахуалы.

Қазақстан әлеуметін сан-саққа салған діни келеңсіздіктердің пайда болу себептері қандай? Дін атын жамылып жүрген теріс бағыттағы топтардың көздеген түпкі мақсаттары не? Мақаламызда осы сұрақтарға жауап беруге тырысамыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бар ой-санамыз бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық, нарықтық мәселелерге бағыттталып, рухани құндылықтарды жаңғыртуға деген ынта-талпынысымыз аз да болсын кешеуілдеді. Соның салдарынан қоғамда рухани бос кеңістік орын алғаны рас. Осы тұста жат елдерден келген әр түрлі діни экстремистік идеялы топтар өздерінің саясаттарын ұтымды пайдаланып, сол рухани бос кеңістікті өздерінше толтыруға тырысып бастады. Сондай-ақ, еліміздің «Діни-сенім бостандығы туралы» Заңының мүмкіндіктеріне иек артқан шетелдік миссионерлер ел ішіне өз идеологияларының тамырын тереңнен жайып, мейлінше үгіт-насихат жасап үлгерді. Діни экстремизм – ел ішінде алауыздық тудыруды, жеккөрушілік пен дінді саясаттандыруды көздеп, сол арқылы қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Экстремизм Қазақстанда кең ауқымда пайда бола қоймағанымен, конфессионалдық тұрақсыздықтың бізде де бой көтеруінің белгілі бір қаупі бар. Әрине, егер осы қауіпті өз уақытында сезініп, алдын алмасақ...», - деген болатын. Осы орайда, з.ғ.д., профессор Н.М.Әбдіров те: «Экстремизмге қарсылықты іске асыруда кешенді және жүйелі жол қажет. Сонда реттеуші ғана емес, тыйым салушы да шаралар қарастырылатын еді», - дейді.

Десек те, бұл бағытта атқарылған жұмыстар да жоқ емес. Оған дәлел, бүгінде дінтану, саясаттану және теология саласында білікті мамандар еңбек етіп, діни ұйымдардың іс-әрекеттерін қатаң бақылауға алып, олардың таралу шеңберін шектеуге біршама күш жұмсауда.

Жалпы, дін дегеніміз не, экстремизм деп нені түсінеміз? Осыған қысқаша тоқтала кетсек:

«Дін» – Жаратушы тарапынан Пайғамбарлары арқылы жеткізілген, өзіндік тарихи жолдарымен қалыптасқан, өз жүйесімен әлемдік ортаға, қоғамға, мемлекетке қауіп төндірмейтін негіздер жиынтығы.

Ал *Экстремизм* болса, тілдік мағынасында «шеттеу» (фр.Extremisme, лат.Extremus), яғни «орталықтан ауытқу», «белгіленген жерден шығып кету» дегенді білдіреді. Терминдік тұрғыда: «тәртіпті мойындамайтын», «өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы» дегенге саяды.

Экстремизм, көбіне, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген пікірінен туындайды. «Тек менің ғана пікірім дұрыс болуы керек» деген секілді. Әйтсек те, бұл экстремизмнің бастапқы кезеңдерінің ғана көрінісі болып саналады

XXI ғасырдың соңғы жылдарында діни жағдайлармен байланысқан экстремизм қанатын кеңге жайды. Алайда, экстремизмнің пайда болу сахнасы – саяси орта болғандықтан, шын мәнінде, ол діни экстремизм болып саналмайды. Ал, экстремизмнің белгілері қандай? Әуелі соны ажырата білгеніміз абзал.

Экстремизмнің белгілері:

Экстремизмнің бірінші белгісі – адамның надандыққа, көрсоқырлыққа негізделген өз көзқарасы, пікірінің орындалуын табанды түрде талап етуі. Мұндай адамдар басқа көпшіліктің қажеттіліктері мен ақиқи жағдайын түсінбейді немесе түсінгісі келмейді. Олар, жөн білетін, дұрыс бағыт көрсете алатын адамдардың ешқайсысын мойындамайды. Өз-өзіне сын көзбен

қарау деген түсінік – олар үшін жат пайым. Олардың түсінігінше, тек өздерінің ғана сенімдері тура, өзгелердің барлығы – адасушы. Сондықтан да, олар өздерінен өзгелердің бәрін әділетсіз, әрі қатігез деп айыптауды міндет санайды, ал өздерін кіршіксіз, күнәсіз Пайғамбардай көреді. Мұның соңы шариғатқа, заңға қайшы келетін әрекеттерге, әртүрлі қақтығыстарға алып баратын жалған пікірлердің қоғамда етек жаюына, мәжбүрлеу арқылы өздерінің пікірлерін тықпалауға жетелейді.

Экстремистердің екінші белгісі – ешбір қажеттілігі болмаса да, кез келген істе шектен шығып кетуге бейім тұруы. Басқаларды да соған итермелеуі. Нәтижесінде, мұндай жағдайлар адамдар арасындағы қалыпты қарым-қатынас бұзылып, қоғамдағы үйлесімді тіршілік арнасынан ауытқып, әлеуметтік толқулардың тууына себеп болады.

Сөз соңында айтарым, қазақ халқы бірлік пен ынтымақтың маңыздылығын жете түсінген. Олай болса, бабаларымыздың «Алтау ала болса – ауыздағы кетер, төртеу түгел болса – төбедегі келер», - деген ұлағатты сөздерін алға тарта отырып, дінаралық татулық пен ауызбіршілікте өмір сүру үшін ұлттың салт-санасымен біте қайнасқан дәстүрлі Ислам дінін дұрыс насихаттап, құлшылық пен ғибадат мәселесінде Ханафи мәзһабын, ал сенімде – Матуриди, яғни «сүннет жұрты және жамағаты» мектебін бекем ұстанайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1) Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
- 2) Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010 ISBN 9965-26-322-1
- 3) Е.Оңғаров. «Болмысы бұлыңғыр, мазмұны маргиналды діни ағымдар».
- 4) ҚР мәдениет және спорт министрлігі дін істері комитетінің ресми сайты. «Соттың шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған шетелдік ұйымдардың тізімі».

Резюме. На сегодняшний день казахстан боритсья с религиозным экстримизмом. Религия это духовный мир в обществе, но исходя из этого в нынешнем мире и том числе в казахстане не до понимают мир религий и на этом проявляются разные религиозные неравенсво в общесве.

Summary. Now the processses occurring in the religious sphere of the country, have become the object of attention of an increasing number of Kazakhstanis.

А. Нуртазаева

ҚазҰТЗУ-аға оқытушысы

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ ЕЛІМІЗДЕ КӘСІБИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ДАЯРЛАНУ ТАРИХЫ

Соғыстан кейінгі жылдары елімізде кәсіби педагог мамандарға деген тапшылық байқалды. Осы өзекті мәселелені шешу үшін үкімет тарапынан көптеген жұмыстар атқарылды. Кеңес үкіметінің алдында тұрған негізгі өзекті мәселелердің бірі халыққа білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту еді. Алғашқы кезде жоғары білімді педагог мамандарды даярлау негізінен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтымен, Орал педагогикалық институтында жүргізілді. Елімізде халық санының өсуі және сауатсыздықты жою мақсатында халыққа білім беретін мектептердің көптеп ашылуы кәсіби педагогтарға деген сұранысты көбейтті. Жоғары оқу орындарында даярланып жатқан мамандар саны аз болып, сұранысты толығымен қанағаттандыра алмады. Сұраныс бар жерде ұсыныста болуы шарт. Сондықтанда үкімет тарапынан қолдан келетін барлық жұмыстар жүргізу ісі қолға алынды. Елімізде мұғалімдерді тез қарқынмен даярлауда әр облыс орталықтарынан педагогикалық институттар жанынан немесе өзі дербес мұғалімдер институты жұмыс істей бастады. Мұғалімдер институтын құрудағы басты мақсат тез арада екі жылдың көлемінде

жоғары білімді педагогтар даярлап шығару еді. Алғашқы жылдары жаңадан ашылған мұғалімдер даярлайтын институттардың жұмысында біраз кемшіліктер болды. Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саяси идеологиясына байланысты педагог тарихшыларды тез қарқынмен даярлау жұмыстары жүргізілді. Біздің көзқарасымыз бойынша тарихшы мамандарды даярлауда олардың сапасына емес санына көп көңіл бөлінді. Алғашқы кездері оқу процессі орыс тілінде жүргізілді. Сондай-ақ материалдық техникалық базаның қолайсыздығы, оқу корпусы мен жатақхананың жетіспеушілігі, кітапханадағы кітап қорының аздығы студенттердің оқу процессіне көп қиындықтар туғызды. Ұлы Отан соғысы кезінде институттардың біразы соғыс жағдайына байланысты уақытша жабылып және бір бірімен қосылып жұмыс істеді. 1942 жылдың көктемінде Орал педагогикалық институтының жалпы тарих кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Қазақ халқының тарихы» (1) атты дөңгелек үстел болып өтті. Бұнда негізінен қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тұрмыс тіршілігі жайлы өзекті проблемалық сұрақтар қаралды. Шақырылған қонақтардың ішінде соғыс жағдайымен Ресейдің орталық қалаларынан эвакуацияланған атақты ғалым профессор М.П. Вяткин Алматы қаласынан арнайы келіп өз ойын ортаға салып біраз қызықты тарихи мәліметтер берді. Осы оқу жылында Оралдағы педагогикалық институттың тарих факультетінде арнайы дәріс және семинар курстарын сабақтарын профессор М.П.Вяткин, Г.А.Кокиев, А.Козловский оқыды (2). Сондай ақ соғыс жылдарында Қызылорда педагогикалық институтының тарихшы студенттеріне тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Семенов-Зусер, А. Введенский арнайы кеңестік тарихнама курсынан дәріс оқыды (3). Бұнда болса студенттердің тарих пәніне деген қызығушылығын арттырмаса кеміте түскен жоқ. Ал Ұлы Отан соғысындағы жеңістен кейінгі жылдары халықтың әл ауқатының төмендігі, халық шаруашылығындағы ауыр жағдайға қарамастан уақытша жабылып қалған мұғалімдер және педагогикалық институттары қайта ашылып, онда болашақ тарихшы педагогтар даярланып жатты.

Біз қарастырып отырған жылдары тарих факультеттерінде ғылыми педагогикалық кадрларда қалыптастыруда бірқатар қиыншылықтар туындады. Облыстық педагогикалық институттарда ғылыми атағы мен дәрежесі бар оқытушылар мейлінше аз болды. Болашақ тарихшылар ғылым докторлары мен профессорларды айтпағанның өзінде ғылым кандидаттары мен доценттердің де сабақтарына қатыса алмады. Өйткені ғылыми атақ дәрежелері бар оқытушылар саны баяу өсті. Тарихшы студенттер профессордың дәрісін тыңдамай-ақ дипломдарын қолдарына ұстап үлкен өмірге аттанып жатты. Социализмнің тұсында бұл кемшіліктерге қарамастан жоғары оқу орындарының іс әрекетінің қалыптасуы мен дамуы барысында болашаққа сабақ болар тәжірибе жинақталды. Көзі ашық, білімді, саналы, көкірегі ояу азамат қай жерден білім алсада, өмірде өз орнын табуға ұмтылары анық. Мысал келтіре кетер болсақ, болашақ тарих ғылымының докторлары мен профессорлары осы облыс орталықтарындағы педагогикалық институттардың тарих факультеттерін бітіргендер. Тарих факультеттерінде оқу процессі сапалы түрде жүріп жатты деп айтуға болады. Сондай - ақ педагогикалық институттардың оқу тәрбие жұмысын әрдайым Жоғары білім беру министрлігі қатаң қадағалап отырды. Сондықтан да әр жыл сайын олардың оқу тәрбие жұмыстарын тексеру мақсатында орталықтан жұмыс комиссиясы құрылып, факультеттердің жұмыстарын тексеріп отырды. Үкіметтің қаулысымен педагогикалық оқу орындарында сырттай оқу бөліміне студенттерді емтихансыз қабылдау әдісі қолданылды. Осы арқылы жоғары оқу орындарына көбірек жастарды соның ішінде қазақ жастарын тарту еді. Сырттай бөлімде оқып жүре отырып студент институт қабырғасынан алған білімдерін тәжірибемен байланыстырды. Оларды көбі дерлік орта мектептерде және бала бақшаларда мұғалім, тәрбиеші, пионер вожатый және әдіскер болып қызмет істеді. Яғни өндірістен қол үзбей жоғары білім алды. Тарихшы педагогтарды республикадағы барлық педагогикалық және мұғалімдер институттарының сырттай бөлімдері дайындады. Студенттердің оқу процессі жылына екі рет қыста және көктем айларында болды. Тарихшы студенттер қыста он бес жиырма күн аралығында оқуға келіп дәріс тыңдап, емтихан, курстық жұмыс, рефераттар тапсырып келесі сессияға тапсырма алып кетіп отырды. Сырттай оқу жүйесінің кеңеюі

нәтижесінде өндірістен қол үзбей оқытындар қатары көбейе түсті. Болашақ тарихшы педагогтарды бөлу оларды маман кадрларға зәру жерлерге жіберу, тұрақтандыру мәселесін факультет басшылары үнемі бақылауда ұстап, жоғары жаққа есеп беріп отырды. Сырттай оқу бөліміндегі тарихшы студенттердің білім деңгейі жоғары бола қоймады, жылына екі рет қысқы және жазғы сессияға келіп олар кемінде курс бағдарламасына байланысты сегіз, он пәннен емтихан тапсырды. Оларға емтихан алдында он сағат көлемінде дәріс оқылып қосымша материалдар берілетін болды. Алған білімдерімен қоса олар қосымша кітапханаларда өз беттерінше ізденіп емтиханға дайындалатын болды. Бұл дегеніңіз әрбір студенттен күш қуатты талап етті. 1955-1956 оқу жылында үкіметтің шешімімен республикамыздағы мұғалімдер институттары жабылып, олар педагогикалық институттардың құрамына кіргізілді (4). Енді болашақ тарихшы педагогтар білімдерін екі жыл көлемінде емес төрт жыл бойы оқып алатын болды. Оқу бағдарламасына орай әр курстың пәндерін қысқартып емес толық көлемінде өтетін болды. Тарихшы студенттер жоғары және орта білім беретін министрлік бекіткен оқу жүктемесіне байланысты төмендегі пәндерді оқыды. Бірақ та оқу бағдарламасының жыл сайын өзгеріске ұшырап отырылуы ешкімді де таң қалдырмасы анық. Жалпы білім беру мемлекеттік стандарты бойынша тарихшы студенттерге дәріс, арнаулы курс, семинар сабақтары арқылы жүйелі, саналы білім берілді. Студенттерге берілетін негізгі және қосалқы пәндер кестесіне тоқтала кетер болсақ ұзын саны тарихшы студент он бес жиырма бес пән оқитын болды. Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасыр тарихы, Жаңа заман тарихы, КСРО халықтарының тарихы, КПСС тарихы, Әлемдік әдебиет, орыс тілі, қазақ тілі, орыс әдебиеті, тарихты оқыту әдістемесі, философия, экономикалық география, дене тәрбиесі, шет тілі, мемлекет және құқық теориясы, марксизм ленинизм негіздері, батыс және шығыс елдерінің тарихы, педагогика және психология, диалектика және тарихи материализм (5). Сондай ақ болашақ тарихшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу мақсатында «Ғылыми коммунизм» негіздері атты жаңа пән енгізілді. Әрбір курста арнайы дәріс және семинар сабақтары жүргізілді (6). Бекітілген оқу бағдарламасы бірнеше мәрте өзгеріске ұшырап отырылуы, білім министрлігіндегі басшылардың құзырында болды. Қазақ бөлімінде оқитын студенттерге оқу процессі көптеген қиындықтар туғызды. Себебі оқулықтармен, оқу құралдары, монографиялар орыс тілінде болды. Студенттер тақырыпқа байланысты материалдарды іздегенде оларды орыс тілінен қазақ тіліне аударып әуреге түсіп жатты. Орыс бөлімінде оқитын студенттер үшін де педагогикалық институттардың кітапханаларында, оқу залдарындағы кітап қорының аздығы сезіліп, қиыншылықтар туғызды. Орталықтан облыстық педагогикалық институттарының кітапханасына жаңадан шыққан әдебиеттердің бір екі данасы жіберіліп отырылды. Бірақ та бұл кемшіліктер министрліктің қатаң бақылауда болды. Факультет басшыларының алдында тұрған негізгі мәселе қарапайым түсінікті тілде жазылған оқулықтар дайындау қажеттілігін нақты қолға алу жұмысы тұрды. Кітапханада кітап қорын көбейту ісі жылма жыл іске асырылып отырылды. Осындай қиындықтарға қарамастан тарихшы студенттер өздерінің алған білімдерімен И.Сталин, В.Ленин, С.Киров және М.Габдуллин атындағы стипендиялардың иегері атанып жатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 1982- қор, 1 тізбе, 272 іс, 58 бет
2. 1982-қор, 1 тізбе, 728 іс, 15 бет
3. 1982-қор, 1 тізбе, іс 728, 28 бет
4. 1692-қор, 1 тізбе, іс 287, бет 51
5. 1142-қор, 1 тізбе, 52 іс, 10-11 бет
6. Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане Алма-Ата 1972, бет 75

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы подготовки педагогических кадров в послевоенные годы в высших учебных заведениях.

Annotation. In this article examined questions of training of pedagogical personnels in post-war years in higher educational establishments.

У. Жумабекова,
кандидат педагогических наук, доцент, КазНТУ им. К.И. Сатпаева
С. Нурсултан,
студент 2 курса, гр. 5В070400 КазНТУ имени К.И. Сатпаева

ФОРМИРОВАНИЕ САМООБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Образование становится главным фактором развития личности и общества в интенсивно обновляющемся мире. В связи с этим динамика современных социальных процессов требует от человека умение самостоятельно организовывать себя: сознательно воспитывать самодисциплину, ответственность, побуждать себя к саморазвитию, к овладению культурой и знаниями, выработанными человечеством для того, чтобы сформировать собственное, ясное понимание деятельности. При этом формирование самообразовательной деятельности студентов выступает в качестве приоритетной миссии находящегося на стадии становления многоуровневого высшего образования в Казахстане.

Усиление внимания к проблеме педагогических особенностей саморазвития личности под названным углом зрения имеет на сегодняшний день принципиальное значение.

Самообразование как проблема актуализируется не только в связи с потребностью индивида в реализации себя как личности в обществе, не только в связи с развитием педагогической мысли, но и в связи с вызовами XXI века.

На основе анализа личностного саморазвития с психологической точки зрения определена значимость его проявления в деятельности, выявлены механизмы саморазвития-самосознание, самооценка и раскрыт индивидуальный внутренний потенциал личности в ходе самообразования.

Умение самообразовательной деятельности студент приобретает сам, найдя и апробировав различные модели поведения в конкретной предметной области, отобрав из них те, которые в наибольшей степени соответствуют его индивидуальному стилю, притязаниям, эстетическому вкусу и нравственным ценностям.

Самоорганизация - деятельность и способность личности, связанные с умением организовывать себя, которые проявляются в целеустремленности, активности, обоснованности мотивации, планировании своей деятельности, самостоятельности, быстроте принятия решений и ответственности за них, критичности оценки результатов своих действий, чувстве долга.

На основании вышесказанного, выделяются сущностные характеристики системы – ее целостность и динамичность. Таким образом, система – это целостная организованное образование, несводимое к сумме элементов и находящееся в процессе непрерывного развития.

Непрерывность образования есть его необходимая черта, обеспечивающая социальную мобильность, устойчивость развития и социальную инициативу в условиях становления информационного общества. Образование понимается как процесс и результат усвоения человеком социального опыта, системы знания, умений и навыков, необходимых для жизни в обществе.

Образованность населения, масштабы и традиции системы образования в Казахстане обеспечивают ее конкурентоспособность на современном этапе развития страны. Проблема формирования профессионального саморазвития тесно связана с вопросом о ресурсах психического развития. Психической сущностью профессионального саморазвития личности является его самосознание. Чем выше у человека способность подавлять в себе естественные

интенции, тем выше уровень развития его личности.

В широком философском смысле, саморазвитие – это всякое развитие, движущими силами которого выступают внутренние противоречия.

В системе непрерывного образования, самообразование играет роль связующего звена между ступенями и стадиями организационной учебы, придавая образовательному процессу целостный и восходящий характер.

Для достижения этих целей сформирован комплекс мероприятий по совершенствованию содержания и технологии образования, структуры образовательной системы, организационно – финансовых механизмов и законодательной базы сферы образования, а также по укреплению связей между образованием, наукой, производством, и рынком труда.

На наш взгляд, самостоятельная работа студента должна занимать одно из ведущих мест в учебной деятельности студентов, поскольку самым непосредственным образом способствует их подготовке к организации процесса собственного развития.

Широкий простор для самореализации личности в сфере социальной активности открывает многообразие ее видов, выделяемых в зависимости от предметного содержания той деятельности, в которой она проявляется. Социальная активность, прежде всего, определяет способ, каким люди утверждают себя в системе общественных отношений.

Участвуя в разнообразных внеаудиторных мероприятиях, студент, объективно оценивает важность планирования самообразования как источника дополнительных знаний и умений, обеспечивающих его интеллектуальное развитие, а также развитие ориентации и выбора в социальном и профессиональном пространстве.

Образованность и интеллект все больше относятся к разряду национальных богатств, а физическое и духовное здоровье человека, уровень его личностного развития, широта и гибкость профессиональной подготовки, стремление к творчеству, компетентность в решении нестандартных задач превращаются в важнейший фактор прогресса республики.

Таким образом, готовность к самообразованию, при которой студенты выступают субъектами организации процесса собственного прогресса можно формировать, используя потенциал способствующим саморазвитию личности студентов, обладает кредитная система образования.

Студент с помощью преподавателя, ученого обретает навык планирования самообразования как компонента собственной жизнедеятельности, что стимулирует у студентов интерес к данному процессу в целом, а также содержанию и технологиям самообразования.

На практике, оказывается более важным, определить ту сферу деятельности, те профессиональные функции, где педагог реализует о максимально эффективно свои личностные резервы, где он может проявить максимальную активность.

Сегодня ценятся такие качества, как творческий подход, прогностичность, находчивость, готовность работать в команде, способность адаптироваться к переменам.

Направленность личности студента и их отношение к себе является ведущим критерием готовности к саморазвитию, поскольку включает потребности, мотивы(интересы, стремления, убеждения),ценностные ориентации и отношение к себе,- важные показатели потребности – мотивационной и ценностной сферы личности.

Включенный в продуктивную, социально и личностно значимую работу, студент совершенствует свои качества, приобретает свои знания и навыки организации и осуществления самообразовательной деятельности.Стимулирование положительной мотивации творческой деятельности студента, активное участие в планировании и разработке программ является одним из основных направлений методической работы высшей школы.

Самообразование рассматривается как познавательная деятельность, которая характеризуется целенаправленностью, систематичностью, носит специально организованный характер. Самообразование характеризуется самостоятельностью, управляется самой личностью.

Для формирования готовности студентов к саморазвитию необходима специальная целенаправленно организованная деятельность, которая реализовывалась в процессе использования разработанной методики поэтапного формирования. Причем, осуществлять поэтапную подготовку студентов необходимо в ходе всего периода обучения в вузе, в особенности на базе общенаучной и специальной подготовки. Это обеспечит целостность и продуктивность процесса обучения.

На занятиях творческого объединения студентам в полной мере приходилось развивать волевые качества, которые становились необходимыми для преодоления трудностей, возникавших при выполнении разного рода творческих заданий. Каждому предстояло проявить терпение, настойчивость для того, чтобы не подвести работающих с ним коллег в совместной деятельности.

Многоуровневое высшее образование создает ориентировочную основу приобретения студентом опыта рефлексии и самоконтроля самообразовательной деятельности на основе деятельностно – компетентностного подхода. Специфика технологии педагогической поддержки формирования самообразовательной деятельности в многоуровневом высшем образовании состоит в создании педагогических условий для свободного целеполагания студента и выбора им адекватных целей самообразовательной деятельности содержания, методов, средств и форм ее достижения.

Эффективность процесса формирования у студентов интереса к самообразованию обеспечивается комплексом мер, направленных на развитие интеллектуальной, волевой и эмоциональной сфер личности и обуславливающих повышение качества образования студентов в высшей профессиональной школе, эффективным взаимодействием участников педагогического процесса, в котором преподаватель высшей школы выступает главным субъектом управления данного взаимодействия.

Исследование показало, что двухуровневая система образования (бакалавриат и магистратура) открывает перспективы нового качества профессионального и личностного развития обучающихся, раскрывает их индивидуальную природу и творческий потенциал.

ЛИТЕРАТУРА

1. Айзенберг А.Я. Самообразование: история, теория и современные проблемы. М: Высшая школа, 1986. 126 с.
2. Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития: В 2-х книгах; Казань: Изд-во КГУ, 1996.
3. Баранников А.В. Теория и практика самообразования учащихся. Дис...доктора педагогических наук, М., 2002.
4. Бондаревский В.Б. Воспитание интереса к знаниям и потребности к самообразованию. М.: Просвещение, 1985. 144с.
5. Громцева А.К. Самообразование – как социальная категория: Учебно – методическое пособие по спецкурсу. Л.: ЛГПИ, 1976. 55с.
6. Закиров Г.С. Самообразование учащихся. Казань, 1967. 23с.
7. Колбаско И.И. Учащимся о самообразовании. Минск: Нар. асвета, 1976. 64с.
8. Орлов Ю.М. Самопознание и самовоспитание характера. М.: Просвещение, 1987. 172с.
9. Шуклина Е.А. Самообразование как социологическая проблема: Дис... кандидат философских наук. Екатеринбург, 1995. 180с.

Түйіндеме. Білім беру қоғамда өмір сүру үшін қажетті жүйелік білім мен дағдыларды, адамның әлеуметтік меңгеру процесі мен нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Үздіксіз білім беру бойынша өзін-өзі білім беру процесі мен төменнен жоғарыға сипат бере отырып, ұйымдастырушылық оқыту қадамдар мен кезеңдері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Өзіндік білім беру арнайы ұйымдастыруды жүйелендіру арқылы сипатталатын танымдық қызмет ретінде қарастырылады. Өзіндік білім беру тұлғамен басқарылатын өзіндік қызмет болып табылады.

Summary. Formation is understood as process and result of mastering by the person of social experience, system of knowledge, the skills necessary for a life in a society.

In system of continuous formation, self-education plays a link role between steps and stages of organizational study, giving to educational process complete and ascending character.

Self-education is considered as informative activity which is characterized by purposefulness, by a system, has specially organized character. Self-education is characterized by amateur performance, copes the person.

Б.М. Аташ,

фил. ғыл. докторы, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ

И.Ж. Ахметов,

фил. ғыл. канд., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті дене шынықтыру кафедрасының аға оқытушысы

АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС ДӘУІРІНДЕГІ ШАМАНДЫҚТЫҚ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Шаманизм көне дәуірде пайда болып, бірнеше мыңдаған жылдары бойы адамзаттың рухани-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын діни сенімнің бір формасы болған еді. Осыған орай, біз келесі кезекте шамандықтың адамзатқа қоғам мен табиғат алдында қандай қызмет атқарғандығын саралайтын боламыз.

1. Біздің пайымдауымызша шамандық анимизмдік сенімнің «реалды іске» асуын, нәтижесін күтуде аса маңызды қызмет атқарды. Бұл ұстанымымызды былайша дәйектей аламыз: адамның бақилық болатындығына налыған сана, осы тұстағы рух пен тәннің қайшылығы тәннің де мәңгі жасампаздығын аңсады. Бұл жанның мәңгі өлмейтіндігі хақындағы анимизм идеясын туғызды. Адамзат адам болмысының тұтастай жоғалуымен түбегейлі келіскісі келмеді, сондықтан, тек анимистік сенімді қабылдап қана қойған жоқ, оның нәтижесін, дәйектелуін, іске асуын тәжірибе жүзінде көргісі келді, сан мыңдаған жылдар бойы аңсағаны да шындық. Ізденіс үстіндегі дәрменсіздіктің салдары өнер мен көркемдік тұрғыдан оларды бейнелеп, рәміздік белгілерді шындыққа айналдыруға тырысуға жетеледі және ол әрбір халықтар мен ұлыстарда әртүрлі бейнелер мен тәсілдерде көрініс тапты. Көне Мысырдағы денелерді мумификациялау, түркі даласындағы балбалтастар т.б. осы тәннің де мәңгілігін аңсаудан туған нышандар ғана емес, белгілі бір деңгейде шынайы сенімді қанағаттандыратын ерікті-еріксіз түрдегі мәдениет үлгілеріне айналды, шындығында, тарихи танымның өн бойында сақталған психологиялық жеңілдену жұбанышы болды. Бірақ бұндай нұсқалар өзінің оң нәтижесін бере алмай жатты. Осы тұста шамандық дүниетаным адамзаттың анимистік сенімін ақтауға тырысты немесе ол шамандарға «жүктелді» (бірақ шаманды аполегет деп түсінуге болмайды). Ішкі терең күйзелістен туған сезімдік руханияттық сұраныстың шешілуін талап еткен адамзаттың интенциясы ақыры шамандық сенімнің құрылымы арқылы барынша логикалық жолмен дәлелденді десе де болады. Өйткені, шаман, ата-баба рухтарымен тілдесетін аралық өкіл қызметін өз деңгейінде атқарып отырды, тіпті кей уақыттарда, халықты сендірді, иландырды (мүмкін шындығында да солай). «Дуальдік бөлініс кезінде өлілер әлемі мен тірілер әлемі арасындағы үшінші әлем – рухтар әлемін біріктіретін әлеуметтік медиаторлар керек болды. Дәл осы кезде бақсы тұлғасы пайда болып, олар барлық ырыми рәсімдерді өз қолдарына алды да, өздеріне дейінгі жрецтер тұлғасын толық ығыстырды», -деп пайымдалған ұстанымдар да [1,156.] біздің көзқарасымызды меңзеп тұрғандай.

Анимизмнің реалды іске асуын аңсаған ұжымдық-тарихи сана шамандық сенім арқылы өзінің сан мыңдаған жылдар бойғы күткен идеалдарын барынша қанағаттандырды деп айта аламыз. Шаман тек өткен рухтармен ғана емес, о дүниелік, тіпті тылсым рухтармен тілдесетіндей болған соң, мәңгі жан идеясы белгілі бір деңгейде осылай шешімін тауып отырған тәрізді. Шындығында да, С.А. Токарев айтқандай, сондықтан қарапайым халық арасында шамандар айтарлықтай беделге ие болды себебі, өлген рухтармен тілдесу тек шамандар арқылы ғана мүмкін болды [2,279б.]. Кейіннен, шаман адамның жанын қайтарала

алатындай қабілеті арқылы, тірі жандар мен өлі рухтардың тылсымдық әлемінде «жандық-рухтық» аймақта да өзін еркін сезінгендігі күмәнсіз. Мысалы, «Бақсы жанды іздеп, өмір ағашын аралап, ізіне түсіп, қайтара алса, ауру адам қайта тіріліп көзін ашады», -деп сипатталған пікірлер де[3,376.] рухтың диахронды-синхронды келбетін тұтастай тани алатын шаман қабілетін білдіреді.

2. Шамандық дәстүр өзінің сабақтастығы мен дамуы деңгейінде «Мистикалық өзге әлемді нығайтудың кепілділігіне өтті» деген пікірімізді былайша дәйектеуімізге болады: Адамзат есте жоқ ескі замандарда құрған және өздігінше таныған мистикалық өзге бір тылсым әлем туралы көзқарастардың жойылып кетуі, ол эмпирикалық түрде дәлелденбесе де, мүмкін емес болды немесе сана оны тастап кете алмады, бүгін де солай болып отыр. Осы тұста шаман бұл құбылыстың кепілі ретінде де танымал болып алды. Ол өзге әлемді дәйектеп қана қойған жоқ, оны дамыта түсті. Себебі, шаман болмысы осы өзге әлеммен байланыс арқылы нығайтылды, танылды. Өзге әлем шаман дүниетанымы үшін «шынайы» дүниеге айналды, осы әлем мен тылсым әлемнің арасында еркін байланыс орнатқан өкіл, адамзатқа осы мистиканы реалдандырып беруші қызметін атқарды дей аламыз. Мәселен, «Жоғары аспанға шаман құрбандық атына мініп, бір рет қана секіріп алып кеңістікті жүріп өтеді.. Бұны шаман жаяу күйінде өмір бойы да жүріп өте алмас еді. Ол бұл жерде аспан құдайы Яючимен кездеседі», - деген түсіндірмелер де[4,69-70бб.] осының айғағы, ал «өмір бойы жаяу күйінде жүріп өте алмау» оның адамдық болмысының өлшемімен шартталған. Осыған байланысты шамандық дүниетанымды зерделеуші Е. Турсунов та бақсылық дүниетанымда жоғары-орта-жер асты болып құрылған үш кеңістіктің өзара байланысты болып табылатындығын, бірақ ішкі дербестікті сақтайтындығын атап көрсетеді[5,316.] .

Осыдан бастап, қарапайым халықтардың өзге әлем туралы таным-түсініктері кеңейді, шаман белгілі бір деңгейде осы мәселеде «ағартушы» ролінде болды, бірақ арнайы емес, шамандық өнерге тәнті болған шаман еместер оның құпияларын білуге ұмтылды. Шындығында, оның өзге әлемге қатынасы болмаса, ол шаман да болмас еді. Ендеше, қарапайым сананы шаманның өзге әлеммен байланысы айтарлықтай қызықтырды.

3. Адамның әлемнен бөліне бастауының және оған билік пен лидерлік-антропоцентристік сананың пайда болуындағы синкретизмдерден қалыптасқан деп болжамдаймыз: шаманизм осы орайда, субъект пен объектіні ажыратуда, адамның әлемнен бөлініп, өзін оқшайлай алуында, сайып келгенде, табиғаттан үстем болуында рухани-танымдық-практикалық тұрғыдан төңкеріс жасады (өз заманы бойынша алғанда, қазіргі ғылыми төңкерістермен салыстыруға келетіндей) деп пайымдауымызға болады. Шаман адамды табиғаттан бөлудің бастапқы үлгісін паш етті және оны бағындыруға болатындығын көрсетіп берді, тіпті бағынышсыз деп саналған табиғат стихияларын меңгеруге болатындығын іс жүзінде дәйектеді, сөйтіп, уақыт өте келе, адамның әлемге үстемдігін орнатып, жердің лидері болуға кең жол ашып берді. Табиғат күштерін бағындыру мен сәті келгенде билеу, басқа да тіршілік иелерінен адамның өзінің артықшылығын толықтай сезінуі шамандық рухтың басты мотивтерінің және қызметтерінің бірі екендігі сөзсіз. Шаманизмде адам табиғаттан айтарлықтай бөлектене алады, бірақ зұлымдықпен, эгоизммен оған билік етпейді, керісінше әлемге билік экожүйеге ыңғайлану мен үйлесімділікте болуды паш етіп, ерікті түрде әлеммен қайтадан тұтаса түседі. Шаманның осы бастамасы мен бастапқы нәтижесін қазіргі өркениеттік дәуір «тойымсыздықпен» пайдаланды, сайып келгенде, адам-табиғат жүйесіндегі қайшылықтарды туындатты. Әрине, шаманның көздегені әлемге бұндай билік жүргізу емес, тек қиын сәттерде ғана табиғат күштерін билеуді, үлкен-ұлы мақсаттар мен мұқтаждықтарда ғана өзінің артықшылықтарын іске асыруды мансұқ етті. Демек, табиғат адамды емес, адамның табиғат күштерін, тіпті дүлей стихиясын да билей алатындығын тәжірибе жүзінде көрсетіп берді. Себебі, шаманды құр теориядан гөрі, тәжірибе мен іс басым болды.

Демек, шамандық алғашқы діни сенімдермен бір қырынан алғанда, баламалы-бәсекелі, екінші бір қырынан, оларды дамытып, ақиқаттылық пен шынайылық арналарын дәйектеуші және жоққа шығарушы, верификациялаушы-фальсификациялаушы, реформалаушы, үшінші

бір қырынан алғанда, оларды тұтастандырып жүйелеуші, өзіне сіңіруші деп айта аламыз. Осы тұста: «Сонда шаманизмде ертедегі сақ-массагет, ғұни, монғол, түркі тайпалары, одан соңғы оғыз ұлыстары кезінен қалған тотемизм, зооморфизм, мифология, анимизм, зорастризм, адамға сыйыну сарындары аралас жүр», -деп пайымдалған пікірлер де шамандықтың алғашқы діни сенімдерді біріктірушілік қызметін айғақтай түседі немесе түркілік аңыз сарынындарының бірінде, Тұман ханның тілдерді жеп, сол хайуанаттардың бәрінің тілін меңгергендігін, бақсылардың арбаушылық тәсілін игеріп, әсіресе көк бөрінің тілін түсінетін болғандығы туралы айтылған тұспалды ойлар[5,346.] бөрілік тотемді дамытушы жағын қуаттап тұрғандай болады. «Демек, шаманизм мейлінше кең ауқымды институт болып табылады, ол көне заманның әр деңгейіндегі діни парадигмасын бір-біріне қарсы қоймай, біріктіреді», -деп байыпталған ой да[6,185-186бб.] таразыланған мәселелерді қуаттай түседі. Сондай-ақ, С. Оспановтың пайымдауынша, шамандықта алғашқы діни сенімдер ғана емес, кейінгі ритуалдар да тұтастандырылған: «Бақсының қамында адамдардың күнделікті тіршіліктегі ықтималдық-ымдық түсініктері мен ырым-жоралғылық, рәміз-рәсімдік әрекеттері жүйеленіп, тереңдетіліп, ерекше жақтары қолданылып отырған»[7,272б.]. Сондай-ақ, шамандық басқалай алғашқы діни сенімдерді өзгертіп, сол дәуірлер бойынша жаңашаландырып қана қойған жоқ, өзі де ішкі және сыртқы формаларын өзгеріске ұшыратқандығы да рас[8]. Осыдан шамандықтың алғашқы діни сенім элементтерін қайтадан кіріктірушілік-біріктірушілік қызмет атқарғандығын тани аламыз. Мысалы, шаманның тауға, суға, өзенге, Аспанға, отқа, қасқырға т.б. қарата айтылған сарындары да[9,322-358бб.] осының айғағы іспетті. Немесе, түркі монғол халықтарында тек шамандық емес, «тәңірлік-шамандық» деп атауға болатын үрдістің қалыптасқандығын атап өтушілердің пікірін[10,64б.] негізге алсақ, шамандықтың интеграциялық бағдары құптала түседі. Қорыта айтқанда, шамандықтың түпбастауы және олармен қатар өмір сүріп тұрған алғашқы діни сенімдердің арасындағы қатынастар барынша күрделі; кейде күрескерлік-бәсекелестік, кейде бірін-бірі толықтырушылық сипатта өзара әрекеттескендей деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Берік Жүсіп. Бақсылық//Қазақ әдебиеті, №3(3167).-2010.-15б.
2. Токарев С.А. Ранние формы религии.-М.: Политиздат,1990.-622с.
3. Көкеев А. Ер тегі көк аспан.-Алматы: Айдана, 2008.-376б.
4. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт.-Алматы: Дайк-пресс, 2001.-168с.
5. Айдосов А.Х. Қорқытнама.-Алматы: Бастау, 1997.-68б.
6. Жақсылықов А. Шаманизм мен фольклор//Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениеттану парадигмалары.-Алматы:Жазушы,2006.-496б.
7. Оспанов С. Арғытектану негіздері.-Алматы: Арыс, 2009.-424 б.
8. Денисова А. О шаманизме. www.shamanspirit.nm.ru/books.html
9. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы.1-том.-Астана:Аударма, 2005.-496б.
10. Абаев Н.В., Аюпов Н.Г. Тенгрианская цивилизация в духовно-культурном и геополитическом пространстве Центральной Азии.-Часть2.-Алматы, 2010.-200с.

Резюме. В статье рассматриваются онтологические и социальные намеренные функции шаманизма: «оптимимальная реализация» анимизма, «объективация» мистического мира, отделение человека от мира и начало антропоцентризма и т.д.

Summary. In the article the ontological and social intentional functions of Shamanism are examined: «optimalis realization» of animism, «obektivasis» of the mystic world, dissociating of man from the world and beginning of anthropocentrism of.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БАҚСЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Исламның қалыптасуына дейінгі салт-дәстүрлердің, ритуалдардың даму процесі соның ішіндегі шамандықтың салт, жоралғылары көптеген қауымдарда көрініс берді және біз Орта Азиядағы шамандық дәстүрдің әйелдер арасында кең тарағандығын, бұл бағыттағы гендерлік стереотиптер мен принциптердің нормалары мен мұсылмандыққа дейінгі дәстүрлерде атқарған рөліне баса назар аударамыз. Қазақтарда, өзге халықтарға қарағанда шаманизм туралы еңбектер көп болса да, шаман-әйелдер жайында дерек жоқтың қасы, сондықтан кейбір авторлар олардың мүлдем болмағандығын айтады. Көшпенді өмір салтындағы халықтарға қарағанда, шаман әйелдер отырықшы халықтарда кеңінен таралды. Бұған алғаш назар аударған О.А.Сухарева – орта азиялық шаманизмнің қайнар көзі көне ирандық егіншілік мәдениеттен басталатындығын дәлелдейді [1]. В.Н. Басилов «өзбектер мен тәжіктерде шамандық XIX ғасырдан бастап-ақ әйелдер қауымына ауысты» деп жазады [2]. Алғашында шамандықпен тек ер адамдар айналысқан. Алайда, XIX ғасырда әйел шамандардың көп болғандығы туралы этнографиялық мәліметтер өте көп. Мысалы, А.Е. Алекторованың айтуынша қазақ шаманы Сүйінбайдың «атасы мен әжесі, әкесі мен анасы» толыққанды шамандар болған [3, 32]. Шамандық ілімді жалғасытыру үрдісі отырықшы халықта қарқынды дамыған. Кейбір топтарда өзбектерде (мысалы, қарамұрттарда) және тәжіктерде шамандық дәстүр, мұралық дәстүрмен тек әйелдерге беріліп отырған. Олай болса, әйел шамандығының мұрагерлік дәстүр болып қалыптасқаны анық, ал бұл өз кезегінде әйел шамандығының тарихта ертеден пайда болғандығын көрсетеді. Орта Азияны арабтар жаулап алғаннан соң, әйелдердің шамандық культке қатысты жазба деректерінің барлығы жойылып кетті. Әйтседе, мұндай реттегі кей жазбалар сақталып, шамандық ертедегі иран мәдениетінде тек әйелге ғана тән әрекет, ал, түркі халықтарында шамандықтағы басты рөлді ер адамдар атқарғандығы белгілі болып отыр. Ерте ортағасырдағы шамандық тәжірибеге әйелдердің қатысы туралы деректер қытайлық жылнамаларда айтылады. VI ғасырда Орта Азиядағы көшпелі тайпалар одағын басқарған жужанейлердің (немесе аварлардың) ханы – Чеунудің мемлекеттік істерде кеңесшісі Дэу-хунь дивань атты шаман әйел болғандығы туралы мәліметтер кездеседі. «Ол емшілікпен айналысқан, Чеуну әрқашан оған сенім артқан». Бұл мәліметтерге сүйенетін болсақ хан «шаман кеңесшісін өте қатты сыйлаған, жақсы көрген», тіпті соның кеңесімен құпия түрде өз ұлын өлтірген [4, 196].

Жазба дерек көздерінің жоқтығы әйел арасындағы шаманизм проблемасын тарихи ретроспективада зерттеуге, нақты бұл құбылыстың табиғаты аясында тұжырымдамалар жасауға қиындық туғызады, бірақ біз бұған заманауи жағдайлар тұрғысынан түсініктеме табуға тырысамыз. Орта азияда соңғы екі онжылдық шамасында, аймақтық архаикалық культтердің қайта жаңғыруы байқалып отыр. Бұл ежелгі дәстүрдің қарқынды дамуы әйелдер арасында көптеп кездеседі. Әсіресе ауыл-аймақтарда шамандықтың белсенділік танытуы әлеуметтік-экономикалық жағдайын күрт өзгеріске ұшырауымен тығыз байланысты. Ер адамдардың жұмыссыздығы, отбасына қамкор болу мен басты қаржыландырушы рөлінен айырды. Сондықтан әйел үшін шамандық отбасын асырауда, тіршілік етудің қаражат көзіне айналды. Ферғана жазығындағы әйел шамандардың айтуынша, «кәсіби» шамандардың пайда болуы, бұрынғы уақыттарда үй жағдайында шамандықпен айналысып, тек отбасы мүшелеріне қызмет көрсеткен шаман әйелдер, өз мүмкіндіктерінің өрістерін кеңейте отырып, былайғы уақытта өзгелерге қызмет жасай бастағандығымен байланыстыруға толық негіз бар. Егер кеңестік дәуірге көз жүгіртсек, шамандықтың сақталуы мен тұрақтылығында сыртқы факторлардың бірден-бір әсер еткені айқын. Орта Азияда әйелдер қоғамдық өмірге көп араласпады. Кейбір жағдайларда, әйелінің «заңсыз» діни қызметі үшін ерлерін жауапқа тартты, көбінде сөгіс жарияланып, жеңіл жаза тағайындалды.

Мәлімттерге жүгінетін болсақ, әйел шамандардың ерлерге қарағанда қабілеттері басымырақ болып келеді. Мұндай стереотиптердің орнауына қандай негіздеме бар деген ойға қаласыз. Кейбір ақпарат көздерінің айтуынша, әйелдер әуелден табиғатынан еркектерде кездеспейтін ерекше «көру» қасиетіне ие. Олар ерлердің көре алмайтынын көреді, сезіну қасиеті аса дамыған, ал ең бастысы – дәрігердің емдей алмаған ауруларды емдей алу қасиетіне бөленген дейді. Мұндай ерешелікті былай түсіндіруге болады, рухтар әйел сұлулығына бейім және сондықтан олардың қалаулылары әйелдер болады. Жергілікті халықтың айтуынша, әруақтар ерекше қауіпті әдемі және жас қыздарға төндіретін көрінеді. Осы жерде «чилля» дәстүрі жайлы айта кетуіміз керек. Чилля – рәсімдердің жиынтығы, қырық күн бойы туғаннан кейін, нәресте мен ананы жындардан сакральды қорғау дәстүрі дегенді білдіреді. Әйелдер – әлсіз жаратылыс иелері, және олар өздеріне теріс әсер етуші жындарға жауап қайтара алмайды дейді. Ал кейбір антропоцентрлік көзқарас бойынша әйелдер, ерлерге қарағанда болмысынан күнәһар жаратылыс иесі, сондықтан Аллаһ оларды жазалап, есінен айырады дейді. «Қайта құру» дәуірінде Орта Азияда әйелдердің өз-өздерін өртеу легі өткенде, жергілікті тұрғындар арасында әйелдер жынданып кетті деген сөз тараған. Алайда бұл пікірге антропологиялық зерттеу құралдарымен жауап қату тіпті мүмкін емес, алайда біз қолымызда бар мәліметтерді пайдалана отырып, жауап беруге тырысуымыз керек. Себебі шаманизм өзге діндерден гөрі психофизиологиялық аспектілерімен байланысты. «Шамандық ауру» немесе шамандық үндеу арқылы жүзеге асатыны өзекті мәселе бар. «Шамандық ауру» психикалық, физикалық түрде көрініс беріп, галлюцинаторлық елестеулер байқалып, әйелдерде ерлерге қарағанда жас жағынан ерте болатындығы назар аудартады. Менің зерттеуім бойынша, шамандық қасиеттің анықталу минималдығы 6 жаста, бірақ ол көбінде 9-11 жаста байқалады, ал бұл көрсеткіш ерлерде 13-14 жаста басталады екен. Заманауи ғылым ер мен әйел дамуының ерекшеліктерін бірнеше теорияларымен келтіреді.

Орта азиялық аймақтарда шамандықтың генетикалық шығу тамыры екіге бөлінеді: 1) Ежелгі ирандық (егіншілік) мәдениетте, оларға қазіргі тәжіктер мен өзбектердің бір бөлігі жатады; 2) Түрік (мал шаруашылығы) мәдениетінде, түрік халықтарында соның ішінде қырғыздар, қазақтар, түрікмендер, және кейбір шағын этникалық топтар жатады. Мәдениеттердің ұзақ уақыт бойына бір-біріне әсер етуі элементтердің араласуына себеп болды, ал кейбір халықтардың аутенттік шамандық дәстүрлері жоғалып кеткен. Алайда, бізбен жасалған сараптама қорытындылары бойынша екі шамандық комплекстердің ерекшеліктерін атап өтуге болады. Бұл құбылыстың негізі ежелгі иран жерінде қалыптасқан. Әйелдердегі шамандық қызметтің болуы олардың ерте жастан некелік қатынасқа түсуі, олардың шамандыққа жақын тұруы олардың некелік өмірдегі бақытсыздығынан болады делінген деген пікірлер бар, яғни жұбайының ұрып-соғуы немесе көзіне шөп салуы салдарынан болуы мүмкін. Отбасындағы келеңсіздіктерге байланысты әйелдерде психосоматикалық ауыртпалықтар, түңілу пайда болады. Рухани реализацияның жан-жақтылығы әйелдер үшін өте мөте қажеттілік болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сухарева О.А. Пережитки демонологии и шаманства у равнинных таджиков // Древние верования и обряды в Средней Азии. 1975.
2. Basilov V.N. Islamic Shamanism among Central Asian Peoples // Diogenes. 1992, №158. P.6.
3. Алекторов А.Е. Баксы: Из мира киргизских суеверий // Известия общества археологии, истории и этнографии при Императорском казанском университете. Казань, 1900.
4. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в